Взаимосвязь между Томирис, Сивиллой, Пентесилеей и другими героинями показана схожестью их длинных струящихся платьев, сшитых из одной и той же ткани, покрытой одинаковым орнаментом из разных цветов, и «королевской» боковой посадкой в седле. Некоторые из «дам-рыцарей» запечатлены в динамичных ракурсах, хотя такое положение в седле не могло дать возможность женщинам ни самостоятельно управлять лошадью, ни скакать с большой скоростью. Вероятно, художнику было важно показать высокий моральный облик героинь и именно по этой причине он выбрал «седло королев», так как до XIX века это считалось правильным для дамской езды, а леди в мужских седлах осуждались за недостаток нравственности.

Кроме того, они выделяются роскошью своих одежд, элегантностью и царскими атрибутами (корона, скипетр). Патриция Гатеркоул, сделавшая искусствоведческий анализ Большого и Малого гербовника отмечает, что несмотря на их различное происхождение, все они кажутся француженками по одежде, и передают скорее описание современной сцены и демонстрируют дополнительные элементы контраста в обществе того времени (Gathercole 1978, 104–111).

Следует отметить, что если бы не сохранившиеся надписи, то при идентификации дам-рыцарей можно было бы прийти в замешательство. Но в надписях над их головами сомневаться не приходится – они были созданы в то же время, что и сами фигуры. Лица неясные и невыразительные, как у некоторых итальянских мадонн. Черты лица, щеки и губы одинаково подчеркнуты оттенками красного вместе с остроконечными носами.

Патриция Гатеркоул наблюдает в миниатюрах гербовника ярко выраженные аллегорические элементы – «аллегориями, подчеркиваются качества, характерные для героев»; «аллегорические фигуры рыцарей Золотого руна, еще одно побуждение к духовной жизни теологической добродетели: Справедливость, Сила, Благоразумие, Милосердие, Слабость, Надежда и Доброта... – Великодушные» (Gathercole 1978: 104–111).

Таким образом, Томирис в средневековой европейской традиции воплощала гражданские и политические идеалы с их определенным набором этических норм, гуманистические теории и представления о совершенном монархе, но и была непосредственно связана с рыцарским кодексом чести.

К образу царицы Томирис обращались известные художники, когда речь шла о необходимости прославить личность заказчика, его династии и т.п. Так, по заказу эрцгерцогини Изабеллы, правительницы Южных Нидерландов, Петер Пауль Рубенс создает монументальное полотно «Томирис с головой Кира» 1622–1623 гг. (рис. 6)

Картина представляет театрализованную сцену прославлявшую Изабеллу, аллегорично представленную художником в образе Томирис, что символизировало справедливость и силу добродетельного монарха. Изабелла иногда ассоциировалась в публичных изображениях с сильными женщинами древности.

Роббер Бергер (Rober Berger) утверждает, что картина «Томирис с головой Кира» Рубенса, это не просто визуализация древней истории или религиозной аллегии победы Девы над Сатаной, а «изначально картина задумывалась как светская аллегория власти Инфанты» (Berger 1979, 4–35). Р. Бергер обосновывает своё предположение историческими событиями тех лет: «Рубенс написал Томирис в первые годы сразу



после окончания 12-летнего перемирия с голландцами, которое истекло в апреле 1621 года, и во время начала 30-летней войны в Пфальце» (Berger 1979: 22–23).

Бергер проводит параллель между историческими событиями и созданием картины «Томирис с головой Кира». Кроме того, он отмечает, что Изабелла могла ассоциировать себя с Томирис, поскольку 13 июля 1621 года её супруг эрцгерцог Альбрехт VII умер, оставив её вдовой (Berger 1979, 22). На вдовство указывает черная драпировка на картине, которая висит над Томирис и её слугами, и черная шаль, покрывающая голову и плечи королевы.

Многие исследователи сравнивают картину Рубенса (рис.6) с ранее написанной работой Робера Кампена «Месть Томирис» (рис.7), считая их близкими по композиционному решению (Facos 1987: 39–55).



Рис. 6. «Томирис с головой Кира». 1622-1623 гг. Петер Пауль Рубенс.
[Fig. 6. "Tomyris with the head of Cyrus". 1622-1623. Peter Paul Rubens]



Рис. 7. Месть Томирис. Кампен Робер. 1375–1444 гг.
[Fig. 7. Revenge of Tomiris. Campin Robert. 1375–1444]

На картине Рубенс изобразил королеву в роскошном наряде, в окружении придворных наблюдающей за тем, как слуга опускает голову Кира в чашу, наполненную человеческой кровью. В отличие от Кампена, Рубенс расширил архитектурное пространство и изменил расположение фигур. Например, он поставил Томирис и её служанок на видном месте на небольшой платформе над мужчинами и солдатами.

В картине Кампена палач слева вкладывает свой меч в ножны, в то время как Томирис расположена в центре сцены, наступает на распростертое тело своего врага и кладет его голову в вазу, которую держит служанка. Между этой картиной и картиной Рубенса есть важные точки соприкосновения. В обеих картинах фигуры изображены в полный рост, в отличие от картин итальянских художников, изображавших эту сцену



в XVI - XVII веках в $\frac{3}{4}$. На обеих работах изображена фрейлина, прижимающая к груди маленькую собачку, а в противоположных углах картин изображены собаки, одна из которых слизывает кровь Кира, другая (на картине Рубенса) стоит так, как будто нюхает кровавый след.

На изображениях делается акцент на мечи: у Кампена палач вкладывает свой меч в ножны, в то время как большое изогнутое оружие демонстративно свисает с пояса рубенсовского «воина в красном». Кроме того, на заднем фоне обеих картин появляются столбчатые колонны. Однако одним из основных различий в иконографии между двумя версиями является изображение Рубенсом коленопреклоненного слуги, который собирается окунуть голову Кира в кровь по приказу королевы. Несмотря на то, что искусствоведы находят много общего в этих двух картинах, предполагая, что Рубенс был знаком с работой Кампена, написанной за долго до него, посыл этих двух картин разнится.

Картину Робера Кампена «Мечь Томирис» они рассматривали как религиозную аллгорию победы Девы Марии над сатаной. Источником вдохновения для этой картины стала знаменитая рукопись, написанная в 1324 году неким доминиканским монахом в Страсбурге – «Зеркало спасения человека». Автор построил типологическую последовательность, в которой новозаветному или христианскому событию параллельны три эпизода из Ветхого Завета или древней истории, либо и то, и другое. В «Зеркале» история Томирис и Кира впервые была включена в христианский контекст. В рукописи XIV века, победы Томирис над Киром, Юдифь над Олоферном, Джаэль (Иаиль) над Сисерой, являются прообразом победы Девы Марии над Сатаной, через смерть её сына Иисуса. Так, мечь Томирис вошла в Западное искусство как тема, имеющая религиозный смысл, в которой Томирис была прообразом Девы Марии, а Кир – дьявола.

Заклучение. Таким образом, образ царицы Томирис, побеждающей ахеменидского царя Кира, проник в европейское изобразительное искусство эпохи Ренессанса из работ античных авторов. Связанные с Томирис сюжеты в картинах европейских художников не столько являлись иллюстрациями к событиям древней истории, сколько передавали определённые социально-политические и моральные идеалы, которым придавалось первостепенное значение в эпоху Ренессанса. Образ Томирис являлся светской аллгорией справедливой власти и лучших качеств монарха, а также примером благородной женщины. В то же время, складывается явная ассоциация Томирис с Девой Марией, побеждающей Дьявола – Кира.

Анализ изобразительного материала и письменных источников показывает, что Томирис не рассматривалась, как воплощение жестокой мести, скорее, она воспринималась положительно, как символ справедливого возмездия и как героиня. Именно благодаря положительным ассоциациям в XIV веке образ Томирис вошел в состав «девяи доблестных женщин». Обращение к образу среднеазиатской царицы Томирис в эпоху позднего Средневековья, как достойного примера для подражания, в целом, явление яркое и характерное тому времени.

Рассмотрев образ Томирис в картинах художников эпохи Возрождения, мы можем говорить о том, что царица массагетов была, безусловно, фаворитом в изобразительном искусстве, независимо от того, в каком облики она представала. Кроме того, это был новый для средневековой Европы образ женщины – мужественной царицы, который противостоял традиции восприятия женщины как послушной и запертой, невооруженной и покорной.

Её решительный характер, сила воли и ум успешно сочетаются с благочестием, что радикально переворачивает гендерные нормы Европы XIV – XVI веков, когда роль женщины в обществе и в политической жизни сильно ограничивалась. Обращение



художников эпохи Возрождения к истории Томирис иллюстрирует тот факт, что мир может быть жестоким местом, где женщины могут быть преданы или стать жертвами, но что для женщин важно постоять за себя и обратиться, при необходимости, оружие угнетения против угнетателей, как это сделала наша героиня.

Образ Томирис в изобразительном искусстве эпохи Ренессанса предстаёт в двух ипостасях:

- женщина-воительница, жаждущая отмщения и справедливости, на картинах, где художник фокусируется на историческом сюжете, а именно на драматическом эпизоде её победы над Киром;

- женщина прекрасного облика, где царица представлялась как эталон красоты (златовласая дева с тонкими чертами лица и белоснежной кожей), с акцентом на её чувственную природу, с косвенным указанием на её храбрость и силу. Репрезентация героини в данном случае всегда противоречила динамичному характеру из текстов античных писателей.

Литература

Ворошень, 2011 — Ворошень В.А. Девять героев (Neuf Preux) в Европейском изобразительном искусстве // *Вестник Московского университета*, 2011. № 3 (8). С. 117–128.

Ворошень, 2014 — Ворошень В.А. «Девять доблестных мужей» и «девять доблестных жен» в западноевропейском изобразительном искусстве XIV–XVI веков. Автореф.диссер. кандидата искусствоведения. Москва, 2014. 30 с.

Геродот. История. Книга I. Клио. <https://ancientrome.ru/antlitrt/t.htm?a=1269002000>

Berger, 1979 — Berger R. Rubens's "Queen Tomyris with the head of Cyrus". *Museum of Fine Arts Bulletin*, 1979. Vol. 77. Pp. 4–35.

Blok, 2002 — Blok J. Women in Herodotus' Histories. In Bakker E.J. et.al. (Eds.). *Brill's Companion to Herodotus*. Brill, 2002. 652 p.

Bothmer, 1957 — Bothmer D. Amazons in Greek Art, Oxford, 1957. 252 p.

Cassagnes-Brouquet, 2004 — Cassagnes-Brouquet S. Penthésilée, reine des amazon set Preuse, une image de la femme guerrière à la Fin du Moyen Âge. *Clio*, 2004. No. 20. Pp. 169–179.

Derksen, 1996 — Derksen L. D. Dialogs on Women: Images of women in the History of Philosophy. Amsterdam, 1996. 183 p.

Eckhart, 2007 — Eckhart T. J. An author – centered approach to understanding amazons in the ancient world. Department of History of Indiana University. PhD thesis. 2007. 350 p.

Even, 1993 — Even Y. Andrea Del Castagno's Eve: Female Heroes as Anomalies in Italian Renaissance Art // *Woman's Art Journal*, 1993. No. 2 (14). Pp. 29–33

Facos, 1987 — Facos M. Rubens's The Head of Cyrus Brought to Queen Tomyris: An Alternative Interpretation // *The Rytgers art review*. 1987. Vol. VIII. Pp. 39–54.

Gathercole, 1978 — Gathercole P. M. Struggle and contrast in medieval manuscript illumination: manuscripts of the golden fleece at the Bibliothèque Nationale // *Romance Notes*. 1978. No. 1 (19). Pp. 104–111.

Harrison, 1997 — Harrison, T. Herodotus and the Ancient Greek Idea of Rape, In S. Deacy and K. Pierce. (Eds.). *In Rape in Antiquity*. Wales, 1997. Pp. 185–208.

Hazewindus, 2004 — Hazewindus M. W. When Women Interfere. *Studies in the Role of Women in Herodotus' Histories*. Amsterdam, 2004. 256 p.

Le Fèvre, 1905 — Le Fèvre J. Les lamentations de Matheolus et Lelivre de Leesce. Edition critique, accompagne del'original latin des Lamentations, d'après l'unique manuscrit d'Utrecht, d'une Introduction de Notes et de deux glossaires, par A.-G. Van Hamel. T. 2. Paris, 1905. 364 p.

Salamon, 2008 — Salamon, A. Les Neuf Preux: entredification et glorification. *Queste*, 1905. No. 13. Pp. 40–48.

Whalley, 2010 — Whalley, J. On the bravery of women: the ancient amazon and her modern counterparts. Victoria University of Wellington. 2010. 321 p.



References

- Berger, 1979 — *Berger R.* Rubens's "Queen Tomyris with the head of Cyrus" // *Museum of Fine Arts Bulletin*. 1979. Vol. 77. Pp. 4–35.
- Blok, 2002 — *Blok J.* Women in Herodotus' Histories. In Bakker E.J. et.al. (Eds.). *Brill's Companion to Herodotus*. Brill. 2002. 652 p.
- Bothmer, 1957 — *Bothmer D.* "Amazons in Greek Art", Clarendon Press, 1957. Oxford. 252 p.
- Cassagnes-Brouquet, 2004 - Cassagnes-Brouquet S. Penthsile, reine des amazon set Preuse, une image de la femme guerrière à la Fin du Moyen Âge // *Clio*. 2004. № 20. Pp. 169-179. (In French).
- Derksen, 1996 — *Derksen L.D.* Dialogs on Women: Images of women in the History of Philosophy. Amsterdam, 1996, 183 p.
- Eckhart, 2007 — *Eckhart, Tammy Jo.* An author – centered approach to understanding amazons in the ancient world. Department of History of Indiana University. PhD thesis. 2007. 217 p.
- Even, 1993 — *Even Y.* Andrea Del Castagno's Eve: Female Heroes as Anomalies in Italian Renaissance Art // *Woman's Art Journal*. (Autumn, 1993) №.2 (14). Pp. 29–33
- Facos, 1987 — *Facos M.* Rubens's The Head of Cyrus Brought to Queen Tomyris: An Alternative Interpretation // *The Rytgers art review*. 1987. Vol. VIII. Pp. 39–54.
- Gathercole, 1978 — *Gathercole P. M.* Struggle and contrast in medieval manuscript illumination: manuscripts of the golden fleece at the Bibliothèque Nationale // *Romance Notes*. 1978. №1. (19). P.104–111.
- Gerodot — *Gerodot.* Istoriya. Kniga I. Klio. <https://ancientrome.ru/antlitrt/t.htm?a=1269002000>
- Harrison, 1997 — *Harrison, T.* Herodotus and the Ancient Greek Idea of Rape, In S. Deacy and K. Pierce. (Eds.). In *Rape in Antiquity*. Wales, 1997. Pp. 185–208.
- Hazewindus, 2004 — *Hazewindus M.W.* When Women Interfere. Studies in the Role of Women in Herodotus' Histories. Amsterdam, 2004. 256 p.
- Le Fèvre, 1905 — *Le Fèvre J.* Les lamentations de Matheolus et Lelivre de Leesce. Edition critique, accompagne del'original latin des Lamentations, d'arès l'unique manuscrit d'Utrecht, d'une Introduction de Notes et de deux glossaires, par A.-G. Van Hamel. T. 2. Paris, 1905. 364 p.
- Salamon, 2008 — *Salamon A.* Les Neuf Preux: entredification et glorification // *Questes*. 1905. № 13. Pp. 40–48.
- Voroshen, 2011 — *Voroshen V.A.* Devyat geroev (Neuf Preux) v Evropeyskorm izobrazitel'nom iskusstve // *Vestnik Moskovskogo universiteta*. 2011. No. 3 (8). Pp. 117–128. (In Russ.).
- Voroshen, 2014 — *Voroshen V.A.* «Devyat doblestnyih mujey» i «devyat doblestnyih jen» v zapadnoevropeyskom izobrazitel'nom iskusstve XIV–XVI vekov. Avtoref.disser. kandidata iskusstvovedeniya. Spetsialnost 17.00.04. Moskva, 2014. 30 p. (In Russ.).
- Whalley, 2010 — *Whalley J.* On the bravery of women: the ancient amazon and her modern counterparts. Victoria University of Wellington. 2010. 321 p.



ТАРИХ / HISTORY / ИСТОРИЯ

Published in the Kazakhstan

Otan tarikhly

Has been issued as a journal since 1998

ISSN: 2788-9718 (Online)

Vol. 27. Is. 1, pp. 21-33, 2024

Journal homepage: <https://otan.history.iie.kz>

FTAXP / МРНТИ / IRSTI 03.09.31.

https://doi.org/10.51943/2788-9718_2024_27_1_21-33

ҚАЙЫП МҰХАММЕД ХАННЫҢ ОСМАН ИМПЕРИЯСЫНА ЖАЗҒАН ХАТТАРЫНА ОСМАНЛЫ АРХИВ ДЕРЕКТЕРІ НЕГІЗІНДЕ ТАЛДАУ (XVIII ғ.)

Ақмарал Кенжеахметқызы Оспанова¹

¹Қазақстан Республикасы Ұлттық музейі

(54-үй, Тәуелсіздік көш., 010000 Астана, Қазақстан)

PhD доктор, ғылыми қызметкер

<https://orcid.org/0000-0003-2436-7109>. E-mail: ospanova_akmaral@mail.ru

© Ш.Ш. Уәлиханов атындағы ТЭИ, 2024

© Оспанова А.К., 2024

Аңдатпа. *Kіріспе.* XVIII ғасырдағы түрік тарихында Осман империясы мен қазақ хандығы арасындағы саяси қарым-қатынастардың маңызы зор. Қазақ ханы Қайып Мұхаммед қалмақ пен Ресей ықпалынан құтылу үшін сол кезеңдегі ислам әлемінің басшысы болған Османлы сұлтаны III Ахметке жазған хаты екі мемлекет арасындағы дипломатиялық қарым-қатынастың басталуына негіз болды. *Зерттудің мақсаты* – XVIII ғасыр басындағы қазақ хандығы мен Осман империясы арасындағы саяси-дипломатиялық қарым-қатынастарға тарихи негізде талдау жасау. *Материалдар мен әдістер.* Мақаланы жазу барысында Османлы мемлекеттік мұрағатынан алынған деректер мен түрік тарихшы ғалымдардың ғылыми еңбектері басшылыққа алынып, ғылыми тұжырымдар жасалынды. *Нәтижелер.* XVIII ғасырдағы саяси қиындықтар мен тасымалдау жүйесінің жеткіліксіздігі екі мемлекет арасындағы қарым-қатынастың жоғары деңгейде дамуына мүмкіндік бермегенін көрсетеді. Сондай-ақ, бұл ресми байланыс Османлы мемлекеті мен қазақ хандығы арасындағы алғашқы және соңғы ресми дипломатиялық хат болды. Зерттеуде қазақ хандары мен Османлы түріктері арасында орын алған мемлекетаралық байланыстардың сипатын айқындап, нақты деректер арқылы ғылыми ортаға шығаруға тырыстық.

Түйін сөздер: Қазақ хандығы, Осман империясы, Ресей, Қайып Мұхаммед, III Ахмет, Түркістан

Дәйексөз үшін: Оспанова А.К. Қайып Мұхаммед ханның Осман империясына жазған хаттарына Османлы архив деректері негізінде талдау (XVIII ғ.) // Отан тарихы. 2024. Т. 27. № 1. Б. 21-33.(Қаз.) DOI: 10.51943/2788-9718_2024_27_1_21-33



ANALYSIS OF LETTERS OF KAYYP MUHAMMED KHAN TO THE OTTOMAN EMPIRE BASED ON MATERIALS OF THE OSMANLI ARCHIVE (THE 18TH CENTURY)

Akmaral K. Ospanova¹

¹National Museum of the Republic of Kazakhstan

(54, Tauelsizdik str., 010000, Astana, Kazakhstan)

PhD doctor, Researcher

<https://orcid.org/0000-0003-2436-7109>. E-mail: ospanova_akmaral@mail.ru

Abstract. *Introduction.* This article elucidates diplomatic relations between the Kazakh Khanate and the Ottoman Empire in the XVIII century through historical assessment of the letters of the Kazakh khan Gaib Muhammad Khan to the Sultan of Ottoman Empire Ahmet III as well as letters of Sultan Ahmet III to the Kazakh khan dating back to 1713. *Goals.* In the article, we attempt to shed a light on the nature of unstudied interstate relations between Kazakh khans and Ottoman Turks during the historical period and to bring them into the scientific circulation through the study of empirical data. *Materials and methods.* The article is based on the data from the Ottoman State Archives and the scientific works of Turkish historians. *Results.* The research shows that the political relations between the Ottoman Empire and the Kazakh Khanate were close at high levels.

Key words: the Kazakh Khanate, the Ottoman Empire, Russia, Gaib Mohammed, Ahmet III, Turkestan

For citation: Ospanova A.K. Analysis of letters of Gaib Muhammed Khan to the Ottoman Empire based on materials of the Osmanlı archive (the 18th century // Otan tarikh. 2024 Vol. 27. No.1. Pp. 21-33. (in Kaz.). DOI: 10.51943/2788-9718_2024_27_1_21-33

АНАЛИЗ ПИСЕМ КАЙЫП МУХАММЕД ХАНА ОСМАНСКОЙ ИМПЕРИИ НА ОСНОВЕ ДАННЫХ АРХИВА ОСМАНЫ (XVIII В.)

Акмарал Кенжеахметовна Оспанова¹

¹Национальный музей Республики Казахстан

(д. 54, ул. Тауелсиздик, 010000, Астана, Казахстан)

<https://orcid.org/0000-0003-2436-7109>. E-mail: ospanova_akmaral@mail.ru

Аннотация: *Введение.* В статье описываются дипломатические связи между Казахским ханством и Османской империей в XVIII веке. Исследованы письма, написанные 1713 году Казахским ханом Кайып Мухаммедом султану Османской империи Ахмеду III и султана Османской империи Ахмета III Казахскому хану. *Цели и задачи.* В статье посредством анализа и сопоставления конкретных фактов поставлена цель показать характер межгосударственных связей между Казахским ханством и Османскими турками, которые не исследованы в полной мере в контексте исторической эпохи. *Материалы и методы.* При написании были исследованы документы из Османского государственного архива Турции и труды турецких историков. *Результаты.* Научные исследования показывают, что политические связи между Османской империей и Казахским ханством не были тесными.

Ключевые слова: Казахское ханство, Османская империя, Россия, Каип Мухаммед, Ахмет III, Туркестан



Для цитирования: Оспанова А.К. Анализ писем Кайып Мухаммед хана Османской империи на основе данных архива Османлы (XVIII в) // Отан тарихы. 2024 Т. 27. № 1. С. 21-33. (На Каз.) DOI: 10.51943/2788-9718_2024_27_1_21-33

Кіріспе. XVIII ғасырдың I жартысы Осман империясы мен Түркістан хандықтары⁴ арасындағы дипломатиялық байланыстардың жиілей түскен кезеңі ретінде сипатталады. Ресей тарапынан басып алынған Бұхар, Хиуа, Қоқан, Қашқар және Қазақ хандары Осман империясынан көмек сұрап хат жазып, елшілер жібергендігін мұрағат құжаттары дәлелдеп отыр. Осман империясы мен қазақ хандары арасындағы алғашқы ресми қатынастарда осы кезеңде басталған болатын.

Екі мемлекет арасындағы алғашқы дипломатиялық байланыс XVIII ғасырларда қазақ ханы Қайып Мұхаммед хан тарапынан бастау алғанын көруімізге болады. Ресей империясының алғашқы отарлық саясатының басталуы қарсаңында, саяси қысымнан құтылу мақсатында алғаш рет Қайып хан Осман Сұлтаны III Ахметке ресми хат жолдаған болатын.

Зерттеудің басты объектісі Қайып ханның Түрік сұлтаны III Ахметке жазған хаты туралы баяндалғандықтан, қазақ тарихында аты көп атала бермейтін хандардың бірі Қайып ханның жеке тұлғасы туралы ақпарат берсек:

Қайып Мұхаммед хан (Ғайып хан) (1650–1719) Тәуке ханнан кейін хандыққа келген, қазақ хандығының 15-ші ханы. Хандықты 1715–1718 жылдары басқарған. Шығу тегі жағынан: Есім ханның ұрпағы, Сартақ сұлтанның немересі, Құсрау сұлтанның ұлы. XVII ғасырдың 90-шы жылдары Кіші жүз руларының бір бөлігі мен Қарнақ қаласын⁵ басқарған. 1704/1709 жылдардан бастап Кіші жүздің құрамындағы негізгі рулық бірлестіктердің ханы. 1715 жылдың ортасынан бастап қазақтың бас ханы болған (Казахстан, 2005). Сол кездегі орыс құжаттарында қазақ сұлтандарының арасындағы ең беделді, әрі ең танымал тұлға ретінде сипатталады. Қайып ханның билік еткен алғашқы жылдары жоңғарлармен және Еділ қалмақтарымен үздіксіз шайқастарға толы болғандығын көруімізге болады. Осы саяси қиындықтан шығу мақсатында, өзіне саяси одақтас, әрі қолдау іздеуге тырысқан Қайып хан сол кезеңдегі мұсылман әлемінің қолбасшысы саналған, Османлы сұлтаны III Ахметке 1711 және 1714 жылдары екі рет хат жолдаған болатын. Қайып хан қазақ хандары арасында дипломатиялық қарым-қатынасты нығайтуға күш салған хандардың бірі.

Материалдар мен әдістер. Тақырыпты дерекнамалық тұрғыдан зерттеуге негіз болған басты дереккөз: Османлы мұрағатынан алынған құжаттар болып табылады. Осман империясының Қазақ хандығымен қарым-қатынасын түсіндіретін құжаттардың маңызды бөлігі Түркия Республикасының мемлекеттік мұрағатындағы: BOA, Nâme-i Hümâyûn Defteri⁶, 6, 351, Nâme-i Hümâyûn Defterleri: 6, 352, BOA, Name-i Hümayun Defteri, 6,185, BOA, Nâme-i Hümâyûn Defterleri, 6, 184) алынған құжаттары зерттеу барысында қолданылды. Бұл құжаттарда Османлы мен қазақ хандығы арасындағы дипломатиялық қарым-қатынастарына негіз болған қазақ хандығының Османлы сұлтанына жіберген хаттары жайлы деректер сақталған.

Зерттеуге қолданылған тағы бір маңызды еңбектің бірі: Мемлекеттік мұрағаттар Бас басқармасының жетекшілігімен 2005 жылы жарық көрген [Belgelerle

⁴Орта Азия территориясында орналасқан саяси хандықтар (Қазақ хандығы, Бұхара хандығы, Хиуа, Қоқан хандығы) Османлы архив деректерінде және Түркиялық ғалымдардың еңбектерінде Түркістан хандықтары деген атаумен берілген.

⁵Қарнақ – қазіргі Түркістан облысы аймағында орналасқан тарихи қала.

⁶«Nâme-i Hümâyûn Defterleri» – Осман империясының иелігіндегі және шет мемлекеттерден келген елшілік хаттардың көшірмелері ешқандай өзгертусіз, осы құжатқа тіркеліп отырған. Başbakanlık Osmanlı Arşiv Rehberi, (Yayına Haz: İskender Türe – Salim Kaynar), BaşbakanlıkDevlet Arşivleri Genel Müdürlüğü Osmanlı Arşivi Daire Başkanlığı yay., İstanbul, 2017, 52 p.



Osmanlı-Türkistan İlişkileri (XVI–XX. Yüzyıllar] «Османлы-Түркістан қарым-қатынастарының құжаттары (XVI–XX ғасырлар)» атты мұрағат жинағындағы «Осман империясының Орта Азиядағы түркі тілдес хандықтарымен төрт жүз жылдық қарым-қатынастары туралы ресми құжаттардың транскрипциясы мен түпнұсқасының көшірмелері. Мемлекеттік архив басқармасының басшылығымен зерттеу жұмысында қолданылған тағы бір еңбек «82 Numaralı Mühimme Defteri (1026–1027/1617–1618) (Özet-Transkripsiyon-İndeks ve Tıpkıbasım), Devlet Arşiv Genel Müdürlüğü» бұл жинақтан Осман империясының Түркістан хандықтарына, оның ішінде Хиуа, Бұқар хандықтарымен ресми байланысы сипатталады.

Зерттеуіміздің аясын кеңейтіп, Орта Азиялық түрік хандықтарының XVIII ғасырдағы саяси өмірінен мол мағұлмат берген тағы бір еңбек «Osmanlı Arşivi Daire Başkanlığı, Ankara, 2000; “History of Central Asia in Ottoman Documents” Volume I. Political and diplomatic relations”. Аталмыш жинақта Орта Азия хандықтарына қатысты құжаттардың түпнұсқалары мен транскрипциясы қатар көрсетілген. Бұл зерттеулерді талдау барысы, Османлы сұлтандығының Бұхара хандығымен тығыз саяси байланыс орнатқанын көрсетті.

Түркістан тарихын зерттеуде маңызды құнды еңбек қалдырған тарихшы ғалымдар: Зеки Велиди Тоған «Bugünkü Türkili Türkistan ve Yakın Tarihi», Баймырза Хайит «Türkistan Devletlerinin Milli Mücadeleleri Tarihi», «Sovyetlerde Türklüğün ve İslam’ın Bazı Meseleleri», Ахат Андижан «Osmanlı’dan Günümüze Türkiye ve Orta Asya» т.б. ғылыми еңбектері басшылыққа алынды.

Түркістан тарихына қатысты көптеген еңбектер жазған, шығу тегі башқұрт Зеки Велиди Тоғанның «Бүгінгі түркі Түркістан тарихы» атты еңбегі мен өзбек текті тарихшы Баймырза Хайиттің «Түркістан мемлекеттерінің ұлттық күрестерінің тарихы» және «Кеңестердегі түркілік пен исламның кейбір мәселелері» атты еңбектерінде зерттеу тақырыбына қатысты өзекті мәселелер қамтылған. Маңызды ақпарат беретін бұл дереккөздерді тақырып бойынша сирек зерттеулер қатарына жатқызуымызға болады.

Түрік дереккөздерінің ішінде біз ең көп жүгінетін еңбек зерттеуші А.Ахат Андижанның «Осман империясынан қазіргі уақытқа дейінгі Түркия және Орталық Азия» атты еңбегі. Бұл еңбекте Осман империясы мен Түркістан хандықтары арасындағы қарым-қатынастар қарастырылады. Тақырыбымызға қатысты бөлімде қазақ хандығы мен Осман империясы арасындағы қарым-қатынастар және кеңес дәуіріндегі Османлы-Түркістан қатынастары туралы ақпарат берілген.

Зерттеу барысында жиі жүгінетін дереккөздердің бірі, Түркістан хандықтары туралы маңызды мәліметтер берген тарихшы Мехмет Сарайдың «Osmanlı Devleti ile Türkistan hanlıkları arasındaki siyasi munasebetler» атты еңбегінде XVIII ғасырдың соңы мен XIX ғасырға дейінгі кезеңдегі Осман империясы мен Түркістан хандықтары арасындағы алғашқы саяси қарым-қатынастарды жан-жақты талдап, мұрағат деректеріне сүйене отырып, нақты ақпарат бергенін көруімізге болады. Аталған ғылыми еңбектер тақырыпты терең меңгеруге мүмкіндік берді.

Қазіргі теориялық және әдістемелік тәсілдер мұрағат жүйесінен алған тарихи деректерді сыни тұрғыдан зерттеп, оған объективті талдау жасауға мүмкіндік берді. Анықталған құжатты зерделеу жүйелілік және тарихи деректерді салыстыру әдістері негізінде жүргізілді. Мұрағат қорынан анықталған құжаттарға талдау жасалып, электронды форматқа көшірілді және транскрипция әдісі қолданылды, ескі Осман тілінде жазылған XVIII ғасырдағы мәтіннің мағынасын ашу мақсатында аударма жұмысы жасалынды. Мақаланы жазу барысында ғылыми монографиялардан, мақалалардан т.б. алынған әртүрлі ақпарат көздері тексеріліп, салыстырмалы талдау жасайтын негізгі әдіс – кросс-валидация әдісі қолданылды. Аталмыш әдіс арқылы,



зерттеу тақырыбына байланысты оқиғалар мен оның негізгі салдары туралы ақпаратты нақтырақ түсінуге мүмкіндік береді.

Ғылыми мақаланы жазу барысында тарихи зерттеулердің негізгі ережелері, принциптері мен әдістері басшылыққа алынды, олардың бастысы объективтілік, толыққандылық және нақты-тарихи зерттеу болып табылады. Жалпы ғылыми зерттеу әдістері кеңінен қолданылды: аналитикалық талдау, тарихи ұқсастық әдісі, сондай-ақ материалды ұсыну, кезеңдерге бөлу, дипломатиялық құжаттарды сипаттау және салыстыру үшін тарихи және салыстырмалы әдісі қолданылды.

Талқылау. XVIII ғасыр саяси қарым-қатынастардың күрделене түскен кезеңі ретінде сипатталады. Бір жағынан мұсылман өркениеті тоқырауға ұшыраса, екінші жағынан басқыншылық саясаты күшейіп Европа пен Ресей шығысқа қарай кеңейіп, әлемге үстемдік ете бастаған болатын. Мұсылман әлеміндегі көптеген мемлекеттер, соның ішінде Азияның орталығындағы Түркістан хандықтарының да Ресейге тәуелді болу қаупі артқан болатын (History, 2011: 11). Сондай-ақ, Қазақ хандығының өз тәуелсіздігінен айырылу шегіне жеткен кезеңі болды. Бұл кезеңде қазақ хандығын солтүстікте патшалық Ресейдің отарлауы, оңтүстік-шығысында Қытайдың қолдауымен күшейген қалмақтардың бірнеше шабуыл жасауы, экономикалық және саяси құлдырауына алып келген болатын.

Қалмақтар XVII ғасырдың екінші жартысынан бастап, өзбек хандықтарына шабуыл жасап, қазақ даласын бір бөлігін басып алып, Каспийдің солтүстігіндегі Ембі мен Еділ өзендерінің аралығындағы аймақтарды да өз иелігіне қаратады. (Andican, 2009: 191). Қалмақтардың қазақ хандығына жиі шабуыл жасауы Әйюге (Аюке) хан (1670–1724) тұсында жиілей түсті. Әйюге өзі ұстанған жан-жақты саясатымен қазақ жеріне жасаған бірнеше тоқтаусыз шабуылы нәтижесінде Жетісу, Түркістан мен Ташкентті бақылауына алып өз иелігін жүргізе бастайды. Алайда, қалмақ ханы Әйюге бұл территория да аздық етіп, экономикалық тұрғыдан әлсірей бастаған қазақ хандығына шабуылдарын жиілеті түседі. Экономикалық тұрғыда әлсіреген қазақтар үлкен шығынға ұшырағандықтан, қазақ халқы ыдырап, жойылып кету қаупіне тап болды (Saray, 1993: 22). Бұл кезеңде қалмақтардың әр саяси әрекеті Қытай мен Ресей тарапынан бақыланып отырғаны байқалады. Ресейдің Зеленовский кәсіпкерінің көмегімен қару-жарағын жаңартып, жақсы қаруланған қалмақтар қарулы әскермен қазақ елінде бірнеше рет жорықтар ұйымдастырып (1687–1694, 1711–1712, 1714–1717 жж.) үлкен шығынға ұшыратты. Бұл шабуылдар қазаққа ғасырлар бойы өшпестей болып қалатын ауыр шығындар әкелген болатын. (Қасымбаев, 1993: 26). Қазақ ханы Тәуке хан қайтыс болғаннан кейін (1710/15) қазақ хандығына жасалған шабуыл жиілегені байқалады (Nahide, 2008: 124). Бұл қазақ хандығының әлсіреуіне, ұлт ретінде жойылып кетуіне қауіп төндірген болатын. Қазақтың үш жүзін басын қосқан Тәуке ханның өлімінен кейін, Қайып (Ғайып) Мұхаммед ханның (1715–1718) билікке келгендігі айтылады. Алайда, Қайып хан тұсында хандықтың орталық билігі қайтадан әлсіреп, қалмақтардың шабуылдары жалғаса берді. Бұл күрес 86 жылға созылып, талай адамның өмірін қиды және олардың күнкөріс көзі болған көптеген мал жайылымдарының жойылуына әкелді. Қазақ әскері қалмақтарға қарсы шығып, жеңіске жете алмады. Бұл үздіксіз соғыс қазақтардың шет мемлекеттен дипломатиялық байланыс орнатып, шешім іздеуге мәжбүр етті (Hayit, 1995: 27).

Қалмақтар, XVIII. ғасырдың басында саяси билігін сақтап қалу мақсатында Ресей патшалдығына да, Осман сұлтанына да қатар елшілер жіберіп, екі жақты тату дипломатиялық байланыс орнатуға тырысты. (Donnelly, 1968: 47, Saray, 2017: 13) Қалмақ ханы Әйюге (Аюке) хан 1690 жылы Ыстамбұлға Мұхаммед Салих атты екі елшісін жіберіп, Османлы сұлтанына бағынатындығын білдіріп ресми хат жолдайды. (Silahar, 1947:707; Saray, 2017:13). Османлы сұлтаны Аюке ханның елшілеріне берген




жауабында қалмақ басшысын Қырым ханымен жақсы қарым-қатынаста болған жағдайда бұл ұсынысын қабылдайтындығын баяндайды. (Nâme-i Hümayûn Defteri, nr. 6, s. 520). 1710 жылы қалмақ ханы Эйюге (Аюке) Пехливван-Кулу деген жаңа елшіні жіберіп, Сұлтанның өзіне білдірген құрметіне алғыс айтып, Ресей патшалығының шабуылына ұшыраған Аштеке (башқұрт) тайпасымен одақ құрғанын және бұдан былай Мәскеуліктерге қарсы соғыс ашатындығын мәлімдейді. (Nâme-i Hümayûn Defteri, nr. 6, 201–202). Қалмақ елшісі Османлы сұлтаны III. Ахмет тарапынан құрмет көрсетіліп, жолға шыққандығы айтылады.

Нәтижелер. Қазақ хандығының басты қарсыласы болған қалмақ ханының Османлы мемлекетімен саяси, дипломатиялық байланыс орнатуы қазақ хандарына үлкен алаңдатушылық тудырады. Қазақ ханы Қайып Мұхаммед қалмақ ханы Аюке ханның Осман империясымен бірге Ресейдің де тәуелділігін білдіріп отырғандығын хабарлап, Ыстамбұлға Сейіт Мұхаммед-құлу бек деген елші жібереді. Бұл байланыс, екі мемлекет арасындағы алғашқы дипломатиялық қарым-қатынас болып саналады. Османлы мұрағатындағы құжаттарын алынған деректерде қазақ ханы Қайып Мұхаммедтің Османлы сұлтаны III Ахметке жолдаған ресми жазбасында Эйюге (Аюка хан) Ресеймен одақтасып, Османлы сұлтанына елшісін жіберіп, жалған мәлімдеме жасағанын, қазіргі таңда Мәскеу (Ресей) патшалығымен бірігіп, түрік тілдес мұсылман мемлекеттеріне қарсы соғыс ашқандың және қалмақ ханына осы саяси ойыны үшін екі мәрте шапқыншылық жасауға мәжбүр болғандығын ресми хатында баяндаған: (BOA, Nâme-i Hümayûn Defteri, 6/184) (Сур.1)

Ресми хатпен бірге Қайып Мұхаммед хан Османлы сұлтаны III Ахметке қымбат маталар мен жылқылар сыйға тартқандығы туралы архив деректерінде сақталған (BOA, Nâme-i Hümayûn Defteri, 6/186). (Сур.2)

Османлы сұлтаны III Ахмет қазақ елшісін өте құрметпен қабылдағандығы және елшінің қажетті сый-сияпатпен «Бағдат» бағыты бойынша еліне қайтарылғандығы туралы дерек келтірілген. (BOA, Nâme-i Hümayûn Defteri, 6/185). (Сур.3)




Сур.1. Қазақ ханы Қайып Мұхаммед хан Ресей патшалығымен бірге ноғайға шабуыл жасап жатқан қалмақ ханы Эйюгеге (Аюка хан) қандай да бір шара қолдануын сұраған Сейіт Мұхаммед Құлдың жазбасы, баяндамасы. Дереккөз: BOA, Nâme-i Hümayûn Defteri, 6. 184.

[Fig. 1. Report of Sayid Muhammad-Kul, in which the Kazakh khan Khayip-Muhammad Khan asked to take some measures against the Kalmyk khan Eyuge (Ayuk Khan), who attacked Nogai with the Russian kingdom. BOA, Nâme-i Hümayûn Defteri, 6. 184]




Putar dar sefid donluk	Likavri çob dar sefid	Anberî zerd	Ağabânû-yı sefid	Putar dar sefid
3	3	3	3	3
Al çapkun re's	Kır çapkun re's	Kula çapkun re's	Demür çapkun bârgîr re's	Def'a al bârgîr re's
1	1	1	1	1

Кесте 1. Қазақ ханы Ғайып Мұхаммед ханның Сұлтанға сыйға тартқан маталар мен жылқылардың тізімі. (Сур. 2. Архив құжатының түпнұсқасы берілген) Дереккөз: BOA, Nâme-i Hümâyün Defteri, 6/186
[Table 1. List of fabrics and horses gifted to the Sultan by the Kazakh Khan Gaib Muhammed Khan. BOA, Nâme-i Hümâyün Defteri, 6/186]



Сур. 2. Қазақ ханы Қайып Мұхаммед хан тарапынан Османлы сұлтаны III Ахметке сыйға берілген маталар мен жылқының тізімі. Дереккөз: BOA, Nâme-i Hümâyün Defteri, 6/186.
[Fig. 2. List of fabrics and horses gifted to the Sultan by the Kazakh Khan Gaib Muhammed Khan. BOA, Nâme-i Hümâyün Defteri, 6/186]



Сур. 3. Қазақ ханы Қайып Мұхаммед ханның елшісі Сейіт Құлу Баһадыр ханның әкелген сыйлықтары қабылданып, тиісті түрде табыс етілгендігін, елшіге қажетті сый-сияпаттың жасалып, қонақ болғаннан кейін қайтып оралуына рұқсат етілгендігі туралы ресми жазба. Дереккөз: BOA, Name-I Hümâyün Defteri, 6/185.


[Fig. 3. An official note that the gifts brought by Seyit Kulu Bahadır Khan, the ambassador of the Kazakh Khan Khayip Muhammed Khan, were received and duly presented, and that the ambassador was given the necessary gifts and was allowed to return after being a guest. BOA, Name-I Hümâyün Defteri, 6/185]



XVIII. ғасырдың бірінші жартысында Ресей патшалығы Башқұрт түріктері мекендеген аймақтарды басып алып, қазақ хандығының шекарасына дейінгі аралықта орныққан болатын. 1711 жылы «Прут» шайқасында Осман империясының жеңіске жетуі қазақ хандарының Османлы сұлтандарына деген құрметін арттырып, Ресей патшалығының отарлық саясатына кедергі келтіріп, Түркістан хандықтарын өз қамқорлығына алады деген үлкен сенімдері пайда болғандығын көруімізге болады. (Andican, 2009: 191-192).

1715 жылы Қайып Мұхаммед хан Ресей патшалығының басқыншылығынан қорғану үшін Құрбан бей деген жаңа елші жібереді. Қайып Мұхаммед хан Османлы сұлтанына жазған екінші расми хатында Ресейдің отарлық саясатын түсіндіріп, Башқұрт түріктерінің Ресей тарапынан жаулап алынғанын, олардың тіл мен дініне Ресей тарапынан қатты қысым жасалып жатқандығын баяндайды. Осман империясынан көмек сұрап, Ресейдің отарлық саясатын тоқтатуға көмек беруін және Ресей патшалығына Осман сұлтанының көмегімен қарсы шығуға болатындығын баяндайды: (BOA, Nâme-i Hümâyûn Defteri, Nr. 6, p. 351) Қазақ ханының хатын төмендегі жолдар арқылы көруімізге болады:

Bu havâlide cereyan etmekte olan şu hususları da bilgilerinize arz etmek istedik. Bizim memleketimiz ile Moskov'un memleketi ortasında bir mülk vardır ki, ona Aşteke (Başkurt) derler. Onların tamamı ehl-i sünnet'dendir. Bir müddet evvel bu ülkenin perişanlığından istifade eden Moskovlu, onları zulm ederek zaptettiler. Ondan sonra bu ahâli Moskovlu'ya tâbi olarak vergi vermeğe başladı. Şimdi bu ahâli, daha çok askerle gelmiş olan Moskovlu'dan korkmaktadır. Yüzünü bizlere çeviren bu cemaate yardım etmenin dinî vecibelerimiz arasında olduğu ortadadır. Eğer sizler bize yardım ederseniz kendi mülkümüzü kâfirin tasallutundan korumaya kâdir oluruz. Bu arada 'küffar-ı hâksârın bozulduğu' haberi bizlere yetiştirdi ve her tarafa ferahlık hâsıl oldu. Buna rağmen, yakınlarımızdan Kurban Bey'i sizlere gönderdik. Bu hususta emriniz ne ise, o bunları tez elden bize yetiştiresin ki ona hareket edelim. (BOA, Nâme-i Hümâyûn Defteri, nr. 6, 351) (Сур.4. архив құжатының түпнұсқасы берілген)



Сур. 4. Қазақ ханы Қайып Мұхаммед ханнан келген ресми хаттың аудармасы. Дереккөз: BOA, Nâme-i Hümâyûn Defteri, nr. 6, s. 351.

[Fig. 4. Translation of the official letter from the Kazakh Khan Khayip Muhammed Khan. BOA, Nâme-i Hümâyûn Defteri, nr. 6, s. 351.]


Османлы Сұлтаны III Ахмет Қайып Мұхаммед ханға жіберген ресми хатында: Осман империясының 1711 жылы Прут өзеніндегі шайқастан кейін Османлылар мен



Патшалық Ресей арасында жасалған шарт негізінде Осман империясы мен Ресей патшалығы арасында бейбіт келісімге қол қойылғандығын және бұл келісім негізінде Ресейге (Мәскеу) қарсы соғыс жариялай алмайтындығын баяндайды. Алайда, Қазақ ханы өз қалауынша әрекет жасай алатындығын және Ресей (Мәскеу) патшалығына қарсы соғыс жарияласа, ол оған өз разышылығын білдіретіндігін жеткізген (BOA, Nâme-i Hümâyûn Defteri, Nr. 6/ 352) (Сур. 5 архив құжатының түпнұсқасы берілген). Бұл кезеңдерде қазақтар башқұрттарды құтқару өз алдына, қазақ хандығының тәуелсіздігіне қауіп төнген болатын. Бір тараптан Ресей, екінші бір тараптан Қалмақ хандарының үздіксіз шабуылы халықтың әлеуметтік және экономикалық тұрғыдан әлсіреуіне себеп болған болатын.

Османлы сұлтаны III Ахмет Қайып Мұхаммед ханға жолдаған хаты:

[...]Kurban Beg vasıtasıyla tarafımıza bağlılığınızı bildiren nâmeniz gelmiştir. Sizin memleketiniz civarında vâki ehl-i İslâmdan Aşteke (Başkird) cemaatı halen zî-kuvvet ve asker ile memlu olduklarına binaen mukaddema Moskov keferesinin istilâ eylediği kadimmî memleketlerinin istihlâsı için taraf-ı emaret meablarına iltica, istimdad ve istianet eyledikleri îlam ve iş'âr olunmuş. Husus-ı mezbur kurb-i civar-ı memleketenizde vaki umurdan olmak takribi ile devlet-i aliyye-i ebed-peyvendimizle Moskov Çar'ı beyninde münakid alan müsaiâhaya dair keyfiyâtdan olmayıp gönüllerinin istedikleri şekilde hareket etmeleri hususunda serbest bırakılmışlardır. (BOA, Nâme-i Hümâyûn Defteri, nr. 6, 352; M. Saray, 2017: 14) (Сур. 5 архив құжатының түпнұсқасы берілген)



Сур. 5. III Ахмет Османлы сұлтанының Түркістан хандықтарынан, Қазақ ханы Қайып Мұхаммед ханға жазған ресми жазбасы. Дереккөз: BOA, Nâme-i Hümâyûn Defteri, nr. 6, s. 352.

[Fig.5. An official letter written by Sultan Ahmet III of Osmanli to Kazakh Khan Kayip Muhammad Khan from Turkestan Khanate. BOA, Nâme-i Hümâyûn Defteri, nr. 6, 352 p.]

Қазақ және башқұрттар Ресейге қарсы бірігіп әрекет жасауға тырысқанымен, орыс үкіметіне қарсы ортақ жоспар жасалмауы және үш жүз хандары арасындағы өзара келіспеушілік, хандықтың бір орталықтан басқарылмауы Ресейдің жыл өткен сайын өз



территориясын кеңейтуге мүмкіндік туғызды. Орыс патшалығы өз билігін нығайту мақсатында үш жүзді және түрік тілдес халықтарды бір-біріне қарсы пайдаланды. XVIII ғасыр басында Петербургтан Ресей шекара қолбасшыларына жіберілген келесі бұйрықтан көруімізге болады:

... Қалмақтар бізге қарсылық танытса Қырғыздарды оларға қарсы пайдалан, Қырғыз-қазақтар бізге қарсылық танытса, қалмақ пен башқұрттарды оларға қарсы пайдалан. Осылайша, орыс солдаттарын қажет етпей-ақ, Ресей патшалығының билігін соғыссыз мойындайтын болады. Бір-біріне жау болған қалмақтарды, башқұрттарды, қырғыз-қазақтарды осылай басқару керек. (Olcott, 2002, Kesici, 2003: 77–78).

Осы саясат негізінде Ресей патшалығы Түркістан хандықтары арасындағы келіспеушілікті арттыруға барынша күш салып, қалмақтарды қазақтарға, қазақтарды өзбек хандықтарына шабуыл жасату арқылы бір-бірін әлсірету әдістерін қолданды. Қалмақтардың үздіксіз шабуылы хандықтардың экономикалық тұрғыдан әлсіреуіне жол ашты. Бұл әлсіздік Башқұрт және де басқа да Орта Азия территориясындағы Түркістан хандықтарының Ресей билігін өз еркімен мойындауына себеп болды.

1718 жылы қазақ ханы Қайып хан соғыста қаза тапты. Тәуке ханның ұлы Болат Қайып ханның орнына хан болып сайланды. Алайда оның хандығы іс жүзінде іске аспады, қазақ сұлтандары оның хандығын қабылдамады, әрі бағынбады. Нәтижесінде Қазақ хандығы үш хандыққа бөлініп, күші жүздің басы болған Әбілқайыр хан – Ресей патшалығынан, қазақтардың тәуелсіздігін қорғамақ болуға әрекет жасап, сол жылдары Осман империясына жақындай түсуге әрекет жасады. Бұл жөнінде тарихшы З.В. Тоған былай баяндайды: 1741 жылы Әбілхайыр ханның Петербургке келген елшілері түрік елшісін көріп, кіші жүз қазақтарын Ресей патшалығының басқыншылығынан құтқаруын сұрап, Османлы сұлтандығының билігін қабылдауға дайын екенін жеткізіп, Әбілхайыр ханның атынан өтініш жасаған болатын. (Тоған 1981: 175). Алайда, бұл тілектер орындалмады. Осы кезеңнен бастап, Осман империясы мен қазақ хандары арасында ресми байланыстың болғанындығын көрсететін ресми құжат жоқ. Қарым-қатынас болған күнде де, оларға қатысты мәселелер Хиуа мен Бұхара хандары арқылы шешілген болуы мүмкін. Осман империясы Түркістан хандықтарына Ресей қаупі төнген күннен бастап қолдау көрсету саясатын ұстанды, территориялық алшақтық пен Ресейдің қысымы бұған мүмкіндік бермеді. Қазақ хандарының Ресей билігіне мойынсұну құжатында Ресей патшалығының рұқсатынсыз сыртқы саясатта қандай да бір әрекет жасауға ресми түрде тыйым салынды. Осы негізде, Осман империясымен қарым-қатынас жасау патшалық Ресей мүддесіне қарсы әрекет деп бағаланған болатын.

XVIII ғасырда Осман империясы Орта Азия аймағындағы түрік тілдес хандықтарға Ресей патшалығы татапынан келетін қауіп-қатерді қажетінше ескермеді. Хиуа, Бұхар хандықтары да Осман империясынан талай мәрте көмек көрсетуін сұрап, ресми хат жібергендігін мұрағат құжаттары дәлел бола алады. Османлының бұл хандықтарға берген жауабы Орта Азиядағы Түркістан хандықтарының бірлесіп қимылдап, үлкен күш болып бірігуіне кеңес берумен ғана шектелгенін көруімізге болады. Османлы сұлтанының бұлай жауап беруге де бірнеше саяси себебі бар болатын. Бұл кезеңде Осман империясы дамудың жаңа сатысына көшкен Батыс елдерімен қарым-қатынасы қиындап, негізгі саясаты Жерорта теңізі мен Европа елдеріне бағытталған болатын. Бұл саяси кезеңде бірнеше мәрте қалмақ шабулдарынан әлсіреген, бір орталықтан басқарылмаған қазақ хандықтарының экономикалық жағынан дамыған, қару-жарақ тұрғысынан күшейген Ресейдің билігін өз еркімен мойындауға мәжбүр болды.

Бұл жағдайды Орта Азиядағы түрік тарихын зерттеуші Түркиялық ғалым, тарихшы Мехмет Сарай өзінің “*Rus İşgali Devrinde Osmanlı Devleti ile Türkistan Hanlıkları Arasındaki Siyasi Münasebetler (1775–1875)*” (Орыс басқыншылығы



дәуіріндегі Османлы мемлекеті мен Түркістан хандықтары арасындағы қарым-қатынастар 1775–1875 жж.) атты еңбегінде төмендегідей баяндайды: «XVIII. Ғ. Түркістанда құрылған хандықтардың экономикалық және мәдени жағдайы өте төмен деңгейде болды. Оның ең үлкен себебі, XVI ғ. бастап, Еуропамен Азияны, Батыспен Шығысты байланыстырып жатқан сауда жолының жабылуы үлкен ықпал етті. Қытай мен Үндістан тауарларын Қара теңіз бен Жерорта теңізі порттарына тасымалдаудан үлкен қаржылық пайдаға қол жеткізіп, әр түрлі мәдениетпен байланыстырып тұрған сауда жолының жабылуы, халықтың кедейленуіне, Түркістан хандықтарының мәдениет пен өркениет дамуынан тыс қалуына кері әсерін тигізген болатын. Бұл саяси жағдай тек экономикалық тұрғыдан ғана емес, көп ұзамай Түркістанның әскери, қару-жарақ құралдарының жеткіліксіздігіне де әсер етіп, әсіресе сол заманға сай батыстық жаңа технологиямен жасалған соғыс қаруы жағынан артта қалуына себеп болды. Сондай-ақ, Түркістан хандықтары Осман империясының өзара бірігіп, Ресейге қарсы тұрындар деген ескертулеріне қарамастан, қазақ және өзбек хандықтары өз арасындағы келіспеушілік, хандық пен жерге талас одан сайын әлсіреулеріне жол ашты. Түркістан хандықтарының осы саяси жағдайы экономикалық және әскери жағынан өте жоғары деңгейде дамыған Ресей патшалығының билігін оңай мойындауына алып келген болатын (Saraу, 2017: 2)

Қорытынды. Зерттеу барысында XVIII ғасырдағы қазақ хандығының тарихы жаңа деректермен толықтырылды. Осман империясы мен қазақ хандығы арасындағы ресми қарым-қатынастың болғандығын айқындайтын бұл құжат қазақ хандығы тарихын терең зерттеуге және халықаралық тарихқа жаңа көзқараспен қарауға мүмкіндік береді. Тарихи құжатта XVIII ғасырдағы қазақ хандығына көрші мемлекеттер арасындағы саяси мәселелер туралы жан-жақты ақпарат берілген. Ресми хаттың мазмұнында қазақ хандықтары мен Осман империясы арасындағы қарым-қатынас қалмақ-қазақ шапқыншылығына байланысты басталып, Ресей басқыншылығына қарсы жалғасын тапқанын көруімізге болады. Қалмақ басшыларының Османлы империясы мен патшалық Ресей билігін қатар мойындауы арқылы, өз территориясын кеңейтуге күш салғандығы және қазақтар мен қалмақтар арасындағы қақтығыстар туралы анықтама берілген. Сондай-ақ, Ресейдің отарлық саясатына қарсы күш біріктіріді сұраған Қазақ ханы Қайып Мұхаммедтің Османлы сұлтанына жасаған ұсыныстары туралы да мәлімет алуға болады.

Зерттеу деректері көрсеткендей, бұл кезеңде қазақ және Осман империясы арасында белсенді саяси және дипломатиялық қарым-қатынастың орнамағанын және бұған әсер еткен бірнеше тарихи себептер бар екендігін көруімізге болады. Бірінші себеп, екі мемлекеттің аумақтық шекарасының алшақтығы мен сол кезеңдегі саяси оқиғаларға байланысты көлік құралдарының жеткіліксіздігі болса, екінші себеп: Османлы сұлтанының Иран мен Ресей арасындағы саяси келісімдері мен Ресей патшалығының отаршыл саясаты өз ықпалын тигізбей қоймады. Бұл мемлекеттердің Осман империясымен жасаған келісім шарттары арасындағы қайшылық қазақ хандығының Османлы сұлтандығымен саяси, әскери, сауда және мәдени қарым-қатынастардың жоғары деңгейде орнамауына себеп болды. Сонымен қатар, Түркістан хандықтары арасындағы өзара билік пен жерге таластың бар екенін хабардар болған Османлы сұлтанының Түркістан хандықтарына деген сенімі азаяды. Архив деректерінде Осман сұлтанының қазақ ханына берген жауабында Орта Азиядағы түркі тілдес хандықтардың өзара бірігуін, Ресей патшалығына қарсы күш біріктіруін ұсынғанын көруімізге болады. Осман сұлтанының бұл ұсынысы орындалмады, хандықтар арасындағы өзара келіспеушілік бірігуге мүмкіндік бермеді. Бұл тарихи оқиға да, Осман империясының көмек көрсетуге деген ниетінің төмендеуіне себеп болды.



Қазақ хандығының, жалпы Түркістан хандықтарының патшалық орыс шапқыншылығынан қорғана алмауының көптеген себептері бар. Солардың ішіндегі ең маңыздысы хандықтың бір орталықтан басқарылмауы, Өзбек хандықтарын ескепке алмағанда, қазақ хандығының өзі үш хандыққа бөліп басқарылған болатын. Түрік хандықтарының тақ үшін болған үздіксіз күресінің салдарынан Орта Азия жеріндегі хандықтар күн өткен сайын әлсіреп, Ресей билігін өз еріктерімен қабылдауға шешім қабылдаған болатын.

Бұл тарихи құжат Осман империясы мен қазақ хандығы арасындағы алғашқы және соңғы ресми байланыс құжаты болғандығын көрсетеді. XVIII ғасырдың II жартысы мен XIX жылдың басында қазақ территориясының Ресей патшалығының құрамына өтуімен бұл байланыстар ресми түрде қатаң бақылауға алынып, қазақ хандығының барлық сыртқы және ішкі саяси қарым-қатынастары орыс әкімшілігінің назарында болғанын аңғаруға болады. Ресейдің Орта Азиядағы Түркістан хандықтарын жаулап алуы, Осман империясы арасындағы дәстүрлі байланыстардың толықтай тоқтауына негіз болды.

Дереккөздер

- Османлы мұрағаттары - Başbakanlık Osmanlı Arşivi (BOA). Nâme-i Hümayûn Defteri, 6, 520
BOA. Nâme-i Hümayûn Defteri, 6, 201-202
BOA, Name-i Hümayun Defteri, 6, 185
BOA, Nâme-i Hümayun Defteri, 6, 184
BOA. Nâme-i Hümayûn Defteri, 6, 351
BOA. Nâme-i Hümayun Defteri, 6, 352
BAO. Nâme-i Hümayûn Defteri, nr. 6, 520

Әдебиеттер

- Казахстан, 2005 — Кайып // Казахстан. Национальная энциклопедия. Алматы: Қазақ энциклопедиясы. 2005. Т. III.
- Қасымбаев, 1993 — Қасымбаев. С. Жоңғар-Қазақ тартысындағы саяси және әскери мәселелер. Қазақ тарихы журналы. № 2, 1993.
- Andican, 2009 — Andican. A Osmanlı'dan Günümüze Türkiye ve Orta Asya. İstanbul: Doğan Egmont Yayıncılık. I. Baskı. 2009.
- Belgelerle, 2005 — Belgelerle Osmanlı-Türkistan İlişkileri (XVI-XX. Yüzyıllar). Ankara: Başbakanlık Devlet Arşivleri Genel Müdürlüğü. Osmanlı Arşivi Daire Başkanlığı Yayın Nu: 70. 2005.
- Donnelly, 1968 — Donnelly, A.S. The Russian Conquest of Bashkiria (1552-1740), Londra, 1968.
- Hayit, 1995 — Hayit. B. Türkistan Devletlerinin Milli Mücadeleleri Tarihi. Ankara: Türk Tarih Kurumu, 1995
- History, 2011 — History of Central Asia in Ottoman Documents. Volume I. Political and diplomatic relations 2011. Samarkand: IICAS, STA. Hizmetli, S. 2011.
- Kesici, 2003 — Kesici. K. Dün Bugün ve Hedefteki Kazakistan, I. Baskı, İstanbul: IQ Kültür Sanat Yayıncılık. 2003
- Nahide, 2008 — Nahide Ş. Kazak (Tarihi ve Araştırmaları). İstanbul: IQ Kültür Sanat Yayıncılık, 2008.
- Olcott, 2002 — Olcott M. B. Kazakhstan: Unfulfilled Promise. Carnegie Endowment for International Peace, Washington D.S., 2002
- Saray, 1990 — Saray M. Rus İşgali Devrinde Osmanlı Devleti ile Türkistan Hanlıkları Arasındaki Siyasi Münasebetler (1775-1875), İstanbul, 1990.
- Saray, 1993 — Saray M. Kazak Türkleri Tarihi “Kazakların Uyanışı”. İstanbul: Nesil Matbaacılık ve Yayıncılık San. ve Tic. A.Ş. 1993
- Saray, 2017 — Saray M. Osmanlı Devleti ile Türkistan Hanlıkları Arasındaki Siyasi Münasebetler (1775-1875). 2. Baskı, Ankara: Türk Tarih Kurumu Yayınları, 2017.



Silahdar, 1947 — Silahdar M. Silahdar Harihi – On Yedinci Asır Saray Hayatı. Ankara: Akba Kitabevi. 1947

Saray, 2014 — Saray M. Yeni Türk Cumhuriyetleri Tarihi. Ankara: Türk Tarih Kurumu. 3. Baskı. 2014

Togan, 1981 — Togan Z. V. Türkili (Türkistan) ve Yakın Tarihi. Cilt I. Batı ve Kuzey Türkistan. 2. Baskı. İstanbul, 1981.

References

Andican, 2009 — Andican. A Osmanlı'dan Günümüze Türkiye ve Orta Asya [Turkey and Central Asia from the Ottoman Empire to the Present]. İstanbul: Doğan Egmont Yayıncılık. I. Baskı., 2009. (In Turk.).

Belgelerle, 2005 — Belgelerle Osmanlı-Türkistan İlişkileri (XVI–XX. Yüzyıllar) [Ottoman-Turkestan Relations with Documents (XVI–XX. Centuries)]. Ankara: Başbakanlık Devlet Arşivleri Genel Müdürlüğü. Osmanlı Arşivi Daire Başkanlığı Yayın Nu: 70. 2005. (In Turk.).

Donnelly, 1968 — Donnelly, A.S. The Russian Conquest of Bashkiria (1552–1740). Londra, 1968.

Hayit, 1995 — Hayit B. Türkistan Devletlerinin Milli Mücadeleleri Tarihi [History of National Struggles of Turkestan States]. Ankara: Türk Tarih Kurumu, 1995. (In Turk.).

History, 2011 — History of Central Asia in Ottoman Documents. Volume I. Political and diplomatic relations 2011. Samarkand: IICAS, STA. Hizmetli, 2011 p.

Kasymbayev, 1993 — Kasymbayev S. Jongar-Kazak tartışındagy sayasi zane askeri meseleler [Political and military issues in the Dzungar-Kazakh conflict]. *Journal of the history of Kazakhstan*. №2, 1993. (In Kaz.).

Kazakhstan, 2005 — Kazakhstan. National Encyclopedia. Almaty: Kazak Enssiklopediyasi. Vol. III. 2005. (In Russ.).

Kesiki, 2003 — Kesici K. Dün Bugün ve Hedefteki Kazakistan [Yesterday, Today and Target in Kazakhstan]. I. Baskı, İstanbul: IQ Kültür Sanat Yayıncılık. 2003. (In Turk.).

Nahide, 2008 — Nahide S. Kazak (Tarihi ve Araştırmaları) [Kazakh (History and Research)]. İstanbul: IQ Kültür Sanat Yayıncılık, 2008. (In Turk.).

Olcott, 2002 — Olcott M. B. Kazakhstan: Unfulfilled Promise. Carnegie Endowment for International Peace, Washington D.S. 2002.

Saray, 1990 — Saray. M. Rus İşgali Devrinde Osmanlı Devleti ile Türkistan Hanlıkları Arasındaki Siyasi Münasebetler (1775-1875) [Political Relations Between the Ottoman Empire and the Turkestan Khanates], İstanbul, 1990. (In Turk.).

Saray, 1993 — Saray M. Kazak Türkleri Tarihi “Kazakların Uyanışı” [History of Kazakh Turks "Awakening of Kazakhs"]. İstanbul: Nesil Matbaacılık ve Yayıncılık San. ve Tic. A.Ş. 1993. (In Turk.).

Saray, 2017 — Saray M. Osmanlı Devleti ile Türkistan Hanlıkları Arasındaki Siyasi Münasebetler (1775–1875) [Political Relations Between the Ottoman Empire and the Turkestan Khanates]. 2. Baskı, Ankara: Türk Tarih Kurumu Yayınları, 2017. (In Turk.).

Silahdar, 1947 — Silahdar M. Harihi – On Yedinci Asır Saray Hayatı [Weapons History – Seventeenth Century Palace Life]. Ankara: Akba Kitabevi. 1947. (In Turk.).

Saray, 2014 — Saray M. Yeni Türk Cumhuriyetleri Tarihi [History of New Turkish Republics]. Ankara: Türk Tarih Kurumu. 3. Baskı. 2014. (In Turk.).

Togan, 1981 — Togan Z. V. Türkili (Türkistan) ve Yakın Tarihi [Turkili (Turkistan) and Its Recent History]. Cilt I. Batı ve Kuzey Türkistan. 2. Baskı. İstanbul, 1981. (In Turk.).



ТАРИХ / HISTORY / ИСТОРИЯ

Published in the Kazakhstan

Otan tarikhıy

Has been issued as a journal since 1998

ISSN: 2788-9718 (Online)

Vol. 27. Is. 1, pp. 34-47, 2024

Journal homepage: <https://otan.history.iie.kz>

FTAXP / МРНТИ / IRSTI 03.81.37.

https://doi.org/10.51943/2788-9718_2024_27_1_34-47

ҚАЗАҚ БИЛЕУШІЛЕРІ ТӘУЕКЕЛ МЕН ТҮРСЫН МҰХАММЕД ЖАРЛЫҚТАРЫН ДЕРЕКТАНУЛЫҚ ЗЕРТТЕУ

Зәуре Кеңесқызы Қартова¹, Болат Ешмұхамбетұлы Көмеков²,
Ерлан Ақылжанұлы Әлібай³

¹М. Қозыбаев атындағы СҚУ

(114-үй, М. Жұмабаев көш., 150000 Петропавл қ., Қазақстан)

«Рухани жаңғыру» әлеуметтік-гуманитарлық институтының директоры, тарих ғылымдарының кандидаты

 <https://orcid.org/0000-0001-5702-8838>. E-mail: kartov_m@mail.ru

²Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті

(71-үй, әл-Фараби даңғылы, 050040 Алматы қ., Қазақстан)

Халықаралық қыпшақтану институтының директоры, тарих ғылымдарының докторы

 <https://orcid.org/0000-0003-2832-6072>. E-mail: bkumek@mail.ru

³М. Қозыбаев атындағы СҚУ

(114-үй, М. Жұмабаев көш., 150000 Петропавл қ., Қазақстан)

Тарих және әлеуметтік ғылымдар кафедрасының аға оқытушысы, саясаттану магистрі,

 <https://orcid.org/0000-0002-3060-3502>. E-mail: alibai_88@mail.ru

© ИИЭ им. Ч.Ч. Валиханова, 2024.

© Қартова З.К., Көмеков Б.Е., Әлібай Е.А., 2024.

Андатпа. *Kipicne.* XV–XVIII ғасырлардағы ортағасырлық мемлекеттердің жазба құжаттарын зерттеу өте өзект. Мұндай құжаттар ортағасырлық қоғамға тән көптеген құбылыстарды анықтауға, әртүрлі феодалдық институттардың пайда болуын зерттеуге көмектеседі. Себебі құжаттардың мәтіндерінде Қазақстан мен Орта Азиядағы әлеуметтік-экономикалық үдерістерді зерттеуге арналған материалдар көптеп сақталған. Зерттеу жұмысының негізгі мақсаты Орта Азия мемлекеттерінің хандары мен сұлтандарына тиесілі дереккөздерді анықтау болып табылады. Ұсынылып отырған ғылыми зерттеу жұмысының міндеттері – XV–XVIII ғасырлардағы қазақ билеушілері мен сұлтандары шығарған жарлықтар мен хаттарды жүйелеу, Ташкент және Түркістан қалаларының актілік дереккөздерді жеке қарастыру. Сондай-ақ, аталған құжаттардағы ұсынылған бірегей дереккөздердің формуляр бөліктерінің өзгертілуі мен олардың түпнұсқасына дипломатиялық талдау жасау арқылы анықталып, әр түрлі тілдерде жазылған XV–XVIII ғасырлардағы күрделі құжаттардың алуан түрлілігі талданады. Қазақстанның ортағасырлық оңтүстік қалаларда шығарылған тархандық жарлықтар, сойюргалдық және вакуфтік жарлықтар ғылыми-сыни тұрғыдан зерттелінеді,



жарлықтардың деректанулық маңызы белгіленеді. Зерттеудің дереккөздік базасын Орталық Азия мен Қазақстан хандықтарының актілік деректері, құжаттар мен материалдар жинақтары, зерттелуі жоспарланып отырған кезеңге жататын мұрағаттық материалдар құрайды. *Зерттеу деңгейі* көбінесе дереккөз базасы, ұсынылып отырған ақпараттық материалдың толықтығына байланысты.

Түйінді сөздер: Жарлықтар, жазбаша ортағасырлық дереккөздер, нишан, формуляр, Орта Азия билеушілері, деректанулық талдау

Алғыс. Мақала Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің «XV–XVIII ғасырлар кезеңіндегі Қазақ хандығы билеушілерінің баяндау құжаттарын текстологиялық зерттеу және деректанулық талдау» (тіркеу нөмірі AP19676930) гранттық қаржыландыру жобасын іске асыру шеңберінде дайындалған.

Дәйексөз үшін: Қартова З.К., Көмеков Б.Е., Әлібай Е.А. Қазақ билеушілері Тәуекел мен Тұрсын Мұхаммед жарлықтарын деректанулық зерттеу // Отан тарихы. 2024. Т. 27. № 1. Бб. 34-47. (Қаз.) DOI: 10.51943/2788-9718_2024_27_1_34-47

ИСТОЧНИКОВЕДЧЕСКИЙ АНАЛИЗ ЯРЛЫКОВ КАЗАХСКИХ ПРАВИТЕЛЕЙ ТАВАКУЛА И ТУРСЫН МУХАММЕДА

*Зауре Кенесовна Картова¹, Болат Ешмухамбетұлы Комаков²,
Ерлан Ақылжанұлы Әлібай³*

¹СКУ им. М. Козыбаева

(д. 114, ул.М.Жумабаева, 150000 Петропавловск, Республика Казахстан)

Директор Социально-гуманитарного института «Рухани жаңғыру», кандидат исторических наук

 <https://orcid.org/0000-0001-5702-8838>. E-mail: kartov_m@mail.ru

²Казахский национальный университет имени Аль-Фараби

(д. 71, проспект аль-Фараби, 050040 Алматы, Республика Казахстан)

Директор Международного института кыпчаковедения, доктор исторических наук

 <https://orcid.org/0000-0003-2832-6072>. E-mail: bkumek@mail.ru

³СКУ им. М. Козыбаева

(д. 114, ул.М.Жумабаева, 150000 Петропавловск, Республика Казахстан)

Старший преподаватель кафедры истории и социальных наук, магистр политологии

 <https://orcid.org/0000-0002-3060-3502>. E-mail: alibai_88@mail.ru

Аннотация. *Введение.* Изучение письменных документов средневековых государств XV–XVIII веков *актуально*, такие документы помогают выявить многие явления, характерные для средневекового общества, изучить возникновение различных феодальных институтов, так как в текстах документов сохранилось большое количество материалов для изучения социально-экономических процессов в Казахстане и Средней Азии. Основной *целью* исследовательской работы является выявление источников, принадлежащих ханам и султанам государств Средней Азии. *Задачи* предлагаемой научно-исследовательской работы – систематизация указов и писем, изданных казахскими правителями и султанами XV–XVIII вв., отдельное рассмотрение актов источников городов Ташкента и Туркестана. Также анализируется большое разнообразие сложных документов XV–XVIII веков, написанных на разных языках, определяемых путем дипломатического анализа изменений формуляровых частей представленных уникальных источников в данных



документах и их оригиналов. Критическому анализу подвергаются тарханские указы, сююргальные и вакуфические указы, изданные в средневековых южных городах Казахстана, дается источниковедческий анализ указов. *Источниковую базу* исследования составляют акты ханств Центральной Азии и Казахстана, сборники документов и материалов, архивные материалы, относящиеся к планируемому периоду изучения. Уровень исследования во многом зависит от достоверности исходной базы, полноты представляемого информационного материала.

Ключевые слова: указы, письменные средневековые источники, нишан, формуляр, правители Средней Азии, источниковедческий анализ.

Благодарность. Статья подготовлена в рамках реализации проекта грантового финансирования Министерства науки и высшего образования Республики Казахстан «Текстологическое исследование и источниковедческий анализ повествовательных документов правителей Казахского ханства периода XV–XVIII веков» (регистрационный номер AP19676930).

Для цитирования: Картова З.К., Комеков Б.Е., Әлібай Е.А. Г.Н. Источниковедческий анализ ярлыков казахских правителей Тавакула и Турсын Мухаммеда // Отан тарихы. 2024. Т. 27. № 1. С. 34-47. (Қаз.) DOI: 10.51943/2788-9718_2024_27_1_34-47

SOURCE ANALYSIS OF LABELS OF KAZAKH RULERS TAVAKKUL AND TURSUN MUHAMMAD

Zaure Kenesovna Kartova¹, Bolat Eshmukhambetuly Komekov², Erlan Akylzhanuly Alibai³

¹M. Kozybayev SKU

(114, 150000, M. Zhumabayev Str., 150000 Petropavlovsk, Republic of Kazakhstan)

Director of the Social and Humanitarian Institute “Rukhani Zhangyru”, candidate of Historical Sciences

 <https://orcid.org/0000-0001-5702-8838>. E-mail: kartov_m@mail.ru

²Al-Farabi Kazakh National University

(71, Al-Farabi Ave., 050040 Almaty, Kazakhstan)

Director of the International Institute of Kipchak Studies, Doctor of Historical Sciences

 <https://orcid.org/0000-0003-2832-6072>. E-mail: bkumek@mail.ru

³M. Kozybayev SKU

(114, 150000, M. Zhumabayev Str., 150000 Petropavlovsk, Republic of Kazakhstan)

Senior Lecturer of the Department of History and Social Sciences, master of Political Science

 <https://orcid.org/0000-0002-3060-3502>. E-mail: alibai_88@mail.ru

Abstract. Introduction. The study of written documents of medieval states of the XV–XVIII centuries is very relevant, such documents help to identify many phenomena characteristic of medieval society, to study the emergence of various feudal institutions, since a large number of materials for studying socio-economic processes in Kazakhstan and Central Asia have been preserved in the texts of documents. The main *purpose* of the research work is to identify sources belonging to the khans and sultans of the Central Asian states. The *objectives* of the proposed research work are the systematization of decrees and letters issued by Kazakh rulers and sultans of the XV–XVIII centuries, separate assessment of body of sources of Tashkent and Turkestan cities. It also analyzes a wide range of complex documents of the XV–XVIII centuries, written in different languages, determined by a diplomatic analysis of changes in the formulary parts of the unique sources presented in



these documents and their originals. The Tarkhan decrees, union and wakuf decrees issued in medieval southern cities of Kazakhstan are critically assessed, the significance of the decrees is established. The study is based on the act data of the khanates of Central Asia and Kazakhstan, collections of documents and materials, archival materials related to the period under research. The research quality depends on the reliability of the source base, the completeness of the information material presented.

Keywords: decrees, written medieval sources, nishan, formulary, rulers of Central Asia, source analysis.

Gratitude. The article was prepared within the framework of the grant financing project of the Ministry of Science and Higher Education of the Republic of Kazakhstan «Textual research and source analysis of narrative documents of the rulers of the Kazakh Khanate of the XV-XVIII centuries» (registration number AP19676930).

For citation: Kartova Z.K., Komekov B.E., Alibai E.A. Source analysis of labels of kazakh rulers Tavakkul and Tursun Muhammad // Otan tarikhy. 2024. Vol. 27. No. 1. Pp. 34-47. (In Kaz.) DOI: 10.51943/2788-9718_2024_27_1_34-47

Кіріспе. Қазіргі таңда отандық тарихнамада XV–XVIII ғасырлар кезеңінде жазылған ресми құжаттарды зерттеу мәселесі өзекті болып отыр. Қазақстан мен Орта Азия елдерінде Алтын Ордадан кейін пайда болған мемлекеттердің іс жүргізу тәжірибесінде Алтын Орданың құжаттамасымен сабақтастығы бар грамоталар, дипломатиялық хаттар, актілік деректері шығарылып тұрды. Оларды деректану және тарихнамалық тұрғыдан зерттеу бүгінгінің негізгі міндеті мен түркология ғылымдарын дамытудың маңызды алғышарттарының бірі.

Жазбаша автохтонды және түпнұсқалық құжаттар XV–XVIII ғасырлардағы ортағасырлық мемлекеттердің әлеуметтік-экономикалық мәселелерін шешуде маңызды рөл атқарып, тарихнаманың негізгі дерегі болып табылады. Дереккөздер көшпелі қоғамның этносаяси тарихы, экономикасы мен рухани мәдениеті және Орта Азия мен Қазақстанның ортағасырлық мемлекеттерінің құрылымы туралы маңызды мәліметтер береді. XV–XVIII ғасырлар кезеңіндегі актілік және нарративті (баяндау) дереккөздері ортағасырлық мемлекеттердің дамуының экономикалық, мәдени, дипломатиялық және басқа аспектілерін зерттеуде ерекше құнды. Олар ортағасырлық қоғамға тән көптеген құбылыстарды ашады, әр түрлі феодалдық институттардың пайда болуынан бастап жойылып кетуге дейінгі тарихын зерттеуге көмектеседі. Құжаттарда Орта Азия мемлекеттерінің әлеуметтік-экономикалық процестерінің заңдылықтарын зерттеуге арналған бірқатар құнды материалдар сақталған.

Материалдар мен әдістер. Ғылыми мақаланы жазу барысында архив құжаттарына, жарияланған жазба деректеріне, баспасөз мәліметтеріне сүйендік. Деректердің негізін Мәскеудің орталық қалалық мұрағатынан, Ташкент қаласының орталық мұрағатынан алынған материалдар құрайды. Бұл ресми хаттамалар, баяндаулардан және тағы басқа құнды деректерден тұрады. Сонымен қатар, Жүнісбаев Ұлықбектің қазақ тіліне аударған «Әбулмұзаффар ғази Тәуекел Мұхаммед Баһадүр ханның шейх Ахмадқа шейх әл-Исламға бір күн-түн суын сыйға беруі туралы ең жоғарғы үкімі» құжаты, «Әбілғазы Мұхаммед Тәуекел Баһадүр хан Сұлтан Хожа Ахмет мазарына мутәуалли мен шайхлық қызметіне белгілі бір адамды (аты көрсетілмейді) тағайындау туралы жарлық» құжаты, «Әбулфатх Тәуекел Мұхаммед Баһадүр сұлтан Түркістан уәлайатының шайхул-ислам (деген мәртебесін) және қазылығына тағайындау туралы жарлық» құжаты, «Әбулғазы Тұрсын Мұхаммед Баһадүр хан Төлек шайхқа Сүйрі кентінің жартысын «дәрубаст» ретінде сыйға тартып, тәуелсіз тұрғыда Ортақ арығына қамқоршылық жасау туралы нышан (жарлық)» құжаты негізге алынып отыр. Аталған деректерді зерттеу барысында жинақтау, салыстыру,



талдау және қорыту сияқты жалпы ғылыми әдістер, сондай-ақ мәселелік-хронологиялық, тарихи-жүйелік секілді арнайы тарихи әдістер кешені қолданылған.

Талқылау. Деректану ғылымында «актілік дереккөздер», «нарративті құжаттар» деп аталатын дереккөздер ғылыми қызығушылық тудырады. XIX–XX ғасырлардағы тарихнамада актілерді сол уақыттағы тарихи оқиғалардың түпнұсқалығы мен қазіргі заманғы белгілері бар құжаттар ретінде қабылдайды. Белгілі деректанушы С.М. Каштановмұндай актілерді «тарихи түпнұсқалар» болып табылатын құжаттар, ал нарративті құжаттар «тарихи дәстүрлер» деп атап өткен (Каштанов, 1969: 136). «Акт» термині «аго» етістігінен бастау алады деп есептеген. Сондықтан автор «акт» ұғымын мәміле-шарттық сипаттағы және мазмұндағы дереккөздерге қолданады. С.М. Каштанов этимологиялық тұрғыдан құжат «акт» ұғымына қарағанда кеңірек екенін көрсетеді және актілерді «тарихи түпнұсқалар» мағынасында қолдануды ұсынады (Каштанов, 1969: 138).

Ал ғалым М.А. Усманов, «актілер» терминін «ресми актілік дереккөздері» анықтамасында қолданып, хан жарлықтары мен хаттарына қатысты пайдалануды ұсынады (Усманов, 1973: 18). Социологиялық тұрғыдан алғанда, құжаттардың қатарынан шарттық сипаттағы дереккөздерді бөлу қажеттілігі «құқықтық мәмілелер мен шарттар түрінде ресімделетін қатынастардың осындай топтарының қоғамдық және саяси байланыстар жүйесінде болу фактісіне» байланысты (Каштанов, 1962: 58). Шарттық құжаттарда, қандай белгілер болса да, негізгі мазмұны «дайын формулалардың жиынтығы, олардың әрқайсысы шарттың белгілі бір талабын білдіреді және құжаттан құжатқа қайталаанады (мысалы, тархандар босатылатын салықтар тізімі)» (Каштанов, 1962: 65–66). Қоғамдық өмірдің белгілі бір салаларында актілердің пайда болу себебі әлеуметтік-экономикалық және саяси құрылымның ерекшелігімен байланысты болды.

XX ғасырда ғана қалыптасқан келісім-шарттық құжат ретіндегі актінің неғұрлым салалы тұжырымдамасымен қатар, XVIII–XIX ғасырларда актілер барлық дереккөздер (заңнамалық, іс қағаздары және т.б. құжаттар) деп аталды, олар өз белгілері бойынша баяндау (нарративті) дереккөздерінен (шежірелер, жазбалар және т.б.) ерекшеленді.

Деректану ғылымында «актілік дереккөздері» термині заңнамалық құжаттардың кең аясына қатысты қолданылады. Көбінесе бұл белгілі бір құқықтық нормалар түрінде экономикалық немесе саяси мәмілелер, жеке немесе заңды тұлғалар мен мемлекет арасындағы, мемлекет және шіркеу, жеке тұлғалар арасындағы шарттар және т.б. мемлекеттік іс жүргізу материалдары басқару салалары бойынша және басқарушы мекемелердің иерархиясындағы құжаттар қозғалысының бағыты бойынша бөлінеді (жоғарыдан төмен; төменнен жоғары және көлденең жазықтықта). С.М. Каштанов атап өткендей, актілердің тарихи дереккөздердің ерекше түрі ретінде пайда болуының қажетті шарты келісімге келуші тараптардың болуы. Сонымен қатар, келісімшарттың өзі келісімшарт контрагенттерінің құқықтары тең болмаса, кез-келген жағдайда салыстыруға болатындығын көрсетеді (Каштанов, 1962: 70).

Осылайша, тарихнамада актілік дереккөздер ұғымы – бір жағынан, ол қандай да бір құқықтар беретін және осындай құқықтардың бар екендігінің дәлелі ретінде қызмет ететін құжаттарды білдірсе, екінші жағынан, бұл белгілі бір оқиға немесе процесс, жағдай және т.б. туралы ақпарат беретін іскерлік және қызметтік жазбалар болып табылады. Басқаша айтқанда, актілер қатарына заңнамалық құжаттардың міндеттерін орындайтын барлық мәтіндер жатады.

Құжаттардың жиынтығы уақыт өте келе өзгертіндіктен, бұл терминнің бірыңғай анықтамасын жасау одан да қиын. Бұл жағдайда актілер жалпылама ұғымға айналады, олардың функциялары бойынша әр түрлі деректердің көптеген түрлерін біріктіреді. Сондықтан, қазіргі деректануда салалық мағынада актілер әдетте гетерогенді



құжаттардың бүкіл кешенін білдірмейді, тек мәміленің контрагенттері арасында, немесе автор мен адресат арасында белгілі бір құқықтық қатынастар орнататындарды ғана білдіреді. Актілерді заңдардан ажырату өте маңызды, әсіресе соңғылары көбінесе заң актілері деп аталады. Құқықтық нормаларды белгілейтін, тұжырымдайтын заңдардан айырмашылығы, актілер оларды ғана пайдаланады, актілермен бекітілген қатынастар қабылданған заңнамалық нормаларды бұзбауы керек (ескеретін жайт, заңдарда әдеттегі құқық нормалары белгіленбейді).

Зерттелетін кезеңге жер иеліктері бойынша даулар туралы, белгілі бір артықшылықтарды растау туралы мәліметтер, асыл тектердің шежіресі мен шығу тегі туралы мәліметтер бар мұрағат материалдары да жатады. Бұл материалдарға хан жарлықтары мен сұлтандық фирмандар кіреді, олардың бір бөлігі түпнұсқада, бір бөлігі жақын шет елдердің мұрағат қорларындағы көшірмелерде сақталған (Aksanov, 2017: 146).

А.Л. Кунның мұрағатындағы Шайбанидтер, Джанидтер, Маңғыттар мен Мингтер әулетінің билеушілері тарапынан немесе олардың атынан берілген ресми құжаттардың көшірмелерінің жалпы саны 10 бірлікті құрайды (Султонов, 2016: 90). Осы тарихи көшірмелердің мысалында қазақ хандарының жарлықтарына алдын ала талдау жүргізуге болады. Олардың қатарында Тәуекел ханның (1583–1598 жж.) және Тұрсын Мұхаммед ханның (1616–1628 жж.) жарияланған ресми хаттары жатады.

Осылайша, Тәуекел хан тұсында шығарылған құжаттар:

1. Әбілғазы Мұхаммед Тәуекел Баһадүр хан Сұлтан Хожа Ахмет мазарына мутәуалли мен шайхлық қызметіне белгілі бір адамды (аты көрсетілмейді) тағайындау туралы жарлығы. Құрбан 1006/1598 жылы шілде-тамыз айларында Ташкентте шығарылды. Бұл тарихи құжатта «(1) Ол (Алла) – бай. (2) Абулғазы Мұххаммед Тәуекел Баһадүр хан сөзіміз {Мұххаммед Тәуекел Баһадүр хан}. (3) Құрметті қамқор інілер мен қарындастарға (4) жоғары лауазымды бектер тақуасұңғыла кеңесші жақын уәзірлерге, жақсы (5) пікірлі топтар мен ұлық өнерлі ағаларға, хан сарайының патша іспетті орынбасарлары мен бақытқа бөленген (6) сарайдың сақшыларына, әсіресе Түркістан уәлаятының сейіт қожалары, машайықтар, әділ қазы мырзалар, ақсүйектер, (7) және жүз бегі он бегі, жолаушылар, әулиенің мазарының жанында тұратындар, үлкен-кіші түрік, тәжік қожайындары мен ру басылары, (8) қожаның диқаншылары мен шеттен көшіп келгендерге! Сеніміміз бен ықыласымыз әзірет тура жолға бастаушы әулиелердің темірқазығы, уәлайат тақуалығының айғағы 9) ... жоғары жоғары мәртебелі әзірет Әліден тарайтын сейіт қожалардың мақтанышы, міллет пен дінге және дүниеге тәртіп орнатуда 10) жоғары дәреже мен мәртебеге ие болғаны үшін әрқашан біздің көңіліміз, ойымыз мазардың жұмыстарының 11) жүруіне, гүлденуіне бұрылады. Сол себепті ғинаят, қамқорлық қылып Сұлтан Хожа Ахмет қаддаса сираһудың (Алла оның қәбірін жарық қылсын) 12) шайхлығымен мутәуалли (әулиенің қәбірінің қараушысы, шырақшысы) мен шайхлық кілемге отыру әділдігін даусыз бұл шайхқа лайық деп біліп 13) не нәрсе мазардың жұмыстарын жүргізу үшін нәзірден, саудадан қолға түссе жер, су баршасын парпарлап (теңестіріп) бөліп оның отбасына 14) берсін. Өз күн көрісіне жұмсап дұға қылсын. Және бір қандай да жұмыстар жиналып қалған болса келісіп 15) бірге жасассын. Одан (жұмыстардан) хабарсыз болып қалмасын. Имам, шырақшы, тазалықшы және азаншы етіп тағайындау мен 16) босату жоғарыда айтылған шайхтың ықтиярында екенін білсін. Қарсылық білдіріп бағынбастық қылмасын. Бұл бапта 17) сылтау айтпасын. Үкімге қарсы шығушылық болмасын деп құрбан айында Ташкентте мөрмен белгі қойылды. 1006 жыл. 18) Үшбу хатты мақұлдап, растап мөрімізді бастық.» – деп жазылған. Аталған құжат Ташкент қаласында жарияланған. Сақтау орны: А.Л. Кун, 33 қор, ор. 1, 175 іс, 92 б. Түркі-шағатай тілінде жазылған көшірме, қазақ тіліне аударған Ұлықбек Жүнісбаев.



2. Әбулмұзаффар ғази Тәуекел Мұхаммед Баһадүр ханның шейх Ахмадқа шейх әл-Исламға бір күн-түн суын сыйға беруі туралы ең жоғарғы үкімі (нишан). Шығарылған жылы 1014/1605 ж., шығарылған жері: Ясы (Түркістан) қаласы.

3. Әбулфатх Тәуекел Мұхаммед Баһадүр сұлтан Түркістан уәлайатының шайхул-ислам (деген мәртебесін) және қазылығына тағайындау туралы жарлығы. Шығарылған күні мен орны көрсетілмеген (Муминов, 2017:216).

Сонымен қатар, тағы екі жарлық қазақ билеушісі Тұрсын Мұхаммед ханға тиесілі. Тұрсын ханның шығу тегі қазіргі тарих ғылымында әлі толық қарастырылмаған. Орыс деректерінде оны Есім ханның ағасы деп атайды. «Бахр ал асрар» дереккөзінде ол Жәлім сұлтанның үшінші ұлы деп аталады, оның екі ұлы 1580 жылы Баба сұлтанның қолынан қаза тапты (Қазақ хандары, 2015:48).

Оның билік еткен кезеңіне қатысты екі нишан (жарлық) бар:

1. Әбілғазиз сұлтан Тұрсын Мұхаммед Баһадүр хан Төлек шайхқа Сүйрі ауылының (кентінің) жартысын «дәрубаст» ретінде сыйға тартып, тәуелсіз тұрғыда Ортақ арығына қамқоршылық жасау туралы нишаны (жарлық). Бұл тарихи құжатта «1) Ол (Алла) – бай. 2) Әбулғазиз Тұрсын Мұхаммед Баһадүр хан сөзіміз: {Тұрсын Мұхаммед Баһадүр хан} 3) Құрметті жеңіс туын көтерген інілер мен ақ сауытты бақытты перзенттерге, 4) мемлекеттің мызғымас, берікөзегі мен жетік, терең ойлы парасатты уәзірлерге, 5) әсіресе Түркістан уәлайатының мәртебелі мырзалары мен исламның қазылары, құрметті машайықтары, тұрғындар арасындағы ғалымдар мен билеушілер 6) усул мен мырзалар, ақсүйектер, қожайындар, жүз бегі, он бегілер мен барша үлкен-кіші диқандар мен шеттен көшіп келгендерге! 7) Әрқашан біздің ойымыз бұрыннан дұғағөй, ертеңгі тілекші оларға құрмет қылуға және тәрбиесіне 8) мойынсұнуға бағытталған. Сол себепті ұлы, құрметті машайықтардың нәтижесі, қасиетті әулиелердің тұқымы Төлек шайх ата атасынан 9) бұл мәртебелі, текті әулет дұғағөй болып, өзі тақи тілек-дұғалары қабыл болып, 10) чубин (1.ағаш; 2. тырна) таптырғаны үшін біз тақи инаят және ілтипат дәрежесінде көріп, Сүйрі кентінің 11) жартысын уәләяттың панасы Асад шайх пен марқұм дүниеден өткен Момын шайхтың нұсқауы бойынша «дәрубаст» ретінде сыйға 12) тартып, тәуелсіз тұрғыда Ортақ арығына қамқоршылық етуін мақұлдадық. Бұл нышан (етілген жарлық) 13) жоғарыда айтылған кентті жоғарыда айтылған Төлек шайхқа жартысын «дәрубаст» етілгенін біліп, соның серіктерінен, диханшыларынан өзге 14) шайхтар кіріспесін, араласып қиындық тудырмасын, кедергі келтірмесін. Ол кенттің барша егіншілері мен диханшылары 15) белгілі бір бекітілген малдарының жартысының кіріс-шығысы, барлық мақсат, амал-әрекеттері не болып не қойып жатқаны жөнінде оған 16) жауап берсін. Бүгіп, жасырып қалмасын. Ортақ арығында бұрын диқаншылық қылған 17) шайхтар қазір де егіншілік қылып жүрген болса, түскен өнімдері турасында жоғарыда айтылған шайқа баяндап отыруды міндет деп білсін. 18) Үкімге қарсы келмесін. Жылда жаңа нышан, жаңадан бұйрық, жарлық талап етпесін деп мөр қойылды. 19) 1033 жылы Жумаду әс-сәни айында жазылды. 20) Үшбу хатты растау үшін салыстырдық. Мөрімізді бастық. {Әбулғазиз Тұрсын Мұхаммед Баһадүр хан} {Оның (Алланың) құлы Мұхаммед. Қайтыс болған жылы (?) Мөр: 1) Молла ШерМұхаммед мың басы бин Моллабай Мұхаммед, 1288. 2) Құл Ахмет Қожа ағлам ибн ХалМұхаммед шайх азиздер, 1282.» – деп жазылған. Шығарылған күні 1034/1624-1625 жыл. Сақтау орны: А.Л. Кун, 33 қор, ор. 1, 175 іс, 86 б. Түркі-шағатай тілінде жазылған көшірме, қазақ тіліне аударған Ұлықбек Жүнісбаев.

2. Әбілғазиз сұлтан Тұрсын Мұхаммед Баһадүр хан Камал ад-дин Асад шейх пен Мумин шейхті шейх әл-Ислам және Ахмед Ясауи мазарының сенімді өкілі қызметіне тағайындау туралы нишаны. Шығарылған күні: 1033 жылғы сафар айы,



1623 жылғы қараша-желтоқсан. Шығарылған жері: Ясы (Түркістан) қаласы (Муминов, 2017: 216).

Сонымен, XVI–XVII ғасырлардағы қазақ хандарының іс жүргізу жүйесі мен заңнамалық актілерді рәсімдеу дәстүрлері Орта Азия хандарының кеңсесіне өте жақын болды. У.А. Султоновтың айтуынша, тарихи фактілердің аздығына байланысты алғашқы Керей хан, Бұрындық хан және басқа хандардың кеңсесінің шығарылған жазбаша дереккөздері әлі белгісіз. Егер XVI–XVII ғасырлардың соңы туралы айтатын болсақ, онда Шайбанидтер мен Қазақ хандығы арасында өте ұқсас, тіпті бірдей дәстүрлер мен заң актілерін рәсімдеу бар екенін айтуға болады (Султонов, 2016: 91–92).

Оңтүстік Қазақстан қалаларына берілген грамоталардың түпнұсқалары мен көшірмелері Ташкент, Түркістан, Қазан және Санкт-Петербургтің жеке және мемлекеттік архивтерінде сақтаулы. Бұл құжаттар тарих ғылымына белгісіз болғандықтан, жазбаша дереккөздерді анықтау, тіркеу, жинақтау жұмыстары ерекше өзекті болып отыр. Қазақ билеушілерінің ресми құжаттарының түпнұсқалығы мен автохтондылығын анықтау – әлемдік мәдени мұраны сақтау аясында да ерекше маңызға ие болмақ (Nasan, 2014: 439). Осылайша, ғылымға белгілі және ғылыми айналымға енгізілген, сондай-ақ әлі табылмаған, бірақ таяу шет мемлекеттердің мұрағаттарында сақталған құжаттарды біртұтас топқа жүйелеу қажет.

Зерттелетін дереккөздер кешеніне «эпистолярлық мұра» анықтамасы қолданылады. М.А. Усманов, Р.Ю. Почекаев жазбаларында акт көздері латыннан аударылғанда *actum est* – «жасалды», «мәмілелік немесе шарттық сипаттағы құжаттар» деп аударылған (Почекаев, 2019). Сонымен бірге, келтірілген дереккөздер кешені шартты түрде «нарративті құжаттар» ұғымына біріктірілуі керек, ол латын тілінен «*pagare*» – «айту», «әңгімелеу» деп аударылады.

Құжаттардың жаңа дереккөздік базасын анықтау іс жүргізудің ерекшеліктері мен сипатын ашып, ортағасырлық кезеңдегі қалалар мен билеушілер арасындағы қатынастардың тарихи көрінісін толықтыра алады. Бұл құжаттар ғылыми айналымға енгізіле бастағанымен, олардың формулярдың құрамдас бөліктерін зерттеуі мен әдіснамалық деңгейде жүйелеу жүргізілмеген. Алдағы уақытта Қазақ хандығының және көршілес ортағасырлық мемлекеттердің билеушілерінің дереккөздер жинағын анықтау және толықтыру бойынша жүйелі жұмыс жоспарланып отыр. Сондай-ақ, тарихи дереккөздердің мәтіндік сипаттамасы және осы құжаттардың авторлары туралы тарихи-өмірбаяндық зерттеулер жүргізілуі керек (Karibaev, 2019:30).

XV–XVIII ғасырлардағы қазақ хандары жазған ресми құжаттар құрамының алуан түрлілігі мен күрделілігі терең ғылыми-сыни және кешенді зерттеуді талап етеді. Жаңа тарих тұрғысынан процестер мен жаңа оқиғалар ашылатын зерттеулер қажет. Бұл арқылы бізге белгілі фактілер басқа тұрғыдан көрінеді, жаңа қырлармен ашылады, бұрын байқалмаған аспектілер анықталады, тарих жаңаша жазылады.

Сонымен қатар, қазіргі уақытта тарих ғылымында қазақ хандарына тиесілі құжаттарды бірыңғай деректану кешеніне келтіру бойынша жалпылама еңбектер жоқ. Мәтіндердегі материалдарға және формулярлардың бөліктерінің өзгеруіне негізделген осы бірегей көздердің құрылымын ашатын (дипломатиялық талдау) жұмыстар да жеткіліксіз. Осыған байланысты барлық қолда бар құжаттарды алға тарта отырып, тарихи-деректанулық зерттеу жүргізу және тарих ғылымында «нарративті құжаттар» және «эпистолярлық мұра» деп аталатын орта ғасырлардағы дереккөздерді зерттеуге және деректанулық талдауға байланысты бірқатар мәселелерді шешуге ықпал ету қажеттілігі туындады.

Актілік және баяндау құжаттарының ғылыми дамуы XV–XVIII ғасырлардағы ғылыми айналымға енгізілген дереккөздердің салыстырмалы түрде аздығымен, олардың дұрыс сақталмауымен, теориялық және практикалық мәселелердің



дамымауымен, дереккөздердің жеткілікті түрде бағаланбауымен байланысты. Олар автохтонды және шынайы сипатқа ие болса да, дереккөздер әлі де толық зерттелмеген. Бұл жазба құжаттардың маңыздылығын бағалау қиын, себебі олар зерттелген дәуірдің тарихи фактілерін жандандырады және белгілі бір оқиғаларды шынайы түрде баяндайды.

Әр дәуірде сол уақыттың әлеуметтік ерекшеліктерін көрсететін жазбаша құжаттары болады. Қазіргі заманғы деректану ғылымында XV–XVIII ғасырлардағы жазбаша түркі тілдес түпнұсқалық дереккөздер бойынша көптеген түрлерін бөліп көрсететін кешенді тарихи деректанулық зерттеулер жоқ. Көшпелі қоғамның әлеуметтік және экономикалық үдерістерін тарихи реконструкциялау мақсатында бір ғана баяндау құжаттарын пайдалану жеткіліксіз, өйткені көбінесе дереккөздер жазбаша мәдениеттің объектілері ретінде текстология мен палеография тұрғысынан ғана зерттелді. Осыған орай, Орта Азия билеушілері мен сұлтандарының жазба дереккөздері іс жүзінде толық зерттелмеген, сондай-ақ ортағасырлық тарихтың әртүрлі аспектілерін көрсететін мәселелерді анықтау үшін толық пайдаланбаған екені анық (Почукаев, 2019).

Қазақстанда осы мәселе бойынша арнайы мамандандырылған жалғыз зерттеу жұмысы белгілі ғалым И.В. Ерофееваның ғылыми монографиясы болып табылады. Автор жариялаған материалдар жинағы 811 аудармадан және қазақ хандары мен сұлтандарының Ресей империясы мен көршілес Шығыс мемлекеттерінің монархтары мен шенеуніктеріне жазған хаттарының 250 факсимилерінен тұрады. Хаттар – 1675 жылдан 1821 жылға дейінгі хронологиялық кезеңді қамтиды және де барлық дереккөздер «хаттар» деп аталып, эпистолярлық жанрға жатқызылған (Ерофеева, 2014: 6).

И.В. Ерофееваның айтуынша, эпистолярлық мұра дегеніміз – белгілі бір ресми немесе жеке тұлғалар арасында белгілі бір құқықтық, саяси, іскерлік және басқа қатынастарды орнату міндетін атқарған ресми және жеке тектегі сыртқы нысаны мен шартты формулярына ұқсас құжаттар кешені (Ерофеева, 2014: 15).

Жинақта XV–XVIII ғасыр кезеңіне жататын көптеген құжаттар бар. Олардың ішінде қазақ ханы Тәуекелдің інісі Сұлтан Ораз Мұхаммедтің (1583–1598 жж.) орыс патшасы Федор Иоанновичке 1594 және 1595 жылдарға жазған екі ресми жолдауын атауға болады. Екінші Тәуке ханның (1672–1715 жылдары шамамен) II Петр мен V-ші Иванға жазған жеті дипломатиялық хаттары, сондай-ақ оның Тобольск воеводасы А.Ф. Нарышкинге 1687 және 1691–1693 жж. жазған хаттары. Қайып сұлтан мен Абылай сұлтанның А.Ф. Нарышкинге 1692 жылғы 20 қарашадағы жеті хаты, Қайып сұлтанның (кейінірек хан болған) Петр I-ге, Сібір губернаторы М.П. Гагарин мен Қазан губернаторы П.С. Салтыковқа 1712 жылы, 1715–1718 жылдары жазылған жеті хаты жарияланған. Әбілқайыр ханның 1715 және 1718 жылдардағы орыс патшасы мен Сібір губернаторына жазған үш хаты жинақта жарық көрген. Сұлтан Булхаирдің інісі (1730 жылдың аяғында қайтыс болған) Петр I-ге жазған хаты мен 1718 жылдың 10 қазанында Тобольск қаласынан алынған тағы бір хаты XV–XVIII ғасыр кезеңіне жататын құжаттар қатарын толықтырады (Ерофеева, 2014: 16–17). Осы 21 құжаттың барлығы дипломатиялық хаттар – «битиктер» түріне жатады және олар Ресей Федерациясының мұрағаттарында сақталған. Олар Ресей империясының құрамына кіргенге дейін Орталық Азия мемлекеттері мен Ресейдің дипломатиялық қатынастары туралы бірегей тарихи мәліметтерді қамтиды.

И.В. Ерофеева осы жазбаша дереккөздерді жинақтағанымен, жүйелеу міндетін алға қоймаған. Сонымен қатар, неғұрлым егжей-тегжейлі және сапалы талдау үшін дереккөздерді жіктеу, оларды саралап, түрлеріне қарай бөлу бойынша зерттеу



жұмыстарын жүргізу қажет. Бұл шынайы ақпарат алуға және осы бірегей дереккөздерді одан әрі тарихи зерттеулерде толық пайдалануға жол ашады.

Айта кету керек, Орта Азиялық билеушілер мен қазақ хандарының нарративті (баяндау) құжаттарының ішінде дипломатиялық хаттар мен жарлықтар жақсы сақталған және деректанулық тұрғыдан жақсы зерттелінген. Мәселен, Н. Базылхан мен Ө. Тұяқбаевтың «Далалық мемлекеттік дипломатияның ресми құжаттары: жарлықтар, хаттар, елшілік белгілері» (XIII–XVIII ғғ.) (мәтін транскрипциясы, ғылыми аудармалар мен түсініктемелер, көрсеткіштері) атты монографиясында дипломатиялық хаттарды арнайы текстологиялық зерттеуі, олардың лингвистикалық талдауы жасалған (Базылхан, Тұяқбаев, 2016). Ғұндар империясынан бастап көшпелі мемлекеттер билеушілерінің дипломатиялық хат-хабарларының құжаттары ғана зерттелгендіктен, өкінішке орай монографияда барлық баяндау және актілік құжаттарының толық жүйесі көрсетілмеген.

XVIII–XIX ғасырларда билік құрған Қазақ хандарының, сұлтандар мен старшиналардың дипломатиялық хат алмасуы бойынша құжаттардың үлкен кешенін К.Ш. Хафизова да ашты (Хафизова, 2019: 5). Автордың дереккөздерінде жазбаша мәдениет пен іс жүргізу дәстүрлері туралы маңызды мәліметтер көп. Қазіргі уақытта отандық тарихнамада бұл қарастырылып отырған құжаттар кешені бойынша деректанулық зерттеулердің бірі болып отыр.

Жазбаша ресми дереккөздер кешенін (грамоталар, жарлықтар, дипломатиялық хаттар) талдау XV ғасырдан бастап ерте кезеңдегі қазақ билеушілеріне тиесілі құжаттарды бөліп көрсетуге мүмкіндік береді. Ғылыми басылымдарда осы дереккөздер туралы нақты ақпарат бар (Абусеитова, Баранова, 2001: 426). Мәселен, жоғарғы билеушінің атынан Сығанақ билеушісі Есенкелдің 1587 жылғы құжатының факсимилесі жарияланды (Қазақстан тарихы, 1998: 58). В.В. Бартольд зерттеген, кейінірек В.П. Юдин егжей-тегжейлі зерттеген «1543–1544 жылдары берілген Сығанақ қаласына қазі лауазымына тағайындау туралы» жарлық та қазақ хандарына тиелісі деген тұжырым бар. Сондай-ақ, В.П. Юдин 1634 жылы Убайдаллах ханның атынан шыққан «Сығанақ грамоталарының» төртінші жарлығы жергілікті қазақ билеушісіне де қатысты деп болжады (МИКХ, 1969: 308).

Жоғарыда аталғандай, 1872 жылы Түркістандағы патша әкімшілігінің жергілікті шенеунігі А.Л. Кун жеке мұрағатындағы Шайбанидтер, Джанидтер, Маңғыттар мен Мингтер әулетінің билеушілері тарапынан немесе олардың атынан берілген түпнұсқаларынан алынған дереккөздердің көшірмелері жарияланды. Бұл құжаттардың көшірмелерінің жалпы саны 10 бірлікті құрайды (Султонов, 2016: 90). Осы тарихи көшірмелердің мысалында қазақ хандарының жарлықтарына алдын ала талдау жүргізуге болады. Олардың қатарында жарияланған Тәуекел ханның (1583–1598 жж.) және Тұрсын Мұхаммед ханның (1616–1628 жж.) ресми хаттары да қызығушылық тудырады. У.А. Султоновтың айтуынша, бұл көшірмелердің түпнұсқалары Сырдария аумағындағы қорларда Ахмет Ясауи ұрпағы Насраллах қажының қолындағы жеке коллекцияда сақталған (Султонов, 2016: 92). Ол отаршыл билікке оның ата-бабаларын Түркістан қаласының Шайх әл-Ислам қызметіне тағайындау туралы жолданған 18 хат ұсынды. Олардың арасында Тәуекел ханның 1006/1597–1598 және 1014/1605–1606 жылдардағы грамоталары болды. Тәуекел хан мен Тұрсын-Мұхаммед ханның бұл құжаттарын алғашқы зерттеу жұмыстары А.К. Муминов, Б.Е. Көмеков, У.А. Султоновтың «Қожа Ахмет Ясауи кесенесінің тарихи құжаттар кешенін зерттеу» кезінде іске асырылды (Муминов және т.б. 2017: 9).

Қорытынды. Қазақ хандары мен сұлтандары шығарған автохтонды және шынайы түпнұсқалы дереккөздері мұқият және толық зерделеу қажет. Бастапқы кезеңде деректану және ғылыми зерттеу жұмыстары аталған зерттеуді толыққанды



ашпауы мүмкін, тіпті ақпараттың жинақталуына ықпал етіп, сапалы жаңа тарихи зерттеулердің алғышарттарын құрайтыны анық. Бұл құжаттар кешені дипломатия, шежіре, просопография, сфрагистика, топонимика және ономастика салалары бойынша құнды дереккөз болып табылады. Табылған бұл құжаттар қолжазбалар мен тарихи құжаттардың коллекциясын толықтырып, анықтамалықтарға енгізіледі. Бұл кезеңдегі қолда бар мұрағатты жүйелеу, құжаттарды сыртқы және ішкі (мәтіндік) белгілері бойынша жіктеу және топтастыру қажет.

Жоғарыда айтылған құжаттарды жүйелеу мен жіктеу, біріншіден, көлемді мұрағатты жинақтауға мүмкіндік береді, екіншіден, барлық тарихи мәліметтерді түпнұсқалық құжаттар арқылы білу үшін маңызды. Сондықтан да теориялық классификация формальды-типологиялық белгілерге сәйкес тұтастай алғанда деректану жұмыстары үшін өте маңызды болмақ.

Қазақ билеушілері шығарған жарлықтарын деректанулық талдау нәтижесінде мынадай қорытындылар жасалды:

1. Жазба деректерді археографиялық тұрғыдан зерттеп төмендегідей қорытынды жасауға болады: 5 жарлық (нишан) актілік дереккөздер қатарына жатады, XVI–XVII ғасырлардағы Қазақ хандығының тарихымен тікелей байланысты;

2. Қазақ хандары Тәуекел мен Тұрсын Мұхаммед шығарған барлық жарлықтар (нишандар) көшірме түрінде берілген, өкінішке орай түпнұсқалары сақталмаған;

3. 4 ресми құжат қазақ тіліне алғаш рет аударылды, 1 ресми құжат түрік-шағатай тілінде ұсынылды;

4. Белгілі жарлықтар шығарылған қалалары бойынша бөлінеді және Түркістан (Ясы) қаласына қатысты – 3 жарлық, 1 жарлықтың шығарылған қаласы белгісіз, Ташкент қаласында – 1 жарлық шығарылған;

5. Олардың орындалу уақыты бойынша – 1 жарлықтың шығарылған күні мен орны туралы мәліметтер жоқ, 1 жарлық XVI ғасырда, 3 жарлық XVII ғасырда жазылған;

6. XVI–XVII ғасырлар кезеңіндегі жазылған актілік деректерді типтік жіктелуі бойынша: шығарылған 5 жарлықтың – біреуі меншікті жарлықтарының сойырғал түріне, біреуі жеңілдік түріне (күнделікті суды беру туралы) және үшеуі қызметіне байланысты жеңілдіктер беру (льготные) жарлықтар түріне жатады. Бір жарлық күнделікті суды пайдалану құқығын қамтамасыз етеді және негізінен жеңілдіктер беретін құжат болып табылады. Бірақ олардың мазмұнында тархандық белгілердің аралас элементтерін байқауға болады: салықтар мен алымдардан босату, жерді сыйлыққа беру т.б.

7. Бұл кезеңдегі қазақ хандарының заң актілері «жарлық», «нишан», «парванча» терминдерімен белгіленді. Нишан мұндай құжаттардың кең тараған атауы ретінде екі түрге бөлінді: «ең үлкен нишан» (нишан-и али) және «қарапайым нишан». Нишан заң шығару актісі ретінде Алтын Орда, Шейбанид және Қырым хандықтарында да кең тараған (Муминов және т.б. 2017: 216).

Мәселен, Алтын Орда және Алтын Ордан кейінгі мемлекеттердің кеңселерінде нишанның әртүрлі дәрежелері енгізілген, алтун нишан (алтын нишан), ал нишан (қызыл, қызыл нишан), көк нишан (көк нишан) қолданылған. Шейбанидтер мен қазақ хандарының сарайында түрлі-түсті, негізінен қызыл және көк түсті мөрлер мен таңбалардың қолданылғанын байқауға болады. Кейде жарлықтарды қара сиямен жасалған тухра болатын.

Бұрынғы зерттеулерде жарлықтардың жіктелуі аймақтық контексте жүргізілсе, енді жаңадан ашылған құжаттардың топтамаларын анықтау және олардың ұқсас белгілермен ұқсастығын дәлелдеу, көшпелілер өркениетіне байланысты жазба құжаттарды анықтау қажет.



Түпнұсқа және автохтонды дереккөздерді зерделеудің жаңа тәсілі қазақ халқының қалыптасу кезеңіне жататын әлеуметтік-экономикалық процестер мен оқиғалардың біртұтас тарихи суретін қалыптастыруға мүмкіндік береді. Ғылыми зерттеу жұмысының нәтижелері шетелдік және отандық тарихнаманы жаңа да фактілермен толықтырады. Қазақ хандығы мен Орта Азия мемлекеттерінің ортағасырлық тарихының зерттелмеген беттерін ашуға мұрындық болады. Жаңа дереккөз қорын анықтау орта ғасырлардағы іс жүргізудің ерекшеліктері мен сипатын аша алады, сонымен қатар ортағасырлық кезеңдегі қалалар мен билеушілер арасындағы қатынастардың тарихи бейнесін толықтыра алады. Бұл құжаттар ғылыми айналымға енгізіле бастады, бірақ олардың деректанулық зерттеуі әдістемелік деңгейде жүзеге асырылмады. Алдағы уақытта Алтын Орданың хан жарлықтарына ұқсас Қазақстан мен Орта Азияның жазба дереккөздерін анықтау және толықтыру бойынша жүйелі жұмыс жоспарлануда.

Дереккөздер

Абусейтова, Баранова, 2001 — *Абусейтова М.Х., Баранова Ю.Г.* Письменные источники по истории и культуре Казахстана и Центральной Азии в XV–XVIII вв.: (библиогр. обзоры). Алматы: Дайк-Пресс, 2001. 426 с.

Ерофеева, 2014 — *Ерофеева И.В.* Том I. Письма казахских правителей. 1675–1780 гг. Эпистолярное наследие казахской правящей элиты 1675–1821 годов. Алматы: «АБДИ Компани», 2014. 690 с.

Әбусейітова, Дүйсенов, Каримова, 2020 — *Әбусейітова М.Қ., Дүйсенов Б.Д., Каримова З.К. т.б.* Қазақстанның ортағасыр тарихы хрестоматиясы (VI–XIX ғғ.) /Алматы: Шығыс пен Батыс, 2020. 344 б.

Муминов и др, 2017 — *Муминов А.К., Кумеков Б.Е., Султонов У.А., Шуховцов В.К., Кенжетасев Д.Т., Кабылова А.С., Утепбергенова У.А., Айбасов А.А.* Исторические документы мавзолея Ходжа Ахмада Йасаи. /Астана: Мастер ПО ЖШС, 2017. 216 с.

Sources

Abusseiitova, Duysenov, Karimova, 2020 — *Abusseiitova M.K., Duysenov B.D., Karimova Z.K. Abuseiitova M.K., Duisenov B.D., Karimova Z.K. t.b.* Kazakstannun ortgasyr tarikhy hrestomatiyasy (VI–XIX gg.) [Anthology of medieval history of Kazakhstan (VI–XIX centuries.)]. Almaty: East and West, 2020. 344 p.

Abusseitova, Baranova, 2001 — *Abusseitova M.Kh., Baranova Y.G.* Pis'mennye istochniki po istorii i kul'ture Kazahstana i Central'noy Azii v XV–XVIII vv.: (bibliogr. obzory) [Written sources on the history and culture of Kazakhstan and Central Asia in the XV–XVIII centuries: (bibliographic reviews)]. Almaty: Dyke-Press, 2001. 426 p.

Erofeeva, 2014 — *Erofeeva I.V.* Pis'ma kazahskih pravitelej. 1675–1780 gg. Epistoljarnoe nasledie kazahskih pravjashhej 1675–1821 godov. Vol. I. [Vol I. Letters of Kazakh rulers. 1675–1780 Epistolary legacy of the Kazakh ruling elite of 1675–1821] Almaty: «ABDI Kompani», 2014. 690 p.

Muminov, Kumekov, Sultonov, Shuhovcov, 2017 — *Muminov A.K., Kumekov B.E., Sultonov U.A., Shuhovcov V.K. i dr.* Istoricheskie dokumenty mavzoleja Hodzha Ahmada Jasavi [Historical documents of the mausoleum of Khoja Ahmad Yasavi]. Astana: Master of Housing and Communal Services, 2017. 216 p.

Әдебиеттер тізімі

Аксенов, 2017 — *Аксенов А.* Казанское ханство. История татар с древнейших времен. В семи томах. Том 4. Татарские государства (15–18 вв.). Казань: Институт истории им. Ш. Марджани, перевод с английского, 2017. С. 146–150.

Базылхан, Тұяқбаев, 2014 — *Базылхан Н., Тұяқбаев Ә.* Далалық мемлекеттер дипломатиясының ресми құжаттары: жарлықтары, хаттары, елшілік белгілері (XIII–XVIII ғғ.) (мәтін транскрипциясы, ғылыми аудармалар мен түсініктемелер, көрсеткіштері). Алматы: «Ғылым ордасы» РМҚ, 2014. 206 б.



История Казахстана (с древнейших времен до наших дней). В пяти томах. Т. 2. Алматы: Атамұра, 1998. 640 с.

Карибаев, 2019 — *Карибаев Б., Мейдани З., Бижанова М., Кошымова А., Ноянов Ю.* Новые методологические подходы к изучению политической истории Золотой Орды в XIII–XVI веках. *Кодрул Косминулуй*, 25 (1). С. 7–30.

Каштанов, 1962 — *Каштанов С.М.* К вопросу классификации и составлении заголовков жалованных грамот. *Исторический архив*. Вып. 3. - М: РОССПЭН, 1962. С. 50–57.

Каштанов, 1969 — *Каштанов С.М.* Предмет, задачи и методы дипломатики. *Источниковедение. Теоретические и методические проблемы*. - М: Урал, 1969. С. 134–170.

Кун, 1872 — *А.Л. Кунның* коллекциясы. Қор 33, оп. 1, 175 іс, лл. 39 об-41. Қолжазба насталик, сия кара, қағаз фабрикасы. Мәтін көлемі-86 б.Түркі-шағатай тілінде жазылған көшірме. Санкт-Петербург: ИВР РАН.1872.

Курат, Топкапы, 1940 — *Курат Н.* Акдес. Ярлыки и битики Золотой Орды, крымских и туркестанских ханов в архиве Музея дворца Топкапы. - Стамбул: Акдес, 1940. 300 с.

Материалы по истории казахских ханств XV–XVIII вв. (извлечения из персидских и тюркских сочинений). Алматы: Наука, 1969. 560 с.

Мелек, 1996 — *Мелек О.* Лингвистическое и стилистическое исследование яр и битов, принадлежащих Золотой Орде, Крыму и Казанскому полю. Анкара: Публикации Ассоциации турецкого языка. 1996.

Муминов и др., 2017 — *Муминов А.К., Кумекоев Б.Е., Султонов У.А., Шуховцов В.К. и др.* Исторические документы мавзолея Ходжа Ахмада Йасауи. Астана: Мастер ПО, 2017. 216 с.

Насан, 2014 — *Насан Б.* Дискурс цивилизации / культуры и нации / этнической принадлежности с точки зрения внутренней Монголии, Китая. *Журнал «Азиатская этническая принадлежность»*. Том 15. Выпуск 4: Монголия: цивилизация, национальность и этническая принадлежность, Англия: Routledge, 2014. С. 439–457.

Почекаев, 2019 — *Почекаев Р.* Мнимый сюзеренитет: московские цари и казахские ханы (по русскоязычным дипломатическим документам конца XVI – начала XVIII вв.). Санкт-Петербург: НИУ ВШЭ. 2019.

Султонов, 2016 — *Султонов У.А.* К вопросу о жалованных грамотах казахских ханов, выданных мазару Ахмада Йасауи (конец XVI–XVII вв.). Материалы международной научной конференции, посвященной празднованию Евразийского национального университета им. Л.Н.Гумилева «Исламская духовность, рациональность и этнокультурные традиции как факторы противодействия религиозному экстремизму». Астана: Мастер ПО. 2016. С. 90–97.

Усманов, 1973 — *Усманов М.А.* Актуальность комплексного изучения актовых источников Джучиева улуса XIV–XV вв. ЮАС. Вып. № 1. Уфа: Китап. 1973. С. 150–159.

Хафизова, 2019 — *Хафизова К.Ш.* Степные владетели и их дипломатия в XVIII–XIX веках. Нур-Султан: КИСИ при Президенте РК, 2019.

References

Aksanov, 2017 — *Aksanov A.* Kazanskoe hanstvo. Istorija tatar s drevnejshih vremen. V semi tomah. Tom 4. Tatarskie gosudarstva (15–18 vv.) [The Kazan Khanate. The History of the Tatars since ancient times. In Seven Volumes. Volume 4. Tatar States (15–18th Centuries)] Kazan: Sh. Marjani Institute of History, English translation, 2017. P. 146–150. (In Russ.).

Bazylhan, Tuyakbaev, 204 — *Bazylhan N., Tuyakbaev O.* Dalalyq memleketter diplomatiyasynyn resmi kyzhattary: zharlyqtary, hattary, elshilik belgileri (XVIII–XIX) (Matin transkripcijasy, gylimi audarmalar men tysiniktemeler, korsetkishteri) [Official documents of diplomacy of the steppe States: decrees, letters, embassies (XIII–XVIII centuries.) (Text transcription, scientific translations and comments, indicators)]. Almaty: RSE “Gylym ordasy”, 2014. 206 p. (In Kaz)

Hafizova, 2019 — *Hafizova K.Sh.* Stepnye vlastiteli i ih diplomatija v XVIII–XIX vekah [Steppe rulers and their diplomacy in the XVIII–XIX centuries]. Nur-Sultan: KISI under the President of the Republic of Kazakhstan, 2019. (In Russ.).

Istorija Kazahstana (s drevnejshih vremen do nashih dnei) [The history of Kazakhstan (from ancient times to the present day)]. In five volumes. Almaty: Atamura, 1998. Vol. 2. 640 Pp. (In Russ.).



Karibaev, 2019 — *Karibaev B., Maidanali Z., Bizhanova M., Koshymova A., Noyanov Y.* Novye metodologicheskie podhody k izucheniju politicheskoy istorii Zolotoj Ordy v XIII–XVI vekah [New methodological approaches to the study of political history of the Golden Horde in the 13th–16th Centuries]. *Codrul Cosminului*, 25 (1). Pp. 7–30. (In Russ.).

Kashtanov, 1962 — *Kashtanov S.M.* K voprosu klassifikatsii i sostavlenii zagolovkov zhalovannykh gramot. *Istoricheskij arhiv*. Vyp. 3. [On the issue of classification and compilation of titles of chartered letters. *Historical Archive*] Issue 3. Moscow: ROSSPAN. 1962. Pp. 50–57 (In Russ.).

Kashtanov, 1969 — *Kashtanov S.M.* Predmet, zadachi i metody diplomatiki. *Istochnikovedenie. Teoreticheskie i metodicheskie problemy* [The subject, tasks and methods of diplomacy. Source studies. Theoretical and methodological problems.] Moscow: Ural. 1969. Pp. 134–170. (In Russ.).

Kun, 1872 — *Kunnyn A.L.* kollekciyasi. Kor 33, op. 1, 175 is, ll. 39 ob-41. Kolzhazba nastalik, saya kara, karaz fabrikasy. *Matin kolemi-86 b.* Turki-shagatai tilinde zhazylgan koshirme [Collection of A. L. Kun. Foundation 33, op. 1, 175 cases, ll. 39 OB-41. manuscript nastalik, ink black, paper mill. The volume of the text is 86 p.a copy written in the Turkic-Chagatai language]. St. Petersburg: IVR RAS, 1872.

Kurat, Topkapı, 1940 — *Kurat N. Akdes.* Topkapı Sarayı Muzesi arşivindeki Altın Orda, Kırım ve Turkistan hanlarına ait yarlık ve bitikler [Yarns and bits belonging to the khans of the Golden Horde, Crimea and Turkistan in the archive of the Topkapı Palace Museum]. İstanbul: Akdes, 1940. 300 p. (In Turk.).

Патша үкіметі қазақтардан ант алу үшін 1731 жылы 30 сәуірде Санкт-Петербургтен Кіші жүзге тәжірибелі дипломат, тегі түркі А.И. (Құтлұ[ғ]мұхаммед) Тевкелев бастаған елшілікті аттандырды. Елшіге Кіші жүз билеушісі мен оның қарамағындағылардың бодандыққа өткені туралы грамотаға қалайда қолын қойдырып алу керек деген пәрменді нұсқау берген. Көндіру үшін, қажет болса, Кіші жүз билеушілеріне тіпті пара беруге, оған бір миллион рубльге дейін жұмсауға рұқсат еткен. Ресейдің Қазақ хандығын қосып алуға аса мүдделі екеніне кезінде император І Петрдің: «Қыруар шығынға қарамастан, бар болғаны бір парақ құжатпен Ресей империясының протекциясына [өткізбекке] кемінде миллион жұмсауға әзір болу керек... Қырғыз-қайсақ Ордасы... тұтас Азия елдеріне жол ашатын кілт пен қақпа», – деген сөздері айғақ (Қабылдинов, 2006:25).

Әбілқайырға патшайым атынан сыйға: қылыш, бұлғын тон, екі түлкі бөрік, мауыт мата т.б. тарту етті, бұларды хан Құран ұстап ант беріп, грамотаға қол қойғаннан кейін ғана табыстау керек еді. Сол дипломатиялық елшілік құрамында қазақтар арасында беделді әрі ықпалды башқұрт старшыны Таймас Шаимов та болды. Оны елшілер қатарына бекер қоспаған. Өкіметтің құпия тапсырмасына сай, бұл дипломат-елші сондай-ақ барлау жасап, қазақтың жері, әдет-ғұрыптары, әскери күші, сыртқы саясаты, халықтың орыс патшасының қарамағына өтуге көзқарасы туралы мәлімет жинауға тиіс еді. А.Тевкелевке қазақтардың жақын көршілері туралы да дерек жинау тапсырылған. Кіші жүзді біртіндеп қосып алуға бет алған империя осы жерді ілгері жылжуға қажетті алаңқай болады деп жоспарлаған.



Ресей дипломаты келген бойда қазақтардың Ресеймен жақындасуға деген ниеті – Әбілқайыр ханның жеке бастамасы екенін, хан қарамағындағы старшындардың көпшілігі көрші елмен тек әскери одақ құруды қалайтынын аңғарады. Бұл жайтты белгілі тарихшы А.И. Левшин: «Тевкелевтің Ордаға келуі билікқұмар, айлакер Әбілқайырдың ойын түгелдей ашып берді», – деп сипаттайды (Левшин, 1996: 180).

Қарсылық танытқан қазақ ақсүйектері келіссөздерді бұзуға, тіпті Ресей елшілерін өлтіруге әрекеттенген. Әбілқайыр хан дипломатиялық елшілікті қорғап, оған бас-көз болуды ұлы Нұралы сұлтанға тапсырды. Қажет жерде пара беріп, қазақтарды иландырып, тіпті керек болса, артында тұрған алпауыт империяға сілтеп, сес көрсеткен А. Тевкелев ойдағы келіссөздерді қалайда өткізеді (Қасымбаев, 1999: 18).

Осылайша, Ресей елшісі сол тұста екі ойлы болған Әбілқайыр мен оның қарамағындағыларды Ресей бодандығына өту туралы патша грамотасына қол қоюға ақыры көндіріп тынады.

Әбілқайыр хан, оған ерген бір топ сұлтан, билер мен батырлар 1731 жылы 10 қазанда патша грамотасын қабыл алады. Рәсім Ырғыз бен Тобыл өзендерінің арасындағы Майтөбе шатқалында өтеді. Бар-жоғы 30-ға жуық қазақ старшыны, көбіне «хан жақтастары», Ресейге адал болуға ант берген. Антты әуелі Әбілқайыр хан, сонан соң Бөкенбай батыр, Есет батыр, Құдайменді мырза береді. Дипломатиялық елшілік өкілдері келіссөздер барысында қазақ ақсүйектерінің кейбіріне пара берген. Әбілқайыр Ресей патшасына адалдығының белгісі ретінде ұлдарын аманатқа жіберіп тұратын болды. Осы орайда А. Тевкелев қазақ даласына аттанбай тұрғанда өкіметтен – жағдайға қарай өзге де амалдар ұсынуға болатыны туралы: «Әбілқайыр хан жасақ төлеуге және Уфаға аманат жіберуге ықыласты болмаса, оны ықтиярсыз мойынсұндыру қажет емес», – деген нұсқау алған (РМӨТА. 122-қ., 1- тізбе, Іс номерсіз:12-п.).

Ресей елшілігі Қазақстан аумағында бір жылдан астам уақыт болып, қазақ қоғамын жан-жақты зерттеп, әлеуетін бағамдаған. А. Тевкелевке Кіші жүздегі сол дипломатиялық қызметін ойдағыдай табысты атқарып шыққаны үшін полковник, кейін орыс әскерінің генералы атағын береді. Оның ұрпақтары Орынбор өлкесінде мыңдаған крепостной шаруаға иелік еткен ірі мұсылман помещиктеріне айналды, ал башқұрт старшыны Таймас Шаймов тархан құрметті атағын алды.

Жоңғарлар мен Еділ қалмақтарына қарсы әскери іс-қимылдар кезінде қолбасшылық қабілетімен ерекше көзге түсіп, абырой-атақ алған Әбілқайыр хан Ресей бодандығын қабылдағаннан кейін Кіші жүз қазақтарының бір бөлігінің алдындағы беделі мен ықпалынан айырыла бастайды. Болған жайтқа Орта Азия билеушілері де қатты наразы еді: олар қазақтардың патша құзырына өтуін осы өңірдегі исламның ықпалына нұқсан келтіретін әрекет ретінде бағалаған. Өзінің вассал мәртебесіне көңілі толмаған Әбілқайыр кейін орыс жеріне әскери шабуылдар жасай бастайды. Сондықтан ол патша үкіметі оны 1738 жылы қайтадан ант беруге мәжбүр етеді, ал 1742 жылы Әбілқайыр үшінші рет ант берген (Кемеңгерұлы, 2005:42).

Әбілқайыр ханның Ресей протекторатына артқан үміті ақталмады. Патша өкіметінің қазақтарға Жайықтың оң жақ бетіне өтуге тыйым салуы (1734 жыл), аманат беруді талап етуі, оны Кіші жүздің ғана ханы деп танып, әскери көмек көрсетуден жалтаруына разы болмаған Әбілқайыр хан патша әкімшілігіне бағынудан бас тартады. Оның үстіне шекара аймағында қалмақтармен, башқұрттармен, Орал казактарымен қақтығыстар да толастамады. Бұл аз болғандай, Ресей империясы өлке халықтары арасында араздық тудырып, жік салу саясатын жалғастырды. Патша үкіметіне қарсы табанды әрекетке бел байлаған Әбілқайыр хан ойындағысын жүзеге асыра алмады, ол 1748 жылы саяси қарсыластарының қолынан қаза табады (РИЗТЖ жинақ, 9 том, 1734 ж. СПб., 1830:87). Ханды өлтірген Барақ сұлтанды бұл әрекетке жергілікті әкімшілік



басшысы губернатор И.Неплюев арандатқан, сондағы мақсаты – Ресейге бағынғысы келмеген бірбеткей ханның көзін құрту еді.

Қазақ хандығы аумағының бір бөлігін қарамағына алған Ресей енді Жоңғар хандығының өктемдігін тыю бағытында бірқатар дипломатиялық шаралар қолданған, бұл ретте патша өкіметі сөз жүзінде сес көрсетумен ғана шектелген. Патша үкіметі жаңа бодандарына нақты әскери көмек көрсеткен жоқ. Қазақтарды да, Ресейдің Ертіс маңындағы бекіністерін де қорғаған жоқ. Мұнан жақсы хабардар жоңғар билеушісі Қалдан Серен 1741 жылы Қазақстан аумағына жойқын жорық жасады.

Қазақтың басқа да бірқатар билеушілері Әбілқайырдың ізімен ресми түрде Ресей бодандығын қабылдады. Бастапқыда бұл қадам қазақ тарапын еш нәрсеге міндеттемегендей көрінді: қазақтардан алым жиналмады, оларға қандай да бір шектеу қойылмады. Сонымен бірге патша өкіметі қазақ ақсүйектерінің көңілін табуға тырысып, оларға сый-сыяпат көрсетіп, ақшалай жалақы тағайындап, үстеме ұн беріп тұратын болды. Ресейдің дипломатиялық айла-амалдарының қыр-сырынан бейхабар болған Әбілқайыр хан Орта жүз хандарының, Орта Азияның өзге де елдерінің Ресей бодандығына өтуіне себепші болған. Қазақтар шекара шебінде айырбас сауда жүргізуге мүдделі еді. Патша құзырына өткеннен кейін, оларға қыс мезгілінде шекара шебінің ішкі жағына уақытша өтуге рұқсат беретін болды. Алғашқы кезде Ресей жаңа бодандарының істеріне араласпады, Қазақстан аумағына тереңдей енуге асықпады. Осыны ескере отырып, 1731 жылдың аяғында Орта жүздің ханы Сәмеке де бодандыққа ант берді. Кейін Әбілқайырдың Сәмекемен, басқа да хан-сұлтандармен қарым-қатынасы бұзылды, мұны оның 1733 жылғы 1 наурызда Анна Иоанновна патшайымға жазған хатынан байқауға болады: «Ал бауырым Сәмеке хан ұлы мәртебелі императорға қарсылық танытып, Орта ордамен (жүзбен) бірігіп отыр, мен болсам, оны жөнге сала алмай отырмын» (Эпистолярное наследие..., 2014:111).

Ұлы жүз 30-жылдары Ресей құрамына кіруге әрекет жасаған, алайда олардың шалғай орналасуынан әрі халықаралық жағдайдың шиеленісуінен мақсаттары жүзеге аспады. Әбілқайырдың дәнекерлік етуімен Әбілмәмбет хан мен ықпалды Абылай сұлтан 1740 жылы Орынборда Ресей бодандығына өткен. Патша үкіметінің 1731 жылы Әбілқайыр хан арқылы Хиуа хандығын да Ресейдің қол астына өтуге көндіруге тырысуы сәтсіз аяқталған. Әбілқайырдың араағайындық етуімен 1742 жылы Орынборда 30 мың түтін қарақалпақ та ресми түрде Ресей бодандығын қабылдады.

Патша билігінің шекаралас Кіші жүз жерлерінде орнығып, нығаюын қамтамасыз ету үшін 1734 жылы Қырғыз-қайсақ (Орынбор) экспедициясы құрылды. Сонымен қатар, патша өкіметінің Ресей қарамағына өткен халықтарды араздастыру саясаты күшейе түсті. Мұны «Мемлекеттік кеңесші И.Кириллов әзірлеген «Ор өзенінің сағасында бодан башқұрттарға және бодандыққа жаңадан өткен қырғыз-қайсақ (қазақ) пен қарақалпақ халқына арнап қала салу туралы» жобасына Жоғары мәртебелінің қойған резолюциясы» мәтінінен көруге болады. Онда: «Қалмақтардың, сондай-ақ башқұрттардың бұрыннан Ұлы мәртебелі император құзырына өткенін, бұлардың қатарына қазір үшінші болып қырғыз (қазақ) халқы келіп қосылғанын, осылардың өзара ынтымағы жараспағанын ескере келе, бұдан былай да әрдайым осындай күйде ұстап тұру керек... Ресей әскерін қоспай-ақ, қырғыз-қайсақтарға қарсы қалмақтар мен башқұрттарды айдап салып, олар бірін-бірі ауыздықтап, жуасытып отыратындай қам жасау қажет», – делінген (РИЗТЖ жинақ, 9 том, 1734 ж. СПб., 1830: 311).

Сонымен, 1755 жылғы қазақ – башқұрт қақтығысы және оның салдары туралы мәселе көтергеніміз жөн. Әбілқайыр ханның башқұрт шапқыншылығын тоқтату керек деген басты талабы орындалу былай тұрсын, керісінше, ең алдымен Ресейдің арандатуымен тіпті үдеп кетті, бұл жайт Ресей билігінің өз міндеттемелерін орындауға құлықсыз екенін байқатты. Башқұрттар 1755 жылы Ресей империясының отаршылдық



саясатына қарсы кезекті ірі көтеріліске шықты. Бұл көтерілісті Батырша басқарды. Патша өкіметінің оларға қарсы жазалау шараларынан соң 50 мыңнан астам башқұрт Кіші жүз жеріне қоныс аударды. Көтерілісшілер, бұрынғы жылдардағыдай, қазақтармен бірігіп, патша әскеріне қарсы тұруға ниетті еді. Қазақ жеріне қоныс аударған олар өзінің әрі бала-шағасының қауіпсіздігін ойлады.

Екі халықтың күш біріктіруінен, сөйтіп, көтерілістің өріс алуынан қауіптенген патша әкімшілігі оларды өшіктіріп, бір-біріне қарсы қоюға тырысты. Қазақтардың едәуір бөлігі башқұрт жасақтарының жетекшісі Батыршаның үндеуіне құлақ асып, түсіністік танытты. Орынбор әкімшілігінің қоқан-лоқы жасауына қарамастан, көптеген башқұрт қазақ даласында пана тапты. Осы көтеріліске қатысқан қазақтар да болған. Орынбор өлкесінің губернаторы И.И. Неплюев қазақ билеушілеріне бүлікші башқұрттар мен олардың бала-шағасын беруді, тіпті болмаса оларды шекара шебінен тыс шығаруды, ал есесіне қазақтарға башқұрттардың мал-мүлкін, әйелдері мен балаларын алып қалуды ұсынған. Нұралы хан бастаған қазақтардың азғана бөлігі осы ұсынысты қабыл алды.

Мұны білген башқұрттар қазақтардан кек алуға бел буды. Нақты айтқанда, олар Неплюевтен «қарымта қайтару үшін» қазақ даласына жіберуге рұқсат сұрады. Неплюев ресми рұқсат етпегенімен, бекініс басшыларына Жайық асып жатқан башқұрттарға көз жұма қарауға астыртын нұсқау берген. Жауласушы қос тарап бірін-бірі қырып, біраз арпалысқаннан кейін, ол екі тарапқа да өзенге жақын келуге тыйым салып, сол бұйрықты іске асыру үшін тіпті шекара шебіндегі күзетті күшейткен. Көтеріліс басылғаннан кейін де кейбір қазақ рулары башқұрттарды жасырып қалуды жалғастырған. Патша үкіметі бұл жағдайды реттеуге қыр өлкесіне генерал-майор А. Тевкелевті жібереді, ол қазақ старшындарына биліктің талабын орындап, қашқын башқұрттарды беруге көндіру үшін сес көрсеткен, енді біріне сыйлық та берген.

Нұралы ханның әрекеті қазақ – башқұрт қарым-қатынасының одан әрі нашарлауына душар етті, екі елдің бір-біріне қарсы шапқыны ондаған жылдар бойы үзілмеді. Қазақтар Жайықтың оң жақ бетінде және башқұрттардың жерінде бұрынғыдай көшіп-қонып жүру мүмкіндігінен айырылды. Салдарынан тіпті XIX ғасырдың 30-жылдарына қатысты сөз болғанда, орыстың белгілі зерттеуші А.И. Левшин осы ретте: «...Қантөгіс азайды, алайда екі халық арасындағы араздық әлі жалғасуда...» – деп атап өткен (Левшин, 1996:234).

Қазақ қоныстарына қалмақтардың да шабуылы азаймады. Елдің сондай бір шапқынға ұшырап, жаудың мал барымталап әкеткенін Әбілқайыр хан 1748 жылы 31 шілдеде А.И. Тевкелевке: «Қалмақтар біздің қырғыздарға (қазақтарға) алғаш шапқанда Бекмұраттан 2500 жылқы, екінші қайтара шапқанда Рысбай Қалышбайдан – 700 жылқы, Ақтап Бектаевтан – 180 жылқы, Тоғызбайдан 200 жылқы айдап әкетті», – деп хабарлаған (Эпистолярное наследие..., 2014:20). Хан қайтыс болардан бұрын Ресейден өзін Орта жүз сұлтаны Бараққа қарасты қазақтардан қорғау үшін әскери көмек сұраған, осы бақталастық ақыры ханның өліміне душар еткені мәлім. Мәселен, оның 1748 жылы 26 тамызда А. Тевкелевке жазған хатында: «1000 орыс, 1000 қалмақ және 1000 башқұрт – барлығы 3000 адам жасақтап, оларға 10 зеңбірек бөліп... ордамды қорғауға пәрмен беруіңізді өтінемін», – делінген (Эпистолярное наследие..., 2014:207). Мұндай жағдайларда Ресей билігі әдетте көмек беруден бас тартып отырған.

Қорытынды. Алдымен Кіші жүз, содан кейін Орта жүз қазақтарының Ресей бодандығына өту үрдісінің салдары ауыр болды. Қазақ халқы тәуелсіздігінен айырылды. Патша өкіметі іс жүзінде қазақ билеушілерінің келісімінсіз қазақ даласы мен Ресей арасындағы шекара шебі бойында жаңа әскери бекіністер, форпостар мен редуттар сала бастады. Сонан соң Ресей шекарасын қазақ жеріне дендеп енетіндей



ілгері жылжыту үрдісі жүрді. Жайылым жерлер азайды, салдарынан қазақтардың дәстүрлі көшпелі тұрмыс-тіршілігіне нұқсан келді. Жұт жайлаған жылдары малын аман алып қалмақ болған қазақтарға шекаралас аймақтарға еркін көшіп-қонуға, шептен өтуге тыйым салынды. Патша өкіметі жаңа бодандары ұстап отырған жылқы санын қасақана азайту саясатын жүргізді. Осының бәрі көшпелілердің әлеуметтік-экономикалық жағдайының айтарлықтай нашарлауына себеп болды. Салдарынан қазақтардың шекара шебі аймағына шапқыншылығы жиіледі. 1822–1824 жылдары Орта жүзде, содан кейін Кіші жүзде хан билігі жойылып, үш бөлікке бөлінген округтік басқару жүйесі енгізілді. 1845 жылы Ішкі Орда билеушісі Жәңгір хан қайтыс болған соң, Ресей әкімшілігі жаңа сайланған хандарды бекітуден мүлдем бас тартты. Ал 1867–1868 жылдардағы реформалар кезінде төре тұқымы ұрпақтары іс жүзінде биліктен толығымен шеттетіліп, Ресей империясының құзырына өткен қатардағы тараптарға теңестірілді. Қазақтардың жері «мемлекет меншігі» деп танылып, кешегі иелеріне – қазақтарға «уақытша пайдалануға» берілетін болды.

Осылайша, 1731 жылы әуелі Әбілқайыр ханның, одан кейін өзге қазақ билеушілерінің Ресей империясының ауқымды жоспарын дұрыс бағамдай алмай, патша грамотасын қабыл алуы салдарынан ел бірталай жерінен айырылды, біртіндеп мемлекеттілігін жоғалтып, тұтастай бағынышты кіріштарлыққа – отар халге түсті.

Дереккөздер

РИЗТЖ — Ресей империясы заңдарының толық жинағы.
РМӨТА — Ресей Мемлекеттік әскери-тарихи архиві.
РМКАА — Ресей Мемлекеттік көне актілер архиві.

Sources

CCRE — Complete collection of laws of the Russian Empire
RSAAA — Russian State Archive of Ancient Acts.
RSMHA — Russian State Military Historical Archive.

Әдебиеттер тізімі

- Ерофеева, 2007 — *Ерофеева И.В.* Хан Абулхаир: полководец, правитель, политик. Алматы: Дайк-Пресс, 2007. 456 с.
- История Казахской ССР, 1943 — *История Казахской ССР с древнейших времен до наших дней*. Алма-Ата: Казогиз, 1943. 671 с.
- История Казахстана в русских источниках, 2007 — *История Казахстана в русских источниках XVI–XX веков*. Т. IV. Первые историко-этнографические описания казахских земель. XVIII век / Сост. И.В. Ерофеева. Алматы: Дайк-Пресс, 2007. 368 с.
- Кабульдинов, 2006 — *Кабульдинов З.Е.* История Казахстана нового времени. Астана: Изд-во ЕНУ, 2006. 312 с.
- Касымбаев, 1999 — *Касымбаев Ж.* Государственные деятели Казахских ханств (XVIII в.). Алматы: Білім, 1999. 288 с.
- Кемеңгерұлы, 2005 — *Кемеңгерұлы К.* Қазақ тарихынан // Үш томдық шығармалар жинағы. 1 том: Зерттеулер, мақалалар, пьесалар, әңгімелер. Алматы: Алаш, 2005. С. 32–77.
- Крафт, 2005 — *Крафт И.* Принятие киргизами русского подданства // Известия ООИРГО. Вып. 12. Оренбург: Типо-лит. П.Н. Жаринова, 1897. 59 с.
- Левшин, 1996 — *Левшин А.И.* Описание киргиз-казацких, или киргиз-кайсацких орд и степей. Алматы: Санат, 1996. 656 с.
- Рычков, 1887 — *Рычков П.И.* История Оренбургская (1730–1750 гг.). Оренбург: Типо-лит. И.И. Евфимовского-Мировицкого, 1887. 93 с.
- Словцов, 1886 — *Словцов П.А.* Историческое обозрение Сибири. С 1585 по 1742 год. СПб.: Тип. И. Н. Скороходова, 1886. XX, 326, IV с.
- Султанов, 1982 — *Султанов Т.И.* Кочевые племена Приаралья в XVI–XVII вв. (вопросы этнической и социальной истории). М.: Наука, 1982. 133 с.



Сыдыков, Мұқтар, 2015 — *Сыдыков Е., Мұқтар Ә. XVII–XIX ғасырлардағы Қазақ хандығы*. Алматы: Мерекенің баспалар үйі, 2015. 688 с.

Эпистолярное наследие, 2014 — *Эпистолярное наследие казахской правящей элиты. 1675–1821. Т. 1. Письма казахских правителей. 1675–1780 гг.* / Сост. и ред. И.В. Ерофеева. Алматы: АБДИ Компани, 2014. 696 с.

References

Epistolyarnoe nasledie, 2014 — Epistolyarnoe nasledie kazahskoi pravyashhei elity. 1675-1821. T. 1. Pis'ma kazahskih pravitelei. 1675-1780 gg. [The epistolary legacy of the Kazakh ruling elite. 1675-1821. Vol. 1. Letters of the Kazakh rulers. 1675-1780] / Comp. I.V. Erofeeva. Almaty, 2014. 696 p. (In Russ.).

Erofeeva, 2007 — *Erofeeva I.V. Han Abulhair: polkovodec, pravitel', politik* [Khan Abulkhair: commander, ruler, politician]. Almaty, 2007. 456 p. (In Russ.).

Istoriya Kazahskoi SSR, 1943 — *Istoriya Kazahskoi SSR s drevneishih vremen do nashih dnei* [The history of the Kazakh SSR from ancient times to the present day]. Alma-Ata, 1943. 671 p. (In Russ.).

Istoriya Kazahstana v russkih istochnikah, 2007 — *Istoriya Kazahstana v russkih istochnikah XVI–XX vekov. T. IV. Pervye istoriko-etnograficheskie opisaniya kazahskih zemel'. XVIII vek* [The history of Kazakhstan in Russian sources of the XVI–XX centuries. Vol. IV. The first historical and ethnographic descriptions of the Kazakh lands. XVIII century] / Comp. I.V. Erofeeva. Almaty, 2007. 368 p. (In Russ.).

Kabul'dinov, 2006 — *Kabul'dinov Z.E. Istoriya Kazahstana novogo vremeni* [The history of modern Kazakhstan]. Astana, 2006. 312 p. (In Russ.).

Kasymbaev, 1999 — *Kasymbaev Zh. Gosudarstvennye deyateli Kazahskih hanstv (XVIII v.)* [Statesmen of the Kazakh khanates (XVIII century)]. Almaty, 1999. 288 p. (In Russ.).

Kemengeruly, 2005 — *Kemengeruly K. Kazak tarikhynan* [From Kazakh history] // *Ysh tomdyk shygarmalar zhinagy. 1 tom: Zertteuler, makalalar, p'esalar, angimeler*. Almaty, 2005. Pp. 32–77. (In Kaz.).

Kraft, 2005 — *Kraft I. Prinyatie kirgizami russkogo poddanstva* [The adoption of Russian citizenship by the Kyrgyz] // *Izvestiya OOIRGO. Iss. 12. Orenburg, 1897*. 59 p. (In Russ.).

Levshin, 1996 — *Levshin A.I. Opisanie kirgiz-kazackih, ili kirgiz-kaisackih ord i stepei* [Description of the Kirghiz-Cossack, or Kirghiz-Kaysak hordes and steppes]. Almaty, 1996. 656 p. (In Russ.).

Rychkov, 1887 — *Rychkov P.I. Istoriya Orenburgskaya (1730–1750 gg.)* [Orenburg History (1730-1750)]. Orenburg, 1887. 93 p. (In Russ.).

Slovcov, 1886 — *Slovcov P.A. Istoricheskoe obozrenie Sibiri. S 1585 po 1742 god* [Historical review of Siberia. From 1585 to 1742]. SPb., 1886. XX, 326 p. (In Russ.).

Sultanov, 1982 — *Sultanov T.I. Kochevye plemena Priaral'ya v XVI–XVII vv. (voprosy etnicheskoi i social'noi istorii)* [Nomadic tribes of the Aral Sea region in the XVI–XVII centuries. (issues of ethnic and social history)]. M., 1982. 133 p. (In Russ.).

Sydykov, Muktar, 2015 — *Sydykov E., Muktar A. XVII–XIX gasyrlardagy Kazak handygy* [Kazakh Khanate of the XVII-XIX centuries]. Almaty, 2015. 688 p. (In Kaz.).



ТАРИХ / HISTORY / ИСТОРИЯ

Published in the Kazakhstan

Otan tarikhly

Has been issued as a journal since 1998

ISSN: 2788-9718 (Online)

Vol. 27. Is. 1, pp. 105-116, 2024

Journal homepage: <https://otan.history.iie.kz>

FTAXP / МРНТИ / IRSTI 03.20.00.

https://doi.org/10.51943/2788-9718_2024_27_1_105-116

XVIII ҒАСЫРДЫҢ ОРТАСЫНДАҒЫ ӘМІРСАНА КӨТЕРІЛІСІ ЖӘНЕ ҚАЗАҚ ЖАСАҚТАРЫ

Олжас Уәлиханұлы Беркінбаев¹

¹Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институты

(28-үй, Шевченко көш., 050010 Алматы, Қазақстан Республикасы)

Әлеуметтану ғылымдарының магистрі,

<https://orcid.org/0009-0009-6037-3793>. E-mail: berkinbayev.o@gmail.com

© Ш.Ш. Уәлиханов атындағы ТЭИ, 2024

© Беркінбаев О.У., 2024

Андатпа. *Kipicne.* Бұл мақалада XVIII ғасырдың ортасында Жоңғарияда өткен тарихи оқиғаларға назар аударылып, қазақ билеушілері мен көрші елдермен арадағы аумақтық қақтығыстардың күрделі және көп қырлы тарихы баяндалады. Әмірсана көтерілісі, Төле би елшілігі және қазақ батырлары мен жасақтарының ерлігіне, тараптар арасындағы кейінгі дипломатиялық және әскери өзара іс-қимылға, әсіресе жоңғар көтерілісінің көшбасшысы Әмірсанаға байланысты оқиғалар контекстіне ерекше назар аударылады. *Материалдар мен әдістер.* Ғылыми мақаланы даярлауда басты назарға объективтілік пен тарихилық қағидаттары негізгі басшылыққа алынды. *Бұл зерттеудің мақсаты мен міндеттері* Қазақ хандығы мен Жоңғар мемлекеті арасындағы саяси, әлеуметтік және әскери динамиканы терең талдау, шиеленістің өршуіне немесе шешілуіне ықпал еткен факторларды анықтау, сондай-ақ осы процестердегі тұлғалардың рөлін түсіну мен талдау болып табылады. *Зерттеу нәтижелері* сол замандағы тарихи оқиғаларға жаңа түсінік беруді, тараптар арасындағы қатынастардың аз зерттелген аспектілерін қамтуды, сондай-ақ тарихи қарым-қатынастардың аймақтық тарихқа әсерін талдауды ұсынады. Тақырыпты зерттеу нәтижесінде XVIII ғасырдың 50 жылдарының ортасына қарай Абылайдың ықпалы қазақтың көптеген руларына тарап, оның ойраттарға қарсы сәтті әскери жорықтары зор мүмкіндіктерге жол ашқандығы анықталды. Сонымен қатар, Абылай сұлтан екі алып мемлекетпен де бейбіт дипломатиялық қатынасты сақтай отырып, Ресей мен Цин империялары арасында шебер саясат жүргізгендігіне көз жеткіземіз. *Жұмыстың қорытындылары* бұл тақырыпты тек тарихшылар үшін ғана емес, сонымен қатар Орталық Азия мен Қазақстан тарихына және оның көрші мемлекеттермен өзара интеграциясына қызығушылық танытатын қалың жұртшылық үшін зерттеудің өзектілігі мен қажеттілігін атап өтуге бағытталған. Бұл зерттеудің маңыздылығы аймақтағы ұлттық бірегейлікті, мемлекеттік шекараларды және ұлтаралық қатынастарды қалыптастырудың күрделі процестерін түсінуге байланысты.



Түйін сөздер: Абылай, Әмірсана, хандық, Цин билігі, халықаралық қатынастар, ұлттық бірегейлік, дипломатия.

Алғыс айту. Мақала Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің ИРН BR21882225 «Ежелгі заманнан біздің заманымызға дейінгі Солтүстік Қазақстан тарихы» бағдарламалық-нысаналы қаржыландыруды орындау шеңберінде дайындалған.

Дәйексөз үшін: Беркінбаев О. У. XVIII ғасырдың ортасындағы Әмірсана көтерілісі және Қазақ жасақтары // Отан тарихы. 2024. Т. 27. №1. 105-116. (Қаз.). DOI:

10.51943/2788-9718_2023_27_1_105-116

THE AMURSANA UPRISING AND THE KAZAKH MILITIAS IN THE MIDDLE OF THE XVIII CENTURY

Olzhas Ualikhanuly Berkinbayev¹

¹Ch.Ch. Valikhanov Institute of History and Ethnology
(28, Shevchenko Str., Almaty, 050010 Republic of Kazakhstan)

Master of Social Sciences

<https://orcid.org/0009-0009-6037-3793>. E-mail: berkinbayev.o@gmail.com

Abstract. *Introduction.* This article tells the complex and multifaceted history of territorial conflicts between the Kazakh rulers and neighboring countries, paying special attention to the historical events that took place in Dzungaria in the middle of the XVIII century. Special attention will be paid to the uprising and the feat of the Embassy of Tole bi and the Kazakh batyrs and detachments, as well as the context of events related to subsequent diplomatic and military interaction between the parties, especially with the leader of the Dzungarian uprising Amursana. *The purpose and objectives* of this study is an in-depth analysis of the political, social and military dynamics between the Kazakh Khanate and the Dzungarian state, identification of factors that contributed to the aggravation or resolution of tension, as well as understanding and analysis of the role of individuals in these processes. The results of the study suggest giving a new understanding of the historical events of that time, covering little-studied aspects of relations between the parties, as well as analyzing the impact of historical relations on regional history. *Materials and methods.* When preparing a scientific article, the main important principles were the principles of objectivity and historicity. *The results* of the work are aimed at emphasizing the relevance and necessity of studying this topic not only for historians, but also for the general public interested in the history of Central Asia and Kazakhstan and its mutual integration with neighboring states. The importance of this research is related to the understanding of national identity, state borders and the complex processes of formation of interethnic relations in the region.

Keywords: Abylai, Amursana, Kazakhs, Qing power, national identity, diplomacy, military strategy

Acknowledgements. This article was prepared as part of the implementation of the program-purpose financing of the Ministry of Science and Higher Education of the Republic of Kazakhstan IRN BR21882225 "The history of Northern Kazakhstan from ancient times to our time".

For citation: Berkinbayev O.U. The Amursana uprising and the Kazakh militias in the middle of the XVIII century // Otan tarihy. 2024. Vol. 27. No. 1. Pp. 105-116. (In Kaz.) DOI: 10.51943/2788-9718_2023_27_1_105-116



ВОССТАНИЕ АМУРСАНЫ И КАЗАХСКОЕ ОПОЛЧЕНИЕ В СЕРЕДИНЕ XVIII ВЕКА

Олжас Уалиханулы Беркинбаев¹

¹Институт истории и этнологии имени Ч.Ч. Валиханова
(д. 28, ул. Шевченко, 050010 Алматы, Республика Казахстан)

Магистр социальных наук

<https://orcid.org/0009-0009-6037-3793>. E-mail: berkinbayev.o@gmail.com

Аннотация. *Введение.* В данной статье рассматривается сложная и многогранная история территориальных конфликтов между казахскими правителями и соседними странами, уделяя особое внимание историческим событиям, произошедшим в Джунгарии в середине XVIII века. Особое внимание уделено к восстанию Амурсаны и подвигу посольства Толе би и казахских батыров и отрядов, а также контексту событий, связанных с последующим дипломатическим и военным взаимодействием между сторонами, особенно с лидером Джунгарского восстания Амурсаной. *Целью и задачами* данного исследования является глубокий анализ политической, социальной и военной динамики между Казахским ханством и Джунгарским государством, выявление факторов, способствовавших обострению или разрешению напряженности, а также понимание и анализ роли личностей в этих процессах. *Материалы и методы.* При подготовке научной статьи основными важными принципами были принципы объективности и историчности. *Результаты исследования* предлагают дать новое понимание исторических событий того времени, охватить малоизученные аспекты отношений между сторонами, а также проанализировать влияние исторических отношений на региональную историю. *Итоги работы* направлены на то, чтобы подчеркнуть актуальность и необходимость изучения данной темы не только для историков, но и для широкой общественности, интересующейся историей Центральной Азии и Казахстана и ее взаимной интеграцией с соседними государствами. Важность этого исследования связана с пониманием национальной идентичности, государственных границ и сложных процессов формирования межнациональных отношений в регионе. В результате изучения темы было обнаружено, что к середине 50-х годов XVIII века влияние Абылай распространилось на многие казахские роды, а его успешные военные походы против ойратов открыли путь к большим возможностям. При этом мы позаботимся о том, чтобы Абылай Султан проводил умелую политику между Россией и империями Цин, сохраняя при этом мирные дипломатические отношения с обоими государствами-гигантами.

Ключевые слова: Абылай, Амурсана, ханство, Цин, международные отношения, национальная идентичность, дипломатия.

Благодарность. Данная статья подготовлена в рамках выполнения программно-целевого финансирования Министерства науки и высшего образования Республики Казахстан ИРН BR21882225 «История Северного Казахстана с древнейших времен до нашего времени».

Для цитирования: Беркинбаев О.У. Восстание Амурсаны и Казахское ополчение в середине XVIII века // Отан тарихы. 2024. Т. 27. № 1. С. 105-116. (Каз.) DOI: 10.51943/2788-9718_2023_27_1_105-116



Кіріспе. Мақалада XVIII ғасырдың ортасында Жоңғарияда өткен тарихи оқиғаларға назар аударылып, қазақ билеушілері мен көрші елдермен арадағы аумақтық қақтығыстардың күрделі және көп қырлы тарихы баяндалады. Әмірсана көтерілісі, Абылай хан елшілігі және қазақ батырлары мен жасақтарының ерлігін, тараптар арасындағы кейінгі дипломатиялық және әскери өзара іс-қимылға, әсіресе жоңғар көтерілісінің көшбасшысы Әмірсанаға байланысты оқиғалар контекстіне ерекше назар аударады.

Қазақ ханы Абылайдың Жоңғария билеушілерінің таққа талас жолындағы ішкі алауыздықтарын ел мүддесі үшін сәтті пайдалануы қозғалады.

Материалдар мен әдістер. Қазақ хандығы мен Жоңғар мемлекеті арасындағы саяси, әлеуметтік және әскери динамиканы терең талдау, шиеленістің өршуіне немесе шешілуіне ықпал еткен факторларды анықтау, сондай-ақ осы процестердегі тұлғалардың рөлін түсіну мен талдау болып табылады. Мақаланы жазуда Ресей империясының сыртқы саясат архиві, Омбы облысының тарихи архиві қойнауларының құжаттар кешені қолданылды. Зерттеу әдістемесі тарихи, салыстырмалы-тарихи және проблемалық-хронологиялық әдістерді қамтиды, бұл қазақ билеушілері мен Цин билігі арасындағы аумақтық қайшылықтардың себептерін, барысы мен салдарын тереңірек түсінуге ықпал етеді. Зерттеу мақсаттарына жету үшін зерттелетін оқиғалар дамуының негізгі тенденциялары мен заңдылықтарын анықтауға мүмкіндік беретін тарихи мәтіндердің мазмұнын талдау және сандық деректерді талдау әдістері де қолданылады.

Талқылау. Жоңғар хандығының ішкі саяси жағдайы күш алып келе жатқан тұрақсыздықпен сипатталды. Жоңғар ханы Галдан Церен қайтыс болғаннан кейін хан билігі үшін күрес басталды: таққа оның 1745 жылы небәрі 13 жаста болған ортаншы ұлы Цеван Доржи отырды. 1750 жылы мамырда қастандық нәтижесінде Цеван Доржи жоңғар дворяндары тарапынан тақтан тайдырылды, ал жаңа билеуші Галдан Цереннің үлкен ұлы Лама Доржи болды, оған 1750 жылы 12 қазанда салтанатты түрде тәж кигізілді (РИССА. қ. ККД. 1752. 122/1 -т. 53-п.).

Лама Доржимен бірге таққа үміткерлердің бірі Жоңғар хандығының негізін қалаушы Батур қонтайшының тікелей ұрпағы - ноян Даваци болды. Даваци - ноян Нәмжілдің ұлы, ойраттың атақты қолбасшысы Церен Дондобаның немересі, қонтайшы Цеван Рабданның немере ағасы. Оның қонысы Тарбағатайда орналасып, бағынышты руларының саны 8 мыңға жуық отбасы болған (Ерофеева, 2013: 424). Жас ноянның билігі мен көпшілікке танымалдығы қонтайшы Лама Доржидің саяси ықпалынан ішінара асып түсті. Лама Доржи ұстанымының әлсіздігін қазақ елшілік миссиясының құрамында Жоңғарияға барған Төле би де атап өтті (Жанаев, 2013: 248). Көп ұзамай Даваци мен оның жақтастары, екінші жағынан, Лама Доржи арасында ашық күрес басталды.

Даваци әу бастан-ақ өзін шығу тегі бойынша Жоңғар тағына неғұрлым лайықты үміткер санап, Лама Доржиге қарсы дұшпандық танытты. Даваци мен Лама Доржи арасындағы күрес екіншініңқарапайым, тексіз әйелден туылып, хан тағына отыруының «заңсыздығы» негізінде туындады (Моисеев, 1991: 206). Давацидің ұмтылысын Галдан Цереннің қызы Бадақтың хойт тайпасының Үйзен-хошучи ноянымен некесінен туылған, Тарбағатай өңірінде жақын маңда қоныстанған хойт нояны Әмірсана қолдады (Моисеев, 1991: 201).

Ашық қақтығыстың бірден-бір себебі Давацидің көкесі және Әмірсананың қайын атасы болып келетін дербеттер билеушісі ноянын Даши Даваның Лама Дорджидің бұйрығымен кедейленуі және жер аударылуы болды (Моисеев, 1991: 206). Бұл туралы хабар Даваци ордасы мен Әмірсана қонысына жеткенде, олар бұл қадамды ашық жаулық деп бағалап, қол жинап, солтүстікке қарай жылжиды. 1751 жылдың күзінде



Жоңғарияда Лама Доржидің Даваци мен Әмірсана арасында бірнеше ауыр шайқастар болды, олар Жоғарғы Ертіс алабында жеңіліске ұшырап, қазақ даласына қашып кетті. Ойрат нояндары Даваци, Әмірсана, оның інісі Банчжур және олармен бірге ілескен аз ғана жауынгерлер Абылай сұлтанға бағынатын Керейлердің көшпелі лагерьлерінен, старшина Қайып батырдан саяси пана тапты (Сулейменов, Моисеев, 1988: 132). Сол маңайдың жергілікті қазақтары оларды жақсы қарсы алып, алғашқыда тамақ, киім-кешекпен көмектесті. Жергілікті халық оларға жылы лебізін білдіріп, алғашқыда азық-түлік пен киім-кешекпен көмектесті. Бұл қонақжайлылықтың себебін аша отырып, Орынбор әкімшілігінің Орта жүздегі эмиссары М. Арапов қазақтардың «ол нояндардың өздерінен пана тапқанын олжа көріп, олардың барша... қалмақтардың қастарында болып, көбеюін және сол арқылы халқының күшеюін күтеді...» (РИССА. қ. ЗД. 1752-1753: 2-13-п.). Жоңғар хандығы әлсіреген сайын оның Қазақстан мен Орта Азиядағы жағдайына ықпалы жойыла бастады. Ташкент іс-жүзінде бақыланбады. 1752 жылдың жазында ордада Орта және Ұлы жүздердің батырлары мен ру басшыларының жиналысы өтіп, онда Абылай және батырлардың көпшілігі Даваци мен Әмірсананы қолдап сөйледі. Қазақ билеушілері Жоңғар хандығында «елеулі азаматтық қақтығыстар мен толқулар болғанын, сол себепті ол қазірдің өзінде үш партияға бөлінгенін, атап айтқанда: біріншісі Қытайға, екіншісі Сібір жағына Ертіс өзеніне көшкенін және үшінші бөлігі ғана өз жерінде көшіп қонып жүргені, онда жаңа иесі бар екенін» білген (Моисеев, 1991: 210).

Жоңғариядағы өзара күрестің бастапқы кезеңінде қазақ билеушілері болып жатқан оқиғаларды мұқият бақылап, оларға араласпаған. Алайда үш ойрат ханзадасының Орта жүзге қашуы Жоңғариядағы саяси жағдайды ғана емес, сонымен бірге қазақ халқының ықпалды феодалдарының Лама Доржиге қатысты саясатының бағытын да түбегейлі өзгертті. А.И. Левшин Жоңғарияда тұтанған азаматтық қақтығыстарға қатысты қазақ билеушілерінің ұстанымын сипаттай отырып, «жоңғарлар арасында алауыздық басталған бойда казактар оларға бірден белсене араласты. Жоңғардың қуылған барлық князьдері мен зайсандықтарға пана болып, олармен бірігіп, реніштері үшін кек қайтарып, жауларына шабуыл жасап, байғұстарға көмектесеміз деген желеумен байырғы жауларының шапқыншылықпен жою үшін бірде-бір мүмкіндікті жіберген жоқ» (Левшин, 1832: 82).

1752 жылы күзде Жоңғарияда қонтайшы атағы үшін қанды шайқас басталып, Лама Доржидың негізгі қарсыластары ноян Даваци мен оны қолдаған хойт нояны Әмірсанының қазақ даласына қашуына байланысты қазақтар мен ойраттар арасында 1755 жылдың көктеміне дейін созылған әскери қақтығыстардың жаңа кезеңі басталды (Уәлиханов, 1985: 303). Үрге мен Орта жүз билеушілері арасындағы қарым-қатынаста басты мәселе ойрат ханзадаларын Жоңғарияға беру мәселесі болды. Орта жүз билеушілерінің, ең алдымен Абылайдың қорғаушы саясаты, Жоңғарияда Лама Доржи билігіне наразылықтың күшеюі, олардың кейбір бұрынғы қол астындағылардың оларға қашуы Даваци мен Әмірсананың жоспарларын өзгертті. Олар қазақ сұлтандары мен старшындарын Жоңғарияға шапқыншылық жасау үшін оған сарбаздар отрядын беруге көндіре бастады. Абылай нояндарды қолдауға бейім болды, бірақ жиналыстың шешімін күтті.

Осыған орай кеңес шақырылып, оған Кіші және Орта қазақ жүздерінің өкілдері қатысты. Кеңеске қатысушылардың көпшілігі, 70-ке жуық адам Абылай сұлтанды қолдады. Олардың ішінде Бөгенбай батыр, Жапақ батыр, Ералы сұлтан және т.б. болды. Олар Давациді, Әмірсананы және Банчжурды Жоңғар ханына беруге болмайды деп санады (РИССА. қ. ЗД. 1752-1753: 13-14-п.). Бұған Абылайдың Жоңғар тұтқынында жүргенде танысқан Даваци мен Әмірсанаға деген жеке көзқарасы белгілі рөл атқарса керек. Әйтсе де, ең бастысы, қазақ билеушілерінің ең көреген бөлігінің ойрат тағына өз



қолбасшысын көтеруге талпыныс жасауы еді. Бұл мәселені шешуде Абылай сұлтан маңызды рөл атқарды (РИССА. қ. 3Д. 1752: 13-40-п.). 1752 жылы Лама Доржы XVIII ғасырдың 50 жылдарының ортасына қарай Абылайдың ықпалы қазақтың көптеген руларына тарап, оның ойраттарға қарсы сәтті әскери жорықтары зор мүмкіндіктерге жол ашты.

Келесі кезекте Абылай сұлтан екі алып мемлекетпен де бейбіт дипломатиялық қатынасты сақтай отырып, Ресей мен Цин империялары арасында шебер саясат жүргізді. Абылайдың тұрағына үш елшілік жіберіп, қауіпті қашқындарды өзіне тапсыруды талап етті, бірақ Қазақ сұлтаны Орта және Ұлы жүз ақсүйектерінің ықпалды өкілдерінің қолдауына ие болып, бұл әрекеттен үзілді-кесілді бас тартты.

Абылай 1752-1753 жылдары болған күресте Даваци мен оның одақтастарын Лама Доржыға қарсы қойса, 1754 жылдың басынан бастап Үргедегі билікті қолына алып Жоңғар қонтайшысына айналған Даваци мен бұрынғы жақтасы – Әмірсана арасындағы одақтастық қатынастар бұзылған кезде Абылай хойт ноянының жақтасына айналды (Абылай хан..., 2013: 142).

Қазақ шонжарларының оларды Лама Доржиге бермеу жөніндегі шешуші ниетіне көзі жеткен Даваци, Әмірсана және басқа одақтастары жоңғар ханына өз өкілдерін жіберіп, олардан тартып алынған дүние-мүлкін, ұлыс адамдарын, малдарын қайтаруды талап етеді. Оның үстіне Даваци өзінің жақтастарына «Жоңғар жерінің табиғи иесі» тек өзі екенін барлық жерде жария етуді бұйырады (Моисеев, 1991: 212). Көтерілісші нояндардың мұндай қиян-кескі мінез-құлқы үргеде олардың адамдарын бірнеше рет жазалаумен, қол астындағылардың қазақ қоныстарына қашып кетуіне әкелді. Бұл уақытта Даваци мен Әмірсанаға 150-ден астам адам қосылды (РИССА. қ. 3Д. 1752-1753: 12-13-п.). Бұл жаңа қазақ-ойрат соғысына әкелді.

Қазақтардың Даваци ноянын беруден бас тартуына тап болған Лама Доржи үйсіндердің, уақтардың және керейлердің қоныстарын жайпау туралы бұйрықпен Орта жүзге әскер жібереді. 1752 жылы 9 қыркүйекте Сайын Белек, Шақдор, Батур Убаши басқарған 15-20 мың адамдық жоңғар жасақтары Орта жүз қоныстарына басып кіреді. Шабуыл нәтижесінде 3 мыңнан астам қазақ тұтқынға алынып, орасан көп мал мен мүлік олжаланады (Жанаев, 2013: 248). Бұған жауап ретінде Абылай Қожаберген басқарған абақарейлердің жасақтарын және қазақ ұлыстарында тұтқынға түскен барлық жоңғар жауынгерлерін Даваци мен Әмірсанаға береді. Бір мезгілде үлкен соғысқа дайындық басталып, ауылдар өзен бойындағы Тобыл мен Обағанға тез көшіп кетті, Торғай өзенінің жағасында қазақ жасағын жинау бұйырылды.

Жасақтарды осылайша жұмылдыру патша үкіметінің назарын аударды. Даваци мен Әмірсананың қазақ даласына қашып кеткені және жоңғар әскерлері мен қазақтар арасында соғыс басталғаны туралы хабар алған олар бұл оқиғаларға араласып, нояндардың Ресейге келуін қамтамасыз етуді ұйғарды. Сыртқы істер алқасы ноян Давацидің Үргедегі билікті басып алуына жол бермеуге тырысты, бұл жағдайда қазақ билеушілерін өз жағына тарту қиынға соқпайды деп қауіптеді. Осы мақсатта Орынбор губернаторы И.И. Неплюевтың көмекшісі бригадир А.И.Тевкелев пен оның әріптесі П.И. Рычков 1752 жылы күзде капитан А.Яковлевті нояндардың орыс өкіметіне берілуіне қол жеткізу тапсырмасымен Абылайға жіберді (Моисеев, 1991: 217).

Орыс елшісімен келіссөздер кезінде Абылай дипломатиялық әдептілік танытты, бірақ сонымен бірге әртүрлі сылтаулармен Даваци мен Әмірсананы Орынбор билігіне беру туралы уәдеден жасырын түрде жалтарады. Бұл кезде Орта және Кіші жүздегі қазақ билеушілерінің мүдделері Орта Азиядағы ойраттардың талаптарымен соқтығысты. Жоңғарлар да, қазақ феодалдары да өзен алабында тұратын көшпелі және Сырдария өзені бойындағы отырықшы халықтарға үстемдік жасауға ұмтылды. Жоңғар әскерлерінің шапқыншылығы және олардың бірқатар қазақ шекаралық қоныстарын



талқандауы қарапайым қазақ халқының ойрат ханзадаларына деген көзқарасының күрт өзгеруіне әкеліп соқты және Орта жүзде келіспеушіліктер туындады. Кезінде Абылай жақын арада Жоңғариядан нояндарға әскер келетінін айтып, Даваци мен Әмірсананы Жоңғарияға бермеуге өз руластарын сендірген еді. Алайда, бұл әскер келген жоқ. Өзеннің жоғарғы ағысында өмір сүретін қарақалпақтардың ойраттарға қарсы тұру үшін қазақ билеушілерінен көмек сұраған өтініш келіп түскеннен кейін, ол жаққа Қабанбай батыр мен Барақ сұлтанның баласы Хайбабаның басшылығымен дереу жасақ аттандырылды (Моисеев, 1991: 221). Осы кезде Абылай өзінің хатын А.И. Тевкелевке жібергеннен кейін, 1752 жылы қарашаның басында Орта жүз жасағы орналасқан жерден әрі көшіп кеткен жоңғар нояндары ойрат жауынгерлерінің отрядын басқарып, Жоңғарияға жасырын жорық жасап, Үргеге жақындады (РИССА. қ. ЗД. 1757: 7-п.).

Жасырын қозғалыспен жасалған мұндай сәтті айла-шарғы Лама Доржының өз тұрағын сенімді қорғаныссыз қалдырып, қазақ хандықтарына, Орта Азияға айтарлықтай күштерді бағыттап, Цин империясымен шекараға көптеген сақшыларды орналастыруы нәтижесінде мүмкін болды, оны қарсыластары сәтті пайдаланды. 1753 жылы 12 қаңтарда олар қонтайшы штабына басып кіріп, Лама Доржиді өлтірді (Ерофеева, 2014: 424). Даваци ел билеушісі болып жарияланды. Осы сәттен бастап қазақ-ойрат қатынастары тарихында қазақ шонжарларының жоңғар ханзадаларының аралық күресіне белсенді араласуымен сипатталатын жаңа кезең басталды. Барлығы 1753 жылдың күзіне қарай Жоңғарияда саны 5 мың адамға дейін жететін қазақ жасақтары әрекет етті. Осы кезде Давацидің өтініші бойынша қазақ жасақтары негізгі соққыларды Даваци хандығына қарсы шыққан дербеттерге жасады. Бұл кезде қазақ жасақтары Лама Доржидың белсенді серігі Сайын Белектің жерлерін талқандады (РИССА. қ. ЗД. 1754: 4-5-п.). Кейбір жанама дәлелдерге қарағанда, Абылай мен Даваци арасында тек әскери қимылдар ғана емес, олжаны бөлу туралы да келісім жасалған. Бұған қазақ жасақтарының тұтқынға алған ойраттардың куәліктері дәлелдейді, оған сәйкес Дербет көшпелілерінің ер-азаматтарының түгелдей Давациге, ал әйелдер мен балалары қазақ ұлыстарына кетеді. Қазақтардың Даваци және Әмірсаны жасақтарымен бірлескен әрекеттері 1753–1754 жж. қыста жалғасты.

Давацидің Жоңғариядағы билігінің басында хойт нояны Әмірсана оны белсенді түрде қолдап, «онымен бірге болды және әлі де достық қарым-қатынаста болды» (Моисеев, 1991: 226), бірақ 1753 жылы бұрынғы жолдастар арасындағы қарым-қатынас айтарлықтай күрделене түсті және келесі жылдың ортасында ашық текетіреске айналды. Алтай мен Тарбағатайдағы көшпелі ойраттардың билеушісі болып тағайындалуына қанағаттанбаған Әмірсана хандық биліктің жартысын талап етті (РИССА. қ. ЗД. 1751: 8-п.). Одақтастар арасындағы кикілжіңге Даваци қол астындағы зайсандар да себеп болды, олар Әмірсана оны өлтірмекші болды деген жалған ақпарат берді (Моисеев, 1991: 226). Осыған байланысты Әмірсана өзін ұстау туралы бұйрықты естіп, өзінің қоныстарына қашуға мәжбүр болды.

1752-1753 жж. бұл күресте Абылай Лама Доржиге қарсылықта Даваци мен оның одақтастарын қолдады, ал 1754 жылдың басынан олар Ургадағы билікті басып алғаннан кейін және одан әрі жоңғар қонтайшысына айналған Даваци мен Әмірсана арасындағы одақтастық қатынастар бұзылғаннан кейін ол хойт ноянның жағын қабылдады. А.И.Левшин былай деп атап көрсетті: «Зерек, іскер Абылай сұлтан жоңғар қожайындарының талас-тартыстарын пайдалану мүмкіндігін мүлт жібермей, олардың ішкі дау-дамайының жалғасуына жан-жақты ықпал етті, өйткені олардың ежелгі жауларының бытыраңқылығы мен әлсіреуі өз тыныштығы мен сыртқы істері үшін қаншалықты қажет екенін жан-жақты түсінді» (Сулейменов, Моисеев, 1988: 46). Ойраттардың көшпелі мемлекетіндегі өзара соғыстар кезінде Қазақ сұлтаны Орта жүз жасақтарының басында Жоңғарияға әскери жорықтар жүргізіп, бұл жорықтар арқылы



қазақ көшпелілерінің оңтүстік-шығысындағы шапқыншылықтардан қауіпсіздігін қамтамасыз ете алды және ойрат хандары мен нояндарынан белгілі бір аумақтықшегіністерге қол жеткізді.

1753 жылдың күзінде Жоңғарияда саны 5 мың адамға дейін жететін қазақ жасақтары әрекет етті (Сулейменов, Моисеев, 1988: 48). Абылай сұлтанның Жоңғариядағы соғысты өте сәтті жүргізгені туралы 1754 жылы 30 қарашада капитан А.Панцыревтың Ямышев бекінісіндегі Луцк полкінің командирі полковник К.Е. Дебонгке баяндамасында хабарланады (ООТА. қ. 1. 1-т. 35-іс. 287-288-п.). Дереккөздер Абылайдың және басқа да қазақ сұлтандарының Әмірсананы қолдауына, сол арқылы Орта жүзді Жоңғариямен соғысу шегіне қоюға итермелеген себептер туралы айтылмайды.

Әмірсана Абылай сұлтанға ағасы Банчжур мен зайсан Барчуйхты жібереді. Әмірсананың елшілері мың жылқы, 20 мың қошқар және мүмкіндігінше көп түйе сұрап, оның орнына «не талап етсе, соны төлеуге» уәде берді (Сулейменов, Моисеев, 1988: 51). Абылай ақсақалдардың көмегімен Әмірсанаға жылқы, 700 түйе мен қой үлестірді. Әмірсана онымен Бұқар кілемдерімен, қару-жарақтарымен, адамдарымен есеп айырысты (Сулейменов, Моисеев, 1988: 51). 1754 жылы шілде-тамыз айларында Даваци әскерлерінің Әмірсананы қуғындауы кезінде Абылай Жоңғарияға жаңа жорық жасады. Абылай қол жеткізген жеңіс Әмірсананы талқандалудан құтқара алмады. Ойрат пен урянхай жасақтарының соққысынан ол қол астындағы аздаған адамдарымен Цин империясының шекарасына қашады. 1754 жылы тамызда Әмірсана Циндік Қытайға қашып, Цяньлун императорынан көмек сұрайды (Сулейменов, Моисеев, 1988: 52). Цин сарайы оны және басқа да ойраттардан қашқандарды Жоңғар хандығын талқандау үшін қару ретінде пайдалануға шешім қабылдады.

Зерттеу нәтижелері. Абылай тактикасының мәні Жоңғарияда тынымсыз тартысты ұстап тұру, ойрат хандары мен нояндарының ешқайсысының күш-қуат алуына жол бермеу, қазақ көшпелілерінің қауіпсіздігін қамтамасыз ету, ойрат билеушілерінен көбірек жеңілдіктер іздеу болды. Қыста көптеген жоңғар нояндары мен зайсандары қазақ шапқыншылығынан қауіптеніп, Іленің жоғарғы ағысына қоныс аударуға аттанды.

1755 жылдың ерте көктемінде Цин әскері Жоңғария жеріне, сәуірдің аяғында Іленің жоғарғы ағысы аймағына кірді. Император Цяньлун жоңғарлардың ішкі алауыздығын пайдаланып, Цин империясына қосылу арқылы жағдайды біржола реттеуге кірісті де, манжур және моңғол әскерлерінің 25 мыңдық жасағы Жоңғарияға жорық жасап, іс жүзінде ешқандай қарсылыққа тап болмады. Жаңа соғысты бастаудың ресми сылтауы Әмірсананың боғдыхан Цяньлунға жоңғар ханының тағын басып алуға көмектесуін өтінуі болды. Әмірсананы және Цин империясына қашқан басқа да жоңғар княздарын өзінің басқыншылық жоспарларын жүзеге асыру үшін қару ретінде пайдалануды ұйғарған маньчжур императорының Жоңғар хандығын сақтап қалу ниеті болған жоқ.

14 мамырда Әмірсана бастаған цин әскерінің авангарды Текес өзенінің аңғарына кіріп, Давацидің бірнеше жасағымен кездесті. Ұрысты қабылдамаған Даваци Қашқарға қарай қашады. 8 шілдеде оны Куча қаласының мұсылман билеушілері тұтқындап, Әмірсанаға тапсырды, ол тұтқынды Цин әскері қолбасшысының ордасына жеткізді. Бірнеше күннен кейін Даваци Цин империясына жеткізілді және 1759 жылы сонда қайтыс болды. Оңай жеңіске жетіп, 1755 жылы Жоңғар хандығын басып алған Цин билігі ойрат тайпаларының жоғарғы билеушісі институтын жойып, басшылары Бейжінге тікелей бағынатын төрт тәуелсіз князьдік құрды. Цяньлун ойраттарды саяси жағынан қайта құруды жоспарлап, оларды бастапқы тайпалық белгілеріне қарай дербеттер, хошуттар, хойттар және чорастар (жоңғарлар атауы осылай өзгертілді) деп



төртке бөлді. Бұл тайпаларды тең құқылы моңғол хандары басқарып, Сыртқы Моңғолияда қалыптасқан ұйымды қайталауы керек еді. Цин әулеті Жоңғариядағы бұрынғы басқару режимін сақтай отырып, ойраттарды оның әкімшілік жүйесіне қосу әрекетін жасады. Бірнеше айдан кейін жаңадан біріккен Ойрат мемлекеті Цин империясына жаппай ығысулар мен ішкі келіспеушіліктерге байланысты қайтадан күйзеліске ұшырады. Әмірсана ноянының өзі Цин империясына қарсы шықты (Ерофеева, Жанаев, 2007: 398).

Жоңғар шонжарларынан шыққан Әмірсана қомақты сыйақы алу үшін маньчжурларға қызмет етеді. Олардың басқа жоңғарларды жеңіп, бағындыруына көмектескен ол күткендей марапатқа ие болмады. Әмірсананың көтеріліс бастау мүмкіндігін түсінген Цяньлун оны қамауға алып, Бейжіңге әкелуді бұйырады. Жолда Әмірсана отбасына барамын деген сылтаумен қашып кетеді. Әмірсананы Бейжіңге жеткізе алмады деп айыпталған Хутухтаның халхалық бас діни қызметкерінің туысы Халха князі Эринчиндоржи оны бірден қуған жоқ (Christopher Kaplonski, 1993: 241). Осы үшін ол ақыры өлім жазасына кесілді.

Этот способ ограничения путешествий, по мнению Министерства, был удобным, потому что отклонение ходатайств из-за невыполнения условий, предписанных исламом, не вызывает озлобления и недовольства. Однако Г.В. Мещеринов не успокаивался и продолжал требовать принятия своих условий, особенно для Туркестанского края. В ответ министерство оповещает, что «военный губернатор Ферганской области сообщает, что путешествия туземцев в Мекку не представляют ничего опасного по отношению к фанатизированию туземцев и что до сих пор не было замечено особенно вредных от этого последствий» (НА Уз. Ф. И-1, оп. 22, д. 431. Л. 34 об. – 35). Но в отношении Андижанского и Кокандского уездов, он подтверждал, что «возвращающиеся из Мекки лица стараются напомнить мусульманам о «потере своего народного правления и о подчинении власти кяфиров», что способствовало брожению умов и поэтому начальники этих уездов поддерживали мнение Г.В. Мещеринова. Существовали и другие мнения. Так, начальник Зарафшанского округа генерал А.К. Абрамов считал, что «стеснять или совсем запрещать таковые не следует, тем более что все меры, какие могли бы быть предприняты с целью ограничения путешествий в Мекку, могут быть легко обойдены туземцами Ферганской области, которые имея возможность увольняться для торговых и прочих целей в соседние независимые ханства, могут направляться оттуда в Мекку» (НА Уз. Ф. И-1, оп. 22, д. 431. Л. 36). А.К. Абрамов делит паломников на две категории: воспитанники медресе, посвятившие себя науке и религии и люди, прожившие жизнь небезупречно и часто мучимые совестью. Однако с этим нельзя согласиться, поскольку социальный состав паломников был гораздо разнообразнее. Но он был абсолютно прав, когда высказал мысль о том, что отказ о поездке в хадж мусульманина подрывает в его глазах авторитет государства. Он писал: «воспрещение вообще туземцам идти в Мекку на поклонение, для чего весьма многие из них в течение половины своей жизни, собирают нужные для этого средства, будет для них равносильно нарушению самого доброго и мирящего их с русским владычеством – права и свободы вероисповедания и придает особые небывалое значение хаджиям». А.К. Абрамов сообщал, что вредных последствий от путешествий в Мекку не замечалось и что нельзя стеснять паломничество, тем более что немногие туземцы пользуются ими, так как путешествие в Мекку – дело нелегкое и весьма дорого обходится. По мнению генерала Н.А. Иванова всякое стеснение в исполнении религиозных требований народа может скорее принести вред, чем полезные последствия (НА Уз. Ф. И-1, оп. 22, д. 431. Л. 36 об.).

По Сырдарьинской области военный губернатор В.Н. Троицкий, исполняющий делами действительный статский советник Гилев своего особого мнения не высказали, сообщив лишь только что «возвращающиеся из Мекки мусульмане, особенно вредного влияния на массу не проявляют» (НА Уз. Ф. И-1, оп. 22, д. 431. Л. 36 об.).

В Амударьинском отделе проблем не было, потому что редкие ходатайства о выезде в Мекку местными властями отклонялись, затем они перестали поступать вообще. Начальник Амударьинского отдела полковник Краббе видел причину этого в бедности населения, а также его «неразвитости в религиозном смысле». И, тем не менее, он согласился с предложениями генерал-адъютанта Г.В. Мещеринова.



Изучив позиции большинства начальников уездов и областей Туркестанского генерал-губернаторства, его Канцелярия составила заключение, где со знанием дела раскритиковала позицию Г.В. Мещеринова. Основная мысль этого заключения состояла в том, что «принятие репрессивных мер по отношению к хаджу вообще опасно, потому что может быть истолковано мухаммедьянами (мусульманами – Д.А.) как лишение их иноверною властью исполнения религиозного обряда» (НА Уз. Ф. И-1, оп. 22, д. 431. Л. 38 об. – 39). Канцелярия обратилась с просьбой к генерал-губернатору вынести решение и со своей стороны считая, что меры, предпринимаемые Мещериновым, не могут на практике достигнуть результата, напротив будут способствовать возбуждению мусульманского фанатизма. Ограничения же заграничных паспортов 10-20-ю будут порождать мнение о том, что правительственные меры направлены на разрушение ислама. Снятие с паломников 100 рублей в пользу образовательных учреждений также было воспринято канцелярией отрицательно, т.к. этот дополнительный налог усиливал бы медресе, тогда как политика игнорирования исламского образования была направлена на их естественное разрушение. Взимание же 100 руб. на обеспечение семьи отъезжающих паломников было бы бессмысленным, т.к. по мнению автора доклада, большинство их составляли зажиточные люди, да и самой верой было предписано обеспечить кормильцем семью за время его отсутствия. В 1869 году Министерством внутренних дел было сделано циркулярное распоряжение генерал-губернаторам о том, что заграничные паспорта паломникам должны выдаваться лишь при условии материального обеспечения состоятельных семей. Считалось нецелесообразным и взимание 100 рублей на обратный путь паломника.

Обстоятельный анализ законов российской империи и текущих распоряжений правительства позволил канцелярии сделать разумный ход: «Не принимать никаких против этого (отправки в хадж - Д.А.) репрессивных мер:... Во-первых, потому что ввиду коренного начала нашего законодательства, провозгласившего полную веротерпимость, таковой запрет не согласовался бы с этим началом, и, во-вторых – потому что всякая репрессивная мера против хаджа будет лишь мертвою буквою, так как здесь действительно верующий мусульманин везде найдет возможность этот запрет обойти, а в интересах правительства лежит издавать лишь такие законы, исполнение коих может быть на деле осуществлено, а не издание таковых – кои сознательно будут обходиться и правительство бессильно будет на исполнении настоять» (НА Уз. Ф. И-1, оп. 22, д. 431. Л. 44 об.).

Обзор документов такого характера свидетельствует о существовании и упорном подавлении определенными официальными лицами мнения о необходимости запрета паломничества в Аравию. Конечно, это была самая легкая мера в сложном деле выезда представителей коренного населения в Мекку. Подобные дискуссии продолжались вплоть до Февральской революции в России. Однако военное ведомство Российской империи рационально подходило к решению этого вопроса, понимая, что запрет – это путь к волнениям, которые часто имели место в Туркестане. Только в 1882 г. произошло Андижанское восстание, потребовавшее концентрации здесь военных сил, и унесло жизни многих андижанцев.

Поэтому правительство в течение этого времени пыталось упорядочить выдачу паспортов и законодательно закрепить, и оговорить случаи отказа. Они зачастую проходили в период эпидемий холеры, не раз вспыхивавших как самой Аравии, так и в сопредельных странах.



Закключение. Анализ трех разнохарактерных направлений источников в деле хаджа показывает, насколько сложными были не только выработка четкой концепции управления хода паломничества из Средней Азии в Мекку, но и положение самих паломников, терпящих огромные трудности при оформлении выезда и особенно во время нахождения в пути и на месте пребывания в чужой стране.

Приведенные данные весьма разнохарактерны и отличаются субъективностью мнений. Первое направление – это взгляды османских чиновников, которые имеют комплементарный характер по отношению к властям и представляют лишь положительное решение ими жалоб туркестанских и бухарских паломников. Второе направление – это взгляд и оценка только одного очевидца, занимавшего доверенный пост Российской империи, и представляет в большинстве негативную картину жизни «хаджеев», в том числе из Центральной Азии. Третья группа источников характеризуют дискуссию относительно состояния дел паломничества в Туркестане, представленную имперскими чиновниками.

Приведение в статье данные анализируются впервые и наводят на вывод о том, что необходимо изучать проблему истории хаджа в совокупности разного рода источников, которые должны дополнять друг друга в целях объективного анализа.

Источники

История Центральной Азии, 2011 — История Центральной Азии в османских документах. Т.2. Духовные и религиозные связи. Самарканд, МИЦАИ. 2011. 222 с.

НА Уз — Национальный архив Узбекистана.

Соколов Д.Ф. О паломничестве, 1901 — Соколов Д.Ф. О паломничестве мусульман в Мекку. Из «Отчета Его Высочеству Принцу Ольденбургскому по командировке в г. Джидду» Д.Ф. Соколова // Отд. оттиск из «Больничной газеты Боткина» за 1901 г. 37 с.

Sources

Istoriya Sentralnoy Azii, 2011 — Istoriya Sentralnoy Azii v osmanskix dokumentax. T.2. Duxovniye i religiozniye svyazi. [The History of Central Asia in Ottoman documents. Vol. 2. Spiritual and religious relations.] Samarkand, MISAI. 2011. 222 p. (In Rus.)

NA Uz — National Archive of Uzbekistan.

Sokolov D.F. O palomnichestve, 1901 — Sokolov D.F. O palomnichestve musulman v Mekku. Iz «Otcheta Yego Visochestvu Prinsu Oldenburgskomu po komandirovke v g. Djiddu» D.F. Sokolova [About the pilgrimage of Muslims to Mecca. From the "Report to His Highness the Prince of Oldenburg on a business trip to Jeddah" by D.F. Sokolov] // «Bolnichnaya gazeta Botkina». 1901. 37 p. (In Rus.)

Литература

Алимова, Шадманова, 2011 — Алимова Д.А., Шадманова С.Б. Из истории паломничества мусульман Центральной Азии в Мекку (конец XIX – начало XX вв.) // *O'zbekiston tarixi*. 2011. № 1. С. 49–61.

Бехбудий, 1914 — Бехбудий М. Саёхат хотиралари // *Ойна*. 1914. № 48. С. 1142–1147.

Литвинов, 1998 — Литвинов П.П. Государство и ислам в русском Туркестане (1865–1917) (по архивным материалам). Елец: ЕГПИ, 1998. 320 с.

Литвинов, 2007 — Литвинов П.П. Органы Департамента полиции МВД в системе «военно-административного» управления Русским Туркестаном (по архивным, правовым и иным источникам). Елец: ЕГУ им. И.А. Бунина, 2007. 539 с.

Лыкошин, 1902 — Лыкошин Н.С. К статистике паломничества в Мекку// Туркестанские ведомости. 1902 г. 14 февраля.

Мухтарова, 2009 — Мухтарова Г.Р. Паломничество из Казахстана в Мекку и Медину в досоветский период // *Қазақстандағы ислам діні (XIX – XX ғғ.)*. Алматы: Баспалар үйі, 2009.

Наливкин, 1913 — Наливкин В.П. Туземцы раньше и теперь. Ташкент. Электрическая типолитография Туркестанского Товарищества печатного дела, 1913. С. 30–37.



Организация паломнического движения, 1910 — Организация паломнического движения и грядущая опасность // Туркестанские ведомости. 1910. № 215.

Правила для паломников, 1902 — «Правила для паломников, установленных приказом Туркестанского генерал-губернатора» от 23 января 1901 г. // Туркестанские ведомости. 1902. № 96.

Сибгатуллина, 2006 — Сибгатуллина А. «Простодушных паломников обманывали везде...» // Гасырлар авазы – Эхо веков. 2006. № 2. С. 180–182.

Сибгатуллина, 2008 — Сибгатуллина А. До Мекки через Стамбул. № 5. 2008. Родина. С. 94–95.

Хожилаарга рахбар, 1914 — Хожилаарга рахбар // Садои Фергана, 1914, № 35.

Шадманова, Шадманов, 2007 — Шадманова С., Шадманов Т. Из истории паломничества среднеазиатских мусульман (конец XIX – начало XX в.) // Мир ислама: История. Общество. Культура: материалы международной исламоведческой научной конференции, 11–13 декабря 2007 г., РГГУ. М., 2009. С. 106–113.

Шумилов, 1913 — Шумилов В. Паломничество мусульман. // Туркестанские ведомости. 1913 г. № 28.

Grigoriev, 2008 — Grigoriev E. Russian Muslim Pilgrimages to Makka in the Early Twentieth Century // Riyadth. 2008. С. 46–73.

References

Alimova, Shadmanova, 2011 — Alimova D.A., Shadmanova S.B. Iz istorii palomnichestva musulman Sentralnoy Azii v Mekku (konets XIX – nachalo XX vv.) [From the history of the pilgrimage of Muslims of Central Asia to Mecca (late XIX – early XX centuries)] // O'zbekiston tarixi. 2011. Nr. 1. P. 49–61. (In Russ.).

Bexbudiy, 1914 — Bexbudiy M. Sayohat xotiralari [Travel memories] // Oyna. 1914. № 48. P. 1142–1147. (In Uzb.).

Grigoriev, 2008 — Grigoriev E. Russian Muslim Pilgrimages to Makka in the Early Twentieth Century // Riyadth. 2008. P. 46–73.

Likoshin, 1902 — Likoshin N.S. K statistike palomnichestva v Mekku [On the statistics of the pilgrimage to Mecca] // Turkestanskiye vedomosti. 1902. 14 Febr. (In Russ.).

Litvinov, 1998 — Litvinov P.P. Gosudarstvo i islam v russkom Turkestane (1865–1917) (po arxivnim materialam) [The State and Islam in Russian Turkestan (1865–1917) (based on archival materials)]. Yelets: YEGPI, 1998. 320 p. (In Russ.).

Litvinov, 2007 — Litvinov P.P. Organi Departamenta politsii MVD v sisteme "voyochno-administrativnogo" upravleniya Russkim Turkestanom (po arxivnim, pravovim i inim istochnikam) [The bodies of the Police Department of the Ministry of Internal Affairs in the system of "military-administrative" management of Russian Turkestan (according to archival, legal and other sources)]. Yelets: YEGU, 2007. 539 p. (In Russ.).

Muxtarova, 2009 — Muxtarova G.R. Palomnichestvo iz Kazaxstana v Mekku i Medinu v dosovetskiy period [Pilgrimage from Kazakhstan to Mecca and Medina in the pre-Soviet period] // Kazakstandagi islam dini (XIX–XX). Almaty, 2009. (In Russ.).

Nalivkin, 1913 — Nalivkin V.P. Tuzemsi ranshe i teper. Tashkent [The natives before and now]. 1913. P. 30–37. (In Russ.).

Organizatsiya palomnicheskogo dvijeniya, 1910 — Organizatsiya palomnicheskogo dvijeniya i gryadushaya opasnost [The organization of the pilgrimage movement and the coming danger] // Turkestanskiye vedomosti, 1910. Nr. 215. (In Russ.).

Pravila dlya palomnikov, 1902 — «Pravila dlya palomnikov, ustanovlennix prikazom turkestanskogo general-gubernatora» ot 23 yanvarya 1901 g. ["Rules for pilgrims established by the order of the Turkestan Governor-General" dated January 23, 1901] // Turkestanskiye vedomosti. 1902. Nr. 96. (In Russ.).

Shadmanova, Shadmanov, 2007 — Shadmanova S., Shadmanov T. Iz istorii palomnichestva sredneaziatskix musulman (konets XIX – nachalo XX v.) [From the history of the pilgrimage of Central Asian Muslims (late XIX – early XX century)] // Mir islama: Istoriya. Obshestvo. Kultura: materiali mejdunarodnoy islamovedcheskoy nauchnoy konferensii, 11–13 Dec. 2007, RGGU. M., 2009. P. 106–113. (In Russ.).

Shumilov, 1913 — Shumilov V. Palomnichestvo musulman. [Pilgrimage of Muslims] // Turkestanskiye vedomosti, 1913. № 28. (In Russ.).



Sibgatullina, 2006 — *Sibgatullina A.* «Prostodushnix palomnikov obmanivali vezde...» ["Simple-minded pilgrims were deceived everywhere..."] // *Gasirlar avazi – Exo vekov*. 2006. No. 2. P. 180–182. (In Russ.).

Sibgatullina, 2008 — *Sibgatullina A.* Do Mekki cherez Stambul. [To Mecca via Istanbul] Nr. 5. 2008. Rodina. P. 94–95. (In Russ.).

Xojilarga raxbar, 1914 — *Xojilarga raxbar* [Leader of pilgrims] // *Sadoi Fergana*, 1914, № 35. (In Uzb.).



ТАРИХ / HISTORY / ИСТОРИЯ

Published in the Kazakhstan

Otan tarikhy

Has been issued as a journal since 1998

ISSN: 2788-9718 (Online)

Vol. 27. Is. 1, pp. 132-149, 2024

Journal homepage: <https://otan.history.iie.kz>

FTAXP / МРНТИ / IRSTI 03.20.

https://doi.org/10.51943/2788-9718_2024_27_1_132-149

ОРЫНБОР ЕРЛЕР ГИМНАЗИЯСЫ ЖӘНЕ АЛАШ ҚАЙРАТКЕРЛЕРІ

Оразгүл Хасенқызы Мұхатова¹, Рашид Ешенұлы Оразов²

¹Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институты
(28 үй, Шевченко көш., 050010 Алматы, Қазақстан Республикасы)

Тарих ғылымдарының докторы, профессор, бас ғылыми қызметкер
<https://orcid.org/0000-0002-8613-7248>. E-mail: Orazgul7@rambler.ru

²Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институты
(28 үй, Шевченко көш., 050010 Алматы, Қазақстан Республикасы)

Гуманитарлық ғылымдар магистры, аға ғылыми қызметкер
<https://orcid.org/0000-0002-5473-2050>. E-mail: r.o.e@mail.ru

© Ш.Ш. Уәлиханов атындағы ТЭИ, 2024

© Мұхатова О.Х., Оразов Р.Е., 2024

Аңдатпа. *Kipicne.* Ресей империясында XIX-XX ғасырдың басында орта білім беретін губерниялық училищелер немесе гимназиялар ашылды. Бұларды бітіргендер жоғары оқу орындарына (университеттерге) түсу, әртүрлі мекемелерде қызмет етуге құқығын иеленді. Мұндай оқу орындары оқыту әдістемесімен ғана емес тәрбие ісімен де танымал болды. Қазақ даласында жұмыс істеген орта оқу орындарының бірі 1868 жылы ашылған Орынбор ерлер гимназиясы еді. Гимназия ашу және оқу ғимаратын салу үшін тұрғындар арасында қайырымдылық қоры ұйымдастырылды. Осы қордан қазақ балаларына шәкіртақы тағайындалды. Бұл гимназияда Әбубәкір Алдияров, Сәлімгерей Нұралыханов, Ғали (Қали) Ибрагимов, Ғали-Ахмет Арынғазиев сынды Алаш қайраткерлері білім алды. *Зерттеудің мақсаты және міндеттері* – Орынбор ерлер гимназиясының ашылу тарихын, оқушыларды қабылдау, пансионда тұру ережелерін, оқытушылар құрамын, оқу орнының әлеуетін, ерекшеліктерін айқындау; гимназиядағы Алаш қайраткерлерінің білім алуын және қызметке орналасуын зерттеу; қазақ балаларының VIII-сынып оқушыларының тізімі көрсетілген құжат бойынша үлгерімін, тәртібін, сынақ тапсыруын, сабақтан қалу себептерін, түлектерге берілген мінездемелерді талдау; гимназияның Алаш қайраткерлерінің тұлға болып қалыптасуына ықпалын анықтау. *Нәтижелер.* Мақалада архив деректері бойынша Орынбор оқу округіне қарасты ерлер гимназиясының XX ғасырдың басында білім алған Алаш қайраткерлері зерттелді. Гимназияда қазақ балалары пансионда тұрып, орыс, грек, латын, француз, неміс, тілдерін меңгерді, логика, алгебра, геометрия, тарих, география пәндерін оқып, сынақ тапсырды. Олар барлық күш-жігерін білім алуға жұмсады. Қабілеттерінің, сабақтарға үнемі қатысуының арқасында жақсы білім нәтижелеріне қол жеткізді, білім қорын жинақтады, қоғамдық ортада өздерін ұстауға,



жауапкершілік, еңбекқорлық, адалдық, адамгершілік қасиеттерді бойларына сіңірді. *Қорытынды.* Орынбор ерлер гимназиясы арқылы Алаш қайраткерлері болашаққа жолдама алды. Жоғары оқу орындарына түсіп, мамандық алды. Олар өз замандарынан озық ойлы, білімді, мәдениетті тұлға ретінде еліне адал қызмет етті.

Түйін сөздер: Орынбор, гимназия, оқу округі, тәлімгер, пансион, сынып, сабақ, үлгерім, куәлік, Алаш

Алғыс айту. Мақала Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің «Алаш қозғалысының жетісулық қайраткерлері: тағдырлары және мұрасы» тақырыбындағы гранттық қаржыландыру жобасын жүзеге асыру аясында орындалды (жеке тіркеу нөмірі: АР 14872226).

Дәйексөз үшін: Мұхатова О.Х., Оразов Р.Е. Орынбор ерлер гимназиясы және Алаш қайраткерлері // Отан тарихы. 2024. Т. 27. № 1. Бб. 132-149. (Қаз.) DOI: 10.51943/2710-3994_2024_27_1_132-149

ORENBURG MEN'S GYMNASIUM AND ALASH FOLLOWERS

Orazgul Khasenovna Mukhatova¹, Rashid Eshenovich Orazov²

¹Ch.Ch. Valikhanov Institute of History and Ethnology
(28, Shevchenko Str., 050010 Almaty, Republic of Kazakhstan)
Doctor of Historical Sciences, Professor, chief researcher
<https://orcid.org/0000-0002-8613-7248>. E-mail: Orazgul7@rambler.ru

²Ch.Ch. Valikhanov Institute of History and Ethnology
(28, Shevchenko Str., 050010 Almaty, Republic of Kazakhstan)
Master of humanities, senior researcher
<https://orcid.org/0000-0002-5473-2050>. E-mail: r.o.e@mail.ru

Abstract. Introduction. In the 19th and early 20th centuries, provincial schools, or gymnasiums, were opened in Russia for secondary education, the completion of which gave the right to enter higher educational institutions (universities) and serve in various institutions. Such educational institutions became famous not only for their teaching methods, but also for their education. One of the secondary educational institutions operating in the Kazakh steppe was the Orynbor men's gymnasium, which opened in 1868. A charitable foundation was organized among the residents for the opening of a gymnasium and the construction of an educational building. From this fund, scholarships were awarded to Kazakh children. Such Alash workers as Abubakir Aldiyarov, Salimgerey Nuralykhanov, Gali (Kali) Ibragimov, Gali-Akhmet Aryngaziev studied in this gymnasium. *Goals* – determine the history of the opening of the Orenburg Men's Gymnasium, the rules for admitting students to the educational institution and boarding school, its teaching staff, potential and features; study the education in the gymnasium and the employment of Alash workers; analyze the performance of Kazakh children, the procedure for taking tests, reasons for absenteeism, characteristics of graduates according to the list of students in grade VIII; determine the influence of the gymnasium on the formation of the personality of Alash figures. *Results.* The article uses archival data to study Alash workers who studied at the men's gymnasium at the beginning of the 20th century, which was subordinate to the Orenburg educational district. In the gymnasium, Kazakh children lived in a boarding house, studied Russian, Greek, Latin, French, German, studied logic, algebra, geometry, history, geography and passed tests. They put all their strength and effort into getting an education. Thanks to their efforts, abilities, and regular attendance at classes, they achieved good results in their studies, accumulated



knowledge, learned to behave in a public place, and they absorbed such moral qualities as responsibility, hard work, and honesty. *Conclusions.* Through the Orenburg men's gymnasium, Alash figures received a ticket to the future. We entered higher educational institutions and received a specialty. As smart, educated and cultured individuals, ahead of their time, they faithfully served their country.

Keywords: Orenburg, gymnasium, educational district, student, boarding school, class, lesson, academic performance, certificate, Alash

Acknowledgements. The article was prepared within the framework of the grant financing project of the Ministry of Science and Higher Education of the Republic of Kazakhstan «Zhetysu figures of the Alash movement: destinies and heritage» (Registration number AP 14872226).

For citation: Mukhatova O.Kh., Orazov R.E. Orenburg men's gymnasium and Alash workers // Otan tarikhy. 2024. Vol. 27. No. 1. Pp. 132-149. (In Kaz.). DOI: 10.51943/2788-9718_2024_27_1_132-149

ОРЕНБУРГСКАЯ МУЖСКАЯ ГИМНАЗИЯ И ДЕЯТЕЛИ АЛАШ

Оразгуль Хасеновна Мухатова¹, Рашид Ешеневич Оразов²

¹Институт истории и этнологии имени Ч.Ч. Валиханова
(д. 28, ул. Шевченко, 050010 г. Алматы, Республика Казахстан)
Доктор исторических наук, профессор, главный научный сотрудник
<https://orcid.org/0000-0002-8613-7248>. E-mail: Orazgul7@rambler.ru

²Институт истории и этнологии имени Ч.Ч. Валиханова
(д. 28, ул. Шевченко, 050010 г. Алматы, Республика Казахстан)
магистр гуманитарных наук, старший научный сотрудник
<https://orcid.org/0000-0002-5473-2050>. E-mail: r.o.e@mail.ru

Аннотация. *Введение.* Ресей империясында В XIX-начале XX века в России открылись губернские училища, или гимназии для получения среднего образования, окончания которых давало право поступать в высшие учебные заведения (университеты), служить в различных учреждениях. Такие учебные заведения прославились не только методикой обучения, но и воспитанием. Одним из средних учебных заведений, работавших в казахской степи, была Орынборская мужская гимназия, открывшаяся в 1868 году. Среди жителей был организован благотворительный фонд для открытия гимназии и строительства учебного здания. Из этого фонда были назначены стипендии казахским детям. В этой гимназии учились такие деятели Алаш, как Абубакир Алдияров, Салимгерей Нуралыханов, Гали (Кали) Ибрагимов, Гали-Ахмет Арынгазиев. *Цель и задачи исследования* – определить историю открытия Оренбургской мужской гимназии, правила приема учащихся в учебное заведение и пансион, ее преподавательский состав, потенциал и особенности; изучить получение образования в гимназии и трудоустройства деятелей Алаш; анализировать успеваемости детей-казахов, порядок сдачи зачетов, причины прогулов, характеристики выпускников согласно списку учащихся VIII классов; определить влияние гимназии на формирование личности деятелей Алаш. *Результаты.* В статье по архивным данным изучены деятели Алаш, обучавшиеся в мужской гимназии в начале XX века, которая подчинялась Оренбургскому учебному округу. В гимназии казахские дети жили в пансионе, изучали русский, греческий, латынь, французский, немецкий языки, изучали логику, алгебру, геометрию, историю, географию и выдерживали испытания. Все свои силы, старание



они вложили в получение образования. Благодаря стараниям, способностям, регулярному посещению занятий они добились хороших результатов в учебе, накопили знания, научились вести себя в общественном месте, они впитали в себя такие моральные качества как ответственность, трудолюбие, честность. *Выводы.* Через Оренбургскую мужскую гимназию деятели Алаш получили путевку в будущее. Поступили в высшие учебные заведения и получили специальность. Как умные, образованные и культурные личности, опередившие свое время они верно служили своей стране.

Ключевые слова: Оренбург, гимназия, учебный округ, воспитанник, пансион, класс, урок, успеваемость, свидетельство, Алаш

Благодарность. Статья подготовлена в рамках реализации проекта грантового финансирования Министерства науки и высшего образования Республики Казахстан «Жетысуские деятели движения Алаш: судьбы и наследие» (регистрационный номер: AP 14872226).

Для цитирования: Мухатова О.Х., Оразов Р.Е. Оренбургская мужская гимназия и деятели Алаш// Отан тарихы. 2024. Т. 27. № 1. С. 132-149. (На Каз.) DOI: 10.51943/2788-9718_2024_27_1_132-149

Кіріспе. XIX ғасырдың соңында Орынборда ашылған ер балалар гимназиясы өлкедегі оқу-ағартудың дамуына және жергілікті халық өкілдерінің білім алуына қолайлы жағдай тудырды. Гимназияның Орынбор оқу округіне қаратылуы оны қаржылай, мамандармен, құралдармен, т.б. қамтамасыз ету мәселелерін шешуді жеңілдетті. Орынбор губерниясы тұрғындарының жеткіншек ұрпақтың білім алуы үшін қайырымдылық қорын құруы қазақ балаларының орта білім алуына айтарлықтай көмегін тигізді. Архив құжаттары XIX ғасырдың соңы – XX ғасырдың басында гимназияда Әбубәкір Алдияров, Сәлімгерей Нұралыханов, Ғали (Қали) Ибрагимов, Есмұрат Айшуақов, Сүлеймен Ибрагимов, Әбубәкір Сейдалин, Мәжит Шомбалов, Ахмет Арынғазиев, Оспан Бөлітіріков, Әбубәкір Балғымбаев, Иса Қисықов, Қарасай Қойайдаров, Нұрмұхамед Калменов, Өтеген Бөлебаевтың оқығанын дәйектейді. Гимназияда балалар шәкіртақыға оқыды. Оқу орны қазақ балаларының білімдерін ары қарай жалғастыруына мұрындық болды. Ерлер гимназиясы орынборлық қазақ жастарының ұлтжанды, халқының азаттығын қара басының қамынан жоғары қоятын тұлға ретінде қалыптасуына әсер етті. Олар бірнеше шет тілдерін оқып, орыс тілін еркін меңгерді. Ресеймен тағдырын қосқан елдің болашағы мәдениет пен ғылымда екендігін байқаған жастар терең білім алуды, көзі ашық, көкірегі ояу азамат болуды көздеді. Осындай мақсатқа қол жеткізудің бастамасы Орынбор ерлер гимназиясындағы алған білімдері еді. Танымалдығы өлкеге жайылған оқу орнында білім алып қана қоймай, қоғамдық өмірді таныды, орын алған оқиғалар мен үдерістерді түсінуге ұмтылды. Қазақ жастары, соның ішінде Әбубәкір Алдияров І дүние жүзілік соғыс басталған кезде Ә. Бөкейхановтың Земство Одағына көмек ретінде оқыған, жоғары білімді жас азаматтарға арнаған үндеуін қабыл алды. Ол қара жұмысқа алынған қазақтар арасында дәрігер болып жұмыс істеді. Орынборлық гимназистер XX ғасырдың бас кезіндегі ұлт-азаттық қозғалыстың белсенді мүшелері ретінде Қазақ елінің тәуелсіздігі үшін күреске араласты. Алашорда үкіметінің мүшелігіне және мүшелікке кандидат болып тағайындалды. Алашорданың Қостанай уезі комитетінің төрағасы және Торғай облысы комитетінің мүшелері ретінде өлкенің қоғамдық-саяси, әлеуметтік-экономикалық, мәдени өмірінің түйткілдерін шешті. Осы орайда Орынборлық Алаш қайраткерлерінің білім алудағы өмірлік белестерін зерттеу көкейкесті болып табылады. Орынбор ерлер гимназиясындағы оқу үдерісін зерделеудің қазіргі білім беру жүйесін жетілдірудегі маңызы дау тудырмайды. Отандық тарих ғылымында алаштықтардың



Орынбор ерлер гимназиясында білім алу тарихының арнайы зерттеу нысанына айналып, іргелі еңбектерді былай қойғанда салмақты ғылыми мақалалардың жарияланбауы тақырыптың өзектілігін арттыра түседі.

Материалдар мен әдіс-тәсілдері. Ресей Федерациясы Орынбор облыстық біріктірілген мемлекеттік архивінде сақтаулы 79-қоры «Орынбор ерлер гимназиясы» деп аталады. Бұл қорда Орынбор ерлер гимназиясында білім алған жүздеген балалармен қатар қазақ өрендеріне қатысты құжаттар сақтаулы. Деректер түрі жағынан іс жүргізу құжаттары болып табылғанымен гимназияның қызметі және тәлімгерлердің күнделікті өмірінен мол мәлімет береді. Құжаттардан балалардың туған жылдарын, жерлерін, гимназиядан бұрын білім алған оқу орындарын, пансионда тұрғандарын, оқыған пәндерін, үлгерімін, гимназиядан кету себептерін, мінез-құлқын, алған куәліктерін және т.б. білуге болады. Алайда гимназияда оқыған қазақ балалары, соның ішінде болашақ Алаш арыстары туралы шынайы тарихи білім қалыптастыру үшін деректерді деректанулық талдаудан өткізу қажеттілігі айқын байқалады.

Орынбор ерлер гимназиясында білім алған қазақ балаларының оқу орнындағы өмірі мен күнделікті тұрмыс-тіршіліктерін өркениеттік даму тұжырымдамасы ауқымында зерделеу ұтымды (Сорокин, 1992). Білім алуды адамның рухани құндылықтарының бастысы ретінде қарастыруда өркениеттілік баламасыз бағыт болып саналады. Сонымен қатар балалардың күнделікті өмірін зерттеуде Э. Гуссерльдің «өмірлік әлем», М. Блок, Л. Феврдің, А. Людткенің күнделікті өмір тарихы («Alltagsgeschichte») күнделікті өмір тарихы, Ф. Бродельдің (Бродель, 1986) адамның күнделікті тұрмысын зерделеу бағыттары мен теориялары қолданылды. Болашақ Алаш қайраткерлерінің гимназиядан басталған тұлға болып қалыптасу үдерісін анықтауда феноменологиялық (Гуссерль, 2008) бағыттың маңызы зор. Сондай-ақ мәселені ұлттық мүдде тұрғысынан қарастыру Орынбор ерлер гимназиясында оқыған өрендердің қазақ халқының тәуелсіздігі үшін азаттық күреске белсене араласуына шынайы баға беруге қолайлы.

Артур Онкен Лавджойдың (Лавджой, 2001) эпистемология және идеялар тарихын зерттеу бағыты орынборлық Алаш қайраткерінің қоғамдық-саяси көзқарастарын зерттеуде тиімді. Э. Эриксонның (Эриксон, 1996) және Эрих Фроммның (Фромм, 2008) тұлғаның даму теориялары орынборлық алаштықтардың ғұмыр белестерін анықтауға көмегін тигізеді. Аталған ғылыми бағыттарды тарих ғылымының тарихилық, объективтілік және әлеуметтік зерттеу қағидаларымен ұштастыра отырып қолдану тақырыпты тарихи тұрғыда, хронологиялық ретте, сабақтастықта, ер балалардың әлеуметтік ортасын зерделеуге мүмкіндік береді.

Зерттеу қағидалары талдау, жүйелеу, жалпығылыми индуктивті, дедуктивті және ретроспективтілік, салыстырмалы-тарихи, баяндау, сипаттау, қорыту әдістерімен тығыз байланыста қолданылды.

Талқылау. Ондаған жылдар бойы «жабық» тақырыптар қатарынан орын алған Алаш қозғалысы тарихын терең зерделеген сайын оның әлі де ашылмаған қырларының көп екендігіне көз жеткізіліп келеді. Зерттелуге тиіс мәселелердің бірі Орынбор ерлер гимназиясында білім алған Алаш қайраткерлерінің балалық шағы екендігі дау тудырмайды, себебі осы тұрасында іргелі еңбектерді былай қойғанда ғылыми мақалалардың өздері жарық көрмеген. Интернет ресурстарында бұрын жарияланған еңбектерден үзінді немесе шолу ғана орын алған. К.Нұрпейістің (Нұрпейіс, 1995.) Алаш қозғалысына арналған еңбегінде орынборлық гимназия тәлімгерлерінің есімдері ғана аталады. М. Қойгелдиев өзінің іргелі зерттеуінде (Қойгелдиев, 1995: 264) Әбубәкір Алдияровқа біршама тоқталады. Ғалым өзінің «Ұстанымы биік зиялы» атты мақаласында (Қойгелдиев, 2016) Әбубәкір Алдияровтың әкесі туралы жазған. Алаш арысы Әбубәкірдің саяси қуғын-сүргінге түсуін, тағдырын, азаматтық ұстанымын



ашады. Медицина саласы зерттеушілерінің қазақтың тұңғыш дәрігерлері туралы ақпарат беретін еңбектері жарық көрді. Солардың арасында Алаш қозғалысының белді мүшелері болған дәрігерлер жөнінде жазылған зерттеулер ерекшеленді. Ә.Х. Досахановтың «Біріншілер: Алаш дәрігерлері» (Досаханов, 2020) атты екі томдық еңбегінің 1-томында Ә. Алдияровтың, Ғали-Ахмет Арынғазиевтің өмірі мен дәрігерлік қызметі көрсетіледі. А. Әлжанов, Ә. Шокин, Ә. Досахановтың бірлескен еңбегінде (Әлжанов, 1984) алғашқы қазақ дәрігерлерінің ғұмыры және денсаулық сақтау жолындағы еңбектері баяндалады. С.Ордабековтың мақаласында (Ордабеков, 2020) қазақтан шыққан тұңғыш дәрігерлер туралы айтылса, Н.Қ. Оташева орынборлық Алаш қайраткерлеріне қысқаша тоқталады. Сонымен қатар «Қазақстан». Ұлттық энциклопедияда (Ұлттық энциклопедия, 1998: 264) және «Алаш. Алашорда» атты энциклопедияда (Ғ.Әнес, 2009) Ә. Алдияров туралы қысқаша мәлімет берілген.

«Қаһарлы 1916 жыл» атты құжаттар мен материалдар жинағынан (Қаһарлы 1916 жыл, 1998) Ә. Алдияровтың I дүниежүзілік соғыс кезінде майданның қара жұмысында дәрігерлік қызмет еткенін, Ыбырай Алтынсариннің үш томдық шығармалар жинағының үшінші томында (Алтынсарин, 1978) Әбубәкір Алдияровтың атақты ағартушының шәкірті болғандығын дәйектейтін деректер көрініс тапқан.

Ресейлік тарихнамада Орынбор губерниясындағы тұңғыш білім беру мекемелері, XIX ғасырдағы білім беру мекемелері жүйесінің дамуы, алғашқы орта оқу орындары тарихына арналған еңбектер жеткілікті. Дегенмен Орынбор ерлер гимназиясы арнайы зерделенген зерттеулер орын алмаған. Тек В.С.Болодуриннің монографиясында (Болодурин, 2001) Орынбор ерлер гимназиясы қысқаша сипатталады.

Зерттеу нәтижелері. Орынбор ерлер гимназиясының ашылуы. Ресей империясы XIX-XX ғасырдың басында орта білім беретін оқу орындарын: губерниялық училищелер немесе гимназияларды ашты. Мұндай оқу орындарының ашылуына патша үкіметі ғана емес қазақтар да мүдделі болды. Империяның мақсаты бір жағынан жергілікті билік орындарына қажетті орыс емес халық өкілдерінен төменгі шендегі мамандарды даярлау, өздеріне көмек көрсететін әлеуметтік топты қалыптастыру болса, екінші жағынан орта оқу орындарын бітіргендерге жоғары оқу орындарына (университеттерге) түсуге мүмкіндік тудырды. Ал қазақ халқы XIX ғасырда Алаш қайраткері Отыншы Әлжановтың сөзімен айтқанда, «өнер, ғылымнан артық нәрсенің болмайтындығына, оларды білген кісінің азбайтындығына да, тозбайтындығына, өнерпаз, ғылымы бар адамдардың қандай жағдай тумасын күнін көретіндігіне» (Әлжанов, 2004) көз жеткізе бастады. Сондықтан да адамзаттың басты құндылықтарының бірі ғылым мен білімге ұмтылды. Жай ғана ағартушылық емес жаңаша білім алуға бет бұрды. Себебі молладан білім алған балаға қарағанда орыс-қазақ мектептерінде, гимназияларда оқығандардың болашағының жарқын болатындығы уақыт өткен сайын айқын сезіле түсті.

Гимназиялар ер және қыз балаларды оқытуға арналды. Қазақ даласында осындай бірнеше гимназиялар жұмыс істеді. Солардың бірі - 1868 жылы ашылған Орынбор ерлер гимназиясы. Орынборда ерлер азаматтық гимназиясын ашу мәселесін 1865 жылы Орынбор губерниялық қала мәртебесін алған кезде генерал-губернатор Н.А. Крыжановский мен Қазан оқу округінің сенімді өкілі Шестаков көтерді (Оренбургский исторический календарь, 1903:83). Ал Жетісу жерінде дәл осындай орта оқу орны – Верный ерлер гимназиясы араға сегіз жылдай уақыт салып, 1876 жылдың 1 қыркүйегінде Түркістан өлкесінің тұңғыш генерал-губернаторы Константин Петрович Кауфманның өтініші бойынша ашылды. Орынбор губерниясының тұрғындары арасында гимназия ашу және оқу ғимаратын үшін қайырымдылық қоры ұйымдастырылды. Гимназиялардың ашылуы жергілікті көшпелі халықтың



балаларының орта білім алуына және одан әрі оқуын Ресей империясының университеттерінде жалғастыруға жол ашты.



Фото 1. Орынбор ерлер гимназиясының сыртқы көрінісі. Дерек: <https://koyrakh.livejournal.com/>
[Foto 1. Exterior view of the Orenburg men's gymnasium. (<https://koyrakh.livejournal.com/>)]

Ер балалар гимназиясы 1874 жылға дейін Қазан оқу округінің, ал 1874 жылдың мамыр айынан 1918 жылға дейін Орынбор оқу округінің қарамағында болды (ООБМА, 79-қ. 1-т. 2-іс, 1-п). 1804 жылы 5 қарашада император І Александр бекіткен жаңа «Университеттерге қарасты оқу орындарының Жарғысына» сәйкес Ресей империясының аумағы алты оқу округіне бөлінді. Олардың әрқайсысын округтің және университеттің сенімді өкілі (попечитель) басқарды. Орынбор губерниясының аумағы Қазан оқу округіне қаратылды. Округ Қазан қаласында І Александрдың университет ашу туралы бекіткен грамотасымен және Жарлығымен ашылды. Округтің сенімді өкілі де осы университетте болды.

1874 жылы 18 мамырда Орынбор оқу округі құрылды. Округтің құрамына заманауи Башқұртстан, Орынбор, Перм, Свердлов, Челябин, Қостанай, Ақтөбе, Орал облыстарының аумағында орналасқан оқу орындары енгізілді. Оқу округінің жеке басылымы «Орынбор оқу округінің хабаршысы» (Вестник Оренбургского учебного округа) ХІХ ғасырдың екінші жартысы ХХ ғасырдың бас кезінде тұрақты түрде шығарылып тұрды. Оның беттерінде округтің қызметі, білім беруге қатысты материалдар, ақпарат, хабарлама және т.б. басылды. 1874 жылы губернияның уездік және халықтық төменгі училищелері Орынбор-Ор аудандық халықтық училищелерінің инспекторының қол астына қаратылды. 1875 жылдан бастап Ресей Халық ағарту министрі граф Д.А. Толстойдың бастамасымен және 1872 жылдың 31 мамырындағы «Қалалық училищелер туралы Ережеге» сәйкес Ресей империясында уездік училищелерді тұрғындарының санына қарай бір, екі-үш, төрт сыныптық қалалық училищелерге айналдыру басталды (ООБМА, 77-қ. 1-т. 381-іс, 3-п). Осы Ереженің оныншы пунктіне сәйкес үш сыныптық училищелердің әрбір сыныбында екі жылдық курстар ашылды. Осылайша үш сыныптық училищелерде оқу мерзімі алты жылды құрады. Орынбордағы 1-ші үш сыныптық училищедегі - ерлер гимназиясындағы оқу ұзақтығы дәл осындай болып белгіленді. Қазақ балаларының басым көпшілігі білім алуды даярлық сыныптарынан бастады. Бұл сыныптың өзі екі курстан тұрды. Осылардың барлығын қосқанда қазақтар гимназияларда сегіз жыл оқыды.

Пансионда тұру ережесі және гимназияның әлеуеті. 1877 жылы дайындық сыныбына оқуға қабылданған қазақ балаларына арналған пансион ашылды. Пансионға қабылданған әрбір оқушының әкесі міндеттемеге қол қойды. Міндеттеме он пунктен тұрды. Оның алғашқы тармақшасында гимназиядағы оқу ақысының уақытында, жылына екі рет қаңтар-ақпан және шілде-тамыз айларында жарты жыл бұрын



алдын-ала төленіп қойылуы тиіс екендігі, олай болмаған жағдайда тәлімгердің оқудан шығарылатыны қадап жазылған. Екінші тармақшасында демалыс, мейрам күндері тәлімгердің қатаң бақылауға алынатындығы, сұранып кеткен жағдайда өзін гимназияның моральдық және арнайы ережелеріне сай лайықты ұстауы, белгіленген нысанда киініп жүру қажеттілігі айтылған. Әкелері балалары мейрам күндері демалысқа шығу үшін өтініш жазуға міндетті болған. Мәселен, Ақтөбе уезі Бөрте болысы №2-ауылының тұрғыны Мұхамеджан Ибрагимов ұлдары Сүлеймен және Ғали Ибаргимовтерді Құрбан айт мейрамына байланысты демалысқа шығуларын сұрап, 1898 жылы 15 ақпанда гимназия директорының атына өтініш жазған (ООБМА, 79-қ. 1-т. 31-іс, 5-п).

Міндеттеменің үшінші тармақшасында концерт, театр, цирк тәрізді қоғамдық орындарға балалардың ата-анасымен немесе қамқоршысымен баруға, келеңсіз жағдайлардан алыс жүруге тиіс екендіктері көрсетілген. Науқастанып қалған немесе басқа да жағдайлар орын алған кезде шұғыл гимназия басшылығына хабар беру қажеттілігі төртінші тармақшада айтылды (ООБМА, 79-қ. 1-т. 31-іс, 246-п).




Фото 2. Пансионерлерге арналған міндеттеме. Дерек: ООБМА, 79-қ. 1-т. 54-іс, 118-п.
[Foto 2. A commitment for boarders (United State Archive of the Orenburg Region. F. 79. D. 54. L. 118.)]

Бұл міндеттеменің Верный ерлер гимназиясы жанындағы бұратаналарға арналған оқушылар пәтерінде, яғни пансионда тұрудың 1877 жылы 19 мамырда Түркістан генерал-губернаторы бекіткен ережеден айтарлықтай айырмашылығы болды. Ереже он тармақшадан тұрғанымен мазмұны жағынан ерекшеленді. Бұл ережеде пансионның халық ағарту ісіне қазақтардың ерікті қайырымдылықтары есебінен қамтамасыз етілетіндігі, гимназияда оқитындардың және оған үміткер ретінде дайындалып жатқандардың пәтерде тегін, қазына есебінен тұратындығы, онда тұратын оқушының жасы алтыдан кіші және оннан үлкен емес, дені сау болуы тиістігіне баса назар аударылған еді.

1912 жылдың 25 маусымындағы «Жоғары бастауыш училищелер туралы Ереже» бойынша қалалық училищелер жоғары бастауыш училищелері болып қайта құрылды. Ережеге сәйкес өлкедегі Верный, Орынбор тәрізді қалалардағы ер балаларға арналған гимназиялар өз жұмыстарын табысты түрде жалғастырды. Осы гимназияларда бірқатар Алаш қайраткерлері білім алды. Орынбор ерлер гимназиясы білікті оқытушылық құрамымен ерекшеленді. Гимназия қабырғасында 1894 жылы университеттер мен филология институттарын бітірген 13 мұғалім, орта оқу орындарын - 2, теологиялық



семинарияны - 1, шетелдік оқу орындарын - 1 ұстаз еңбек етті. Верный ерлер гимназиясына қарағанда оның іргелі және оқушыларға арналған үш кітапханасынан өзге дене шынықтыру, тарих, жаратылыстану кабинеттері сапалы білім беруге септесті. Жыл сайын 46 атаудағы мерзімді басылымдарға жазылу жүргізілді. Осыдан-ақ кітапханалар қорының молдығы және оқу үдерісінің қажетті әдебиеттермен қамтамасыз етілу деңгейі байқалады. Басқару жүйесіне бірнеше қоғамдық бірлестіктер, сенімді адамдар, педагогикалық кеңестер, шаруашылық комитеті енді. XIX ғасырдың екінші жартысы XX ғасырдың басы аралығында Орынбор ерлер гимназиясы аймақтағы азаматтық орта білім беретін озық оқу орны ретінде танымал болды (Научно-справочное издание, 2019: 397-398). Онда білім беру классикалық сипатта жүрді. Классикалық білім беруге сәйкес ежелгі тілдер (грек, латын және т.б.), Құдай заңы, әдебиет және математика оқытылды. Бірінші дүниежүзілік соғысқа дейін Орынборда екі мемлекеттік ерлер гимназиясы болған. Екінші Орынбор ерлер гимназиясы 1914 жылы ашылды. Бастапқыда гимназияның төрт сыныбы Орынбор реалды училищесінің, бесінші сыныбы бірінші ерлер гимназиясының (1868 жылы ашылған Орынбор ерлер гимназиясы кейде осылай аталды) 1-ші ғимаратында орналасты. Алғашқы гимназия, мұғалімдердің біліктілігі, материалдық-техникалық базасы, салт-дәстүрі жағынан көш бастап тұрды. 1917 жылға дейін классикалық оқу бағдарламасы бойынша білім берген гимназиялар тәлімгерлерге оқуларын университеттерде жалғастыруға мүмкіндік берді.

Орынбор ерлер гимназиясының мұғалімдері жыл бойына сабақтан тыс оқу-тәрбие жұмыстарын ұйымдастырып, жүйелі түрде өткізіп отырды. Оқу орнының танымалдығы онда өткізілген әдеби-музыкалық кештер арқылы артты. Тәлімгерлер қалалық іс-шараларға белсенді араласты. Өртістердің өнер көрсетулері, атақты адамдармен кездесу ұйымдастыру дәстүрге айналды. Мәселен, 1891 жылы Жапонияға сапарынан қайтар жолында болашақ император II Николай гимназияға арнайы тоқтаған.

Гимназия оқушыларының әлеуметтік және діни құрамы әркелкі болды. Мұнда мұсылмандармен, православие дінін ұстанушылармен қатар өзге де сенімдегі балалар білім алды. Оқу орны жанында православие шіркеуі жұмыс істеді. Гимназия мен пансионат қазынадан, студенттердің жарналарынан және жеке тұлғалардың қайырымдылықтарынан қаржыландырылды. Гимназияның коммерциялық банкте жеке есепшоты болды (Болодурин, 2001: 20). Дегенмен оқу орнында тән өзіндік ерекшеліктер орын алды. Гимназиядағы жеткіншектердің оқу үлгерімі үнемі жоғары бола бермеді, өйткені оған түрлі әлеуметтік топ өкілдерінің балалары қабылданды. Балалардың кейбіреулерінің гимназияға дейінгі білімі қанағаттанарлық болса, енді біреулерінің бастауыш білімі төмен деңгейде тұрды. Баланы гимназияға қабылдауда орыс тілінен білімі тексерілген. Ауылдан келген, оған дейін бірде-бір орысша сөз білмейтін баланың орыс тілінде білім алуы оңайға түспеген. Гимназияға дейін орыс тілін білетін қазақ балалары сирек кездесті. Оқуға қабылданғандардың қабілеті де әртүрлі болғандығы да хақ. Сондықтан да курста қалдыру, оны қайта оқу, әсіресе дайындық сыныбын қайта оқу, сынақ, емтихан тапсыруда қанағаттанарлықсыз бағалар алу қалыпты, қарапайым оқиғалар ретінде саналды.

Әбубәкір мен Сәлімгерейдің білім алуы. Егер Верный ерлер гимназиясында жүзден аса қазақ балалары білім алса, Орынбордағы оқу орнында олардың саны көп болмады. XIX ғасырдың соңы - XX ғасырдың басында гимназияда Әбубәкір Алдияров, Сәлімгерей Нұралыханов, Ғали (Қали) Ибрагимов, Есмұрат Айшуақов, Сүлеймен Ибрагимов, Әбубәкір Сейдалиев, Ғали-Ахмет Арынғазиев, Оспан Бөлтіріков білім алса, архив құжаттары 1910 жылы Әбубәкір Балғымбаевтың, Иса Қисықовтың, Қарасай Қойайдаровтың, Нұрмұхамед Калменовтың, Өтеген Бөлебаевтың оқығанын дәйектейді.



Орынбор ерлер гимназиясына алғашқылардың бірі болып қабылданғандардың қатарында Әбубәкір Алдияров болды. Алайда оның гимназиядағы күнделікті өміріне, тәртібіне, оқу үлгеріміне қатысты құжаттар, кондуитті, яғни жеке айып парақшасы архив қорларында сақталмаған. Әбубәкір туралы ақпаратты 1899 жылы гимназияны тәмамдауға байланысты сынақтарға кіргізуді өтінген VIII-сынып оқушыларының тізімі берілген құжаттан табуға болады (ООБМА, 79-қ. 1-т. 39-іс, 38-50-п). Тізімнен Ә. Алдияровтың сыныптағы 22 оқушының ішінде екі қазақтың бірі болғанын анық көрінеді. Гимназияны тәмамдауға байланысты емтихандарға кіргізуді сұрап Әбубәкір 1899 жылы 5 сәуірде директордың атына өтініш жазған. Гимназия басшылығы бітіруші түлекке емтихандарға кіруге рұқсат беру үшін оның білім алуын, тәртібін, материалдық жағдайын егжей-тегжейлі тексерген. Гимназияда оқушының сабақтарға қатысуы басты назарға алынған. Сол себепті тәлімгердің қатысқан және жіберген сабақтары мұқият тексеріліп, саны айқындалған. Мәселен, 1898-1899 оқу жылында VIII сынып оқушысының сабақтарға қатысу уақытының төменгі мөлшері 708, ал жоғарғысы - 844 сағат болып белгіленген. Себебі балалардың барлығы бірдей шет тілдерін және т.б. қосымша пәндерді оқымаған. Әбубәкірдің қатысуы 675 сағатты құраған. Науқасына байланысты 33 сағатты жіберіп қойған. Дегенмен пайызға шаққанда оның сабақтарға қатысуы 4,8% болған (бұл көрсеткіш 5,0% болуы тиіс). Әбубәкірден де жиі сабақтарға науқастанып қалуына орай бара алмай қалған балалар болды. Солардың бірі - Иван Лебедев, ол 107 сағат сабақ жіберіп алған.

Әбубәкірмен бір сыныпта Сәлімгерей Нұралыханов оқыды. Жастайынан тиянақты, мақсатшыл, зерек Сәлімгерей бар-жоғы 7 сағат қана сабақтардан қалған (ООБМА, 79-қ. 1-т. 39-іс, 37-п). Оқушының сабақтарға тұрақты әрі тиянақты қатысуы жоғары бағаланған. Сондықтан да балалар сабақтардан қалмауға тырысқан, сол себепті гимназия тәлімгерлері себепсіз бірде-бір сабақ жібермеген.

Жоғарыда айтылған құжатта гимназияны тәмамдаушылардың туған жылы, жері, наным-сенімі, білімі, сабақтарға қатысуы, дайындалуы, жазбаша жұмыстарды орындауды, білім алуға қызығушылығы, пәндерден алған бағалары көрсетілген. Әбубәкірдің туған жылы көрсетілмей жасы жиырмада, ал Әбубәкірдің «туған жері - Торғай облысы Николаев уезі Сарыой (Сарай) болысының №6-ауылы, діні - мұсылман, шыққан тегі - құрметті азамат әулеті, тәртібі жақсы, барлық пәндер бойынша сабақтарына тыңғылықты дайындалады» - делінген. Гимназияны бітіріп жатқан тұста Сәлімгерей 21 жаста болған. Хорунжийдің ұлы - Сәлімгерей Астраханда туылған, тәртібі өте жақсы, барлық пәндерге бірдей қызығушылықпен қараған (ООБМА, 79-қ. 1-т. 39-іс, 47-п).

Гимназияның курстары бойынша Әбубәкірдің үлгерімі мынадай болған: Құдай заңдары, география – 5, тарих – 4, орыс, неміс, француз 6 латын, грек тілдері, логика, математика, физика, математикалық география – 3, жалпы үлгерімі – 3,5 (ООБМА, 79-қ. 1-т. 39-іс, 38-қ.п 39-п). Архив құжаттары дәйектейтіндей, Орынбор ерлер гимназиясында балалар орыс тілінен өзге төрт шет тілін оқып, меңгерген. Ал заманауи гимназиялар екі шет тілін оқытумен шектеледі. Мұның өзі XIX ғасырдың соңы XX ғасырдың басында орта білім алуға қойылған талаптың өте жоғары болғандығынан хабар береді. Сәлімгерей Құдай заңдарынан – 5, латын, француз, тарих, география – 4, орыс тілі, логика, математика, физика, математикалық географиядан – 3 алған, жалпы үлгерімі – 3,6 бағаны құраған. Ол неміс және грек тілдерін оқымаған.

Әбубәкірге әдебиет пәнінен емтихан сұрақтары драма туралы түсінік. Драмаға қатысты талаптар. А.Пушкиннің «Скупой рыцарь» драмасының мазмұнын ашуды талап еткен 20-билет келген. Сәлімгерей осы пәннен сынақта әдебиет туралы түсінікті ашып, әдебиетті теориялық және тарихи тұрғыда зерттеуді, әдебиет теориясының жалпы және



жеке бөліктерін көрсеткен. Карамзиннің «Татарлардың Киевті қоршауы және басып алуы» шығармасынан үзіндіні талдап, Ломоносовтың «Кешкі ой толғауларын» жатқа айтуға тиіс болған. Сынақ комиссиясының шешімімен екі оқушыға да қанағаттанарлық деген балл қойылған (ООБМА, 79-қ. 1-т. 39-іс, 188-190-п).

Әбубәкір математика пәнінен курьерлер туралы есеп; түзудің жазықтыққа перпендикулярлық белгісі теоремасы сауалдары бар билетке жауап беріп, аттестациялық комиссия оны қанағаттанарлық деп бағаланған. Сәлімгерейдің бөлшек көрсеткіші бар шамаларға амалдар сұрағына берген жауабы өте жақсы деп бағаланған. Екінші үшбұрыштың жазық бұрыштарының қасиеттері сұрағына бойынша «жақсы» деген баға алған (ООБМА, 79-қ. 1-т. 39-іс, 190-қ.п). «Жақсы» деген қорытынды балл қойылған. Сынақ билеті екі сұрақтан тұратындықтан қорытынды баға екі жауапқа ортақ балл түрінде қойылған. Сұрақтар пәндер бойынша сынақтың күрделі әрі қиын болғанын аңғартады. Жазбаша түрде қабылданған емтихандардың ұзақтығы бір жарым сағатқа созылған. Оқушылардың жазба жұмыстарына пән мұғалімінен өзге оқытушы сын пікір берген. Мұның өзі оқушылардың жазбаларын тексеруде «бармақ басты, көз қысты» әрекеттердің мүлде орын алмаған дегенді білдіреді.

Сәлімгерей мен Әбубәкір әскери гимнастика пәніне қатысып, одан «жақсы» деген баға алған. Бір таңқаларлығы бұл пәннен 22 оқушының ешқайсысы «өте жақсы» деген баға алмаған, 15 оқушы «жақсы», 7-еуі қанағаттанарлық білім деңгейін көрсеткен (ООБМА, 79-қ. 1-т. 39-іс, 58-п).

Ә.Алдияров пен С. Нұралыхановқа орта білім куәліктері табысталған. Дәл осындай қалыптағы куәлік гимназияны тәмамдаған барлық оқушыларға берілген.




Фото 3. Ә. Алдияровтың орта білім туралы куәлігі. Дерек: ООБМА, 79-қ. 1-т. 39-іс, 59-п.
[Foto 3. A. Aldiyarov's certificate of maturity (United State Archive of the Orenburg Region.
F. 79. D. 39. L. 59.)]

Гимназияны бітіруші Әбубәкір Алдияров жоғары білім алу мақсатында Қазан императорлық университетінің медицина факультетін (ООБМА, 79-қ. 1-т. 39-іс, 59, 170-171-п) таңдаған. Гимназияның ережесіне сәйкес директор бітіруші түлектің таңдаған жоғары оқу орны ректорының атына хат жазып, тәлімгерге мінездеме және гимназияны бітіргені туралы куәлік берген.




Фото 4. Ә. Алдияровка берілген куәлік. Дерек: ТР ҰА. 977-қ. Ж.і -т. 33565-іс. 14-п.
[Foto 4. The certificate issued to Aldiyarov A (National Archives of the Republic of Tatarstan F.977.
Description of personal affairs. D.33565. L.14.)]

1899 жылдың 2 маусымындағы № 644 деп тіркелген Қазан императорлық университеті ректорының атына жазылған хатта бітіруші Ә. Алдияровка берілген мінездемеде оның құрметті азаматтың ұлы, тәрбиелі, әулетті, ауқатты отбасынан шыққаны, материалдық жағынан қамтамасыз етілгені, гимназияға түсер кезде орыс тілінен жақсы білім деңгейін көрсеткені, гимназияда оқыған жылдары пансионда тұрғаны, қазақ балаларына арналған шәкіртақының иесі болғаны баяндалған. «Әбубәкір жолдастарымен және басқа да адамдармен қарым-қатынаста өте инабатты, ешқашан дөрекілік көрсетпейді, тәртібі үнемі үздік, ойлау қабілетінде оғаш ештеңе байқалмайды» (ООБМА, 79-қ. 1-т. 39-іс, 244-п) деген педагогикалық кеңес мүшелерінің жазбасынан болашақ Алаш қайраткерінің тегі, жарқын болмысы, биік тұлғасы анық көрінеді.

Сәлімгерей Нұралыханов Петербор университетінің заң факультетін таңдаған. Осы оқу орны ректорының атына жолданған хатта Халық Ағарту министрлігінің 1887 жылдың 7 маусымындағы циркулярлық өкіміне сәйкес Санкт-Петербург университетінде оқуларын жалғастыруды қалаған Орынбор ерлер гимназиясын бітіруші Герман Галкинге, Сәлімгерей Нұралыхановқа, Владимир Ивановқа, Михаил Бычковқа, Александр Конопасевичке, Владимир Конопасевичке, Николай Павловқа, Анатолий Тимашевке мінездеме беріліп отырылығандығы айтылған (ООБМА, 79-қ. 1-т. 39-іс, 243-п). Мінездемеде «Сәлімгерей Бөкей ордасының қазағы, қайтыс болған хоружний сұлтанның ұлы, Орынбор Неплюев кадет корпусында аздаған білім алған, мұсылман, жасы жиырмада, гимназияда тоғыз жыл оқыды. Зиялы отбасында өскен бала үйінде орыс тілін жақсы білген. Осының және парасаттылығының арқасында гимназиядағы курстар бойынша жақсы көрсеткіштерге қол жеткізді. Бөкей ордасы қазақтарына арналған шәкіртақыны иеленді, пансионда тұрды. Достарымен қарым-қатынаста үнемі әдептілік танытты. Мінезі жұмсақ, көңіл көтеруге бейімділігі байқалады. Тәртібі әрқашан үздік болды. Ойлау қабілетінде және болмысында оғаш қылықтары байқалмады» (ООБМА, 79-қ. 1-т. 39-іс, 245-п), - деп жазылды. Бұл адами сипаттамадан текті отбасынан шыққан Сәлімгерейдің өзге балалармен салыстырғандағы бейнесі, тұлғасы айқын көрінеді.

Гимназиядағы тектілер. 1899 жылы гимназияның алтыншы сыныбын Әбубәкір Сейдалиев бітірген. Осы кезде оқу орнының директоры қызметін А.Н. Сатурнов атқарған. Архив қорында оған алтыншы сыныпты бітіргені туралы куәлік берілгендігін



дәйектейтін құжат сақталған. Куәлікте Ә. Сейдалиннің Құдай заңдарынан 5, тарихтан, герграфиядан – 4, орыс, латын, неміс, француз тілдерінен, математикадан – 3 балл алып, жақсы білім жетістіктеріне қол жеткізген (ООБМА, 79-қ. 1-т. 37-іс. 116-п). Ол 1881 жылы Торғай облысы Николаев уезі Арақарағай болысында дүниеге келген. 1891 жылы Орынбор ерлер гимназиясы дайындық курсының бірінші сыныбына шәкіртақыға оқуға қабылданған. Гимназиядан кейін оқуын Қазан ветеринарлық институтында жалғастыруды көздеген. Қазан ветеринарлық институты директорының 1899 жылы 7 шілдеде Орынбор ерлер гимназиясының директорына хат жазып, Әбубәкір Сейдалин және Сүлеймен Ибрагимовтың аталмыш жоғары оқу орнына қабылдауды өтінгендерін, олардың моральдық, адамгершілік қасиеттері, саяси сенімділіктері жөнінде егжей-тегжейлі мәлімет жіберуін өтінген (ООБМА, 79-қ. 1-т. 37-іс. 216-п).

Алаш арысы Ғали (Қали) Ибрагимовтің гимназияға оқуға түсуіне әкесі Мұхамеджан ықпал еткен. 1891 жылы түскен. Ол баласын шәкіртақымен оқуға қабылдауды өтініп, Торғай облысы әскери губернаторының атына өтініш жазған. Губернатордың 1891 жылы Орынбор ерлер гимназиясы директорының атына жазған хатында шәкіртақыға оқуға Торғай уезі Сарықопа болысының қазағы Бөлтірік Тұрлыбаевтың ұлы Оспанмен бірге Елек уезі Бөрте болысының тұрғыны Мұхамеджан Ибрагимовтың баласы Ғалиді қабылдауды өтінген (ООБМА, 79-қ. 1-т. 54-іс, 116-п). Бұдан кейін Мұхамеджан Ибрагимовтың 1891 жылы 11 қыркүйектегі өтініші бойынша Ғали гимназияның бірінші сыныбына қабылданып, пансионда тұру үшін міндеттемеге қол қойған (ООБМА, 79-қ. 1-т. 54-іс, 117-п).

Архив қорында сақтаулы құжаттарда Ғалидың 1881 жылы Торғай облысында туылғандығы, сабақтардан қалмайтындығы, жақсы дайындалатындығы, жазбаша жұмыстарды тыңғылықты орындайтындығы, сыныпта назарын оқуға салатындығы жөнінде мәліметтер бар. Ғали гимназияны бітіру сынақтарына кіруге рұқсат сұрап, 1901 жылы сәуір айында өтініш берген (ООБМА, 79-қ. 1-т. 54-іс, 29-п). Гимназияда оқыған Құдай заңдарынан өте жақсы, орыс тілі, логика, латын тілі, алгебра, физика, география, тарих, неміс тілі, француз тілі пәндерінен қанағаттанарлық бағалар алған. Емтихандарын сәтті тапсырған Ғалиға ортақ үлгідегі орта білім туралы куәлік берілген (ООБМА, 79-қ. 1-т. 54-іс, 115-п).

Ғали Ибрагимовке берілген мінездемеде оның он жасында гимназияға дайындық сыныбына түспей қабылданғаны, екі рет курста қалдырылғаны, жиырма жасында оқуын тәмамдағаны жазылған (ООБМА, 79-қ. 1-т. 54-іс, 137-п). «Мінезі салмақты, тұйық, бәріне өзінің қажырлы, табанды еңбегі мен ынтасының арқасында қол жеткізеді. Осы қасиеттерінің және сабақтарға тұрақты әрі жинақы түрде қатысуы нәтижесінде гимназияның толық курсын бітіруге дейін жетті. Мұндай қабілет бұратаналардың бәріне бірдей тән емес. Ғ. Ибрагимов білім алу барысында үнемі пансионда тұрды және қазақ шәкіртақысын иеленуші болды. Пансионда да, гимназия қабырғасында да, одан тыс жерлерде де өзін байыпты ұстайды. Мінезі жуас, қарапайым, тәрбиешілер мен оқытушыларына әрқашан құрметпен қарайды. Гимназияның ережелерін ешқашан бұзған емес, ешбір айып, ескерту алмады. Барлық пәндерді игеру оңайға түспегені белгілі, алайда ол барлық күш-жігерін білім алуға жұмсады. Болашағынан зор үміт күттіреді» деген сипаттамадан Ғалидің еңбекқор, білімге, құштар, алдына мақсат қоя білген бозбала болғандығы анық байқалады.

Гимназияны бітірушілердің және ары қарай білім алуларын жалғастыруда түсетін оқу орындары көрсетілген тізімде Ғали Ибрагимов те Әбубәкір Алдияров тәрізді Қазан университетінің медицина факультетін таңдағаны жазылған (ООБМА, 79-қ. 1-т. 54-іс, 85-қ.п). 1936 жылы Ақтөбе облыстық партия комитеті есеп-статистикалық секторының меңгерушісі Широченконың жоғарғы органдарға берген «Алашорда партиясы мүшелерінің» тізімінде Ғ. Ибрагимов 154 адамның қатарында 113-і болып көрсетілген



(АОМА. 13-қ. 8-т. 176-іс. 4-п.). Бұдан басқа Ғали Ибрагимовтың өмірі мен қызметі туралы деректер кездеспейді.

Орынбор ерлер гимназиясын 1900-1901 жылдары бітіргендердің қатарында Ғали-Ахмет Арынғазиев те болды. VIII-сынып оқушыларының тізімі берілген құжатта Ғали «1879 жылы тамыз айында Торғай облысында дүниеге келген, әкесі қазақ, мұсылман, он жасында гимназияға түскен, мінез-құлқы жақсы» деген мәлімет келтірілген (ООБМА, 79-қ. 1-т. 38-іс, 28-п). 1900 жылдың 1 сәуірінде 1 директордың атына өтініш жазып, бітіру емтихандарына жіберуін сұраған (ООБМА, 79-қ. 1-т. 38-іс, 2-п). Ол 1900 жылы 15 мамыр - 2 маусым аралығында француз тілі, латын тілі, орыс тілі, математика, алгебра, тарих, логика, география, математикалық география, физика пәндерінен «қанағаттанарлық», Құдай заңдарынан «өте жақсы», әдебиеттен «жақсы» деген баға алған. Сабақтарға қатысқан сағаттарының саны - барлығы 587. Себеппі жағдайларға байланысты 26 сағатты жіберіп алған. Барлық бітірушілердің қатарында Ғали-Ахметке берілген мінездемеде оның пансионда тұрғандығы, Торғай облысы атынан шәкіртақы алғандығы айтылған. «Өзінің қабілетінің, сабақтарға үнемі қатысуының арқасында оқыған курстары бойынша жақсы білім нәтижелеріне қол жеткізді, ақырын білім қорын жинақтады. Жолдастарымен қарым-қатынаста сыпайы, жуас, қарапайым, оғаш қылықтары байқалмады, қаржылық жағынан жеткіліксіз жағдайда болды» (ООБМА, 79-қ. 1-т. 38-іс, 79-п) деген сипаттама біраз жайттан хабар береді. Бірқатар пәндерден «қанағаттанарлық» білім деңгейін көрсетсе де сол курстардың аралық сынақтарында «жақсы» деген баға алған. Шәкіртақыға оқыған, пансионда тұрған Ғали-Ахметтің шыққан тегі ақсүйек, арғы атасы - Есім, Қайып хандар болса, бергісі - Арынғазы хан. Ғали-Ахметтің әкесі - Сафа Торғай облысы Елек уездік басқармасында қызмет атқарған (ООБМА, 79-қ. 1-т. 38-іс, 79-п). Мұны Елек уезі бастығының атты полицияның аға күзетшісі Сафа Арынғазиевқа берген 1890 жылдың 8 тамызында берген анықтамасы дәйектейді. Анықтамада Сафаның 1890 жылы 23 шілде 7 тамыз аралығында Қобда болысындағы сайлауда болғандығына байланысты ұлы Ғали-Ахметті мерзімінде гимназияға әкеле алмағандығы, осыны өзінің қолы және мөр арқылы растайтындығы жазылған (ООБМА, 79-қ. 1-т. 38-іс, 103-п). Гимназияға дейін Ғали-Ахмет жергілікті орыс-қазақ мектебін бітірген.

Орынборлық Алаш қайраткерлері. Гимназияны тәмамдаған Әбубәкір Қазан императорлық университетінің медицина факультетіне оқуға түсіп, генерал адъютант Крыжановский атындағы шәкіртақыға оқыды. Н.А. Крыжановский атындағы шәкіртақы революцияға дейінгі кезеңде Қазан университетінің қабырғасында қазақ дәрігерлерін даярлау ісінде едәуір рөл атқарды. Сондай-ақ Қазақстанның басқа облыстары үшін үлгі болды (Әлжанов, 1984: 23). 1888 жылдың 21 мамырындағы императордың жарлығы бойынша Қазан университетінде оқитын жастарға 28 қазыналық Сібір шәкіртақысы белгіленді. Олардың 10-ы Батыс Сібір жоғары оқу орындарына бөлінді. 1899-1900 жылдарға дейін Қазан университеті басқармасының ұйғаруымен тек заң факультетінде оқитындарға аударылды. 1900 жылдан бастап 10 шәкіртақы медицина факультетінде білім алатын студенттерге берілді. Сөйтіп, Далалық өлкенің алғашқы қазақ дәрігерлері осы шәкіртақыларды пайдаланып, білім алды. Қазыналық шәкіртақыны пайдаланғандар жоғары оқу орнын бітірген соң Дала өлкесінде бір жарым жыл қызмет етуге міндетті болды (Әлжанов, 1984: 24).

Жастайынан зерек, алғыр, орыс және шет тілдерін, әсіресе латын тілін меңгерген бозбалаға университетте оқу аса қиынға соқпады. Әбубәкір барлық медициналық пәндерден, әсіресе фармакология рецептурасынан, дәрігерлік диагностикадан, хирургиялық паталогия және терапиядан жоғары баға алды. Сондықтан да университетті 1904 жылы күміс медальмен бітіріп шықты.




Фото 5. Ә. Алдияровтың А. Алдияров медицина факультетінде ғылымның толық курсын тыңдағаны туралы куәлігі. Дерек: ТР ҰА, 977-қ. Ж.і - т. 33565-іс, 21-п.

[Foto 5. A.A. Aldiyarov's certificate of listening to the full course of sciences at the Faculty of Medicine (National Archives of the Republic of Tatarstan F. 977. Description of personal affairs. D. 33565. L. 21.)]

Алаш арысы 1916 жылға дейін Ақтөбе, Қостанай өңірінде және Троицк қаласында дәрігер болып қызмет істеді. 1908 жылы белгілі ақын Сұлтанмахмұт Торайғыровтың көзіне сәтті ота жасаған.

Әбубәкірдің білікті, өз кәсібіне адал дәрігер болғандығын одан емделген адамдардың пікірлері дәлелдейді. Мәселен, Г. Шоқаеваның 1913 жылы «Айқап» журналының сегізінші нөміріне жариялаған мақаласында Троицк ауруханасының дәрігері Ә. Алдияровтың хал үстінде жатқан адамды емдеп шығарғаны, медициналық көмек алу үшін жұрттың оған келуге құштар екендігі айтылған (Әлжанов, 1984: 54). І дүние жүзілік соғыс басталған тұста Ә. Бөкейхановтың қазақ жастарына, соның ішінде дәрігерлеріне арнаған үндеуін қабыл алған Әбубәкір Белоруссияға қара жұмысқа алынған қазақтар арасына өз еркімен барып, дәрігерлік қызмет атқарды. Халықаралық Қызыл Крест қоғамында жұмыс істеді. Аз уақыттың ішінде оның майдан жұмысындағы қазақ жігіттеріне жасаған дәрігерлік қызметі аса елеулі болған. Ол жөнінде Минскі жанындағы 9-дружина жігіттерінің атынан Нығметолла Қайымекеұлы «Қазаққа» «Доктор Әбубәкір Алдияров жақсы қарап, көп пайдасы тиіп тұр. Бауырларына ерінбей еткен қызметі үшін тәңір жарылқасын айтамыз», - деп жазған (Қойгелдиев, 1995: 203).

Ақпан революциясының жеңісінен кейін елге оралған Әбубәкір құрылып жатқан қазақ комитеттерінің, І және ІІ жалпықазақ съездерінің жұмысына белсене араласты. ІІ жалпықазақ съезінде Алашорда үкіметінің мүшесі болып сайланды. Алашорданың Қостанай уезі комитетінің және Торғай облыстық комитетінің мүшесі болды. Қостанай уезі қазақтарының төтенше съезінде Алаш автономиясы туралы баяндама жасады.

Ғ. Арынғазиев гимназияны тәмамдағаннан соң Мәскеудегі ауыл шаруашылық институтына түсуді көздеп, осы оқу орнына емтихан тапсырған. Алайда науқасына байланысты Қазан императорлық университетінің медицина факультетіне ауыстырылған. 1900 жылдың 31 қазанында университет басшылығының бұйрығымен студенттер қатарына қабылданған. Ол да Ә. Алдияров тәрізді Н.А. Крыжановский атындағы шәкіртақы алып отырды. 1904 жылдан бастап оның өмірінде айтулы оқиғалар орын алды. 1904 жылдың 24 мамырынан 20 тамыз аралығында демалысқа шыққан. Алайда Ғали-Ахмет туған жері Ақтөбеге бармай Екатеринбург қаласына сүйіктісі Нина Простосердоваға аттанған. Демалыстан үш айға кешігіп келген Ғали-Ахмет 1904 жылдың 25 қарашасында университет ректорының атына өтініш жазып,



өзін студенттер қатарында қалдыруын сұраған. Оқудан қалу себебі сол жылдың 26 қыркүйегінде дворян Н.В. Простосердовтың қызы Нинаға үйленуіне байланысты православие дінін қабылдап, аты-жөнін Георгий Леонидович деп өзгерткен. Осыларды айғақтайтын құжаттарының бар екендігін алдыға тартқан. Ғали-Ахметтің орыс қызына үйленуі және шоқынуы оның тағдырын өзгертті.

1905 жылы Ғали-Ахмет студенттердің революциялық қозғалысына қатысқаны үшін оқудан шығарылып, орыс-жапон соғысына дәрігер етіп жіберген. Соғыс аяқталғаннан кейін университетке қайта қабылданып, оны 1907 жылы қыркүйекте бітіріп, Нижний Тагил қаласына уақытша жер аударылған. Осы қалада және Свердловскіде 20 жыл бойы қалалық ауруханда бас дәрігер болып еңбек етті. Алайда ол бөгде дінді қабылдағаны үшін туысқандарының алдындағы қорқынышын жеңе алмай сол қалада қалып қалған. Ғұмыры атасы Арынғазы ханмен тағдырлас болды. Атасын патша билігі Калуга қаласында үй қамақта ұстап, елге оралуына тиым салса, Ғали-Ахметтің туған жеріне баруына шоқынуы кедергі болды. Дегенмен туған жерінен жырақта қызмет етсе де аумалы-төкпелі 1917 жылы Ғали-Ахмет қазақ ұлт-азаттық қозғалысынан шет қалмады. 1917 жылғы желтоқсанда «Алаш» партиясының Орынборда Торғай облыстық комитеті ашылып, оған 14 адам мүше болды. А. Байтұрсынов, Ә. Бөкейханов; Е. Омаров және т.б. қатарына Ғ. Арынғазиев та кірді (Қойгелдиев, 1995: 308). 1917 жылы жалпықазақ съезін ұйымдастыру ісіне Алаш арыстарына Қ. Арынғазиев қосылған (Қойгелдиев, 1995: 326). Ол 1948 жылы Нижний Тагил қаласында қайтыс болған.

Қорытынды. Кеңес өкіметі орнағаннан кейін Орынбор кадет корпусы, рухани семинария, қыздар институты мен қыздар епархиалды училищесі сияқты бірқатар оқу орындарымен бірге ерлер гимназиясы жабылып қалды. Оқу орындарының ғимараттары әскери бөлімдерге, госпитальдарға, босқындарға берілді, мүліктері талан-таражға түсті. Большевиктік билік білім алуды тегін әрі барлық тұрғындарға міндетті етті. Гимназиялардың орнына біртұтас еңбек мектептері келді. Осыған орай революцияға дейінгі оқу орындарының атаулары ресми түрде өзгертіліп, нөмірленген бірінші немесе екінші басқыштағы кеңестік еңбек мектептерінің атаулары берілді. 1918 жылдың 23 қаңтарында «Шіркеуді мемлекеттен және мектептерді шіркеуден бөлу туралы» декрет қабылданды. 1919–1920 оқу жылында барлық мектепте ер балалар мен қыздарды біріктіріп оқыту енгізілді.

Орынбор ерлер гимназиясы қазақтардың оқу-ағарту ісінде айтарлықтай рөл атқарды. Оны бітіргендердің бірі Алаш қайраткері атанып, ұлт-азаттық күреске араласса, екіншілері кеңес өкіметіне қызмет етті. Гимназия жеткіншектерді терең білім алуға, аянбай еңбек етуге, алдына мақсат қоюға үйретті. Соның нәтижесінде олар білімдерін жоғары оқу орындарында жалғастырды. Мұнда да жақсы оқып, өз істерінің білікті мамандарына айналды, қазақ халқының мүддесіне адал еңбек етті. Ақпан революциясынан кейін Торғай облыстық және уездік қазақ комитеттерінің, жалпықазақ съездердерінің жұмысына қатысты, Алашорда үкіметіне мүше және мүшелікке кандидат болды. Алайда Орынбор ерлер гимназиясында білім алған өрендердің есімдері белгілі болғанымен араларында өмірі мен тағдыры беймәлім азаматтардың бар екендігін зерттеу барысы анық байқатты. Орынборлық ұмыт қалған тарихи тұлғалардың ғұмырын зерделеу - болашақтың еншісі.

Дереккөздер

АОМА — Ақтөбе облысының мемлекеттік архиві

ООБМА — Орынбор облысының біріктірілген мемлекеттік архиві

ТР ҰА — Татарстан Республикасы ұлттық архиві.



Sources

NA RT — National Archives of the Republic of Tatarstan

SAAR — State Archives of Aktobe Region

USAOR — United State Archive of the Orenburg Region

Әдебиеттер тізімі

- Алаш. Алашорда, 2009 — *Алаш. Алашорда: энциклопедия* / құраст. Ғ.Әнес, С. Смағұлова. Алматы: Арыс, 2009. 544 б.
- Алтынсарин, 1978 — *Алтынсарин И.* Собрание сочинений. В трех томах. Т 3. Ответ. ред. Б. Сулейменов. Алма-Ата: «Наука» КазССР, 1978. 352 с.
- Әлжанов, 1984 — *Әлжанов А, Шокин Ә, Досаханов Ә.* Алғашқы қазақ дәрігерлері. Алматы: Қазақстан, 1984. 88 б.
- Блок, 1986 — *Блок М.* Апология истории или ремесло историка. Изд. 2-е, доп., пер. Е.М. Лысенко. М.: Наука, 1986. 255 с.
- Болодурин, 2001 — *Болодурин В.С.* Образование и педагогическая мысль в Оренбуржье. Страницы истории (1735-1940 годы). Оренбургское книжное издательство, 2001. 320 с.
- Бродель — *Бродель Ф.* Материальная цивилизация, экономика и капитализм XV-XVIII вв. (В 3-х томах). Том 1. Структуры повседневности: возможное и невозможное. М.: Прогресс, 1986. 623 с.
- Гуссерль, 2008 — *Гуссерль Э.* Идея феноменологии. М, ИЦ Гуманитарная академия, 2008. 224 с.
- Досаханов, 2020 — *Досаханов А.Х.* Первые: врачи Алаш. 1-т. Алматы: Сөздік-Словарь, 2020. 320 с.
- Қазақстан. Ұлттық энциклопедиясы, 2005 — *Қазақстан. Ұлттық энциклопедиясы.* Бас ред. Б. Аяған. Алматы: «Қазақ энциклопедиясының Бас редакциясы», 2005. 728 б.
- Қаһарлы 1916 жыл — *Қаһарлы 1916 жыл.* Құжаттар мен материалдар жинағы – Грозный 1916 год. Сб. док. и матер. 2 т. Составители: Асанова С.А., Ижанов З. и др. Алматы: Қазақстан, 1998. 247 с.
- Қойгелдиев, 1995 — *Қойгелдиев М.* Алаш қозғалысы. Алматы, 1995. 368 б.
- Қойгелдиев, 2016 — *Қойгелдиев М.* Ұстанымы биік зиялы//Қазақ әдебиеті. 26 тамыз 2026.
- Лавджой, 2001 — *Лавджой А.О.* Великая цепь бытия [The Great Chain of Being]. A Study of The History of An Idea / Пер. с англ. В. Софронова-Антомони. М.: Дом интеллектуальной книги, 2001. 376 с.
- Нұрпейіс, 1995 — *Нұрпейіс К.* Алаш һәм Алашорда. Алматы, 1995. 256 б.
- Ордабеков, 2020 — *Ордабеков С.* Қазақтан шыққан тұңғыш дәрігерлер // Ақиқат, 2020. № 12. Б. 69-74.
- Оренбургский исторический календарь, 1903 — *Оренбургский исторический календарь.* Открытие в Оренбурге мужской гимназии // Оренбургский исторический календарь на 1904 год / составитель П.Н. Столпянский. Оренбург: Типография Н.Г. Волкова, 1903. 96 с.
- Оташева, 2022 — *Оташева Н.Қ.* Алаш қайраткерлері халық жадында //Алаш мұрасы: өткеннен болашаққа: Алаш ұлттық-демократиялық қозғалысының 105 жылдығына арналған республикалық ғылыми-тәжірибелік конференция материалдары. Қостанай, 2022. Б. 51-56.
- Сорокин — *Сорокин П.А.* Человек. Цивилизация. Общество / Общ. ред., сост. и предисл. А.Ю. Согомонов; Пер. с англ. М.: Политиздат, 1992. 543 с.
- Февр, 1991 — *Февр Л.* Бои за историю. М.: Наука, 1991. 632 с.
- Фромм, 2008 — *Фромм Э.* Человек для самого себя / Пер. с англ. Э. Спировой. М.: АСТ, 2008. 349 с.
- Эриксон, 1996 — *Эриксон Э.Г.* Детство и общество. Изд. 2-е, перераб. и доп. / Пер. с англ. СПб.: Ленато, АСТ, Фонд Университетская книга, 1996. 592 с.

References

- Alash. Alashorda, 2009 — *Alash. Alashorda: enciklopediya*[Alash. Alashorda: encyclopedia]. Qyrast. G. Anes, S. Smaglyova. Almaty, 2009. 544 p. (In Kaz.).
- Aljanov, 1984 — *Aljanov A, Shokin A, Dosahanov A.* Algashqy qazaq darigerleri. [The first Kazakh doctors]. Almaty, 1984. 88 p. (In Kaz.).



Altynsarin, 1978 — *Altynsarin I.* Sbranie sochineni. [Collected works. In three volumes] / V trekh tomah. T 3. Otvet. red. B. Suleymenov. Alma-Ata, 1978. 352 p. (In Russ.).

Blok, 1986 — *Blok M.* Apology of history or the craft of a historian. [The apology of history or the craft of the historian]. Ed. 2nd, additional, trans. EAT. Lysenko. M., 1986. 255 p. (In Russia).

Bolodurin, 2001 — *Bolodurin V.S.* Obrazovanie i pedagogicheskaya mysl v Orenburzhe. Stranicy istorii (1735-1940 gody). [Education and pedagogical thought in Orenburg region. Pages of history (1735-1940)]. Orenburg, 2001. 320 p. (In Russ.).

Braudel, 1986 — *Braudel F.* Material civilization, economics and capitalism XV-XVIII centuries. (In 3 volumes). [Material civilization, economics and capitalism of the XV-XVIII centuries (In 3 volumes)]. Volume 1. Structures of everyday life: possible and impossible. M., 1986. 623 p. (In Russ.).

Dosahanov, 2020 — *Dosahanov A.H.* Pervye: vrachi Alash. [First: doctors of Alash] 1-t. Almaty: Sozdik - Slovar, 2020. 320 p. (In Russ.).

Erickson, 1996 — *Erickson E. G.* Childhood and Society. [Childhood and society]. 2nd ed., reprint. St. Petersburg, 1996. 592 p.

Febr, 1991 — *Febr L.* Fights for history. [Fighting for history]. M., 1991. 632 p. (In Russia).

Fromm, 2008 — *Fromm E.* A man for himself [A man for himself] / Transl. E. Spirova. M., 2008. 349 p.

Husserl, 2008 — *Husserl E.* The idea of phenomenology. [The idea of phenomenology.]. M., 2008. 224 p. (In Russ.).

Lovejoy, 2001 — *Lovejoy A.O.* The Great Chain of Being – The Great Chain of Being: A Study of The History of An Idea / Transl. by V. Sofronova-Anthony. M., 2001. 376 p.

Nurpeis, 1995 - Nurpeis K. Alash ham Alashorda. [Alash and AlashOrda]. Almaty, 1995. 256 p. (In Kaz.).

Ordabekov, 2020 — *Ordabekov S.* Qazaqtan shyqqan tyngysh darigerler [The first doctors of Kazakh origin] // *Aqiqat*. 2020. №12. Pp. 69-74. (In Kaz.).

Orenburgskii istoricheskii kalendar, 1903 — *Orenburgskii istoricheskii kalendar*. [Orenburg Historical Calendar]. Otkrytie v Orenburge muzhskoj gimnazii // *Orenburgskii istoricheskii kalendar na 1904 god* / Comp. P.N. Stolpyanskii. Orenburg, 1903. 96 p. (In Russia).

Otasheva, 2022 — *Otasheva N.K.* Alash qajratkerleri halyq jadynda [Alash figures in the memory of the people] // *Alash myrasy: otkennen bolashaqqa: Alash ylttyq-demokratiyalıq qozgalysynyn 105 jyldygyna arналған respubliqalyq gylymi-tajiribelik konferenciya materialdary*. Qostanaj, 2022. Pp. 51-56. (In Kaz.).

Qaharly, 1916 — *Qaharly 1916 lyl*. Qyjattar men materialdar jinagy – Groznyj 1916 god. Sb.dok. i mater. [The terrible year of 1916. Collection of documents and materials]. 2 t. Sostaviteli: Asanova S.A., Izhanov Z. i dr. Almaty, 1998. 247 p. (In Kaz., In Russ.).

Qazaqstan. Ylttyq enciklopediyasy, 2005 — *Qazaqstan. Ylttyq enciklopediyasy*. [Kazakhstan. The National Encyclopedia]. Bas red. B. Ayagan. Almaty, 2005. 728 p. (In Kaz.).

Qojgeldiev, 1995 — *Qojgeldiev M.* Alash qozgalysy. [Alash movement]. Almaty, 1995. 368 p. (In Kaz.).

Qojgeldiev, 2016 — *Qojgeldiev M.* Ystanymy biik ziyaly [Intelligent with a high position]. *Qazaq adabiet*. 26 tamyz 2026. (In Kaz.).

Sorokin, 1992 — *Sorokin P.A.* Schelom. Civilization. Society [Human. Civilization. Society]. General. Ed., Comp. A.Yu. Sogomonov. M.: Pilitizdat, 1992. 543 p. (In Russ.).



ТАРИХ / HISTORY / ИСТОРИЯ

Published in the Kazakhstan

Otan tarikhyy

Has been issued as a journal since 1998

ISSN: 2788-9718 (Online)

Vol. 27. Is. 1, pp. 150-171, 2024

Journal homepage: <https://otan.history.iie.kz>

FTAXP / МРНТИ / IRSTI 18.31.09.

https://doi.org/10.51943/2788-9718_2024_27_1_150-171

БЕКБОЛАТ ӘШЕКЕЙҰЛЫ БАСТАҒАН ҰЛТ-АЗАТТЫҚ КӨТЕРІЛІС (XX ҒАСЫРДЫҢ БАСЫ. ЖЕТІСУ ӨЛКЕСІ)

Рахымқұлов Дәуітхан Айтжанұлы¹

¹Нархоз университеті

(55-үй, Жандосов көш., 050035 Алматы, Қазақстан)

тарих ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор

<https://orcid.org/0009-0004-4037-1604>. E-mail: dauthan1981@mail.ru

© Ш.Ш. Уәлиханов атындағы ТЭИ, 2024

© Рахымқұлов Д.А., 2024

Аңдатпа. *Kіріспе.* Мақалада 1916 жылғы Жетісу өңіріндегі Бекболат Әшекейұлы бастаған ұлт-азаттық көтеріліс тарихы кеңінен баяндалады. Аталған азаттық күрес патшалық Ресейдің өлкедегі отарлау саясатына қарсы бағытталды. Қазіргі таңда Бекболат бастаған көтеріліс Отан тарихындағы аз зерттелген тақырып. Өйткені Қазақстандағы 1916 жылғы ұлт-азаттық көтеріліс тарихы Отан тарихында ең ауқымды әрі күрделі тақырыптардың бірін құрайды. Оған қоса осы тақырыпқа қатысты еліміздің архив қорларында әлі де ғылыми айналымға енген деректер өте көп кездеседі. Бұл көтеріліс тақырыбының аз зерттелінгенін көрсетеді. *Зерттеудің мақсаты мен міндеттері* – Бекболат бастаған көтеріліс тарихын Алматы қаласындағы Қазақстан Республикасының Орталық Мемлекеттік архивінен табылған нақтылы архивтік құжаттармен және Исабек Сексенбайұлы, С. Бекболатовтың естеліктерінен алынған мәліметтермен сипаттап көрсету. Бұл көтерілістің тарихын талдауда объективтілік пен тарихилық принциптері басты назарда ұсталды. Зерттеу жұмысын жүргізу кезінде жүйелі түрде сипаттап баяндау, салыстырмалы-тарихи талдау әдістері кеңінен қолданылды. *Нәтижелер.* Бекболат бастаған көтеріліс қазақ халқының тарихында өшпес із қалдырған күрестердің бірі болып табылады. Бұл көтеріліс 1916 жылғы 25 маусымдағы патша Жарлығына байланысты шығып, тарихта ол Жайылмыс көтерілісі деген атпен қалды. Осы қозғалысты бұрынғы болыс-би, жетпіс үш жастағы қарт батыр Бекболат Әшекейұлы басқарды. *Қорытынды.* Бұл көтеріліс патша өкіметінің қазақ өлкесіндегі отаршылдық саясатына қарсы бағытталды. Бекболат бастаған көтеріліс Жетісудағы өзге болыс-елдердің көтерілуіне ерекше ықпал етті. Көтеріліс Жетісу өлкесінің маңызды орталығына айналды. Бұл көтерілістің барысы, іс-қимылы жақсы ұйымдастырылды. Бекболат Жетісудағы барлық көтеріліс ошақтарын және көршілес қырғыз көтерілісшілерін бір орталыққа біріктіру жолында орасан зор жоспар құрды. Бекболат халықтың намысын қорғаған батыр ретінде ел жадында қалды. **Түйін сөздер:** Бекболат Әшекейұлы, көтеріліс, Жарлық, Жайылмыс, тыл жұмысы, Үшқоныр жиыны, Ошақты жиыны, Ресей империясы



Дәйексөз үшін: Рахымқұлов Д.А. Бекболат Әшекейұлы бастаған ұлт-азаттық көтеріліс // Отан тарихы. 2024. Т.27. No 1. Б. 150-171. (Қаз.) DOI: 10.51943/2788-9718_2024_27_1_150-171

NATIONAL LIBERATION UPRISING LED BY BEKBOLAT ASHEKEYULY (THE BEGINNING OF THE TWENTIETH CENTURY. ZHETYSU REGION)

Dauthan A Rakhimkulov¹

¹Narxoz University

(55, Zhandosova Str., 050035 Almaty, Kazakhstan)

Candidate of Historical Sciences, Associate Professor

<https://orcid.org/0009-0004-4037-1604>. E-mail: dauthan1981@mail.ru

Abstract. *Introduction.* The article describes the history of the National Liberation uprising in 1916 in the Semirechye region, led by Bekbolat Ashekeyuly. The mentioned liberation struggle was directed against the colonial policy of Tsarist Russia in the region. To this day, the uprising led by Bekbolat is a little-studied topic in the history of the Homeland. After all, the history of the National Liberation uprising of 1916 in Kazakhstan is one of the most extensive and complex topics in the history of the Homeland. In addition, there are a lot of data on this topic in the archival funds of the country that have not yet entered scientific circulation. This proves that the theme of the uprising has been little studied. *Objective.* Description of the history of the uprising led by Bekbolat with accurate archival documents found in the Central State Archive of the Republic of Kazakhstan in Almaty and information from The Memoirs of Isabek Seksenbayuly, S. Bekbolatov. The principles of objectivity and historicity were the main focus in the analysis of the history of this uprising. During the research work, methods of systematic description and narrative, comparative historical analysis were widely used. *Results.* The uprising led by Bekbolat is one of the struggles that left a big mark in the history of the Kazakhs. This uprising took place in connection with the tsar's Decree on June 25, 1916 and remained in history under the name of the Zhayylmyshevskaya uprising. This movement was headed by the former volost administrator of the biya, a seventy-three-year-old elderly batyr Bekbolat Ashekeyuly. *Conclusions.* This uprising was directed against the colonial policy of the Tsarist authorities in the Kazakh territory. The uprising led by Bekbolat had a special impact on the rise of other volost countries in Semirechye. The uprising became an important center of the Semirechye region. The course and actions of this uprising were well organized. Bekbolat developed a grandiose plan to unite all the centers of the uprising in Semirechye and the neighboring Kyrgyz rebels in one center. Bekbolat remained in the memory of the people as a hero who defended the honor of the people.

Key words: Bekbolat Ashekeyuly, uprising, Decree, Zhayylmysh, rear works, Ushkonursky Congress, Oshaktinsky Congress, Russian Empire

For citation: Rakhimkulov D. A. National Liberation Uprising led by Bekbolat Ashekeyuly // Otan Tarikhy. 2024. Vol. 27. No. 1. Pp. 150-171. (In Kaz.). DOI: 10.51943/2788-9718_2024_27_1_150-171



НАЦИОНАЛЬНО-ОСВОБОДИТЕЛЬНОЕ ВОССТАНИЕ ПОД ПРЕДВОДИТЕЛЬСТВОМ БЕКБОЛАТА АШЕКЕЙУЛЫ (НАЧАЛО XX ВЕКА. ЖЕТЫСУСКИЙ КРАЙ)

Даутхан Айтжанович Рахимкулов¹

¹ Университет Нархоз

(д. 55, улица Жандосова, 050035, Алматы, Казахстан)

кандидат исторических наук, ассоциированный профессор

<https://orcid.org/0009-0004-4037-1604>. E-mail: dauthan1981@mail.ru

Аннотация. *Введение.* В статье освещается подробная история национально-освободительного восстания под руководством Бекболата Ашекейулы по Семиреченскому краю в 1916 году. Данная освободительная борьба была направлена против колониальной политики царской России. Восстание под предводительством Бекболата в отечественной истории до сих пор остается малоизученной темой. Ведь история национально-освободительного восстания 1916 года в Казахстане составляет одну из самых масштабных и сложных тем в истории Отечества. Кроме того, по этой теме в архивных фондах страны очень много данных, которые еще не вошли в научный оборот. Это доказывает, что данная тема мало изучена. *Цель и задачи исследования* – описать историю восстания во главе с Бекболатом с достоверными архивными документами, найденными в Центральном государственном архиве Республики Казахстан в г. Алматы, и данными из воспоминаний Исабека Сексенбайулы, С. Бекболатова. В анализе истории этого восстания основное внимание уделялось принципам объективности и историчности. При проведении исследовательской работы широко применялись методы систематического описательного изложения, сравнительно-исторического анализа. *Результаты.* Восстание во главе с Бекболатом – одна из тех борьбы, которая оставила большой след в истории казахского народа. Это восстание происходило в связи с царским Указом 25 июня 1916 году и осталось в истории под названием Жайылмышевской восстанием. Это движение возглавил бывший волостной управитель-бии, семидесятитрехлетний пожилой батыр Бекболат Ашекейулы. *Выводы.* Это восстание было направлено против колониальной политики царской власти в казахском крае. Восстание во главе с Бекболатом особенно способствовало подъему других волостей Жетысу. Восстание стало важным центром Жетысуского края. Ход, действия этого восстания были хорошо организованы. Бекболат разработал грандиозный план по объединению всех очагов восстания в Семиречье и соседних кыргызских повстанцев в один центр. Бекболат остался в памяти народа как герой, защищавший честь народа.

Ключевые слова: Бекболат Ашекейулы, восстание, Указ, Жайылмыс, тыловые работы, Ушконурский съезд, Ошактинский съезд, Российская империя

Для цитирования: Рахимкулов Д.А. Национально-освободительное восстание под предводительством Бекболата Ашекейулы // Отан тарихы. 2024 Т. 27. No 1. С. 150-171. (На Каз.) DOI: 10.51943/2788-9718_2024_27_1_150-171

Кіріспе. XX ғасырдың бас кезінде қазақ халқының өмірі мен тағдыры маңызды әрі күрделі оқиғалармен байланысты болды. Соның негізгісі 1916 жылы қазақ жерінің Жетісу өлкесіндегі 25 маусымдағы патша Жарлығына қарсы болған Бекболат Ашекейұлы бастаған Жайылмыс көтерілісі болатын. Бұл көтеріліс патшалық Ресей өкіметінің жергілікті халықты тыл жұмыстарына алуға қатысты шығарған Жарлығына қарсы басталғанымен түпкі себебі қазақ жеріндегі отаршылдық саясатының күшеюіне



байланысты шыққан еді. Елдің дәстүрлі билігін жойып, отарлық билік орнатумен қатар патша өкіметі қазақтардың ата-қонысын да Ресейдің ішкі аудандарынан ағылған орыс келімсектеріне онды-солды таратуды қалыпты жағдайға айналдырды. Оған қоса жергілікті халықтан үздіксіз жиналатын жылдық салықтың үстіне кезекті соғыс салығы сияқты ауыртпалықтарды халыққа бірінен соң бірін аяусыз сала берді. Тіпті патша өкіметі жергілікті халыққа әскери алым салынбайды деген заңды да өздігінен бұзып, тыл жұмыстарына қазақ жігіттерін алуды бастап кетті. Осының бәрі онсызда күйзелген халықтың хал-ахуалын одан бетер күрделендіріп жіберді. Бұған төзе алмаған халықтың наразылығы күшейіп, оның арты бір сәтте үлкен дүрбеленге ұласты. Бүкіл Жетісу өңірін шарпыған осы дүрбеленде Жайылмыс елінің халқы бір орталыққа бірігіп, ұйымдасқан түрде Бекболат Әшекейұлының басшылығымен патша өкіметіне қарсы көтеріліске шықты. Үлкен жоспар құрған Бекболат батыр жиналған жігіттерден әскер жасақтап, патшаның жазалаушы әскерімен қақтығысып, көтеріліс соңына дейін халықтың жанынан табылды. Алайда Бекболат бастаған көтеріліс ұзаққа созылмады, бірақ ол қазақ халқының тарихында маңызды із қалдырған ұлт-азаттық көтерілістердің бірі ретінде қалды.

Материалдар мен әдіс-тәсілдер. Бекболат Әшекейұлы бастаған көтеріліс тарихын зерттеу кезінде Алматы қаласындағы ҚР ОМА-дегі №76–қордың 1-тізбесінің «1916 жылғы Жайылмыс болыстығы қазақтарының көтерілісі туралы іс» деп аталатын 510-істің барлық құжаттары кеңінен пайдаланылды. Көлемі жағынан бұл архив ісі 724 парақтан тұрады. Сондай-ақ аталмыш архивтен тақырыпқа қатысты кейбір деректер №44–қордың құжаттарынан да алынды. Бұл архив құжаттарының басым бөлігі бұрын сонды жарияланбаған және ғылыми айналымға жүйелі түрде енгізілмеген. Сондықтан да бұл ғылыми мақала негізгі осы істен алынған құжаттармен терең жұмыс жасай отырып жазылды. Сонымен қатар, бұл мақалада Алматы қаласындағы Ұлттық кітапхананың қорында сақталған Бекболат бастаған Жайылмыс көтерілісіне тікелей қатысқан Исабек Сексенбайұлының және 1998 жылы «Қаһарлы 1916 жыл» деген атпен архив құжаттары мен материалдарында жарияланған С.Бекболатовтың естеліктері пайдаланылды. Бұл деректер де таптырмайтын құнды материалдар ретінде мақалада кеңінен қолданылды. Ұлт-азаттық көтерілістер тарихына зерттеулер жүргізуде қолданылатын әдістер ретінде басты тәсілдер негізге алынды. Осы мақаланы зерттеу кезінде объективтілік пен тарихилық принциптерді ұстана отырып жүйелі негізде талдау, сипаттап баяндау және салыстырмалы-тарихи талдау секілді ғылыми әдістер кеңінен қолданылды. Соның ішінде ғылыми зерттеу жұмысында нәтижеге қол жеткізу үшін жүйелілік әдісін қолдану маңызды болып табылды.

Талқылау. 1916 жылғы Бекболат Әшекейұлы бастаған ұлт-азаттық көтерілісі арнайы зерттелмеген тақырыптарды құрады. Архивте бұл көтерілістің материалдары дербес бір іске жинақталғанына қарамастан ол туралы мардымды еңбек жазылған жоқ. Ал бүгінгі күнге дейін жарияланған бірен-саран шағын мақалалар Бекболат Әшекейұлы бастаған ұлт-азаттық көтеріліс тарихының мұқият түрде зерттелінбегенін көрсетеді. Бекболат бастаған көтеріліс тарихы кеңестік дәуірде де, одан кейінгі тәуелсіздік жылдарында да арнайы зерттеу нысанасына алынған жоқ. Бар болғаны белгілі бір зерттеу тақырыптары аясында ғана баяндалып, қысқа түрде мәлімет беріліп өтетін. Кеңестік кезеңде Бекболат бастаған көтеріліс туралы Г.Сапарғалиев, З.Шашкин, Мергенчин сияқты зерттеушілердің еңбектерінен архивтік құжаттарға негізделген азды-көпті мәліметтерді кездестіреміз. Мәселен, Г.Сапарғалиев өзінің еңбегінде көтерілісті бастаған Бекболат батыр мен оның сенімді жақтастарын патша жендеттері тұтқындағаннан кейін олардың үстінен жүргізілген сот процесінің жәй-жапсарын архив деректері арқылы егжей-тегжейлі қарастырды (Сапарғалиев, 1966: 218-226).



Тәуелсіздік алғаннан кейінгі жылдарда да 1916 жылғы Жетісудағы көтеріліс басшыларына, соның ішінде Бекболат бастаған көтеріліске арналған жекелеген зерттеу еңбектерінің әлі де толыққанды жарияланбағанын көреміз. Мәселен, тарихшы-ғалым А.Махаева өзінің еңбегінде 1916 жылғы көтерілісті қазақтың арасынан шыққан әйгілі батырлар мен билердің ұрпақтары басқарғанын жаза келе, Бекболат Әшекейұлының көтерілісті ұйымдастырудағы кейбір қызметін қысқаша сипаттап өтті (Махаева, 2007: 276-278). Мұнымен қоса әр жылдары жарық көрген құжаттар жинағындағы және басылым беттеріндегі көтеріліске қатысушылар мен куәгерлердің естеліктерінде Бекболат бастаған көтеріліске қатысты бірқатар маңызды мағлұматтар берілді. Бес томдық Қазақстан тарихы еңбегінде 1916 жылғы Бекболат бастаған көтерілістің басталуы, көтерілісшілер мен жазалаушы отрядтын арасындағы әскери қақтығыс, көтеріліс басшыларының тұтқындалып, олардың сотқа тартылу шаралары қысқаша аталып өтті (Қазақстан тарихы...2002: 644-645).

Зерттеу нәтижелері. 1916 жылғы Бекболат Әшекейұлы бастаған Жайылмыс көтерілісі патшалық Ресейдің қазақ жеріндегі отарлық саясатына соңғы соққы берген азаттық күрес. Бұл күрес 1916 жылы 25 маусымдағы патша Жарлығына қарсы басталып, сол жылдың аяғына таман патшаның жазалаушы әскерінің аяусыз басып жаншуымен басылды. Көтеріліс ұзаққа созылмады, бірақ ол қазақ жеріндегі патша өкіметінің отаршыл басқару жүйесінің іргесін шайқалтты әрі осы кезге дейін толастамаған азаттық күрестердің құрамдас бөлігі екенін көрсетті. Бұрынғы болыс басшысы Бекболат Әшекейұлы осы көтерілісті бастады және оның ұйымдастырушысы болды. Жетісу жеріндегі Үшқоныр, Шамалған, Ақши өңірлері осы көтерілістің ошағына айналды. Бекболат бастаған көтеріліске Жайылмыс елі тұтас және оған көршілес жатқан Шамалған, Қарғалы, Ботбай, Үлкен Алматы және басқа да алыс-жақын болыстықтардың қазақтары қолдау білдіріп қатысты.

1916 жылы 25 маусымда қазақ өлкесінде бұратана халықты тыл жұмыстарына алу туралы патшаның Жарлығы шыққанда бұқара ел сихиялы түрде бірден көтерілді. Ол бүкіл Қазақстанды қамтыды, бірақ соның ішіндегі Жетісу мен Торғай өлкелері көтерілістің ең ірі және ең негізгі екі ошағына айналды. Бұл көтеріліс XX ғасырдың басында болса да, ол мақсат-мүддесі жағынан қазақ өлкесінде XVIII ғасырдың аяғында және XIX ғасырдың бірінші жартысында өріс алған бүкіл ұлт-азаттық күрестің ажырамас құрамдас бөлігі ретінде саналады (Zhetpisbay et al., 2020: 105-114). Жетісудағы көтерілістің ірі орталықтарының бірі Жайылмыс болысының қазақтары мекендеген Үшқоныр таулы аймағында қалыптасты. Сондықтан мұрағат құжаттарында жазылған Жайылмыс көтерілісі ел аузында Үшқоныр көтерілісі деп те айтылады. Бұл көтерілісті Ұлы Жүздің құрамындағы Дулат тайпасы, Жаныс руының ішіндегі Жайылмыс тармағынан шыққан Бекболат Әшекейұлы басқарды. Бекболат бастаған көтеріліс туралы кезінде тарихшылар, көрнекті әдебиетшілер, өзге де зиялы қауым бас қосқан бір жиында белгілі жазушы Ғ.Мүсірепов былай деген: «...Жетісу қазақтарының патшаға қарсы 1916 жылғы қозғалысын Бекболат Әшекеев деген батыр азамат басқарыпты. Тарихқа оның қозғалысы «Үшқоныр көтерілісі» деген дүрбелеңмен кірген. Ұмытпасам, Жәйлімш болысының – Алматы іргесіндегі осы күнгі Жамбыл ауданының бас көтерер қазағын атқа мінгізген. Кем дегенде оң мың кісі... Аңқаулық салдарынан опық жеп қолға түскенде, сабаз бірде-бір жолдасын ұстап бермепті, дарға асыларда да өрепкіген қалпынан айнымай кетіпті. Нағыз хас батыр!» (Сәрсек, 2014: 225). Шын мәнінде Бекболатқа батырлық пен билік айту қасиеті оның арғы-бергі ата-бабаларынан дарыған екен. Мұны нақтылы архив құжаттары мен ауыз әдебиетіндегі дереккөздер айғақтай алады. Мәселен, өз әкесі Әшекей Дайырбекұлы да өз заманында Жаныс руын басқарған би ретінде және патшалық Ресейдің Жетісудағы басқыншылық саясатына қарсы күрескен батыр ретінде танылған еді. Ол осы жолда жүріп 1850 жылы Тойшыбек



бекінісі үшін шайқасқа және 1860 жылы Ұзынағаш шайқасына қатысты (Рахымқұлов, 2015: 85-96). Оған қоса халық шығармашылығында Бекболаттың әкесі Әшекеймен қатар оның арғы атасы Есенқұл және өз атасының бауырлары Шойбек, Ниязбек, Нүсіпбек те ел қорғаған батырлар мен елге билігін жүргізген билер санатынан болғандығы көрсетіледі (Жабаев, 2014: 334).

1868 жылғы бүкіл қазақ жерін қамтыған әкімшілік-аумақтық реформадан кейін дербес атаумен жасақталған Жайылмыс болыстығы әкімшілік тұрғыдан Жетісу облысының Верный уезіне қарады. Болыстықтың атауы жалпы Жайылмыс руының атымен белгіленді. Аталмыш Жайылмыс болысында Бекболат өзіндік отбасымен және ағайын-туыстарымен тіршілік кешті, әрі сонда ұзақ жыл бойы еліне мүлтіксіз қызмет етті. Болыс және би секілді лауазымды қызметтерді мерзімімен атқарған жылдары Бекболат Жайылмыс болысындағы көптен бергі елдің берекесін кетірген ұрлық-қарлықтың көзін жойып ауыл адамдарының алаңсыз мал шаруашылығымен айналысуына жағдай жасады, сондай-ақ ел ішіндегі туындаған түрлі деңгейдегі дау-шарларды шешуге ат салысты. Осылай Бекболат болыстық ішінде тәртіп пен тыныштықтың сақталуын қамтамасыз ету арқылы ел-жұрттың ықылас-пейіліне бөленді. Болыста әділ билік жүргізуінің арқасында Бекболатты халық сыйлады және құрметтеді. Өз дәуірінде батырдың замандасы Жарылғап Нұрабаев: «Бекболат Әшекейұлы – біздің болыстың өте құрметті адамы. Ол бұрын болыс басшысы және халық соты болды» (ҚР ОМА 76-қ. 1-т. 510-іс. 41-п.)- деп мінездеме берді. Басқа жағымпаз болыс-билер секілді Бекболат патша өкіметінен бірде-бір рет шен-шекпен, ақшалай сый-сияпат, тіпті мақтау қағазында алып көрмеген адам. Әу бастан-ақ Бекболат облыс, уез басқармасындағы орыс чиновниктеріне жалтақтап, оларға жағымпаздық жасамады әрі солардың сойылын соғып жүруді ар санап, өзін олардың алдында тізе бүгіп именбей тура өжет қалпында жүре білді.

Елге билік жүргізу қабілетімен қатар Бекболаттың бойынан адамгершілік, адалдық, әділеттілік, парасаттылық, қайраттылық секілді асыл қасиеттердің болғанын естеліктер мен деректерден байқаймыз. Ел арасында Бекболат өзін ұстамды, әр нәрсеге қанағатшыл, Алласын аузынан тастамаған иманға берік адам ретінде танылған. Ата-баба жолымен Бекболат Әшекейұлы 1912 жылы Жайылмыс болысындағы ағайын туыс бауырларымен бірге қасиетті Мекке мен Медина қалаларына сапар шегіп құлшылықпен мұсылмандық парызын өтеп еліне қажы атанып келді (ҚР ОМА 44-қ. 1-т. 3860-іс. 11-п.).

Осы кезде Жетісу халқына шешендігімен әйгілі болған Ноғайбай биге арнап Сұлтөртеде Ас беріледі. Асқа Жетісудың әр болыс-елінен шыққан беделді болыс-билермен қатар, Жайылмыс елінен Бекболат Әшекейұлы да қатысады (Оразов: 2009, 85). Сонда бас қосқан қазақ-қырғыздың игі жақсыларымен бірге Бекболат та патша өкіметінің Жетісудағы отаршылдық саясатын айыптап, өлкеге орыс келімсектерін жаппай қоныстандыруды тоқтату жолдарын қарастырудың мәселелерін талқылайды.

Расында да бұл кезеңде І-ші дүниежүзілік соғысқа қатысып жатқан патшалық Ресей қазақ даласында шектен тыс соғыс салығы сияқты алым-салықтың мөлшері мен түрін үсті-үстіне көбейтіп жіберуі және өлкедегі ең шұрайлы жерлерді қоныстанған келімсектерге қазақтардан күштеп тартып әперуі іспетті жағдайлар орын алған еді. Бұл жөнінде осы көтеріліске қатысқан Исабек Сексенбайұлы өз естелігінде былай деген: «Николай патша төстегі ата-қонысымызды казак-орыстарға тартып әперген соң, біздің ауыл Көлащының шөл қырқасына қоныстанған болатын. Жыл бойы еңбек етіп тапқанын патшаның салығынан артылмайды. Жылына төлейтін салық 20 сомға барады. Соғыс басталған соң, елдің тұрмысы бұрыңғыдан да ауырлап кетті. Енді ұшы-қиыры жоқ көп салық, соғыс салығы деген салықтар түсе бастады елге. Оның үстіне бастан



билік кетіп, өз шаруамызды жұмыс істеуден қалдық. Дүрбелеңнің алдындағы үш жылға созылған соғыс елді осылай қатты жүдеткен» (Байжарасов, 1966: 2). 1916 жылғы көтеріліске дейінгі елдің осындай ауыр хал-ахуалы Иса Дәукебаевтың «Бекболат» атты поэмасында да терең сипатталады (1916 жыл. Әңгімелер, өлеңдер мен дастандар, 1996: 116-126). Осылай өлкеде Николай II патшаның 1916 жылғы 25 маусымдағы 19-43 жас аралығындағы бұратана халықты тыл жұмыстарына алу туралы шыққан Жарлығына қарсы дүрбелең басталып, бір сәтте бүкіл Жетісу жерін шарпи түсті. Жарлыққа наразы халық патшаға адам бермейміз, одан да өз жерімізде қасық қанымыз қалғанша қарсылық көрсетеміз деген ұрандармен Жетісудың әр рулы-елдері өз жайлауларында үлкен қауымды құраған жиындар өткізіп, жарлықты орындамауға шақырды. Патша өкіметінің жергілікті жерде жүргізіп жатқан осындай бей-берекетсіздігі мен заңсыз жарияланған Жарлығы Бекболат сынды елағаларының ашу-ызасын туғызбай қоймады.

Ел басына күн туғанда өжет мінезді 73 жастағы Бекболат өзінің аталас жақын туысы 61 жастағы Сәт Ниязбекұлымен бірге халықтың сөзін сөйлеп, солардың мүддесін қорғап 1916 жылы 7 шілдеде Үшқоныр жайлауында – Жайылмыс, Үлкен Алматы, Ботбай, Шамалған және ішінара Күрті болыстығының қазақтары жиналған ауқымды «Үшқоныр жиынын» өткізіп Жарлықты талқылайды. Басым көпшілігін Жайылмыс қазақтары құраған бұл жиынға ұзын саны 1000-нан астам адам жиналады. Сондағы жиналған халықтың алдында бұрынғы болыс басшылар Бекболат Әшекейұлы мен Сәт Ниязбекұлы: «Халық! Тылға адам бермейміз, бәріміз бір боламыз. Таудан төмен түспейміз, егер орыс отряды келе қалса оларға қарсылық көрсетеміз» (ҚР ОМА 76-қ. 1-т. 510-іс. 47-п.) - деп сөз сөйлеп жігіттердің еңсесін көтеріп, оларды жігерлендіре түсті. Осы жиынның куәгері Нұрғали Жайнақовтың көрсетуінде: «...относительно Бекбулата Ашикеева и Сата Ниязбекова я уверенно утверждаю, что оба они были в передних рядах толпы и участвовали в совершении баты. Этих двух я потому хорошо запомнил, что знал их и раньше ...» (ҚР ОМА 76-қ. 1-т. 510-іс. 51-п.) - делінген. Осылай түбі арғы атадан қосылатын әулеттен тараған қос бірдей батыры Бекболат пен Сәт азаттықты аңсаған халықтың арқа сүйер сүйеніші мен қорғанына айналды. Солармен бірге бұл жиынға Жайылмыс болыстығынан: Әбілеш Бекбатыров, Әбділда Бекболатов, Тастан Әбішев, Ахмет Аманбаев, Надырбек Қарақсин, Дүйсенбек Қасымбеков, Кәрібай Аламанов, Кенбай Ниязбеков, Акет би Барлыбаев, Дәдібек пен Райыс Қадірбековтер, Тастемір Бөгімбаев, Шағыр Сатыбалдин және оның ұлдары, Серікбай Аманжолов, Екейбай Сатқынов, Боранбай Қашкеев, Сарманбек Әшекеев, Сәлімбаев Шуақов, Оспан Бөкенбаев, Исабек Сексенбаев, Сарықазақ Сұлтанаев, Байғозы Мәмбетов, Сатал Құрабаев, Сатқын Әбішев, Жарылғап және Ахметша Нұрабаевтар, Келмәмбет Ермәмбетов, Байділда Рысқұлов, Нүсіп Рысқұлов, Есікбай Екейбаев, Ахмет Әбдірешов, Шамалған болысынан - Байсын Аюкин, Жегетек Тазыбеков, сонымен қатар Ботбай болыстығынан - Танеке Тасыбеков пен Күрті болыстығынан Түгелбай (ҚР ОМА 76-қ. 1-т. 510-іс. 59-п.) – есімді ықпалы мен беделі зор адамдарда қатынасты.

Үшқоныр жиынына қатысушылар Верный уез бастығына тыл жұмыстарына шақыртуды болдыртпау туралы өтініш жасау керектігін көтеріп, сол мақсатқа Шамалған болыстығының 12 старшындығынан және Жайылмыс болыстығының 17 старшындығынан 580 рубль қаражат жинап, оны өз араларынан сайланған Дүйсенбек Қасымбеков, Надырбек Қарақсин, Байбұлан Жиенқұлов және Бейсен есімді депутаттарды аттандыратын болып келіседі (ҚР ОМА 76-қ. 1-т. 510-іс. 32-п.). Қалай болғанмен де жиынға қатысушалар әскери жұмыстарға қазақ жігіттерін мүлдем бермейтіндіктерін және олар жайлаудан алқапқа түспей тауда болатындары туралы, егер орыстар шабуыл жасаған жағдайда қарсылық көрсететіндіктері жөнінде үзілді-



кесілді шешім қабылдайды. Бұл шешімді жиынға белсенді қатысушы Қожманбек Кегелбаевта қызу қолдайды. Жиын соңында тыл жұмыстарына шақырылуға тиіс әрбір жігітке киіз үйдің жанындағы кермеде ерттеулі атты ұстап және сойыл сайлап дайын болуды тапсырды.

Үшқоныр жайлауында өткен осы ауқымды жиын Жетісудағы өзге болыстықтардың біріккен жиынының өтуіне үлкен септігін тигізді. Мысалы, 8 шілде күні Верный уезі Ұзынағаш болыстығына қарасты Үлкенсаз деген жерде Күрті, Ұзынағаш, Қарғалы, Бидалы, Ботбай, Батыс және Шығыс Қастек, Тайторы және Ырғайты аталған тоғыз болыс-елдің 5000-нан астам халқы жиналған ауқымды съезде жуырда ғана Жайылмыс қазақтары қабылдаған шешімдерді және өз арасынан «мейлі орыстар бізді өз жерімізде өлтірсін, бірақ не дегенменде германдықтардың оғының астына бармаймыз» деген ортақ уағдаласқан қарарды да бекітеді. Съезде бұл шешімдерді Күрті болыстығының атынан қатысқан Қожманбет Қилыбаев пен Асқар Ибраимов есімді ықпалды қазақтар бірауыздан қуаттайды. Жиында Пішпек уезіне қарасты Николаев болысының болысы ұлты дұңған Бұлар Мағуевта болды. Үшқоныр съезінде бекітілген шараларды Кіші Алматы болыстығының құрметті қазағы Шоқамолда Түменовте таулы жайлауда 10 шілде күні өз болыстығының қазақтарын жинап, сонда арнайы бір қойды сойып, «Ақсарбас» батасын қабылдап қолдайды (ҚР ОМА 76-қ. 1-т. 510-іс. 87-п.). Осындай жиындар Пржевальск уезіндегі қырғыздар арасында өткізілді және алдағы уақыттарда Жаркент, Верный, сондай-ақ Пржевальск уездерінің шекараларында өтетін болып шешіледі.

Верный уезінің батыс жағында болып жатқан дүрбелеңнен әбден сескенген Верный қаласы полицмейстері, штабс-ротмистр Поротиков 1916 жылы 12 шілдеде Жетісу облысының әскери губернаторы М.А.Фолбаумға Верный уезінің батыс жағында тәртіпсіздіктің шығу мүмкін екендігін ескертіп, ол үшін Приставтарға, күдік келтірмей мұсылмандардан барлық қаруды тартып алуды, әрбір шендегілерге өз учаскелерін және күдікті адамдарды жылдам тұтқындауды және Верныйда ғана емес, сонымен қатар барлық облыстағы жергілікті халықтардың ішкі көңіл-күйін анықтауды тапсырғанын (ҚР ОМА 76-қ. 1-т. 510-іс. 55-п.) тізіп көрсеткен рапортын жолдайды. Өз кезегінде губернатор Фольбаум штабс-ротмистр Поротиков жолдаған рапортын құптап, оның жылдамдатылып орындалуын тапсырады. Ал өзі көтерілісшілерге қарсы Жетісу өлкесінде тиісті шараларды жүргізуді қолға алады. Бұл жөнінде американдық зерттеуші Эдвард Деннис Сокол былай деп жазды: «Жетісу облысының губернаторы Фольбаум, көтерілістің болатынын болжап, тиісті шараларды қабылдады. Шілдеде ол облысты 17 аудандарға бөліп, және олардың әрқайсына әскер басқарушысын тағайындады. Верныйдағы әскер кез-келген шиеленіс нүктесіне жіберуге мүмкін болатындай етіп дайындық жағдайына келтірілген болатын. Тұрақты әскери қызметте болмаған казактар әскер қатарына шақырылған болатын» (Сокол, 2016: 119).

Губернатор Фольбаумның нұсқауын алған соң полицмейстер Поротиков алдын-ала тыңшылық агентураның жинаған мәліметімен Үшқоныр, Үлкенсаз, Қараарша және Кіші Алматы болыстығындағы жиындарды ұйымдастырып өткізген басшыларын тұтқындау ісіне кіріседі. Мысалы, 1916 жылы 9 шілдеде Верный уезі бастығының көмекшісі Хлыновский қасына жандарм офицерін және уез басқармасының аудармашысы Иса Тергеусізовті алып, Сәт Ниязбекұлының ауылынан өтіп, оған 11 шілде күні өзінің ауылымен Үшқонырда қатар жайлаған Ботбай болысының бұрынғы болыс басқарушысы Танеке Тасыбековпен бірге Қаскелеңге келуін бұйырады. Солармен бірге 11 шілде де таңертен Қаскелеңге болыстың бұйрығымен Жайылмыс елінің №7 ауылынан Жамаш Әжібековпен пен №14 ауылдан Молдахмет Стыбаевта келеді. Олар екі күн бойы Хлыновскийді Қаскелеңде күтіп, тек 13 шілде де ғана оларға Верный уезі басқармасына бару тапсырылады. Барған бойда уез бастығы Жамаш пен



Молдахметті ауылдарына қайтарып, Танекені карцерге жауып, ал Сәтті тұтқынға алып, 16 шілде күні «Жайылмыс болысының қазақтарын тәртіпсіздікке арандатқаны үшін деген айыппен, Жетісу облысы әскери губернаторының өкімімен үш ай мерзімге Верный әскери гауптвахтасына қамайды» (ҚР ОМА 76-қ. 1-т. 510-іс. 88-89 пп.). Сәт тұтқынға алынған соң, Үшқоныр жиынында тыл жұмыстарына шақыртуды болдыртпау үшін жиналған қомақты қаржыны өткізетін депутаттардың әрекеті де аяқсыз қалады. Соның ізімен Күрті болысынан Қожманбет Қилыбаев пен Асқар Ыбрайымов, Кіші Алматы болысынан Шоқамолда Түменов, Қараарша съезінде жарлыққа ашық қарсы шыққан Тайторы болысынан Ауылбай Тастанбеков, Бошқұл Саурықов, Қарабай Жансауов, сондай-ақ сол съезде «Берілмендер, бермейміз, одан да өлеміз» - деп айғайлап сөйлеген Әбілхан Жақсылықов барлығы бірдей агентуралық жолмен тұтқындалып, Верный әскери гауптвахтасына қамалады (ҚР ОМА 76-қ. 1-т. 510-іс. 90-п.), ал Қарақоңыз болыстығының болысы Бұлар Мағуевке іздеу салып, тұтқындау ісі тапсырылады.

Мұрағат құжаттарының көрсетуінше 13-22 шілде айы аралығында, яғни тоғыз күннің ішінде Верный уезінің батыс жақ бөлігіндегі әр болыстықтан тәртіпсіздікке қатысы бар деп табылған күдікті 46 қазақ патша жансыздарымен ұсталады. Оларды жазаға тарту үшін Верныйда патша чиновниктерімен «Ерекше уақытша әскери сот» құрылады. Патша жансыздарының жүргізген іс-әрекеттеріне қарамастан күздеуге ерте көшіп кеткен Жайылмыс пен Шамалған болыстығының жігіттері қыстауда бас қосып, Жарлықты талқылауды шешеді. Осы жөнінде Шамалған өзенінің бойында орыс-казактарды жерге орналастыру бойынша гидротехник болып жұмыс істеп жатқан Петроград политехникалық институтының студенті Нетрониннің айтуында: «Таңертен 8 шілдеде мен Верный қаласынан Мемлекеттік банкінің екі қаруланған күзетін алдым. Осы күзетпен түсте Самсоновкадан Көлащы жерінен құралдарымды алу үшін шығып, қайтар жолдан Казанск-Богородск селосының шаруасы Максим Михайловтың диірменінен жарты верст жерден, тура бізге қарай найзамен қаруланған бір қарулы қазақтың келе жатқанын кездестірдік. Кездейсоқтықтан біз оны жанымызға өте жақындатып алдық. Оның қарулы екенін әрі бізге қарай ұмтылғанын байқаған күзеттегілер оған қарай оқ атты. Соның әсерінен әлгі қазақ Шамалған өзені арқылы, арғы бетте орналасқан қыстауларға өтіп кетті. Ол жақтағы Шамалған мен Жайылмыс болыстарының қазақтары көтеріле бастады. Олардың саны 50-ден астам еді. Бізді көре сала олар аттарын ерттей бастап айғайлай түсті. Мұны естіген жан-жақтағы қазақтар оларды қолдап соларға қарай аттылы қазақтар бір-екіден шауып келе бастады. Олардың тобы жылдам өсе түсті және біздің жағдайымыз қауіпті бола түскенін сезіп, біз жылдам жүре түстік. Сол жүріспен біз кездейсоқ бұрылыстан басқа қазақтардың тобырына кез болдық. Оларда сондай 50-ге жуық еді. Жартысы аттың үстінде, ал қалғандары жерде отырды. Олардың қастарында көп найзалар мен пышақтар үйіліп жатты. Біз сол жерден жақын өткендіктен олардың қаруларын көзбен көрдік. Ол қазақтар Шамалған мен Жайылмыс болыстықтарынан болатын. Олардың жиналатын жерлері аталмыш екі болыстықтың бір ауылы деп естідік» (ҚР ОМА 76-қ. 1-т. 510-іс. 15-п.). Сол Жайылмыс қазақтарының қырдағы ауылдары Ақши деген жерде орналасты, Үшқонырдан кейінгі ауқымды жиын сонда өтті.

Ақши жиыны 1916 жылы 8 тамызда Верный уезінің батыс жағында орналасқан Ақши қыстауында өтті. Онда қыстауға ертерек түскен Жайылмыс елінің №3,7 және 17 ауылдарының қазақтары болды (ҚР ОМА 76-қ. 1-т. 510-іс. 18-п.). Осы ауылдардан шыққан Кәрібай Аламанұлы, Байғозы Мамбетұлы және Сатал Құрабайұлы жиынды ұйымдастырып және оған басшылық етті. Жиынға қатысушылардың арасында Келменбет Ерменбетов, Ордабай Дәуренбеков, Дәрітай Аламанов, Жиренбай Жұсамбаев, Бейсенбай Арықбаев, Несіпбай Шыныбеков, Қосдәулет Бозымбаев, Жүніс



Үрпеков, Мұлжан Мамыров, Шағыр Сатыбалдин және басқада жігіттер болды. Олар тылға жігіт бермейтіні туралы өзара сөз байласып бірауыздан табанды түрде орыстарға қарсылық көрсететінін білдіріп, бата қабылдайды (ҚР ОМА 76-қ. 1-т. 510-іс. 23-п.). Артынан Үшқонырдағы Бекболаттың әскерімен бірігуді ойластырады. Ол үшін алдымен олар көршілес жатқан болыс-елдердің жағдайын біліп қайту үшін Қарғалы, Ботбай болыстықтарына елшілікпен төрт жігітті аттандырады.

Ақшидағы жиналған халықтың толқып жатқанын Жамаш Әжібекұлы арқылы естіген Жайылмыс елінің болысы Бейсенбай Шалбаржанов дереу Жамашқа Әлімқұл молданы қосып, Ақши жаққа не болып жатқанын білуге жібереді. Жол бойында көтерілісшілерге барудан сескенген Жамаш астындағы атының шаршағандығын сылтауратып қалып қойғанда, Әлімқұл молда Нүсіпбек Дарбушевтың қолғабысымен болып жатқан Ақши жиынының үстінен түседі. Әлімқұлдың көтерілісшілер қатарына қосылуға келмегенін байқаған Кәрібай батыр оны бірден тұтқындап, қол-аяғын темірмен кісендеп киіз үйге қамап тастайды, ал оның қасындағы Нүсіпбек ебін тауып қашып кетеді. Қамаудан Әлімқұл тек 10 тамызда ғана босап шығады (ҚР ОМА 76-қ. 1-т. 510-іс. 19-п.).

1916 жылы қыркүйек-қазан айы аралығында болған патша сотының тергеуінде Әлімқұл Құдайқұлов Ақши жиыны туралы мынандай мәлімет берді: «8 тамызда Жайылмыс елінің болысы Бейсенбай Шалбаржанов мені Ақши жаққа не болып жатқанын біліп қайту үшін жіберді. Мен сол күні-ақ Нүсіпбек Дарбушевпен бірге Ақшиге аттандым. Онда мен жайылмыстықтардың 50 адамдық тобын көрдім. Жиын басшыларының ішіндегі Кәрібай Аламанұлының қолында шашка болды, ал онымен бірге тұрған қалған адамдар бақандар, айбалталар, текмендер ұстады, ал екі адамның қолынан мылтық көрдім. Кәрібай Аламановтан білгенімдей бұл көтерілісшілер төрт жігітті Ботбай болыстығына елші етіп жіберген екен. Ол жақтан келгендер, яғни Ботбайлықтардың істері табысты екенін және Қордайдан бастап Ұзынағашқа дейінгі орыс селениялары олармен жаулап алынғанын жеткізген. Елші етіп жіберілген төрт жігіттің біреуі Байғазы Мәмбетұлы болғанын Кәрібайдың өзі айтты, сосын мұны Байғазының өзі Ботбайлықтарға барғанын куәлендірген. Мен айтып өткен сондағы қазақ тобырының көбісі шоқпарлармен қаруланған болатын. Сол көтерілісшілердің малдары тауда жиылған, ал өздерімен бірге күнделікті азық үшін бірнеше он шақты қойларды ұстады. Көтерілісшілердің арасында байлаулы жатқан кезімде Ақши жиынына Жайылмыс елінің №15 ауылының қазағы Кесекбай қолына қызыл туды ұстап кілең шоқпарлармен саймандалған 40 қарулы қазақ жігіттерін бастап келді. Ол сондағы қазақ жігіттеріне мені өлтірсін деп бұйырды. Сол кезде көтерілісті басқарған басшылардың айналасына 200-ге жуық қазақ жігіттері жиналды. Ақшиде жиналғандардың барлығы бірдей орыстармен соғысатыны туралы шешім шығарды» (ҚР ОМА 76-қ. 1-т. 510-іс. 78-п.).

Ақши жиыны аяқталғаннан кейін, 8 тамыздың түнінде Кәрібай, Байғазы және Сатал батырлар бастаған Ақшилық Жайылмыс көтерілісшілерінің тобы Қарғалы болыстығына аттанып, 9 тамызда Ұзынқарғалыдағы Жаманшал бейітінің маңында Ақсамба молда бастаған Қарғалы көтерілісшілерімен бірге кеңес өткізеді. Деректердің көрсетуінше, бұл кеңеске Жайылмыс болыстығынан – 150 адам, ал Қарғалы елінен – 350 адам қатысты. Мәжіліске қатысқандардың арасында Ақ туды ұстап Шапырашты жігіттерін ұйымдастырып тұрған қарғалылық Көпесбай есімді жігітте болды (ҚР ОМА 76-қ. 1-т. 510-іс. 33-п.). Олар кеңесте көршілес орыс селосына бірігіп шабуыл жасау туралы шешім қабылдап, сол мақсатпен 10 тамыздың түнінде Татьяна селосында тұратын шаруалардың егістік алқабын өртке орайды. Тіпті артынан ел арасында егістік даланы өртеуге қоныс аудару мекемесінің аудармашысы Тоқаш Бокин де қатысқан деген қауесет те тарады.



Ақшидағы қамаудан босап шыққан Әлімқұл молда бірден Жайылмыс болыстығының Қарғалыдағы кеңсесіне жетіп, Байгулов хатшыға Үшқоныр көтерілісшілерінің іс-қимылымен және олардың он бір басшысының есімдерін жеткізген ақпары сол сәтте Верный уезі бастығының атына рапорт арқылы жолданады. Мұндай мәліметті алдында Бейсенбай болысқа Әлімқұлдың ағасы Жұма Құлымбаев жеткізгенде, ол ілі-шала қасына Әлімқұл молданы, Ж. Құлымбаевты, өзінің хатшысы Г. Байгуловты және Верныйдың мешанині Фатахдин Баубековты ертіп Ұзынағаш жеріндегі Казанск-Богородск селосында орналасқан Отар приставына жолығып, Үшқоныр жайлауында бүкіл Үшқоныр және Ақши көтерілісшілері бірігіп, Бекболатты хан көтеріп, оның әкесі Әшекей батырдың Ақ туын тігіп әрі 12 тамызда Бекболат Әшекейұлы мен Кенбай Ниязбекұлы өздерінің жігіттерімен таудан түсіп, мені және қасымдағы адамдарды өлтіріп, сосын Шахворостов заводына, Қарғалы поселкесіне, Самсоновка мен Татьянаовка селоларына қарулы шабуыл жасауға әзірленіп жатқаны туралы жеткізеді (ҚР ОМА 76-қ. 1-т. 510-іс. 81-п.).

Отар приставынан жеткен осы дабылды хабар Жетісу әскери губернаторы Фольбаумды Верныйға іргелес жатқан бүкіл әскери басқарманың басшылары мен солдаттарын аяғынан тік тұрғызып, қауіпті деген поселениялардың қорғаныстарын күшейтуге күш жұмсатады. Сол үшін ол 11 тамызда Верныйдан Жайылмыс болыстығына шекаралас жатқан Самсоновка, Найденовка селоларымен қатар Шахворостов зауытын Үшқоныр көтерілісшілері тарапынан жасалатын шабуылдан қорғауға Жетісу әскери жүздігінің запастағы зауряд-чиновнигі Скатов бастаған 35 казак отрядын, ал 12 тамызда Қаскелең станициясы мен Самсоновка селениясы тұрғындарының егістік жерлерін Жайылмыстықтардың жасайтын өртінен қорғауға Қаскелеңнің әскери чиновнигі С. Решетниковтың басшылығындағы 30 қарулы солдат жіберіледі. Артынан Отар приставы Гилев Бейсенбай болыс арқылы Самсоновкаға - 10 және Татьянаовка селосына -10 солдатты аттандырып, олардың қорғанысын тағы да күшейтеді. (ҚР ОМА 76-қ. 1-т. 510-іс. 87-п.). Бұл шаралардың барлығы 11 тамызда, яғни Бекболат Әшекейұлының жағынан күтілген шабуылдың қарсаңында болған еді.

Үшқонырдағы Ошақты жиыны өту қарсаңында Бекболат батырдың туының астына алыс-жақын болыс-елдерден аралары үзілмей азды-көпті сарбаздарды бастап қазақ батырлары жинала бастайды. Алғашқылардың бірі болып Бекболат әскеріне Ақши жиынын өткізген Кәрібай Аламанұлы мен Байғазы Мәмбетұлы бастаған Жайылмыс руының 200 сарбазы қосылады. Артынан солардың ізімен Ошақтыға Шапырашты Ақсамба молда мен Көпесбай батыр бастаған Қарғалы болысынан 300 жігіт келіп жетеді. (ҚР ОМА 76-қ. 1-т. 510-іс. 9-п.). Ақшилік және қарғалылық қазақ жігіттері Бекболаттың әскерлерімен біріккеннен кейін, көп ұзамай Ошақтыға Жайылмыс болыстығына шегаралас жатқан Шамалған болысының №9 және ішінара №12 ауылдарында үгіт жүргізіп, орымбет руының жігіттерін Байсын Аюкеұлы, Жегетек Тазыбекұлы, Нұралы Қосығұнов және Қосқұлақ Бозымов сынды ықпалды адамдар бастап келеді (ҚР ОМА 76-қ. 1-т. 510-іс. 13-п.). Ал, Үлкен Алматы болысының бұрынғы болыс басшысы Байбосын Тамабаев ботбай жігіттерінен құралған топты бастап, қазақ пен қырғызды бірлесіп күресуге шақырып жатқан Бекболат Әшекейұлының қолына келіп қосылады (Бүркітбаева, Қарабасов, 2017: 19). Дүрбелен басталған күндері Бекболат батырдың тапсырмасымен Пішпек уезіндегі Шабдан манаптың балаларына елші етіп жіберілген Серікбай Аманжоловта 11 тамызда таңертең Ошақтыға келіп жетеді. Ол да Бекболатқа Пішпектегі Шабданның балалары оған қаруланған қырғыздың 510 жігітін көмекке жіберетіні туралы жақсы хабарын әкеледі (ҚР ОМА 76-қ. 1-т. 510-іс. 8-п.). Осылай күн өткен сайын Бекболат туының астына жиналған әскердің саны ұлғая түседі.



Бұлардың бәрі Бекболат Әшекейұлын қолдап Үшқоныр тауына жиналды және 1916 жылы 11 тамызда Ошақты деген жерде өткен өте маңызды жиынға қатысты. Осы кезде Ошақты жерінде Бекболат Әшекейұлы мен оның сенімді жақтастарының ауылдары жайлап жатқан еді. Мұрағат деректерінің көрсетуінше, Ошақты жиынына – Әбділда Бекболатұлы, Сарманбек Әшекейұлы, Әбілеш Бекбатырұлы, Дүйсенбек Қасымбекұлы, Надырбек Қараксин, Екейбай Сатқынов, Серікбай Аманжолов, Оспан Бөкенбаев, Сатқын Әбішев, Сарықазақ Сұлтанаев және басқа да көптеген ықпалды адамдар қатынасты (ҚР ОМА 76-қ. 1-т. 510-іс. 101-п.). Осы жиынға қатысушылардың арасында Верный қаласының полицмейстері Поротиковтың арнай тапсырмасымен жіберілген Тыңшылық полициясының агенті Жәби Сүлейменов пен Верный қаласының І-ші полиция бөлімшесінің городовой Сайлибай Күнтубаевта жүрді. Басқа біреулердің танып қалмасы үшін олар үстілеріне күнделікті жүретін полиция формасының орнына қазақы киім киіп алып, Үшқоныр көтерілісшілері қатарына өтірік қосылған болып кіреді де тыңшылық әрекеттерін жүргізеді (ҚР ОМА 76-қ. 1-т. 510-іс. 48-п.).

Мұрағат құжаттарының көрсетуінше, Ошақтыға жиналған халықтың барлығы сағат 12-де бірауыздан Жайылмыс елінің құрметті азаматы Бекболат Әшекейұлын салтанатты түрде хан сайлап, оның баласы Әбділда Бекболатұлын ханның мұрагері етіп бекіткен рәсімін өткізеді (ҚР ОМА 76-қ. 1-т. 510-іс. 39-п.). Өз естелігінде Исабек Сексенбайұлы: «Бекболат Әшекейұлы ел ішінде өте беделді, мінезі тура, батыр адам болған, халық оны сондықтан да өз басшысы етіп сайлаған» (Байжарасов, 1966: 2) - деп көрсетті.

Хан сайлау рәсімінен кейін, көтерілісшілерге басшылық еткен Бекболат Әшекеев пен оның баласы Әбділда әкесі Әшекей батырдың аманаттап кеткен «Ақ туын» Ошақтыда тігіп, сол тудың айналасына жақтастарын жинап бір ақтұяқты сойып, құран оқиды және олар ақ тудың сабын ұстап тылға адам бермей қарсылық көрсететіндіктерін айтып ант қабылдайды. Мұрағат құжаттарында Бекболаттың Ошақтыда тіккен ақ туы туралы: «Этот знамя покойного его отца Ашикея, сохранившиеся до сего времени. Оно представляет собой обыкновенное палотно, надписи никакой нет, а только вышиты цветы. На деревке было на конце вверху надето золотое кольцо отца Бекбулата Ашикеева - Ашикея» (ҚР ОМА 76-қ. 1-т. 510-іс. 41, 45-п.) – деп жазылды. Осы Ошақтыдағы жиын кезінде «көтеріліс жетекшілерінің бірі Екейбай Сатқынұлы көтеріліске қатысушыларға қарап былай деді: Азық-түлікті көптеп алыңдар; азық-түлікті үш күнге жететіндей есеппен алыңдар, одан көп керек емес, өйткені үш күннің ішінде біз жауларды басып аламыз» (Бекболатов, 1998: 210). Осыдан кейін жиынға қатысушылар қайткенменде патша жарлығын орындамауға, таудан алқапқа түспеуге, егер келе қалса патшаның жазалаушы әскерімен соғысу туралы ортақ тоқтамға келеді.

Үшқоныр көтерілісшілерінің интеллектуалды көсемі Сәт Ниязбекұлы патша жансыздарымен ұсталып абақтыға қамалғаннан кейін, Бекболат көтерілістің барлық ұйымдастыру және басшылық ету ісін өз қолына алады. Үшқоныр жайлауын өзінің штабына айналдырған Бекболат көтеріліске қатысты барлық істі сол жерден жүргізіп отырды. Осы істі бастағанда Бекболат батыр Үшқонырға алыс-жақын қазақ болыстықтарын және көршілес жатқан қырғыз жұртының көтерілісшілерінің басын біріктіріп, Верныйға шабуыл жасап оны талқандап, одан әрі жылжу сияқты орасан зор жоспар құрды. Сол жоспарының ішінде Жайылмыс көтерілісшілері жақын күндері Үшқоныр тауынан түсіп, Байсейіт бейіті тұрған Жаңғызаяқ жеріндегі алқапқа келіп, сол жерде оларға Мойынкүм мен Сарытаукүм болыстығының қазақтары қосылып, содан кейін барып олардың барлығы бірдей Найденовка, Самсоновка, Татьяновка селоларына шабуыл жасап, оларды қиратқан соң, 400 солдаты ғана бар Верныйға шабуылдап оны



өртеп жіберу қарастырылды (ҚР ОМА 76-қ. 1-т. 510-іс. 204-п.). Осы жоспарын жүзеге асыру үшін Бекболат жиналған жігіттерден әскери жасақтар құрды. Сол жасаққа 44 жастағы Әбділда Бекболатұлы, 34 жастағы Екейбай Сатқынұлы, 35 жастағы Сарықазак Солтанайұлы, 46 жастағы Оспан Бөкенбайұлы, 52 жастағы Серікбай Аманжолұлы әскербасы болып сайланса, ал 61 жастағы Әбілеш Бекбатырұлы «Туұстаушысы» болып бекітілді (ҚР ОМА 76-қ. 1-т. 510-іс. 114-п.).

Жасақталған әскерді қару-жарақпен қамтамасыз ету үшін Үшқоныр тауының ішінде шеберханалар ұйымдастырылып, түрлі нысандағы соғыс саймандарын соқтырады. Осы жөнінде өлкетанушы Ү. Бүркітбаева: «...сол ұлт-азаттық көтеріліс кезінде Әбілда Қыпшақбаев темірден түйін түйіп, найза, қанжар, қылыш сияқты ер қаруларын жасап, сарбаздарды қаруландыруға көмектесіп, көтеріліске өзі де қатысқан» (Бүркітбаева, 2009: 256) - деп көрсетті. Ал ат-көлігі жоқ жігіттерді Бекболаттың өжет көмекшілері Әбілеш Бекбатырұлы мен Серікбай Аманжолұлы орыс-казак поселенияларындағы Андрей Малышев сияқты бай-кулактардан қуып әкелінген жылқылар есебінен атқа қондырады (Байжарасов, 1966: 2). Өз естелігінде Бекболаттың сарбазы Исабек Сексенбайұлы: «Сарықазак екі кісіні бір қолымен көтеріп жүретін палуан, сайыскер жігіт екен. Ол көтеріліс басталған күннен бастап жасақшылардың бастығы болыпты. Сар қылышты асынып алып жігіттерді сапқа тізуді, шокпар, сойылмен қаруландыруды, күзетке жіберуді Сарықазак басқарып еді» (Байжарасов, 1966: 2) –деп айтқан еді.

Жақын серіктерімен Үшқоныр жайлауындағы Ошақты жеріне орнығып алып, орыстарға қарсы қарулы шабуылға әзірленіп жатқан Бекболат батыр Жетісудың алыс-жақын жатқан басқа да қазақ болыстарымен байланыс орнатуды көздеп жуырда ғана Ақшиден келіп қосылған – Кәрібай Аламанұлын, Байғазы Мәмбетұлын, Сатал Құрабайұлын, Ордабай Дәуренбекұлын бірге елшілік қатынаспен Батыс және Шығыс Қастек болыстығында тұратын Шапырашты руының Саурық пенен Сұраншының балаларына аттандырады. Солармен қатар Бекболат Қарқара жайлауындағы Ұзақ Саурықұлы мен Жәмеңке Мәмбетұлының басшылығымен көтеріліп жатқан Албан бауырларына арнап жазған хатын сол өңірге қайтып бара жатқан Алжан руының қазағы Тайлақ Бекбасұлынан беріп жібереді. Алыстағы Мойынқұм мен Сарытаукұм жерін жайлаған Сарыүйсін елі де Бекболаттың назарынан тыс қалмады, оларға да ханның атынан елшілікпен жігіттер жөнелтілді (ҚР ОМА 76-қ. 1-т. 510-іс. 401-п.). Тіпті, «Қызыл бөріктермен Бекболат Әшекеевтің жасағының байланысы болғаны» (Шашкин, Мергеншин, 1957: 20) көтеріліс куәгерлерімен расталады. Елшілерді осындай екпінмен жан-жаққа аттандыру арқылы Бекболат батыр көп күшті Үшқонырға шоғырландырып, қозғалысты одан әрі ұлғайта және күшейте түсуге қам жасайды. Алайда патша өкіметінің жазалаушы отрядымен қақтығысқанға дейін Қастек аймағындағы Шапырашты елінен және Қарқарадағы Албан руынан бірде-бір хабар келмейді. Тек Пішпектегі Шабданның балаларынан төрт қырғыз елшісі Бекболатқа жақын күндері алдымен мылтықтарымен 100 сарбаздың келетінін жеткізгенімен оларда дәл уақытында келіп үлгермейді. Алғашқы күннен Бекболаттың өзі қосымша күштің тез жететініне сенімді болып Верный қаласына жасалатын шабуылды кейінге қалдырады, бұл шешім оның алдағы жоспарына кері әсерін тигізеді. Өйткені 1916 жылы 12 тамызда патша тыңшылары Жәби Сүлейменов пен Сайлибай Күнтубаевтың Ошақтыдағы жиын туралы әкелген мәліметтері шұғыл түрде Верный полицмейстері арқылы Жетісу әскери губернаторы Фольбаумға жеткізіледі.

Әскери губернатор Фольбаумның бұйрығын алысымен Верный уезінің бастығы подполковник Базилевский меңгеруші Соколовпен бірге қарулы казак отрядын бастап Үшқонырдағы Бекболат бастаған көтерілісшілерді басу үшін 12-нен 13 тамызға қараған түнінде Верныйдан батысқа қарай аттанып, таңғы сағат 4-те Қаскелең станициясына,



одан кейін Самсоновка (Шамалған) селениясына келіп ол жердің қорғанысын өздерімен бірге әкелген казак солдаттарымен және қару-жарақпен күшейтеді (ҚР ОМА 76-қ. 1-т. 510-іс. 94-п.). 13 тамыз күні таңертең мұздай қаруланған Базилевский бастаған жазалаушы отряды Шамалғаннан аттанып, Шұбарат шатқалы арқылы Үшқоныр тауына қарай беттейді. Отряд Шұбарат шатқалына жеткенде Базилевский Шахворостов зауытын Бекболаттың көтерілісшілерінен күзетіп отырған Скатовқа бір адамын жіберіп, тез арада Үшқоныр тауынан төмен қарай еңістермен көтерілісшілердің түсіп кетпеуіне жол бермеуі үшін сонда баруды бұйырады (ҚР ОМА 76-қ. 1-т. 510-іс. 73-п.). Бұйрықты алысымен Жетісу әскери жүздігінің запаснойы капельмейстер Скатов казак отрядын бастап Үшқоныр тауына қарай шыққан күні Шахворостов зауытына Отар приставами Казанск-Богородск селосынан 10 қарулы солдат жіберіледі.

Жазалаушы отряд Шұбарат шатқалынан өтіп, Үшқонырдың Құрттыбастау алқабына көтерілгенде, тау төбесінен желбіреп тұрған Бекболат туының астына жиналған көп аттылы казак тобын көреді және соларға қарай бірінші дүркінмен оқ жаудырады. Олардың бұл әрекеті Үшқоныр көтерілісшілерін одан әрі тудың түбіне топтастырып үлкен толқынмен орыс отрядына қарсы шабуыл жасауына алып келеді. Бұл шайқас 1916 жылы 13 тамызда Үшқоныр тауының қойнауындағы Құрттыбастау жазығында өтті. Бекболат пен Әбділда бастаған Жайылмыс көтерілісшілері мен Базилевский отрядының арасындағы алғашқы қақтығыс ертеңгі сағат онда басталды. Содан үздіксіз жалғасқан «Құрттыбастау шайқасы» кешкі сағат 5-ке дейін созылады.

Подполковник Базилевский отряды Құрттыбастау алқабына көтеріле бергенде алда олардан бұрын орыс солдаттарының шолғыншы тобы таулы күзеттегі қарулы онбес казак жігіттерімен қақтығысады. Осы қақтығыстан кейінгі жағдайды казак солдаты И. Колчин былай деп баяндайды: «Біздің отряд Құрттыбастау деп аталатын алқапқа келген кезде таулардың бірінің төбесінде ақ ту желбіреп тұрды, ал оның айналасында 300-ден астам атқа мінген казак тобыры тұрды. Таудан біздің отрядты байқаған казактар «аттан» деген айқаймен жан-жақтан сол тудың түбіне жинала бастады. Бүлікшілердің төбелерде өз шолғыншы-күзетшіле рі торып жүрді. (ҚР ОМА 76-қ. 1-т. 510-іс. 83-п.).

Алқаптағы Бекболат жасағымен болған алғашқы қақтығыс туралы Базилевскийдің көрсетуінде былай деп жазылды: «Түнде мен отрядпен Үшқоныр шатқалына шықтым және күн шыққанда тауға көтерілдім. Онда біз қолында ақ туды ұстаған бір қазақтың қолбасшылығындағы айтарылықтай көп аттылы казак жасағын кездестірдік. Дегенменде осы жасақ бізді атакалауға анық әрекет жасады, ал мен казактарды сапқа қойып солармен атысқа түстім және сол тобырды сейілтіп, тау қойнауындағы алқапта тұрған ауылды алдық. Онда біз Бекболат Әшекеев пен оның баласы осы казак жасағына қолбасшылық жасап жүргенін білдік» (ҚР ОМА 76-қ. 1-т. 510-іс. 225-п.). Осы деректе көрсетілген Ақ Туды – туұстаушы болып бекітілген Әбілеш Бекбатырұлының ұстағанын атап өткен жөн.

Аздап кейін шегінген Бекболат әскері қайта күш алып, деректердің көрсетуінше, алты түрлі туларды ұстаған үлкен көлемдегі аттылы казак жігіттерімен орыс отрядына қарсы тағы шабуылға шығады. Бұл жолы Бекболат жасағы дүркіндетіп атқылап жатқан оққа қарсы жылжымалы қалқан ретінде табын жылқыларды айдап, орыс отрядының қорғанысын бұзып өтуді көздейді. Алайда көтерілісшілердің жасаған бұл әскери тактикалық шабуылы айтарлықтай жүзеге аспай қалады, өйткені орыс отрядының тынымсыз дүркіндетіп жаудырған оғының даусынан үркіген жылқылар екіге бөлініп отрядты жанап тимей екі жағынан өтіп кеткен екен.

Ауыр артиллериядан оқ жаудырып жатқан Базилевский отрядына қарсы Сарыказак Солтанаев, Мұсабай Рысқұлұлы, Нүсіп Рысқұлұлы, Байділда Рысқұлұлы,



Міржакып Иманқұлов, Нүсіпбек Дарбұшев, Есенбай Келдияров, Көпесбай Бижанов, Есікбай Екейбаев, Ахметша Әбдірешов, Байжан Натиев, Бұғыбай, Кесекбай, Исабек Сексенбаев, Жиренбай Жұсанбаев, Ысмаиыл Сатылғанов, Қосдәулет Бозымбаев және басқада жаужүрек қазақ жігіттері сойыл, шоқпар, айбалта, бақан, найза секілді қарапайым қарулармен шабуылдап ерліктің тамаша үлгісін көрсетеді. Осы жөнінде 13 тамыздағы Құрттыбастау шайқасына қатысқан Исабек Сексенбаевтың естелігінде былай делінген: «Жігіттер аттандап!» отрядқа лап қойғанда мен де алдыңғы сапта едім. Құлағымнан оқ тызылдап өтіп жатты. Көз алдымда Бұғыбай оққа ұшты. Мұсабайдың алдынан тиген оқ ту сыртынан шығып кетті. «Қырық жыл қырғын болса да ажалды өледі» дегендей, мен аман қалдым. Кейін тергеуде менің осы алдыңғы қатарда шапқанымды мойныма салып отырды. Шамасы қу Андрей дүрбімен көрген-ау деймін. Ол мені жақсы танушы еді» (Байжарасов, 1966: 2). Шабуыл кезінде Бұғыбай мен Мұсабай батырлар секілді қайсар жігіт Көпесбай Бижанұлы да оққа ұшып қаза табады. Кеудесінен ауыр жараланған Мұсабай Рысқұлұлын майдан аланынан досы Есенбай Келдияров пен бауыры Нүсіп Рысқұлұлы алып шығып, кешке ауылына жеткізгенде сонда қайтыс болады. Ал жас батырлар – Байжан Нәтіұлы, ішінен және білек сүйегінен, Есікбай Екейбайұлы- екі қолынан бірдей және Ахметша Әбдірешұлы сол аяғынан жараланады (ҚР ОМА 76-қ. 1-т. 510-іс. 311-п.). Ұрыс кезінде осы қазақ жігіттерінің қолында, деректердің көрсетуінше тек 7-8 мылтық ғана болыпты. Соның ішіндегі екі мылтықты Оспан Бөкенбайұлы мен Мұсабай Рысқұлұлы ұстады, ал қалған мылтықты ұстаған қазақ сарбаздарының есімдері бізге белгісіз қалуда.

Түс ауа екі арадағы атыс одан да күшейе түседі. Базилевский отряды үлкен екіпінмен қазақтарға қарсы шабуыл жасауға ұмтылады, бірақ оларға көтерілісшілер тарапынан тағы да қатты тойтарыс беріледі. Осы кезде Бекболат батырдың бұйрығымен барлық қазақ жасағы екіге бөлініп алып, қос тарапты қолмен орыс отрядына қарсы шабуылға шығады. Осы жөнінде орыс отряды құрамында болған Соколов былай деп көрсетті: «...киргизы нас стали окружат с флангов, проявляя при этом смелость, ловкость и храбрость» (ҚР ОМА 76-қ. 1-т. 510-іс. 201-п.). Ал Базилевский отряды қайта қоршауға түсіп қалмауынан қорқып қазақтарға қарай оқ атуын тоқтатпай отырып кейін шегінуді бастайды және отряд құрамындағы меңгеруші Соколовты дереу Скатовтың отрядын көмекке шақырып келуге жібереді. Бұл кезде биік таулардың енісінен қазақ көтерілісшілері көрінбегендіктен Скатов өз отрядымен Үшқоныр тауына көтеріліп Базилевский әскеріне қосылуға келе жатқан еді.

Осылай Бекболат әскерінің таудың екі қапталынан жасаған шабуылынан Базилевский отряды Құрттыбастау жерінен бастап Шұбарат шатқалына дейін тура 10 верст бойы шегінеді (ҚР ОМА 76-қ. 1-т. 510-іс. 109-п.). Сол уақытта шегініп жатқан орыс отрядынан Бекболаттың жігіттері екінші атыс кезінде орыс-казактарға қарсы айдаған табын жылқыларын қайтарып алуға ұмтылған сәтте, Базилевский әскеріне көмекке зауряд чиновник Скатов бастаған 40 қарулы солдат келіп жетеді. Сонда екі топпен шабуылдап келе жатқан қазақ қолы орыс отрядына қосымша жаңа күштің қосылғанын көріп, олардың атысына ұрынбай таудағы қарлы аумақтарға қарай жасырынып үлгереді. Бұл туралы Скатов былай дейді: «Мен келген сәтте Базилевский отряды атысқан бойы шамамен 3000-ға жуық адамы бар үлкен қазақ тобырынан шегініп жатты. Сол қазақ тобыры өз араларын 100 қадамдай бөліп тұрған екі топтан тұрды және сол бөліп тұрған аралықта жекелеген қазақ жігіттері көрініп жүрді. Менің отрядымның келгені көтерілісшілерге көрінген секілді. Уез бастығының отрядына қосылған соң, біз бірге шабуылға шықтық, бірақ қазақтар жылдам топ-тобымен қар жатқан тауға қарай жасырына бастады. Отряд олардың соңына түсті. Үшқоныр алқабында отряд демалуға тоқтаған кезде, қазақтар тағы екі рет отрядты екі бөлікке бөлуге ұмтылып атыс жасады, бірақ сәтті болмады. Қазақтар негізінен найзалармен



қаруланған болатын, сондай-ақ оларда 7-8 мылтық болды. Қазақтардың басшылығында Бекболат пен тағы екі бауыры тұрды, олардың аттары есімде жоқ. Жорыққа қатысқан орыс отряды 100-ге жуық казакка жетті. Бір жаралы казактан басқа өлген және жараланғандар болған жоқ. Мен отрядпен шайқас өткен алаңнан өткен кезде, алыс тау төбесінен аттылы қазақ тобырын көрдім, бірақ олар шабуыл жасауға батпады» (ҚР ОМА 76-қ. 1-т. 510-іс. 201-п.).

Арадағы шайқас аяқталған соң, Бекболат жасағы екіге бөлініп, оның бір бөлігі Наркүнге мен Күмбел арқылы Аршалы Кезең биігіне шығып кеткен болса, ал екінші бөлігі Қарғалы өзеніне қарай түсіп кетеді. Осылай Құрттыбастау шайқасы кешке таман аяқталады. Орыс әскери адамдарының мәлімдеуінше, 13 тамыз күнгі Құрттыбастау ұрысында орыстар жақтан 1 адам ғана жарақат алады, ал Бекболат әскері жағынан өлгендері мен жараланғандарын қосқанда 20-30 адам шығын болған.

Қараңғы түсе Базилевский отрядымен тауда түнде қалуды өте қауіпті санап, сағат 6-ға таман Скатов әскерімен бірге Шамалған жолына шығып, Верный қаласына қарай Самсоновка селениясы арқылы аттанады және қайтар жолда өздерімен бірге шайқас кезінде қолға түсірген қазақтардың 200 жылқысын, 120 сиырын және 100 қойында айдап әкетеді (ҚР ОМА 76-қ. 1-т. 510-іс. 188-п.).

Осы шайқастан кейін Жайылмыс көтерілісі туралы 1916 жылғы 24 қазанда Верный уезінің 4-участкесінің мировой судьясына куәгер ретінде Соколов былай деді: «...Жайылмыс болысының қазақтарынан құралған бүлікшілердің басты белсенді партиясы Бекболатпен бірге тауда болды, оларға Шамалған және басқа болыстықтардың көптеген қазақтары қосылды. Менің ойымша Үшқонырдағы көтерілісшілердің күйреуі аяқастынан болып, үлкен әсер етті, әрі Верный қаласының жанындағы қазақтар арасындағы толқудың барлық қадамына шешуші ықпал етті. Ол батыл болды, бірақ қазақтардың барлығы жақсы ұйымдасуға үлгермей, ыдырап кетті, осылайша поселкаға шабуыл жасау ескертілген еді. Ақши қазақтары таудан басшылықты және белгі күткен сияқты, бірақ ол болмады. Белгілі болғандай көтерілгендер Шамалған болыстығының екі ауылы және тіпті Үлкен-Алматы болыстығыда. Татьянавка селосын үш болыс қоршап тұрды: батысынан Қарғалы, шығысынан Шамалған және оңтүстігі мен солтүстігінен Жайылмыс. Соңғысы ашық көтерілді, ал қалғандарында көтерілу арнайы түрге айналып үлгермеді. Бекболаттың табысының – үлкен салдары болуы мүмкін еді» (ҚР ОМА 76-қ. 1-т. 510-іс. 109-п.).

1916 жылы 15 тамызда Қаскелең станициясында әскери басқарманың бұйрығымен Жайылмыс көтерілісінің көсемі Бекболат Әшекейұлын және оның жақтастарын іздестіріп, тұтқындау ісін жүргізетін арнайы комитет құрылады. Осы комитеттің құрамына – урядник-чиновник А. Малышев, Шамалған болысының хатшысы С. Плотников, Қаскелең болысының бұрынғы болысы Алпысбай Тасболатұлы, Сарыбағыш елінің бұрынғы болысы Мұсахан Алпысбайұлы, Шамалған болысының бұрынғы болысы Оразалы Мәнкеұлы, Байқұлақ Өмірбеков, Әлімқұл Сиқымбаев, Керімқұл Қарпықов, Жайылмыс болысынан Молдахмет Ыстыбаев кірді (ҚР ОМА 76-қ. 1-т. 510-іс. 204-п.) және олардың күзетіне ерікті 10 казактан тұратын қарулы отряд берілді.

16 тамызда атаман Шебалиннің рұқсатымен комитет мүшелері казак отрядының күзетімен Үшқонырға қарай аттанып, Қаскелең шатқалы арқылы Шамалған болысының қазағы Мұсахан Алпысбайұлының Қасымбек деген жерде тұрған үйіне келіп аялдайды. Сол жерден Андрей Малышев Байқұлақ Өмірбекұлы мен Молдахмет Ыстыбаевты көтеріліс басшысы Бекболат Әшекейұлының қай жақта екенін біліп қайту үшін Үшқоныр тауына қарай жібереді.

Бұл кезде патша өкіметінің жазалаушы отряды Жайылмыс көтерілісшілерін ұстау мақсатымен, бейбіт жатқан ауыл-аймақты ойрандап, алдарынан кезіккен адамдарды



жөн-жосықсыз атып, елге қысым көрсетуді жүргізіп жатқан еді. Бұл туралы профессор Томохико Уяма да «1916 жылғы көтеріліс кезінде билік солай жиі жағдайды анықтамай қатаң жазалау шараларына барып отырды» (Уяма, 2017: 109)-деп көрсетті. Осындай жауыздықты көріп-естіген Бекболат жауынгерлерін жинап, сонда жазалаушы отрядтың қырғынынан ел-жұртты, бала-шағаны аман алып қалу үшін үкімет адамдарына өз еркімен берілетінін айтып, сосың бар кінәні өз мойнына алатынын, ал жақтастарына айыпты мүлдем мойындамауларын ескертеді. Сөйтіп Бекболат Әшекейұлы өзінің шөбере інісі Екейбай Сатқынұлы мен өжет көмекшісі Серікбай Аманжолұлымен бірге орыстарға өз еркімен берілу үшін Шамалған болысының Бұрған деген жерінде орналасқан Балғабек Төлегеновтың үйіне келеді және сол жерден Бекболат Балғабекті үкімет адамдарымен келіссөз жүргізуге жібереді (ҚР ОМА 76-қ. 1-т. 510-іс. 234-п.). Осы кезде Балғабектің үйінде Бекболат және оның екі серігімен бірге тағы да табыстырушы жақ Кенбай Ниязбекұлы, Жамаш Әжібекұлы, Сатылған Төлемісұлы да болған еді.

Арада аз-кем уақыт өтіп, түнгі сағат 1-де Байқұлақ Өмірбекұлы Балғабек Төлегенұлымен, Молдахмет Ыстыбайұлымен және полицей Жәби Сүлейменовпен бірге Мұсаханнның үйінде отырған комитет мүшелеріне келіп, Бекболат Әшекейұлы мен оның екі серігі Балғабектің үйінде екенін хабарлайды. Сол сағатта олардың бәрі бірдей Бұрғандағы Балғабектің үйіне аттанып, 17 тамызда таңғы сағат 4-те Бекболат пен оның екі жақтасы Екейбай Сатқынұлы мен Серікбай Аманжолұлы ұйықтап жатқан киіз үйді және оның айналасын қоршауға алып, оған еріп келген казак отрядынан күзет қояды (ҚР ОМА 76-қ. 1-т. 510-іс. 244-п.). Бұл кезде киіз үйдің ішінде Бекболат Әшекейұлы мен Кенбай Ниязбекұлы, ал оның сыртындағы ашық аспан астында Екейбай Сатқынұлы мен Серікбай Аманжолұлы ұйықтап жатқан болатын. Оларды казактар қоршаған сәтте комитет адамдары Екейбай Сатқынұлы мен Серікбай Аманжолұлымен қоса киіз үйде жатқан Бекболат Әшекейұлында тұтқындайды және оларды тінтіп Бекболаттың қалтасынан 1 рубль 70 тиын, Серікбайдың қалтасынан 150 рубль ақша және қалта бәкілерін тауып оларды тәркілеп, одан кейін сонда келуге тиісті Скатовтың өзіне тапсырылады. Кейініректе сот тергеушілеріне А.Малышев: «басында Бекболатты киіз үйдің ішінде тұтқындаған кезде ол ештеме айтпай екі сағат бойы үндемей отырып алғанын айтады» (ҚР ОМА 76-қ. 1-т. 510-іс. 245-п.).

Сол күні таңертеңгі сағат 10-да Самсоновкадан орман қараушысы С. Суцков арқылы шақырылған Скатов пен Решетниковтың біріккен 50 казактан тұратын отряды Бұрғанға келеді. Солардың ізімен ол жерге полиция қызметкері Сайлаубай Күнтубаевта жетеді. Олар келген бойда көтеріліске қатысқандардың тізімін жасап, басты кінәлілерді Үшқонырдың әр жерінен тұтқындап Бұрғанға жеткізеді. Әкелінген тұтқындарды капелмейстер Скатов Бұрғаннан - Верныйға дейін жаяу айдау үшін солдаттарына бұйрық береді. Бұйрықты орындау кезінде Бекболат батыр жаяу жүруге қарсылық білдіріп, Скатовқа өзінің қайтпас-қайсар мінезін танытады. Бұл жөнінде куәгер Исабек Сексенбайұлының естелігінде былай жазылған: «Бұрған жазығында өзі келіп қолға түскен Бекболатты, оның жолдастарымен 15-шақты адамды қамауға алған соң Алматыға жаяу айдамақшы болған. Сонда Бекболат орнынан қарғып тұрып: Заңын болса осы арада атып кет! Әйтпесе, менде, жолдастарымда сенің қорлығыңа көніп жаяу жүре алмаймыз», - деп ақырып жіберіпті. Бұдан соң отряд начальнигі бұларды Алматыға дейін атпен алып келіпті. Әрбір аттағы тұтқынды 4 солдат күзетпен айдап отырыпты. Тастаққа келген соң, басқа тұтқындарды жаяу айдапты. Бекболат бұрынғысынша аттан түспей түрменің қақпасына шейін атпен барған екен» (Байжарасов, 1966: 2). Деректердің көрсетуінше, Бекболат пен оның 13 жақтасы күшейтілген қарулы күзетпен Верныйға 17 тамызда кеш батқанда жеткізілген болатын.



Екі күннен кейін солардың ізімен патша жансыздары арқылы Ақши жерінен Кәрібай Аламанұлы, Байғазы Мәмбетұлы, Сатал Құрабайұлы, Исабек Сексенбайұлы, ал Үшқонырдағы Наркүнгеі мен Күмбелден Кұрттыбастаудағы қақтығыс кезінде жараланған Есікбай Екейбайұлы, Ахметша Әбдірешұлы және Байжан Нәтіұлы ұсталып, оларда Верный қаласындағы уез бастығына қарулы күзетпен жеткізіледі (ҚР ОМА 76-қ. 1-т. 510-іс. 125-п.). Сонымен бірге шамалғандық Алпысбай Тасболатұлымен ұсталып Қаскелең станициясының атаманы Шебалинге жеткізілген Шамалған болысының № 9 ауылының беделді адамдары Жегетек Тазыбекұлы, Байсын Аюкеұлы және Нұралы Қосығұлұлыда көтеріліске қатысты деген айыппен Верныйға әкелінеді. Патшаның өлкедегі тұтқындау ісі мұнымен тоқтаған жоқ. 12 тамызда Жайылмыс елінің болыс басшысы Бейсенбай Шалбаржановтың көрсетуімен бүлікке қатысы бар тағы да он адам: Келменбет Ерменбетов, Ордабай Дәуренбеков, Жиренбай Жұсамбаев, Бейсенбай Арықбаев, Несіпбай Шыныбеков, Қосдәулет Бозымбаев, Жүніс Үрпеков, Саржан Қарашанов, Шағыр Сатыбалдин, Қалмәмбет Қаламбердиев тұтқындалып конвоймен Верныйға жіберілді. Верныйға күшейтілген күзетпен жеткізілген Үшқоныр көтерілісінің батырларын алдымен Верный әскери гауптвахтасы мен Верный түрмесіне әкеп қамайды. Содан кейін тергеу ісі басталған кезде оларды Верный облыстық түрмесіне ауыстырып, сонда сот үкімі шыққанша ұстайды.

Арада көп уақыт өтпей, 1916 жылы қыркүйек айының басында Үшқоныр көтерілісінің көсемі Бекболат Әшекейұлының үстінен сот ісі басталады. Сол күннен патша чиновниктері Бекболатты тергеуге тартып, асығыс түрде оған сот үкімін ауыр жазамен шығаруға тырысты. Верный қаласы гарнизоны бастығының міндетін уақытша атқарушы генерал-майор Грызловтың 1916 жылғы 1 қыркүйектегі бұйрығымен Бекболат Әшекейұлын соғыс уақыты заңдары бойынша тергеу үшін Верный гарнизонының отрядтық сотына беріледі. Ал губернатор Фольбаум отрядтық сотқа Бекболат Әшекейұлының ісін екі күндік мерзіммен жедел шешуді тапсырады.

Сөйтіп 1916 жылы 7 қыркүйекте Верный қаласында Жетісу облысының интенданттық әскери бөлімшесінің меңгерушісі, полковник Левашевтың төрағалығымен Верный гарнизонының отрядтық соты болды. Соттың уақытша мүшелері болып Верный жасағының капитаны Фогель, Верный жергілікті артилериялық команданың капитаны Тимофеев және хатшының міндетін атқарушы Верный жасағының прапорщикі Гаврилов кірді. Бұл сот жиылысы басынан аяғына дейін жабық есік күйінде өткізілді. Сол күні-ақ Верный гарнизонының отрядтық соты Верный уезіне қарасты Жайылмыс болыстығының №4 ауылының айыпталушы қазағы Бекболат Әшекейұлын барлық құқықтары мен дәулетінен айырып дарға асу арқылы өлім жазасына қию туралы үкім шығарды (ҚР ОМА 76-қ. 1-т. 510-іс. 455-п.). Дәл сол күні Жетісу облысының әскери губернаторы Фольбаум үкімді бекітіп, қоластындағы жендеттеріне оның тездетіп орындалуын тапсырады. Олар араға бір күн салып, үкімді 1916 жылы 9 қыркүйекте Верный қаласы маңындағы Боралдай төбесінде орындайды. Осылайша 1916 жылғы Жетісудағы ұлт-азаттық көтерілістің жетекшілерінің бірі айбынды батыр Бекболат Әшекейұлы патшалық Ресейдің жазалау шараларының ақырғы құрбанына айналды.

Патша соты қазақтың қайсар мінезді азаматы Бекболат Әшекейұлын аяусыз дарға асқаннан кейін-ақ оның Верный түмесінде тұтқында отырған Жайылмыс және Шамалған болыстығының сенімді 42 серігін сотқа тартуды көздейді. Сөйтіп, 1916 жылы 12 желтоқсанда Түркістан әскери округі әскерлерінің басқарушысы генерал-адъютант Курапаткиннің бұйрығымен Жайылмыс болысының қазақтары – Сәт Ниязбекұлы, Әбділда Бекболатұлы, Сарманбек Әшекейұлы, Дүйсенбек Қасымбекұлы, Надырбек Қарақсин, Екейбай Сатқынұлы, Серікбай Аманжолұлы, Оспан Бөкенбайұлы, Әбілеш Бекбатырұлы, Сатқын Әбішұлы,



Сарықазак Солтанайұлы, Боранбай Қашкеұлы, Жарылғап Нұрабайұлы, Сәлімбай Шуақұлы, Байділда Рысқұлұлы, Нүсіп Рысқұлұлы, Исабек Сексенбайұлы, Ахмет Аманбайұлы, Есікбай Екейбайұлы, Ахмет Әбдірешұлы, Байсын Аюкеұлы, Жегетек Тазыбекұлы, Ахмет Нұрабайұлы Түркістан әскери-прокурорлық қадағалауының шешімімен айыпты деп табылып, соғыс уақытының заңы бойынша іске тарту үшін Түркістан әскери-округтік сотына берілді (ҚР ОМА 76-к. 1-т. 510-іс. 345-п.).

Бекболат батырдың жақын 23 серігі тартылған Түркістан әскери-округтік соты тек екі ай өткеннен кейін ғана, яғни 1917 жылы 17 ақпанда Верный қаласында өтті. Бұл сотқа әскери судья, генерал-майор Абрамов төрағалық етті, ал соттың мүшелері Жетісу облысы әскерінің интенденттық бөлімшесінің меңгерушісі, полковник Левашев және 240-жаяу Симбир жасағының подполковнигі Утков болды. Сот процесі үш күнге созылып ашық есік күйінде өткізілді. Соттағы тергеу кезінде айыпталушы 23 адамның барлығы да тағылған айыпқа қарамастан өздерін кінәлі деп мойындамады. Алайда патша соты орыс-казак офицерлері мен солдаттарының, комитет адамдары мен жергілікті әкімшілік қызметтегілердің берген мәліметі арқылы олардың барлығын кінәлі етуге талпынды. Оларды да Бекболат Әшекейұлы секілді соғыс уақыты заңымен соттай отырып, оларға да жазаның ауыр түрін шығаруға тырысты.

1917 жылы 19 ақпанда Уақытша әскери сот айыпталушы – 62 жастағы Әбілеш Бекбатыров, 47 жастағы Оспан Бөкенбаев, 52 жастағы Серікбай Аманжолов, 34 жастағы Екейбай Сатқынов – көтерілісті «бастаушылар» етіп, ал 65 жастағы Сарманбек Әшекеев, 55 жастағы Дүйсенбек Қасымбеков, 75 жастағы Надырбек Қарақсин, 63 жастағы Сатқын Әбішев, 35 жастағы Сарықазак Солтанаев, 63 жастағы Боранбай Қашкин, 67 жастағы Жарылғап Нұрабаев, 56 жастағы Ахмет Аманбаев, 22 жастағы Есікбай Екейбаев, 36 жастағы Ахмет Әбдірешов – олардың «сыбайластары» деп қорытынды шығарды. Шығарылған сот үкімі бойынша олар үкіммен барлық құқықтары мен дәулетінен айырып дарға асу арқылы өлім жазасына кесілді. Бекболаттың 44 жастағы өжет ұлы Әбділда да көтерілісті «бастаушы» деген айыппен барлық құқықтары мен дәулетінен айырып, 20 жыл мерзімге қатарғалық жұмысқа жөнелтуді шешеді (ҚР ОМА 76-к. 1-т. 510-іс. 355-п.). Осы үкім жарияланғаннан кейін, бұлардың барлығы Түркістан әскери округі әскерлерін басқарушысының атына шығарылған үкімді жеңілдету туралы 1917 жылдың 21 ақпанында өтініш жазғанымен, ол үкім өзгеріссіз қалдырылады.

Сөйтіп сотқа тартылған 23 адамның ішіндегі 8 адам атап айтсақ, Жайылмыс болысының бұрынғы болыс басшысы 61 жастағы Сәт Ниязбекұлы және 48 жастағы Сәлімбай Шуақов, 48 жастағы Байділда Рысқұлов, 33 жастағы Нүсіп Рысқұлов, 27 жастағы Исабек Сексенбаев, Байсын Аюкин, 58 жастағы Жегетек Тазыбеков, 56 жастағы Ахмет Нұрабаев – көтеріліске қатысуы дәлелденбеуі себепті ақталып, 1917 жылы 19 ақпан күні қамаудан босатылды (ҚР ОМА 76-к. 1-т. 510-іс. 547-п.).

Ал айыпты деп танылған Бекболат батырдың 15 жақтасының ісі бойынша шығарылған үкім ресми 1917 жылы 22 ақпан күні бекітілді. Алайда Ресей империясындағы ақпан төңкерісінен кейін, патша өкіметі құлап, елдегі саяси билік Уақытша үкіметтің қолына өткендіктен 1917 жылы 18 наурызда Түркістан әскери-округтік сотының жарлықшы жиылысы қайта болып, онда 6 наурыздағы амнистия туралы Уақытша үкіметінің бұйрығына сәйкес бекітілген үкімнің орындалуын тоқтатып және оны мүлдем жауып тастауды, ал кінәлі деп табылған 15 айыпталушыны қамаудан босатуды қаулы етіп көп ұзамай барлығын бірдей бостандыққа шығарады (ҚР ОМА 76-к. 1-т. 510-іс. 545-п.).

Қорытынды. Қазақ өлкесіндегі Бекболат Әшекейұлы бастаған ұлт-азаттық көтеріліс XX ғасырдың бас кезіндегі Ресей империясының құлауы қарсаңында болған



ірі қарсылықтардың бірі. Бұл қарсылық қазақ жеріндегі патша өкіметінің отарлық басқару жүйесіне және майданға даярлануы тиіс әскери-қорғаныс жоспарларына үлкен соққы болып тиді. Әуелде 1916 жылғы 25 маусымдағы патша Жарлығы қазақ ауылдарында үлкен дүрбелең туғызса, ал артынан ол ауқымды көтеріліске ұласып кетті. Көтерілісті халық батыры Бекболат Әшекейұлы ұйымдастырды және оны басқарды. Ол өзіне сенімді жақтастарымен бірге орасан зор жоспар құрып, ел мүддесі үшін аянбай күресті. Аймақтарда ауқымды жиындар өткізіп, жергілікті жердегі патшаның отарлық саясатын әшкереледі. Патша Жарлығына адам бермейміз деген ұранмен, алыс-жақын болыс-елдердің толқыған халқының басын біріктіріп, әскер жасақтап барып орасан зор күшпен патшалық Ресейге қарсы соғыспен шығуды мақсат етті. Алайда көтеріліс мұндай ауқыммен көтеріле алған жоқ, бірақ Бекболат әскері Үшқоныр алқабында патшаның мұздай қаруланған жазалаушы әскерімен қақтығысып, ерліктің тамаша үлгісін көрсетті. Көтерілісті бүкіл Жетісуға белгілі және беделді болыстар, билер және ел ақсақалдары қолдады.

Бекболат бастаған көтеріліс XX ғасырдың бас кезінде өтті. Ол елдің тәуелсіздігі үшін жан аямай күресіп, сол жолда құрбан болған. Өз еркімен берілген Бекболатты патшалық Ресейдің әскери соты бар болғаны екі күнде өлім жасасына кесу туралы үкім шығарып, бірнеше адаммен бірге Боралдай төбесінде дарға асты. Мұндай ауыр жаза Бекболаттың жақын серіктеріне де шығарылды, алайда олар 1917 жылғы Ақпан төңкерісінде патшаның тақтан құлауына байланысты қамаудан аман-есен босап шықты. Осылай азаттық үшін басын қатерге тіккен Бекболат Әшекейұлы ел жадында патшалық Ресейдің өлкедегі отаршылдық саясатына қарсы тұрып күрескен батыр ретінде қалды.

Бұл зерттеу еңбегімізде қазақ халқының батыр ұлы Бекболат Әшекейұлының бастаған ұлт-азаттық көтеріліс тарихы қозғалды. Әсіресе осы көтерілістің бастауы болған Үшқоныр жиынындағы Бекболаттың басшылығымен Жарлықты талқылауы және соның артынша іле-шала Бекболатты Ошақты жиынында хан сайлау рәсімі әрі оның жақтастарымен бірге патшалық Ресейге қарсы бірігіп күресуге уағдаласуы бұрын-сонды ғылыми айналымға еңбеген архив құжаттары арқылы терең зерттелді. Әрі Бекболат бастаған көтерілісшілердің әлеуметтік жағдайы, сандық құрамы, таралу аймағы мен құрған жоспары да тарихи деректер негізінде анықталды. Сондай-ақ осы еңбекте Бекболат батырдың жақын серіктерінің көтерілістегі рөлі мен атқарған қызметтері, олардың әлеуметтік мәртебелері мен ерлік істері нақтылы архив құжаттарымен және куәгерлердің естеліктерімен сараланып, жан-жақты талданды. Әрі архив деректерімен Бекболаттың бүкіл жақын серіктерінің аты-жөндері мен олардың тізімі айқындалып, еңбекте көрсетілді.

Дереккөздер

ҚР ОМА — ҚР Орталық Мемлекеттік архиві

Sources

CSA RK — Central State archive of the Republic of Kazakhstan

Әдебиеттер тізімі

- Байжарасов, 1966 — *Байжарасов Р.* Азаттық үшін алысқан // Жетісу. 1966. 23 август.
- Бекболатов, 1998 — *Бекболатов С.* Бекболат Ашекеев. Қаһарлы 1916 жыл: (құжаттар мен материалдар жинағы). Алматы: «Қазақстан», Т.2. 1998. 247 б.
- Бүркітбаева, 2009 — *Бүркітбаева Ү.* Жетісуым – жеті құтым, ырысым: тарихи деректер. Алматы: «Нұрлы Әлем», 2009. 336 б.
- Бүркітбаева, Қарабасов, 2017 — *Бүркітбаева Ү. Қарабасов Ж.* Жетісудағы 1916 жылғы ұлт-азаттық көтеріліс (мұрағат материалдары бойынша). Алматы: «Тауғуль-Принт», 2017. 160 б.



Жабаев, 2012 — *Жабаев Ж.* Толық шығармалар жинағы. 1917 жылға дейінгі өлеңдері мен айтыстары. (құрастырған, түсініктемелерін жазған Р.Әбдіғұлов). Т.1. Алматы: Абай атындағы ҚазҰПУ, «Ұлағат» баспасы, 2012. 304 б.

Қазақстан тарихы, 2002 — Қазақстан тарихы (көне заманнан бүгінге дейін). Бес томдық. 3-том. Алматы: «Атамұра», 2002. 768 б. суретті, карталы.

Махаева, 2007 — *Махаева А.Ш.* Қазақ-қырғыз саяси байланыстарының тарихы (XVIII ғасырдың екінші жартысы – XX ғасырдың бас кезі). Алматы: «Ценные бумаги» баспасы, 2007. 357 б.

Оразов, 2009 — *Оразов Р.Е.* Дәулетбақұлы Ноғайбай (1834-1910 жж.). Алматы қаласының тарихы тұлғалар келбетінде. Алматы. 2009. 335 б.

Рахымқұлов, 2015 — *Рахымқұлов Д.А.* Әшекей батырдың қайраткерлік келбеті //Қазақстан мұрағаттары. 2015. № 4 . Б. 85-96.

Сапарғалиев, 1966 — *Сапарғалиев Г.* Карательная политика царизма в Казахстане. (1905-1917 гг.). Алма-Ата: Издательство «Наука», Казахской ССР. 1966. 374 с.

Сәрсек, 2014 — *Сәрсек М.* Шығармалары. I-III. Деректі хикаяттар. Астана: Фолиант, 2014. 336 б.

Сокол, 2016 — *Сокол Э.Д.* Восстание 1916 в Русской Центральной Азии. (перевод с англ. Г. Борубаева. Бишкек: «Res Publica», 2016. 191 с.

Уяма, 2017 — *Уяма Томохико.* Почему крупное восстание произошло только в Центральной Азии? Административно-институциональные предпосылки восстания 1916 года // Международное научное совещание «Переосмысление восстания 1916 года в Центральной Азии»: сб. статей. Бишкек: Нео Принт, 2017. 180 с.

Шашкин, Мергеншин, 1957 — *Шашкин З. Мергеншин Д.* Тоқаш Бокин. (Өмірбаяны туралы очерк). Алматы: «Қазақ мемлекет баспасы», 1957. 100 б.

1916 жыл, 1996 — *1916 жыл.* (Қазақ халқының ұлт-азаттық көтерілісінің 80 жылдығына). Әңгімелер, өлеңдер мен дастандар. Өңделіп, толықтырылған 2-басылымы. Арнаулы редакторы Ө.Жәнібеков. Алматы: «Рауан», 1996. 208 б.

Zhetpisbay et al., 2020 — *Zhetpisbay N.Y. et al.* Protest Actions of Zholaman Tlenshiev and the Formation of the North Western Borders of Kazakhstan in the 20–40 years of the XIX century // *Bylye Gody*. Vol. 55. Is. 1. pp. 105-114. 2020. <http://ejournal52.com>

References

Baizharasov, 1966 — *Baizharasov R.* Azattyk ushin alyskan [Farysh for the liberation]. Zhetisu, 1966. 23 avgust. 2 p. (In Kaz.)

Bekbolatov, 1998 — *Bekbolatov S.* Bekbolat Ashekeev. Kaharly 1916 zhyl: (kuzhattar men materialdar zhinagy). [The Furious 1916: (collection of documents and materials)]. Almaty: «Kazakhstan», Vol. 2. 1998. 247 p. (In Kaz.)

Burkitbaeva, 2009 — *Burkitbaeva Y.* Zhetisuym - zheti kutym, yrysym: tarihi derekter. [Zhetysu-seven kutym, yrysym: historical facts.]. Almaty: «Nurly Alem», 2009. 336 p. (In Kaz.)

Burkitbaeva, Karabasov, 2017 — *Burkitbaeva Y. Karabasov Zh.* Zhetisudagy 1916 zhylgy ult-azattyk koterilis (muragat materialdary bojnsha). [The National Liberation uprising of 1916 in Zhetysu (based on archival materials)] Almaty: «Taugul'-Print», 2017. 160 p. (In Kaz.)

Жерлеу орнының абсолютті жасын анықтау мақсатында адамның сүйегінен үлгі алынды. Радиокөміртегілік сараптама Физикалық ғылымдар мен технологиялар орталығында (Vilnius Radiocarbon) жасалды (жетекшісі Жилвинасу Ежеринскису). Бір сатылы жеделдеткішті масс-спектрометр құрылғысы (SSAMS, NEC, USA) және автоматтандырылған графитицазия құрылғысы AGE-3 (IonPlus AG) қолданылды. Радиокөміртегілік мәліметтер OxCal v 4.4.4. Bronk Ramsey (2021); r:5; [Reimer., Austin., Bard., Bayliss, Blackwell., Bronk Ramsey, Butzin, Cheng, Edwards, Friedrich, Grootes., Guilderson., Hajdas, Heaton., Hogg., Hughen, Kromer, Manning., Muscheler., Palmer, Pearson, vander Plicht, Reimer, Richards, Scott, Southon, Turney, Wacker, Adolphi, Büntgen, Capano, Fahrni, Fogtmann-Schulz, Friedrich., Kohler, Kudsk, Miyake, Olsen., Reinig, Sakamoto, Sookdeo, Talamo, 2020] және атмосфералық қисық сызық арқылы калибрленді (Bronk, 2021).

Палеоантропологиялық сараптама жұмыстары Ресей Ғылым академиясының Уфа федералдық зерттеу орталығының Тарих, тіл мен әдебиет институтының ғылыми қызметкері А.И. Нечвалода атқарды. Зерттеу жұмыстары кезінде посткраниалдық қаңқаның өлшемдері, жасы, жынысы мен нәсілі, сонымен қатар патологиялық өзгерістері анықталды.

Картографиялау жұмыстары барысында ашық қолжетімділіктегі географиялық жүйе QGIS (3.26.2-Buenos Aires) қолданылды.

Өзектілігі. Сарыоба кешені орналасқан далалық Есіл өңірі археологиялық тұрғыда осы күнге дейін толыққанды зерттелмеген, ғалымдардың назарынан тыс қалып келе жатқан өлкелердің біріне жатады. Солтүстік Қазақстандағы ғылыми зерттеу жұмыстарының алғашқы легі Кеңестік кезеңде басталғанымен, зерттеу жұмыстары тек 1990-жж. соңынан бастап қолға алынды. Оның бастауында Қазақстандағы археология мектебінің негізін қалаушы Кемел Ақышев тұрды.

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия Ұлттық университетіндегі қызметі барысында К. Ақышев Сарыарқаның солтүстік беткейлеріндегі ізденістерін жалғастырды. Осы жұмыстардың барысында жаңа ғылыми бағыт қалыптасып, қазба жұмыстары жүргізілді. Сарыарқаның солтүстігі мен орталығының тарихи-мәдени мұра нысандарын түгендеу ісінде К. Ақышевтің еңбегі ерекше атап өтуге болады. Әрине, ол кездегі зерттеу жұмыстарының басым бөлігі Бозоқ қалашығымен байланысты болғаны анық. Дегенмен де К. Ақышевтың сол кезде жаңа астанада қалыптастырыпүлгерген үлкен археологиялық мектебі жан-жақты зерттеулерді атқаруға тырысты. Соның бір бөлігі Ақмола облысы ескерткіштерінің жинағын шығарумен байланысты. Осы зерттеу жұмыстары кезінде Есіл бойындағы ескерткіштердің көп бөлігі қайта зерттеліп, заманауи құрылғылар арқылы тіркелді. Соның бірі Сарыоба кешені еді.

Сарыоба археологиялық кешені 2000-жж. басында белгілі болғанымен бұл жерде нақты археологиялық ғылыми-зерттеу жұмыстары осы уақытқа дейін атқарылған емес. Тек «Қазақстан Республикасы тарих және мәдениет ескерткіштері. Ақмола облысы» атты ескерткіштер жинағында Сарыоба кешені туралы алғашқы деректер келтіріледі. Аталған еңбекті дайындаған ғалымдардың пікірінше Сарыоба кешені ерте темір дәуіріндегі Солтүстік Қазақстан тұрғындарының жерлеу ғұрпы мен тарихынан хабар



береді (Свод памятников истории и культуры Республики Казахстан. Акмолинская область, 2009). Дегенмен Сарыоба бұл тек қана ерте темір дәуіріне ғана тиесілі нысан емес екендігін айтуымыз қажет.

Сарыобадағы археологиялық зерттеу жұмыстарының басталуы бірнеше себептермен байланысты. Ол ең әуелі ғылым мәселесінен туындап отыр. Жоғарыда атап өткендей қазіргі таңда Солтүстік Қазақстанның көнелерін зерттеу, сақтау мен насихаттау аса маңызды бағыттардың бірі. Осы орайда Ақмола облысы әкімдігінің қолдауымен бірнеше жыл қатарынан облыс көлемінде тұрақты археологиялық зерттеу жұмыстары жүргізілуде. Мысалы, Сарыоба археологиялық кешеніндегі зерттеу жұмыстарының алдында Есіл өзені арғы, яғни оң қапталында тұрған Бесоба, кейбір әдебиет беттерінде Баубек батыр қорымында археологиялық қазба жұмыстары жүргізілді.

Баубек батыр қорымындағы зерттеу жұмыстары кезінде ерте темір дәуірінің 3 обасында қазба жұмыстары атқарылды. Радиокөміртегілік, антропологиялық сараптама нәтижелері алынды. Аталған зерттеу нәтижелері алдағы уақытта жарияланатын болады. Одан бөлек 2012 жылы Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ-нің ғалымдары бір оба зерттеген болатын. Зерттеу жұмыстары барысында Сарыарқаның ерте темір дәуіріне тән заттық бұйымдар табылып, ғылыми қорытындылар жасалған. Зерттеу жұмыстарының авторлары аталған обаны салыстырмалы әдіс негізінде ж.с.д. VII-VI ғғ., яғни ерте темір дәуірімен мерзімдеген (Свиридов, Тлеугабылов, 2015).

Ақмола облысы әкімдігінің бастамасымен Қорғалжын өңірінде де зерттеу жұмыстары атқарылды. Қорғалжын өңірінің бір ерекшелігі этнографиялық кезеңнің шикі кірпіштен салынған мазарлардың көптігі. Беспақыр, Қанікей, Әліптомар, Балабейіт және тағы да басқа көптеген мазарлар этнографиялық уақыттағы архитектуралық шебер шешімдердің көрсеткіштері бола алады. Облыстық әкімдіктің тікелей қолдауымен Қорғалжын өңіріндегі Жәнібек-Шалқар мен Бытығай кешендерінде зерттеу жұмыстары атқарылды. Аталған екі ескерткіштегі ғылыми зерттеу жұмыстары кезінде Алтын Орда дәуірі бойынша тың деректер алынып, жаңа қорытындылар жасауға мүмкіндік беруде (Касеналин, Есен, Тлеугабулов, Маулет, 2021).

Ақмола облысындағы ғылыми-зерттеу жұмыстары тек Облыстық әкімдік тарапынан ғана атқарылып жатқан жоқ екенін айтуымыз қажет. Сонымен бірге ҚР Ғылым және жоғары білім министрлігі, сондай-ақ, ҚР Мәдениет және спорт министрлігі тарапынан зерттеу жұмыстарына қолдау бар. Ағымдағы жылы Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігінің бағдарламалық-нысаналы қаржыландыру бойынша жүзеге асырылып отырған «Сарыарқаның ортағасырлық тарихи-мәдени мұрасы» жобасы аясында Ақмола облысында зерттеу жұмыстары жалғастырылды. Далалық зерттеу жұмыстары Ақмола облысы Қорғалжын ауданы Нұра өзенінің оң жағалауында, Ұялы ауылынан 7 км батысқа қарай орналасқан Ұялы ортағасырлық қорымында жүргізілді. Зерттеу жұмыстары барысында 2 нысанда қазба жұмыстары атқарылды. Аталған ескерткіштер орта ғасырлардағы Сарыарқа кең тараған архитектуралық ерекшеліктерін сақтай отырып салынған. Құрылыс материалы ретінде күйдірілген және шикі кірпіштерді қолданған. Қазба жұмыстарының нәтижесінде алынған деректер негізінде аталған нысанды Алтын Орда дәуірімен мерзімдеуге болады. Зерттеу жұмыстарының бастапқы нәтижелері арнайы мақала ретінде дайындалып, баспадан шығарылды (Касеналин, Есен, Мұсырманқұл, Қызырхан, Сералиев, 2023).

Әрине, жоғарыда баяндалған жұмыстар Ақмола облысында атқарылып жатқан зерттеулердің тек бір парасы, ал Сарыобадағы ізденістер сол зерттеулердің маңызды бір бөлігі.




Негізгі бөлім. Сарыоба археологиялық кешені Ақмола облысы, Жақсы ауданы, Терісаққан ауылдық округінің территориясында орналасқан. Жақын жердегі елді-мекендер Терісаққан ауылы – солтүстікке қарай 6 км, Құмсуат ауылы – батысқа қарай 11 км. Археологиялық кешен Есіл мен Терісаққан өзендерінің қосылар тұсында, биіктеу келген жазықтықтың үстінде тұр. Археологиялық кешеннің орталық бөлігінен батыс-шығыс бағытта дала жолы кесіп өтеді.

Сарыоба археологиялық кешені планиграфиялық тұрғыда бірнеше топтан тұрады. Кешен құраушы нысан ретінде топырақ үйінділі обаны айта аламыз (диаметрі 100 м-дей, биіктігі 4 м жақын). Аталған обадан солтүстікке қарай 100 м жерде батыс-шығыс бағыты бойынша орналасқан 7 ғұрыптық нысан бар және үлкен обаның солтүстік-шығысы мен оңтүстік-батысында ұзындықтары 90 м-дей, биіктігі 0,45 м. болатын ғұрыптық нысандар бар.

Сонымен бірге обаның оңтүстік-шығысында 150 м қашықтықта 10 шақты жерлеу құрылыстарының іздері байқалады. Кешен аумағын кейінгі уақыттың (XX ғ. ортасы) қоқыстары төгілгендіктен кейбір құрылыстан қоқыстың астында қалуы мүмкін. Сондай-ақ, кешеннің оңтүстік жағындағы жерлер егін шаруашылығына пайдаланылады. Нәтижесінде ұзыншалау келген ғұрыптық құрылыстың беткі қабаты жойылып кеткен.

Сарыоба археологиялық кешеніне мақала авторы (А. Қасенали) бір топ ғылым адамдары, өлкетанушы және Ақмола облыстық ескерткіштерді сақтау орталығы, Ақмола облыстық тарихи-өлкетану музейінің мамандарымен бірге 2021 жылғы далалық маусым барысында арнайы барып, аталған нысанның техникалық жәй-күйін тіркеп, атқарылатын зерттеу жұмыстарының барысын тиянақтаған болатын. Сол кездің өзінде Сарыобаның Солтүстік Сарыарқадағы бірегей ескерткіш екендігі, оны зерттеу мен сақтау шаралары маңызды екенін айтылған болатын. Сарыобаны кешенін зерттеу жұмыстары осы маңайдағы ескерткіштерді толық тіркеу мен оларды картографиялау жұмыстарымен қатар жүргізілуі қажеттілігі де тілге тиек етілді.

Археологиялық қазба жұмыстары. 2022 жылғы далалық маусымда Сарыоба археологиялық кешенінде зерттеу жұмыстары атқарылды. Қазба жұмыстарының алдында бірқатар ізденістер атқарылды. Олардың ішінде археологиялық қазбаны салу жолдарын айқындау, үлкен үйіндінің құрылымдық ерекшеліктерін анықтау мақсатындағы геофизикалық зерттеулер атқару, кешеннің толық топографиялық картасын жасау, ескерткіштердің үш өлшемді даярлау және т.б. жұмыстар. Қазба жұмыстары обаның солтүстік-шығыс және оңтүстік-шығыс секторларында жасалды. Мақалаға қатысты нысан обаның солтүстік-шығыс секторында орналасқан.



Сур. 2. Сарыоба археологиялық кешені. Жалпы көрініс. 1 – ғибадатхананың орналасқан жері; 2 – тас мүсіннің табылған жері (Фото А. Қасенали).

[Fig. 2. Saryoba archaeological complex. General view. 1 - the place of the temple; 2 - the place where the stone statue was found (Photo by A. Kasinali)]



Солтүстік-шығыс секторда қазба жұмыстарына дейін тас және топырақ аралас үйінді байқалды. Үйіндінің үстіңгі бөлігінде тереңдігі 0,4 м ойық болды. Үйіндінің аумағына сәйкес қазба салынды және бірнеше мәрте кеңейтілді. Нәтижесінде қазба алаңы жалпы аумағы 158 м² қамтыды. Шымқабатын алғаннан кейін 5 жерлеу орны анықталды.




Сурет 3. Шым қабатын алғаннан кейінгі қазба алаңы (Фото Д. Дүйсенбай)
[Fig. 3. Excavation site after removal of the turf layer (Photo by D. Duysenbay)]

Негізгі жерлеу орны бастапқыда диаметрі 6,4 м, биіктігі 0,4 м болатын тас құрылыс ретінде болған. Құрылысты салу барысында орташа көлемдегі тастардан қолданған. Бастапқыда жер бетіндегі тастарды тіркеу кезінде қандай да бір жүйе байқалған жоқ. Сондықтан тастар шашыраңқы күйде есепке алынды. Құрылыстың кейбір тұстарына қалыңдығы 10 см аспайтын, жұқа тастарды пайдаланған. Жер бетіндегі тастарды тазалау жұмыстарын жүргізген кейін, кейбір жерінен тас қабырғаның іздері байқалды. Құрылыстың шашылған тастарын алған соң шаршы-сопақша пішінді тас құрылыс анықталды. Төмен қарай зерттеу барысында құрылыстың оба үйіндісінің бетіне қойылғандығы анықталды. Үйіндіні қазып орнатпаған. Тас құрылыстың батыс-шығыс ұзындығы 8,3 м, оңтүстік-солтүстік ұзындығы 8,1 м. Биіктігі 0,45 м. Қабырға жалпақтығы 0,7-0,8 м. Барлық қабырғасына екі және үш қатардан тастар қаланған. Өлшемдері 0,55×0,35×0,05 м болатын жұқа тастар пайдаланылған. Құрылыстың сақталуы жақсы. Құрылыстың іші қарасұр топырақпен толтырылған. 0,4 м тереңдіктен сопақша пішінді сұр түсті қабір дағы анықталды. Қабір дағы құрылыстың батыс қабырғасына жақын орналасқан. Оның оңтүстік бөлігінен үлкен тастардың ұштары көрініп жатыр. Шығыс қабырғасы мен қабір дағының арасы 1,0 м құрайды. Қабір шұңқырының ішін төмен қарай қазу барысында ООШ-ССБ бағытта жатқан қабір үсті тас құрылыс табылды. Құрылыстың орталық бөлігінен тонау іздері байқалады. Тас құрылыстың ұзындығы 2,2 м, ені 0,9 м. Ірі тақтатастардан қойылған. Тастардың өлшемдері 0,9×0,55×0,2 м. Қабір үсті тас құрылыстың қалыңдығы 0,35 м. Тас құрылыс астындағы қабір шұңқырының көлемі кішірейіп, ұзындығы 2,5 м, ені 1,5 м болды. Ары қарай 0,5 м тереңдіктен қабір едені табылды. Ішінен анатомиялық жағынан толық сақталған адам сүйегі шықты. Сүйектерінің сақталу деңгейі жақсы. Басы ССБ қарай қаратылған. Оң жамбасымен жатқызылған. Сол қолы жартылай бүгілген. Басқа заттай табылым анықталған жоқ.

Тас мүсін. Тас мүсіннің тек жоғарғы бөлігі ғана сақталған. Қиғашынан сынып түскен. Тастың алдыңғы жағы жақсы өңделген. Тегістеу әдісі қолданылған. Қалған бөліктері табиғи күйінде сақталған немесе өңдеу жұмыстары жасалмаған. Тастың



сақталған бөлігінің ұзындығы 41 см, жоғарғы жағының ені 22,5 см, орта тұсының ені 27,5 см. Қалыңдығы: төменгі бөлігі 12 см, орта тұсы 10,5 см, жоғарғы бөлігі 7,5 см.



Сурет 4. Сарыоба археологиялық кешені. Қыпшақ уақытының ғибадатханасы. Қазбаның жоспары мен қимасы (Сызбаны дайындаған: А. Сералиев)

[Fig. 4. Saryoba archaeological complex. Temple of Kypchak time. Excavation plan and section (Drawing prepared by: A. Seraliev)]


Екі көзі бір қатарда анық салынған. Сопақшалау келген. Оң көзінің ұзындығы 4,7 см, ені 3,8 см. Ішкі жағының өлшемі 2,8 см, ені 1,9 см. Көз ойығының жалпақтығы 0,9-1,0 см. Ойық тереңдігі 0,3 см.

Сол көзінің ұзындығы 4,7 см, ені 3,9 см. Ішкі жағының өлшемі 2,7 см, ені 1,9 см. Көз ойығының жалпақтығы 0,9-1,0 см. Ойық тереңдігі 0,3 см.

Екі көзінің үстіңгі жағында қастары анық салынған. Жалпы ұзындығы 19 см. Қастың ойығының ені 0,8 см, тереңдігі 0,3 см. Көзден төмен бедерленген мұрынның төменгі бөлігі жоқ. Сақталған бөлігінің ұзындығы 9 см. Ұзыншалау келген сопақша пішінді мұрынның жоғарғы бөлігінің жалпақтығы 1,6 см, төменгі жағы – 2,0 см құрайды. Мұрын ойығының жалпақтығы 0,9-1,1 см. Тереңдігі 0,5 см.

Тас мүсіннің алдыңғы беткі қабатына тегістеу жасалғанмен, қасы мен көзін, мұрын ойықтарына тегістеу жұмыстары жүргізілмеген. Кедір-бұдыры анық көрінеді. Демек, алдымен тастың бетін тегістеп алған, содан кейін бет мүшелерін ойып салу жұмыстары жүргізілген.

Антропологиялық сараптама. Қазба жұмыстары барысында анықталған жерлеу шұңқырында 50 жастан үлкен ер адам жерленген. Бас сүйегі ірі. Мұрындықтың жоғары бөлігі мен шүйде тұсында бұлшықет көрсеткіштері орташа бедерлі. Бас сүйек күмбезі төмен және кең. Пропорция бойынша – брахикранияның шекті дәрежесі. Тік сызық нормалары бойынша сфера тәріздес. Маңдай сүйегі – кең, көлбеулеу келген. Бет сүйегі кең және орташа жоғары өлшемді. Жоғары беттік көрсеткіштері бойынша – мезен. Мұрны төмен және орташа кең, көрсеткіштер бойынша – мезоринді. Көз ұяшығы кең және орташа жоғары, пошымы бойынша мезоконхты.



Сур. 5. Сарыоба археологиялық кешенінен табылған тас мүсін сызбасы мен қимасы
(Суретті салған: М. Бірімжан)

[Fig. 5. Drawing and section of a stone sculpture found in the Saryoba archaeological complex
(drawing: M. Birimzhan)]

Бет бөлігі горизонталды профилдеу бұрыштары бойынша көз ұяшығы мен бет сүйегі тұсында қатты жалпайған. Мұрын сүйектері орташа кең және жоғары емес. Симотикалық бұрыш – 100° көп. Мұрын сүйегі төмен және орташа шығыңқы. Вертикалды проекцияда бас сүйек – мезогнатты. Расалық тұрғыда бас сүйек моңғолоидты. Пародонт ауру болғандықтан жоғары жақ сүйегіндегі тістері (күрек тіс пен азу тіс) өмір сүрген кезінде түсіп қалған. Басқа патологиялық өзгерістер бас сүйекте байқалмайды.

Остеометриялық өлшемдері бойынша ұзын сүйектерінің барлық бөліктері дамыған. Ұзын сүйектерге. бұлшықеттердің байлану көрсеткіштері орташа және төмен деңгейде. Ер адамның бойының ұзындығы сол аяғының үлкен жілік сүйегінің деректері бойынша алты формула бойынша есептелді – 165,5 см (М.Троттер – Г.Глезер формуласы), 167,11 см. (С.Дюпертеи – Д.Хеддена формуласы). Алты формула бойынша орташа көрсеткіш – 165,73 см, яғни орташа бойылы ер адам.

Визуалды бақылау нәтижесі бойынша бел омыртқасында спондилез іздері және кеуде омыртқаларының деструкциясы байқалады.

Талқылау. Сарыоба археологиялық кешеніндегі қазба жұмыстары барысында анықталған төртбұрышты тас құрылыс Сарыарқа археологиясында қыпшақ уақытының ғибадатханаларымен ұқсастықтары байқалады. Қазіргі таңда Қазақстанда қыпшақ уақытының осыған ұқсас бірнеше нысаны зерттелген. Олардың алғашқысын Л.Р. Кызласов Ұлытау жерінде өткен ғасырдың ортасында қазба жұмыстарын жүргізген (Кызласов, 1951: 58).

Одан бөлек мұндай нысандар Л.Н. Ермоленконың жетекшілігімен 1982-1983 жж. Мыржық өңірінде және Жіңішке өзені бойында зерттелген (Ермоленко, 2004: 37). Одан кейін, яғни 1985 жылы Орталық Қазақстан археологиялық экспедициясы жұмыстары барысында С.М. Ақынжанов Мыржық өңірінен тағы бір құрылыста қазба жұмыстарын атқарады (Свод памятников истории и культуры Республики Казахстан. Акмолинская область, 2009: 36, рис. 17).

Академик Ә.Х. Марғұланның деректері бойынша тас мүсіні бар қыпшақ ғибадатханалары дөңгелек, сопақ, тікбұрышты және шаршы болып төртке бөлінеді. Сондай-ақ, тікбұрышты құрылыстар анағұрлым кейінгі уақытқа жатады (Марғұлан, 1951: 35- 36).



Л.Н. Ермоленконың жасаған ғибадатханалардың классификация бойынша Сарыоба археологиялық кешеніндегі зерттелген нысан № 4 типтегі құрылысқа жатады.

Бұл құрылыстың қыпшақ уақытымен мерзімдеуге итермелейтін тағы бір себеп оба етегінен тас мүсіннің табылуы. Тас мүсін 2000 жж. басында Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің К.А. Ақышев атындағы археология ғылыми зерттеу институты мамандарымен анықталған. Бұл зерттеу жұмыстары барсында Ақмола облысы Жақсы ауданы Запорожье мектебінің директор, «НОМАД» клубының жетекшісі Ерлан Байдусенов ат салысқан. Табылған тас мүсін ұзақ уақыт К.А. Ақышев атындағы археология ғылыми зерттеу институтының қорында сақталып келді. Ал 2018 жылы «Бозоқ» мемлекеттік тарихи-мәдени қорық-музейінің ашылуымен байланысты аталған тас мүсін осы музей-қорықтың қорына берілді. Қазіргі таңда жоғарыда аталған мекеменің қорында сақталуда.




Сур. 6 – Сарыоба археологиялық кешені, №1 жерлеу орны. Бас сүйектің алдынан және жанынан көрінісі (фото А. Нечвалода)

[Fig. 6 – Saryoba archaeological complex, burial site No. 1. Front and side view of the skull (photo by A. Nechvaloda)]

Қыпшақ уақытының ғибадатханасының Сарыоба археологиялық кешенінде пайда болуын бірнеше факторлармен байланыстыруға болады. Алғашқы себеп ретінде кешен орналасқан жердің топографиялық ерекшелігін айта аламыз. Кешеннің түгелдерлік құрамдас элементтері қыраттау келген жерде орналасқан. Одан бөлек мақалаға арқау болып отырған ғибадатхана оба үйіндісінің үстіне салған. Бұл жердегі негізгі идея ретінде айналаға түгел көрінетін төбе басына салумен байланыстыра аламыз.

Екінші фактор ретінде Сарыобаның сакралды мәнге ие болуында. Мәселен, бұл жердегі діни салт-жоралғыларды өткізу сақ-сармат кезеңінен бастау алып кейінгі қазақ уақытына дейін жалғасқан. Тіпті қыпшақ ғибадатханасының ішіне XVIII-XIX ғ. жерлеу рәсімдерін өткізген. Одан бөлек оба үстінде аталған уақытпен мерзімделетін ондаған жерлеу орындары бар. Соған қарағанда бұл жер ежелден бері адамдардың наным-сенімдерінде ерекше орында болған сыңайлы.



Сурет 7 – Сарыоба археологиялық кешені. №1 жерлеу орны бойынша жасалған радиокөміртегілік сараптама нәтижелері. OxCal-да есептелген калибрлеу көрсеткіштері. Радиокөміртегілік жасы 101 ± 28 (қызыл түс), калибрлеу сызығы (көк түс) және калибрленген ықтималды уақытының мәліметтері (сұр түс).

[Figure 7 – Saryoba archaeological complex. Results of radiocarbon examination of burial site #1. Calibration indicators calculated in OxCal. Radiocarbon age 101 ± 28 (red), calibration line (blue) and calibrated probable time details (gray)]

Қорытынды. Сарыоба археологиялық кешеніндегі археологиялық ғылыми зерттеу жұмыстары Солтүстік Сарыарқаның археологиясына қатысты тың деректер берді. Атап айтар болсақ, Солтүстік Сарыарқа жерінде қыпшақ уақытының ғибадатханасы мен статуарлы өнер нысандарының кездесетіндігін көрсетіп отыр. Демек, тас мүсіндердің таралу аймағындағы жаңа бір орынның, нүктенің пайда болуымен де ерекшеленеді.

Солтүстік Сарыарқаның ортағасырлық ескерткіштері бойынша, әсіресе көне түркі мен қимақ-қыпшақ уақытының бойынша археологиялық деректердің тапшылығына байланысты ескерткіштерді іздеу, тіркеу мен зерттеу, әсіресе тас мүсіндер туралы ақпаратты жинақтау мен жариялау ісіне басымдық беру керек екені аңғарылып отыр. Сарыоба археологиялық кешеніндегі зерттеу жұмыстары жоспарлы түрде тиянақты атқару үшін бірнеше жылға көзделген. 2022 жылы тек зерттеу жұмыстарының бір бөлімі ғана атқарылды. Зерттеу жұмыстары толығымен аяқталмағандықтан келер жылдары атқарылатын ізденістер барысында басқа да маңызды археологиялық деректер шығуы ықтимал.

Қазіргі таңда Сарыоба археологиялық кешенінде зерттелген қыпшақ ғибадатханасын кең хронологиялық ауқымда, яғни IX-XIII ғғ. мерзімдеуге болады.

Әдебиеттер

Арсланова, 2013 — Арсланова Ф.Х. Жоғарғы Ертіс өңірінің ортағасырлық археологиясының очерктері. Астана: Ә.Х. Марғұлан атындағы Археология институты Астана қаласындағы филиалының баспа тобы, 2013. 405 б.

Ахинжанов, 1989 — Ахинжанов С.М. Кыпчаки в истории средневекового Казахстана. Алма-Ата: Наука, 1989. 293 с.

Герасимов, 1957 — Герасимов Г.Г. Памятники архитектуры долины реки Кара-Кенгир в Центральном Казахстане. Алма-Ата: Издательство Академии Наук КазССР, 1957. 102 с.

Ермоленко, 2004 — Ермоленко Л. Н. Средневековые каменные изваяния казахстанских степей (типология, семантика в аспекте военной идеологии и традиционного мировоззрения). Новосибирск: Института археологии и этнографии СО РАН, 2004. 132 с.



Ермоленко, Курманкулов, 2002 — Ермоленко Л. Н., Курманкулов Ж. К. Святилище на реке Жинишке и проблема первоначального вида кыпчакских изваяний // Археология, этнография и антропология Евразии. 2002. № 3 (11). С. 78–87.

Кадырбаев, Бурнашева, 1970 — Кадырбаев М.К., Бурнашева Р.З. Погребение кыпчака первой половины XIV в. Из могильника Тасмола // По следам древних культур Казахстана / Ответ. редактор М.К. Кадырбаев. Алма-Ата: Наука. 1970. С. 42-73.

Касеналин және т.б., 2021 — Касеналин А., Есен С., Тлеугабулов Д., Маулет А. Ақмола өңірінің мәдени мұралары: жаңа зерттеулер. Көкшетау: Big Dream, 2021. 108 б.

Касеналин, Есенов, 2019 — Касеналин А., Есенов С. Ұлытау өңіріндегі Алтын Орда дәуірі ескерткіштерінде жүргізілген зерттеулер // Сарыарқа және Алтын Орда: уақыт пен кеңістік. Алматы: Deluxe printer, 2019. 138-141 б.

Касенова, 2020 — Касенова А.Д. Каменные изваяние Сарыарки (История изучения). Алматы, 2020. 196 с., илл.

Кызласов, 1951 — Кызласов Л.Р. Памятники поздних кочевников Центрального Казахстана (из работ Центрально-Казахстанской археологической экспедиции в 1948 году) // Известия Академии наук Казахской ССР. Серия археологическая. 1951. Вып. 3. С. 53–63.

Касенали және т.б., 2022 — Касенали А.Е., Есен С.Ф., Исаков А.Ш. Ұлытау өңіріндегі Жошы Ұлысы уақытының жерлеу ескерткішіндегі зерттеу жұмыстары // Қарағанды университетінің хабаршысы. Тарих, Философия сериясы. 2022. № 2 (106). 85-96 бб.

Касенали және т.б., 2023 — Касенали А., Есен С., Мұсырманқұл П., Қызырхан М., Сералиев А. Ұялы қорымында 2023 жылы жасалған зерттеу жұмыстарының алғашқы нәтижелері // Мәдени мұра. 2023. №3 (102). С. 80-91.

Левшин, 1832 — Левшин А.И. Описание киргиз-казачьих, иликиргиз-кайсацкихорд и степей. Санкт-Петербург: Типография Карла Крайя, 1832. Часть 1. 268 с.

Маргулан, 1948 — Маргулан А.Х. Археологические разведки в Центральном Казахстане (1946 год). // Қазақ ССР Ғылым Академиясының хабарлары. Тарих сериясы. 1948. № 1. С. 119-145.

Маргулан, 1951 — Маргулан А. Х. Третий сезон археологической работы в Центральном Казахстане (Отчет экспедиции в 1948 года) // Известия Академии наук Казахской ССР. Серия археологическая. 1951. Вып. 3. С. 3-52.

Маргулан, 1959 — Маргулан А.Х. Раскопки погребения воина XIV в. в долине реки Нура // Труды Института истории, археологии и этнографии АН КазССР. Т. 7. Ответственный редактор К.А. Акишев. Алма-Ата: издательство АН КазССР, 1959. С. 248-261.

Свиридов, Тлеугабылов, 2015 — Свиридов А.Н., Тлеугабылов Д.Т. Раннесакский комплекс могильника Бесоба в среднем течении реки Ишим // Сакская культура Сарыарки в контексте изучения этносоциокультурных процессов Степной Евразии. Сборник научных статей памяти К.А. Акишева. Алматы: НИЦИА «Бегазы-Тасмола», 2015. С. 255-259.

Свод памятников ... ,2009 — Свод памятников истории и культуры Республики Казахстан. Ақмолинская область. Алматы: Аруна, 2009. 568 с.

Уәлиханов, 1894 — Уәлиханов Ш.Ш. Бес томдық шығармалар жинағы. Алматы: Қазақ совет энциклопедиясының бас редакциясы, 1984. Том 1. 432 б.

Шмид, 1894 — Шмид Ю. А. Очерк Киргизской степи к югу от Арало-Иртышского водораздела в Ақмолинской области // Записки Западно-Сибирского отдела русского географического общества. Омск: Типография окружного штаба, 1894. С. 1-149.

Bronk, 2021 — Bronk R. C.O.C. v 4.4.4. Online: <https://c14.arch.ox.ac.uk/oxcal/OxCal.html>, 2021.

Reimer et al, 2020 — Reimer, P.J., Austin, W.E.N., Bard, E., Bayliss, A., Blackwell, P.G., Bronk Ramsey, C., Butzin, M., Cheng, H., Edwards, R.L., Friedrich, M., Grootes, P.M., Guilderson, T.P., Hajdas, I., Heaton, T.J., Hogg, A.G., Hughen, K.A., Kromer, B., Manning, S.W., Muscheler, R., Palmer, J.G., Pearson, C., vanderPlicht, J., Reimer, R.W., Richards, D.A., Scott, E.M., Southon, J.R., Turney, C.S.M., Wacker, L., Adolphi, F., Büntgen, U., Capano, M., Fahrni, S.M., Fogtmann-Schulz, A., Friedrich, R., Kohler, P., Kudsk, S., Miyake, F., Olsen, J., Reinig, F., Sakamoto, M., Sookdeo, A., Talamo, S., 2020 // The IntCal20 Northern Hemisphere Radiocarbon Age Calibration Curve (0–55 calkBP). Radiocarbon 62, 725–757. <https://doi.org/10.1017/RDC.2020.41>.



References

- Akhinzhanov, 1989 — *Akhinzhanov S.M. Kypchaki v istorii srednevekovogo Kazakhstana*. [Kipchaks in the history of medieval Kazakhstan]. Alma-Ata: Science, 1989. 293 p. (In Russ.).
- Arslanova, 2013 — *Arslanova F.Kh. Zogarzy Ertis onirinin ortagasyrlyk arheologgiasinin ocherkteri* [Essays on the medieval archeology of the Upper Irtysh region.]. Astana: Publishing group of the branch of the Institute of Archeology named after Margulan, 2013. 405 p. (In Kaz.).
- Bronk, 2021 — *Bronk Ramsey. C.O.C. v 4.4.4.* online: <https://c14.arch.ox.ac.uk/oxcal/OxCal.html>, 2021
- Ermolenko, 2004 — *Ermolenko L. N. Srednevekovyye kamennyye izvayaniya kazakhstanskikh stepey* (tipologiya, semantika v aspekte voyennoy ideologii i traditsionnogo mirovozzreniya). [Medieval stone sculptures of the Kazakh steppes (typology, semantics in the aspect of military ideology and traditional worldview)]. Novosibirsk: Institute of Archeology and Ethnography SB RAS, 2004. 132 p. (In Russ.).
- Ermolenko, Kurmankulov, 2002- *Ermolenko L.N., Kurmankulov Zh.K. Svyatilishche na reke Zhinishke i problema pervonachal'nogo vida kypchakskikh izvayaniy* [Sanctuary on the Zhinishka River and the problem of the original type of Kypchak sculptures] // *Archeology, ethnography and anthropology of Eurasia*. 2002. Nr. 3 (11). P. 78–87. (In Russ.).
- Gerasimov, 1957 — *Gerasimov G.G. Pamyatniki arkhitektury doliny reki Kara-Kengir v Tsentral'nom Kazakhstane*. [Architectural monuments of the Kara-Kengir river valley in Central Kazakhstan]. Alma-Ata: Academy of Sciences of the KazSSR, 1957. 102 p. (In Russ.).
- Kadyrbaev, Burnasheva, 1970 — *Kadyrbaev M.K., Burnasheva R.Z. Pogrebeniye kypchaka pervoy poloviny XIV v. Iz mogil'nika Tasmola* [Burial of a Kypchak of the first half of the 14th century. From the Tasmola burial ground] // *Descendants of the ancient cultures of Kazakhstan*. Ed. M.K. Kadyrbaev. Alma-Ata: Science. 1970. Pp. 42-73. (In Russ.).
- Kasinali et al, 2022 — *Kasinali A.E., Esen S.G., Isakov A.Sh. Ulytau onirindegi Dzoshy Ulysy uaktyynyn zherleu eskertkishindegi zertteu zhumystary* [Research works on the funeral monument of the time of Zoshi Ulysy in Ulytau region] // *Herald of Karaganda University. History, Philosophy series*. 2022. No. 2 (106). Pp. 85-96. (In Kaz.).
- Kasinali et al, 2023 — *Kasinali A., Esen S., Musyrmankul P., Kyzyrkhan M., Seraliev A. Ualı korymynda 2023 zhyly zhasalghan zertteu zhumystarynyn algashky natizheleri* [The first results of the research work carried out in 2023 in the Uyali cemetery] // *Madeni Mura*. 2023. No. 3 (102). Pp. 80-91. (In Kaz.).
- Kasinalin et al, 2021 — *Kasinalin A., Esen S., Tleugabulov D. Aqmola onirinin madeni muraları: zana zertteuler*. [Cultural heritage of the Akmola region: new research.] Kokshetau: Big Dream, 2021. 108 p. (In Kaz.).
- Kasinalin, Yesenov, 2019 — *Kasinalin A., Yesenov S. Ulytau onirindegi Altyn Orda dayiri eskertkishterinde zhurgizilgen zertteuler* [Studies of the monuments of the Golden Horde era in the Ulytau region] // *Saryarka and the Golden Horde: time and space*. Almaty: Deluxe printer, 2019. Pp. 138-141. (In Kaz.).
- Kasanova, 2020 — *Kasanova A.D. Kamennyye izvayaniya Saryarki (Istoriya izucheniya)*. [Stone sculptures of Saryarka (History of study).] Almaty, 2020. 196 p. (In Russ.).
- Kyzlasov, 1951 — *Kyzlasov L.P. Pamyatniki pozdnykh kochevnikov Tsentral'nogo Kazakhstana* [Monuments of the late nomads of Central Kazakhstan (from the works of the Central Kazakhstan archaeological expedition in 1948)] // *News of the Academy of Sciences of the Kazakh SSR. Archaeological Series*. 1951. Iss. 3. Pp. 53–63. (In Russ.).
- Levshin, 1832 — *Levshin A.I. Opisaniye kirgiz-kazachjih, ili kirgiz-kaysatskih ord i stepey*. [Description of the Kirghiz-Cossack, or Kirghiz-Kaysakh ordes and steppes]. St. Petersburg: Printinghouse of KarlKraj, 1832. Part 1. 268 p. (In Russ.).
- Margulan, 1948 — *Margulan A.Kh. Arkheologicheskiye Razvedki v Tsentral'nom Kazakhstane*, (1946) [Archaeological exploration in Central Kazakhstan, 1946 year]. Proceedings of the Academy of Sciences of the Kazakh SSR. A historical series. 1948. Nr 1. Pp. 119-145. (In Russ.).
- Margulan, 1951 — *Margulan A. Kh. Tretiy sezon arkheologicheskoy raboty v Tsentral'nom Kazakhstane (Otchet ekspeditsii v 1948 goda)* [The third season of archaeological work in Central Kazakhstan (Report of the expedition in 1948)]. *News of the Academy of Sciences of the Kazakh SSR. Archaeological Series*. 1951. Iss. 3. Pp. 3–52. (In Russ.).
- Margulan, 1959 — *Margulan A.Kh. Raskopki pogrebeniya voina XIV veka v doline r. Nura* [Excavation of the burial of a warrior of the 14th century in the Nura river' valley]. *Proceedings of the*



Institute of History, Archeology and Ethnography of the Academy of Sciences of the KazSSR. T. 7 / Rep. ed. K.A. Akishev. Alma-Ata: Publishing House of the Academy of Sciences of the KazSSR, 1959. Pp. 248-261. (In Russ.).

Reimer et al, 2020 — Reimer, P.J., Austin, W.E.N., Bard, E., Bayliss, A., Blackwell, P.G., Bronk Ramsey, C., Butzin, M., Cheng, H., Edwards, R.L., Friedrich, M., Grootes, P.M., Guilderson, T.P., Hajdas, I., Heaton, T.J., Hogg, A.G., Hughen, K.A., Kromer, B., Manning, S.W., Muscheler, R., Palmer, J.G., Pearson, C., vander Plicht, J., Reimer, R.W., Richards, D.A., Scott, E.M., Southon, J.R., Turney, C.S.M., Wacker, L., Adolphi, F., Büntgen, U., Capano, M., Fahrni, S.M., Fogtmann-Schulz, A., Friedrich, R., Köhler, P., Kudsk, S., Miyake, F., Olsen, J., Reinig, F., Sakamoto, M., Sookdeo, A., Talamo, S., 2020. - The IntCal20 Northern Hemisphere Radiocarbon Age Calibration Curve (0–55 calkBP). *Radiocarbon* 62, 725–757. <https://doi.org/10.1017/RDC.2020.41>.

Shmid, 1894 — *Shmid Yu. A. Ocherk Kirgizskoy stepi k yugu ot Aralo-Irtyshskogo vodorazdela v Akmolinskoy oblasti* [Essay on the Kyrgyz steppe south of the Aral-Irtysh watershed in the Akmola region. *Notes of the West Siberian Department of the Russian Geographical Society*. Omsk: Printing House of the District Staff, 1894. Pp. 1-149. (In Russ.).

Sviridov, Tleugabylov, 2015 — Sviridov A.N., Tleugabylov D.T. Rannesakskiy kompleks mogil'nika Besoba v srednem techenii reki Ishim [Early Saki complex of the Besoba burial ground in the middle reaches of the Ishim River] // *Sak's culture of Saryarka in the context of studying ethnosociocultural processes of Steppe Eurasia*. Almaty: Begazy-Tasmola, 2015. Pp. 255-259. (In Russ.).

Svod..., 2009 — *Svod pamyatnikov istorii i kul'tury Respubliki Kazakhstan. Akmolinskaya Oblast'* [Code of historical and cultural monuments of the Republic of Kazakhstan. Akmola region] Almaty: Aruna, 2009. 568 p. (In Russ.).

Ualikhanov, 1984 — *Ualikhanov Sh.Sh. Bes tomdyk shygarmalar zynagy* [Collection of works in five volumes]. Almaty: General editorial office of the Kazakh Soviet Encyclopedia, 1984. Vol. 1. 432 p. (In Kaz.).



АРХЕОЛОГИЯ / ЭТНОГРАФИЯ / ЭПИГРАФИКА

Published in the Kazakhstan
Otan tarikhы
Has been issued as a journal since 1998
ISSN: 2788-9718 (Online)
Vol. 26. Is. 4, pp. 263-282, 2023
Journal homepage: <https://otan.history.iie.kz>

FTAXP / МРНТИ / IRSTI 03.20.
https://doi.org/10.51943/2788-9718_2024_27_1_263-282

**ҚАЗАҚ РУ-ТАЙПАЛАРЫНЫҢ ТАҢБАЛАРЫ ЖӘНЕ
ОЛАРДЫ ЭПИГРАФИКАЛЫҚ ТҮРҒЫДАН ЗЕРДЕЛЕУ**

Шынарбек Сейітханұлы¹, Нурлыбек Жаныкулов²

¹Моңғолия Ғылым Академиясының Тарих және этнология институты
(13-район, Энхтайван даңғ., 13330 Баянзүрх ауданы, Улаанбаатар, Моңғолия)
Түркияның Улудаг университеті
(Гөрүкле ауданы, 16120 Бурса, Түркия Республикасы)
Тарих ғылымдары бойынша докторант, ғылыми қызметкер
<https://orcid.org/0000-0003-3068-4418>. E-mail: shynarbek20@gmail.com

²Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті
(Саттарханов көшесі 29/3, 161200, Түркістан, Қазақстан Республикасы)
Философия ғылымдарының PhD, аға оқытушысы
<https://orcid.org/0000-0002-2159-1888>. E-mail: nurlybek.zhanykulov@gmail.com

© Ш.Ш. Уәлиханов атындағы ТЭИ, 2024
© Сейітханұлы Ш., Жаныкулов Н., 2024

Аңдатпа. *Kіріспе.* Ұлы дала көшпенділерінің бір бөлігін құраған Түркі халықтары көне дәуірлерден бері өз егемендігін және дербестігін айқындау үшін таңба қолданып келген. Қазақ ру-тайпалары да өздерінің дербестігін және мүлкін сақтау үшін әр ру жеке-жеке таңбалар қолданған. Ру-тайпалардың бірлігі мен бүтіндігін айқындайтын бұл таңбалардың тарихы тым тереңде. Қазақ ру-тайпаларының таңбаларын анықтау, олардың бейне-пішіндерін ғылыми тұрғыдан дәлелдеу әлі де ғылыми зерттеулерді талап етеді. Сондықтан бұл тақырып уақытын күткен зерттелуі тиіс тың тақырып ретінде қарастырылады. *Зерттеудің мақсаты мен міндеттері.* Қазақ ру-тайпаларын зерттейтін ғалымдар көбінесе рулардың әлеуметтік және мәдени мәселелеріне көбірек назар аударғандықтан олардың саяси көзқарастары және ұлттық құндылықтары, идеологиясы көбінде назардан тыс қалған. Бұған түрлі себептер әсер еткенін байқаймыз. Осы мәселелердің ішінде қазақ ру-тайпаларының шежіресі, ұраны және таңбасының зерттелуі аса маңызды болып саналады. Мақаламызда қазақтың Ұлы Жүз, Орта Жүз, Кіші Жүз құрамына кірген ру-тайпалардың таңбалары туралы жасалған ғылыми зерттеулер, түрлі сараптамалар мен тарихи деректерге сүйене отырып, таңба пішіндерін ғылыми тұрғыдан талдау, толықрақ зерттеу мақсат етілді. *Нәтижелер.* Мақаламызда қазақтың ру-тайпалары арасында қолданылған таңбалардың бейне-пішінін эпиграфикалық тұрғыдан зерттей келе Орхон және Енисей жазуларында қолданылған әліпбилердің көбі осы таңбалармен ұқсас екендігі және осындай белгі, символдардан таңбалардың ортаға шыққандығы туралы ғылыми сараптамалар жасалды. *Қорытынды.* Ғылыми зерттеулер бойынша қазақ ру-тайпаларының қолданған



таңба түрлері арнайы кестелер бойынша берілді. Мақала да түбі бір, түркітестес халықтардың ортақ құндылықтары, мүддесі және мәдениеттеріне байланысты жаңаша ғылыми мәліметтер берілген.

Түйін сөздер: Көшпенділер, таңба, қазақ халқы, ру-тайпа

Дәйеккөз үшін: Сейітханұлы Ш., Жаныкулов Н. Қазақ ру-тайпаларының таңбалары және оларды эпиграфикалық тұрғыдан зерделеу / Отан тарихы. 2024. Т. 27. № 1. Б. 263-282. (Қаз.) DOI: 10.51943/2788-9718_2024_27_1_263-282

EPIGRAPHIC REVIEW OF THE STAMPS (TAMGA) OF THE KAZAKH TRIBES

Shynarbyek Syeitkhan¹, Nurlybek Zhanykulov²

¹Institute of History and Ethnology of the Mongolian Academy of Sciences
(District 13, Enkhtayvan Ave., 13330 Bayanzurkh District, Ulaanbaatar, Mongolia)

Bursa Uludag University (Gorukle District, 16120, Bursa, Turkey)

PhD student, research worker

<https://orcid.org/0000-0003-3068-4418>. E-mail: shynarbek20@gmail.com

²Khoja Akhmet Yassawi International Kazakh-Turkish University
(29/3 Sattarkhanov Street, 161200, Turkestan, Kazakhstan)

Faculty of Theology, Department of Philosophy, PhD, senior lecturer

<https://orcid.org/0000-0002-2159-1888>. E-mail: nurlybek.zhanykulov@gmail.com

Abstract. *Introduction.* Turkic peoples, who are part of the great steppe nomads, have used stamps to prove their sovereignty and independence since ancient times. Kazakh tribes are also known to use individual stamps to protect their independence and property. The history of these stamps, which express the unity and integrity of tribes, is quite deep. Determining the Kazakh tribes' marks and scientifically proving their image-forms still requires more scientific research. For this reason, it is considered a new issue that needs to be studied. *Purpose and objectives of the research.* Scientists who study Kazakh tribes have generally paid more attention to the social and cultural issues of the tribes. Therefore, their political views, national values and ideologies have not been examined in detail. This appears to be affected by various reasons. Among these issues, examining the genealogy, slogans and stamps of the Kazakh tribes is considered very important. In our article, it is aimed to re-evaluate, analyze them scientifically and investigate them in more detail, taking into account some scientific research and evaluations about the stamps of the tribes and clans in the Ulu Jüz (Senior jüz), Orta Jüz (Middle jüz) and Kishi Jüz (Junior jüz) of the Kazakhs. *Results.* In addition, when we study the stamp forms used among the Kazakh tribes from an epigraphic perspective, we see that they resemble most of the ligatures used in the Orkhon and Yenisei inscriptions. *Conclusion.* Scientific analysis has been given that these ligatures or letters are the origins of the stamps and symbols used in the Kazakh tribes or vice versa. The stamp types used among Kazakh tribes are given in the chart. Our article also includes new scientific information about the common values and culture of the Turkic peoples.

Keywords: Nomads, stamp, Kazakh people, tribe

For citation: Syeitkhan Sh., Zhanykulov N. Epigraphic review of the stamps (tamga) of the kazakh tribes // Otan tarikhy. 2024. Vol. 27. No. 1. Pp. 263-282. (In Kaz.)

DOI: 10.51943/2788-9718_2024_27_1_263-282



СИМВОЛЫ КАЗАХСКИХ ПЛЕМЕН И ИХ ЭПИГРАФИЧЕСКОЕ ИЗУЧЕНИЕ

Шынарбек Сейтхан¹, Нурлыбек Жаныкулов²

¹Институт истории и этнологии Монгольской академии наук
(район 13, просп. Энхтайван, 13330 Баянзурхский район, г. Улан-Батор, Монголия)
научный сотрудник, аспирант (общая история Турции) Улудаг университета
<https://orcid.org/0000-0003-3068-4418>. E-mail: shynarбек20@gmail.com

²Международный казахско-турецкий университет имени Ходжи Ахмета Ясави,
факультет
(д. 29/3, ул. Саттарханова, 161200 Туркестан, Республика Казахстан)
PhD, старший преподаватель
<https://orcid.org/0000-0002-2159-1888>. E-mail: nurlybek.zhanykulov@gmail.com

Аннотация. *Введение.* Тюркские народы, составлявшие часть кочевников Великой степи, с древних времен использовали символ для определения своего суверенитета и самостоятельности. Казахские племена также использовали отдельные символы для сохранения своей самостоятельности и имущества. История этих символов, определяющих единство и целостность племен, слишком глубока. Выявление признаков казахских племен, научное доказательство их образов - форм все еще требует научных исследований. *Цель и задачи исследования.* Таким образом, эта тема рассматривается как новая тема, которую необходимо изучить в ожидании времени. Ученые, изучающие казахские племена, часто упускали из виду их политические взгляды, национальные ценности и идеологию из-за того, что они уделяли больше внимания социальным и культурным проблемам племен. Мы замечаем, что на это повлияли различные причины. Среди этих вопросов наиболее важным является изучение генеалогии, девиза и символа казахских племен. В нашей статье были поставлены цели научных исследований, научного анализа, детального изучения форм символов на основе различных экспертиз и исторических данных о символах племен, вошедших в состав казахских Великих жузов, средних жузов, малых жузов. *Результаты.* После эпиграфического изучения видео-формы символов, использованных в нашей статье среди казахских племен, были проведены научные экспертизы того, что многие алфавиты, использованные в Орхонской и Енсейской письменности, схожи с этими символами и что символы из таких знаков, символов выходят в середину. *Выводы.* По научным данным, применяемые казахскими племенами виды символов были даны по специальным таблицам. В статье представлены новые научные данные, связанные с общими ценностями, интересами и культурами тюркоязычных народов.

Ключевые слова: Кочевники, символы, казахский народ, племена

Для цитирования: Сейтханулы Ш., Жаныкулов Н. Символы казахских племен и их эпиграфическое изучение // Отан тарихы. 2024. Т. 27. №1. С. 263-282. (Каз.) DOI: 10.51943/2788-9718_2024_27_1_263-282

Kіріспе. Көшпенді халықтар ерте заманнан бері таңба қолданғандығы туралы тарихи деректер көптеп кездеседі. Соның ішінде Түркі және моңғол халықтары арасында ортақ мағынада қолданылып келген *тамга*, *тамага*, *дамга* сөздері нақты қай тілден шыққандығы белгісіз. «Таңба» туралы мәліметтер жазба деректер бойынша көне түркі тілінде *tamga* немесе *tamgaşı* түрінде ескірткіштердің жазба мәтіндерде (Tekin, 2017: 50) және парсша, түрікше жазылған кейбір деректерде «belgü», «tuğay (tұға)»,



«mühür», «mör», «tamy», «tavro», «nişan», «tamka» атаулары бойынша белгі, символ мағанасында жазылған (Kaşgarlı, 2005: 525; Fazlullah, 1998: 32, 232, 602; Bakır, 2009: XLVI; Bahadır Han, 1996: 425; Ağca, 2019: 85; Gökyay, 2007: 260; Has Hacıb, 2006: 258-259). «Тамга» ұғымы ерте заманнан бері тығыз қарым-қатынаста болған түркі және моңғол халықтары арасында әртүрлі немесе ұқсас қолданылып келеді (Tezcan, 2010: 375). Моңғол тілінде «тамга / тамага» атауында қолданылып келеді (Самашев, Базылхан, 2010: 35-39). Тарихи тұрғыдан алғанда, таңбаның қолданылуы әртүрлі даму кезеңдерінен өткені белгілі. Әсіресе, тас дәуірінің әртүрлі кезеңдерінде таңбалар мен белгілер белгілі бір жерді, киелі мекендерді анықтаушы және қару-жарақтар мен басқадай алуан түрлі заттарды меншіктенуге қолданылған. Алайда палеолит-неолит дәуірінде әлеуметтік ұйымдар онша дамымаса да таңбалар кеңінен қолданылды, бірақ оларды нақтылап анықтау үшін әліде ғылыми зерттеулерді талап етеді. Таңба қолдану дәстүрі өте ерте кезден басталғаны туралы мәліметтер археологиялық қазба жұмыстары нәтижесінде ортаға шығуда. Осындай тарихи-археологиялық мәліметтерге сүйене отырып, көшпелі тайпалар арасында таңбалардың қолданысы қола дәуірінен, одан да ертерек басталған деген болжам жасауға болады. Алайда бүгінге дейін халықаралық зерттеулерде таңбаның қалыптасуы және қолданылу дәстүрі, біршама зерттелседе, көшпелі халықтардың арасындағы таңбаның қолданылымы және тарихы туралы жүргізілген зерттеулер әлі де жеткіліксіз.

Материалдар мен зерттеу әдістері. Қазақ халқының таңбалары және таңба тарихы туралы жазылған ғылыми еңбектер мен түрлі танымдық материалдар, шежіре, аңыз, әңгімелерді ғылыми тұрғыдан сарапталды. Қазақтың ру-тайпа таңбаларының атауларын анықтаумен қатар бейне-пішіндерін эпиграфикалық тұрғыдан зерттей отырып, ру-тайпаларда таңбаның қалай пайда болғандығын және қай руда қандай таңба қолданылып келгендігі жайлы тарихм деректерді саралау арқылы анықтау әдістемелері қолданылды. Зерттеу барысында А.И. Левшин, Н.А. Аристов, А.Н. Харузин, И. Казанцев, Н.И. Гродеков, Ш. Уәлиханов, Л. Мейер, М. Тынышбаев, С. Аманжолов, Н. Мыңжани, Х. Арғынбаев, М. Муканов, В. Востров, А. Сейдімбек, Т. Омарбеков, Ә.Марғұлан, Ш. Құдайбердіұлы қатарлы ғалым-зерттеушілердің еңбектері көбірек қолданылды. Бұл еңбектердің сыртында Т.М. Сұлтанов З. Самашев, Б. Нәпіл, С.Самашев, С.Е. Әжіғали, М. Қарамендина, И. Добросмыслов, Ә. Қайдар, Х. Ғабжалелов, М. Қожанұлы, А.Е. Рогожинский т.б. адамдардың еңбектері де пайдаланылды. Бұл еңбектердің кейбіреуінде Қазақтың Үш жүзі (ұлы, орта, кіші) жүз таңбалары туралы толықрақ мәліметтер мен кестелер берілсе де ғалымдардың кейбір пікірлері бір-бірімен сәйкеспейді. Алайда осы саланы зерттейтін ғалымдардың пікіріне қарағанда қазақтың ру-тайпалық жүйесі және оның қалыптасу тарихы әлі де ғылыми зерттеулерді қажет етеді.

Талқылау. «Таңба» ескерткіштер мәтінінің ең көне элементтерінің бірі. Түркі тайпалары арасында да ерте замандардан бері қолданылған. Бұл термин XIII-XV ғасырларда Орта Азияның, Таяу және Орта Шығыстың, Кавказияда кеңінен таралып, көне атауы бойынша «ханның мөрі қойылған құжат» немесе «салық» атаулары бойынша жаңа маңызға ие болған (Қарамендина, 2021: 31). Көне түркі тілдерінің жазба ескерткіштеріндегі «tamga» (тамға, тамка) деген терминдер қазақ тілінің сөз ішіндегі дауыссыз дыбыстарының үндес ықпалына қарай *м* дыбысы *н*-ға, *з*-дыбысы *б*-ға ауысып, «таңба» атауы қалыптасқан. Ал тамғаның «дамга» болуы *т* мен *д* дыбыстарының алмасуы немесе тагма түрінде кездесуі метатезалық құбылыс. М.Қарамендина еңбегінде А.Н.Кононов және А.Дж. Эмренің зерттеулерін пайдалана отырып *там* сөзінің түбірі - «күйдіру, өртеу, жағу» етістігінен шыққандығы айтады (Қарамендина, 2021: 31). Қырғыз тілінде *там* - тұтану, от алу. Қазақ тілінде де *там* сөзі «тұтан», «жан» етістіктеріне синонимдес болып келеді. Отты тұтату, жағумен



байланысты қазіргі қазақ тілінде қолданылып жүрген «тамыз», «тамызу», «тамызық» сияқты сөздердің де түбірі - *там*. Тамға (таңба) дегеніміз қарып күйдіру арқылы іріқара малдың (көбінесе жылқы) санына күйдіріп басатын белгі. Сөйтіп, тамға сөзінің түпкі мағыналық төркіні «там» болғанын, *-ға* етістікке жалғанып есім тудыратын *-қа* тәрізді (тұтқа, жанқа) жұрнақ екенін байқаймыз.

Таңба сөзінің төркінін қарастыру үшін түркі тіліндегі деректер мен ғылыми еңбектерге үңілу маңыздырақ. Түркияда таңба тақырыбында жасалған ең алғашқы ғылыми зерттеу болып саналатын Осман Акшокраклының «Қырымда Татар таңбалары» атты еңбегінде таңба сөзінің шығуы туралы қысқаша ақпараттар бар. О.Акшокраклының еңбегінде: *Damla*-тамшы, *tammak*-тамшылау, *tatur*-тамыр, *tamgizmak*-тамшылату сияқты жұрнақтар көп болғанымен, бұл сөзді мағына жағынан бұл түбірге жалғау айтарлықтай қиын. *Tamga*, *damga* сөзінің *із*, *таб* мағанасында *тарқа* немесе *тарқақ* сөздерінен шыққан деген пікірдің дәлелсіз екендігін айта келіп, бұл сөздің төркінін әліде нақты зерттеуді тіл мамандарының еншісіне қалдырады. Алайда *dağ* (дағ) сөзі (ыстық темірмен күйгізу) мағанасында *dağlamak* (дагламак) сөзінен шыққан. «*Дамга*» *там* мағанасында *даглама* сөзіне байланысты деген пікір білдірген. (Акшокраклы, 1996: 35). Түрколог, ғалым Нәпіл Базылханның зерттеуінде: Көне түріктер таңбаларын «*tamya*» деп атаған, ол екі мағынаны білдірді дейді. Біріншісі – «ру, тайпалардың белгісі, таңбасы», екіншісі «қағанның алтын мөр белгісі». Көне түрік бітік тілінде аталмыш сөздің түп-төркіні **tap-* // **tab-* (бірдеңенің ізі, қалдығы, із қалдыру – «таптау, табы, табандау»). *tam-* (тамызу, күйдіру, белгі-ен басу) дегенді білдерсе, *tam+ya* > *tamyān* (*tamya+n* / *tamya+čī* - мағынасы: мөр жасаушы, мөр таңба сақтаушы) > *tañba* («таңба, таңбалау») деген бағытта дамып өрбіген. Көне моңғол тілінде «*taba*» - тав (табы, ізі), «*тамауа*» - тамаға, тамга (таңба) тұлғасында сақталған (Самашев, Базылхан, 2010: 35-39).

«Таңба» терминнің шығу тегі (семантика) және деректерге хроникалық талдау жасаған Манасбай Қожанұлы таңба атауын төмендегідей кезеңдерге бөліп қарастырған.

1. Belgü- belgi атау ретінде б.з. VII-VIII ғғ. бастап қолданыста болған,
2. Тууғай- тууға атау ретінде б.з. VII-VIII ғғ. қолданылған,
3. Тамуа- таңба атау ретінде б.з. V-VII ғасырлардан бері.

4. Mühür- möör- mög атауы XIV ғасырдан бері тарихи деректерде белгіленіп, бізге жеткендігін айтады. Бұл төрт атаудың таралымы шамамен шығысы Хянган жотасынан, батысы Жерорта теңізі, Еуропаға дейінгі кеңістікте өмір сүрген түркі, моңғол халықтарының арасында қолданылып келген (Қожанұлы, 2006: 81).

Түркия ғалымы М.Тезжанның зерттеулері бойынша таңба термині көне түркі метіндерінде *tamga*, *tamka* түрінде кездесседе, *tagla-dagla* немесе *tak* түбір етістіген шыққан деген болжам нақты нәтиже бермейтіндігін айтады (Tezcan, 2010: 389). Андреас Титценің «Түркия түрікшесінің тарихи және этимологиялық сөздігі» атты еңбегінде: *Damga* (дамга) жануарға қыздырылған темірмен басылатын таңба ретінде түсіндіріледі (Tietze, 2002: 555). Ал «Түрік тілінің этимологиялық сөздігі» атты ғылыми еңбегінде «дамга» сөзі «тамдур» – *жану* етістігінен шыққандығын, таңба ыстық темір арқылы қолданылатындықтан осылай аталғандығын алға қояды. Алайда Қашғарлы Махмұд еңбегінде «тамдур» сөзінің түбірі «күйдіру» дегенді білдіреді, сондықтан «там» түбірінен «таммақ» сөзі шыққан болуы мүмкін, ал «тамду, тамдук» *жанған от* дегенді білдіреді деген (Еуёроғлу, 1988: 72). Осындай ғылыми пікірлерге сүйенсек *там-дам* етістік түбірінің *тамга*, *тамага*, *дамга* (таңба) сөзіне тікелей қатысы бар екенін аңғарамыз. Қазақ ру-тайпаларының кейбір таңбаларының шығу тегі мен бастапқы элементтері тек түркі және моңғол халықтарының таңбаларымен ғана емес, сонымен бірге ежелгі ирандық халықтардың таңбаларымен де көп ұқсастығы бар екендігін байқаймыз (Samashev, 2010: 338). Бұл да орынды пікір. Қазақ халқының ру-тайпа



таңбаларының элементтері Орта Азиядағы Түркі тектес халықтардың таңбаларына ұқсаумен қатар, Таяу Шығыс, Иран халықтарының кейбір таңбаларымен де ұқсас келеді.

Таңбалар туралы зерттеулерде В.С. Драчук, Л.И. Лавров, Э.И. Соломоник, Ю. Симченко, В.П. Курылев, Р.Г. Кузеев, С.А. Яценко, Ю.А. Зуевт т.б.-дай ғалымдардың еңбектері маңызды екендігін айта кеткен жөн. Атап айтқанда Э.И. Соломоник таңбаның шығуын рулық қоғамдық құрылысқа жатқызады. Таңба қоғамның дамуымен қатар бірге дамып, өзгеріп отырған және бір мезгілде әр түрлі мақсаттарға пайдаланылған (Қарамендина, 2021: 11). Орта Азияда біздің дәуірімізге дейінгі мыңжылдықтың ортасына қарай Сақ және Ғұн дәуіріне жататын түрлі мәдени туындыларда жиі байқала бастаған символдық белгілер мен мөрлер: Юэ-чи, Усун, Кангуй, Кушан, Сармат, Дун-ху (тунгуз) т.б. Еуразия далаларындағы түрік және басқа да тайпалар билігі кезінде таңбалар кеңінен қолданылған (Қыдырәлі, Бабаяр, 2015: 9).

Таңбалар кеңінен тараған өлкелер (географиялар) туралы көптеген дереккөздер мен ғылыми еңбектерде түрлі мағлұматтар бар. Түркиялық ғалым, Женгиз Алыылмаздың ғылыми еңбектерінде: Бүгінгі Моңғолия, Алтай, Тува, Қазақстан, Қырғызстан, Әзірбайжан және Анадолы сияқты әртүрлі географияларда көптеген жарта суреттерімен қоса әртүрлі таңбалар табылғандығын айтады (Alyılmaz, 2002: 613-615; Mert, 2007: 234). Сібір аймақтарында зерттеу жүргізген Сервет Сомунжуоглуның айтуынша, таңбалар Ресейдің Лена өзенінің аңғарында, Қырғызстанда, Саймалыташ пен Әзірбайжан-Гобустанда көбірек табылған. Сонымен қатар Бурятияда, Хакасияда, Байкал маңында, Оңтүстік Сібірде, Моңғолияда, Тувада, Солтүстік Қытайда, Алтайда, Қазақстанда, Өзбекстанда, Ауғанстанда, Түрікменстанда және Шығыс Анадолы мен Батыс Анадолыда да әр түрлі таңбалар үлгілері кездесетіндігін және таңбаның тарихының б.з.д. 14000 жылдарға дейін ұзайтындығын жазған (Somuncuoğlu, 2008: 12-18). Таңбалар көптеп табылған жерлер Қытай деректерінде көрсетілген Хакас-Минусинск және Тува, Моңғолия жерлері болып саналады. Бұлардан басқа археологиялық зерттеулерде Алтай таулары, Шығыс Түркістан, Түркіменстан, Қырғызстан, Қырым түбегі, Оңтүстік Ресей және басқа аймақтардағы жартастар мен сынтастардың беттерге жазылған туралы мәліметтер бар (Enveroglu, 2005: 13) десе, Қазақ халқының таңбалары мен ұрандары туралы ғылыми зерттеулер жасаған М.Қарамендина өз еңбегінде басқа ғалымдардың зерттеулерін алға тарта отырып таңбаның ең көп табылған жерлері Дағыстанда Урецк қалашығы және Қарашай-Черкесск жерінде Хумарин қалашығы болғандығын айтады (Қарамендина, 2021: 7).

Таңбалардың нақты қашан қолданылғаны даулы болса да, жоғары да айтқанымыздай қола дәуірінен бастап әлеуметтік, дипломатиялық, күнделікті және т.б. жұмыстарда қолданылғаны белгілі. Алайда, таңбалардың қай кезеңде пайда болғандығын және олардың мағыналарын толықтай түсіндіру мүмкін емес. Кейбір ғалымдардың көзқарастары бойынша рулық таңбалар қоғам дамуымен бірге туыстық (отбасылық) белгілерге айналған. Таңбалар одан кейін әсіресе мемлекеттік, әкімшілік басқару жүйесінде, сыртқы саяси жұмыстарда қолданылған. Эпиграфиялық мәліметтерге сүйенсек, таңбалардың ең көне түрлерінің пішіндері геометриялық фигуралар (дөңгелек, төртбұрыш, үшбұрыш) түрінде болып кейде әліпбилер (әріп) пішін бойынша да қолданылып келген.

Ортағасырлық қазақ даласының таңбаларының тарихы және ортаға шығуы туралы ғалымдардың түрлі пікірлері бар. Қазақ ру-тайпаларының таңбаларын толықрақ зерттеу үшін өзге де түркі тектес халықтардың таңбалары туралы зерттеулерді қарастырған жөн. Бұл туралы М. Тынышпаевтың шежірелік зерттеулерімен басқадай ғылыми еңбектерінде жазылған. Аталмыш еңбекте Түркі тектес қазақ рулары да қамтылатын туыс халықтар, атап айтқанда қырғыз (қазақ) бен ноғайлардың, қырғыз



(қазақ) бен башқұрт қыпшақтарының және Қазан татарларының ру таңбаларының бір-біріне ұқсас келетіндігін айтқан (Тынышпаев, 2010: 88-89). О.Ақшоқраклының еңбегінде Қырымдағы татар таңбаларын зерттеу барысында *алаш*, *қырғыз*, *қазақ* атты ауылдардың кездескендігін және олардың өздеріне тән *алаш*, *қырғыз-қазақ*, *бой қазақ* атты таңба атаулары болғандығын жазумен қатар таңбалардың арнайы кестесін дайындап «Қырымдағы Татар таңбалары» атты еңбегінде жариялаған (Akçokraklı, 1996: 14-17).

Х. Арғынбаев, М. Мұқанов, В. Востровтардың «Қазақ Шежіресі Хақында» атты ғылыми еңбегінде қазақ ру-тайпа және жүздерінің қалыптасуына байланысты айта келіп, «Қазақ жүздері XV-XVI ғасырлар аралығында Қазақстанның әр өңірінде қалыптасқан тайпалардың одағы ретінде қарастырған. Жүздердің шығуы мен «Жүз» атауының тарихи мәні туралы ғылыми тұрғыда дәлелденген ортақ бір пікірдің әлі жоқ екендігін және кейбір зерттеушілердің бұл атауды әлде бір бүтін нәрсенің, құбылыстың «бөлшегі», «саласы», «бір жағы» ретінде қарастыратындығын, енді біреулер оны «жүз», «жүздік» сандарымен байланыстырғандығын жазған. Сонымен қатар Н.И. Гродеков, Г.Н. Потанин және Н.А. Аристов сияқты зерттеушілер қазақ жүздерінің шығуы туралы зерттеулерде кейбір халық арасына кеңінен тараған аңыз-әңгімелерге сүйенетіндігін баяндаған (Арғынбаев, Мұқанов, Востов, 2000: 15).

Зерттеуші А.Е. Рогожинскийдың айтуынша: 200 жылдан астам зерттеліп келе жатқан қазақтардың ру-тайпалық белгілері қазақтың ұлы, орта және кіші жүз толықрақ зерттелгендігін айтады. Олардың Орынбор даласы мен Ертіс өңірінде таралуы XVIII ғасырдың соңына қарай, ал XIX ғасырларда Кіші жүздің таңбалары жүйеленіп, Орта жүздің негізгі тайпаларының таңбалары туралы мәліметтер жинақталған және XIX ғасырдың соңында Қазақстанның оңтүстігі Ресей империясының құрамына кіргеннен кейін, Ұлы жүз таңбаларын тіркеу басталды (Рогожинский, 2010: 101). М. Қарамендина еңбегінде Ю. Шмид, Ә. Марғұландардың зерттеулерін қолдана отырып қазақ ру-тайпаларының таңбасы үшін ерекеше маңызды болып саналатын «Таңбалы тас» (Тамғалы тас) туралы тоқталады. «Таңбалы тас» қазақтардың ардақтайтын киелі тасы²⁵ (Қарамендина, 2021: 72). Қазақтың ру таңбалары жайлы жан-жақты ақпарат беретін ескерткіштердің бірі «Тамғалы тас» екендігі туралы Л. Кузнецовтың еңбегінде де айтылады. Таңбалы тас ескерткішіне алғаш 1895 жылы Л. Кузнецов пен Х. Бекхожин зерттеу жасап, тастағы ру таңбаларының көшірмесін алған (Кузнецов, 1927: 1-3).

Тарихшы, этнограф ғалым А. Сейдімбектің еңбегінде Қазақ ру-тайпаларының көптеген таңбаларының тарихы - тереңінен бастау алатыны, оның өзі ең байырғы деп жүрген өркениеттер ошағымен байланысып жатқандығына назар аударады (Сейдімбек, 2008: 644). Сонымен қатар қазақ ру-тайпаларының таңбаларын бітім-пішіндеріне орай бірнеше топқа бөліп қарастырған. Қазақ даласының таңбаларын әр жақтылы зерттеп жүрген ғалымдардың бірі С.Самашаевтің пікірі бойынша Қазақ даласында таңбалардың қолданылу тарихын зерттеудің тереңдей түсуі – Қазақстан өз тәуелсіздігін алғанан бергі уақыт. Қазіргі уақытта бұл тақырыпты қамтитын ғылыми және ғылыми-танымдық еңбектердің саны жүзден асқан. Олардың арасында осы тақырыптың негізгі мәселерін анықтау және шешу жағынан алғанда құндысы – В.Ольховский, С. Яценко, З. Самашев, Б.Нәпіл, А. Рогожинский, А. Досымбаева, Ж. Артықбаев, С. Ярыгин және Ө. Шнанов қатарлы ғалымдардың еңбектері екенін айтады (Самашев, 2018: 2). Алайда бұл тақырып аясындағы зерттеулер Қазақстанда қарқынды дами қойған жоқ. Ғалымдар арасындағы

²⁵«Таңбалы тас» (Тамғалы тас)-қа барлық тайпалардың ұлыс басқаратын адамдары, атақты билері мен батырлары жиналып кеңес құрып, қай тайпа қай жерге қоныс ету мәселерін талқылап, шешетін болған. Әрбір тайпаға өзіне арналған таңба беріліп, ол таңбаның суретін осы тасқа жазып түсірілгендігі туралы деректер кездеседі. Толықрақ: Ә. Марғұлан «Таңбалы тас» // Жұлдыз. – 1981. №1 қараңыз.



кәсіби байланыстар төмен деңгейде. Тағы бір себеп Қазақстандық ғылыми орталар үшін Кеңестік кезеңде осы тақырыппен шұғылдануға шектеу қойылғандығы да айырықша әсер еткен. Бұл туралы ғалымдардың әртүрлі көзқарастары бар. Ортағасырлық Қазақстан көшпелілерінің таңбаларын зерттеу қарқыны тек соңғы он-он бес жылда ғана артты (Рогожинский, 2013: 226). Еуразия даласын мекен еткен ортағасырлық халықтардың таңбалары мен белгілері, олардың шығу тегі мен даму барысы, трансформациялануы турасында толыққанды біртұтас ғылыми зерттеу әлі де жасалған жоқ (Самашев, Базылхан, 2010: 7). Қазақ ру-тайпаларының таңбалары толықрақ зерттелуі үшін Ө. Шнанов қазақ ру таңбалары тарихын бірнеше кезеңге бөліп қарастырады. 1. Ежелгі ру таңбаларының қалыптасуы кезеңі (Қола дәуірі) 2. Тайпалық одақтардың қалыптасу кезеңіндегі таңбалар (сақ, ғұн, оғыз т.б.) 3. Түркі дәуірі кезеңіндегі ру таңбалары. 4. Қазақ хандығы тұсындағы ру таңбалары. Сондай-ақ Қазақ халқының ру таңбалары тарихын зерттеу барысында түркі халықтарының таңбалары тарихын да қоса зерттеу қажет екендігін тілге тиек еткен (Шнанов, 2018: 70).

Қазақ ру тайпалары өздеріне айт таңбалар қолдану арқылы көптеген артықшылықтарға қол жеткізді деуге болады. Қазақ шежіресіне байланысты зерттеулер жасаған А.Б. Сарсенбаевтың айтуынша: Таңбаның артықшылықтары мен ерекшеліктері төмендегідей: 1. Таңбалар жанұялардың, рулардың, тайпалардың қоныс аудару жолдарын қатаң қадағалауға мүмкіндік берді. 2. Таңба ұжымдық жадтың құрылымдық бөлігі. 3. Таңба - ұрпақаралық мәдениетті байланыстырушы. 4. Таңба-ең басында бейнелеуші (тастағы бейне), кейіннен (темірден, ағаштан, жасалған), одан соң жазба (әр ру-тайпа басшыларының жарлық, хаттауға басқан таңбалары) түрінде жеткен. Яғни әр ұрпақтың тарихи кезеңі жайлы мағлұматтарды сақтаған. 5. Таңба - дербестіктің белгісі. Кейде ру-тайпалардың таңбалары қиын-қыстау кезеңде жасырылып отырған, себебі, таңбаны жоғалту - бұл тайпаның дербестігін жоғалту деп қабылдаған. 6. Таңба - ру-тайпа, әулеттің шығу тегі жайлы мәліметтерге дәлел болады (Қарамендина, 2021: 20-21). Сонымен қатар қазақ халқының таңбалары туралы маңызды мәліметтер «Қазақтың Этнографиялық Категориялар, Ұғымдар мен Атауларының Дәстүрлі Жүйесі» атты Энциклопедия еңбекте берілген. Бұл кітаптағы белгілерге тоқталсақ: Таңба - рудың және тайпаның территориялық, шаруашылық және ұйымдық дербестілігін айқындайтын әрі айғақтайтын белгі. Байырғы белгілер жүйесінде ерекше категорияға ие болған таңбаның қолданыс аясы мен функционалдық қызметіне ден қойған зерттеушілер таңбаның түп төркіні түркі-моңғол тілдерінен бастау алатындығын мәлімдеген (Қазақтың этнографиялық., 2014: 343).

Ал, Нығмет Мыңжанидың еңбектерінде қазақ халқының шежіре және таңбаларына байланысты құнды деректер бар. Оның «Қазақтың Қысқаша Тарихы» атты ғылыми еңбегінде былай дейді. «Әрбір рудың өзіне тән таңбасы және ұраны бар. Бұл таңбаны ерте кезде рудың малына басқан, сол рудан өлген адамдардың моласының басына тасқа ойып орнатқан. Бірнеше ру бірлесіп тоқтам жасасқан жерде тасқа ойып белгі салған. Ру таңбасы сол рудың нышаны орнында қолданылған, рудың жалауларына салынған. Қазақтың көптеген ру аттары сол рудың таңбасы арқылы аталған. Мысалы: бағаналы, балталы, шанышқылы, ергенекті, тарақты, ашамайлы, ошақты, тарақ таңбалы, теріс таңбалы, сіргелі» қатарлы рулардың аталғандығын жазады (Мыңжан, 1994: 40).

Қазақ халқы арасында «таңбалау» дәстүрі Тәуке хан заманында (1680-1718) жолға қойылған үрдіс болды. Алғашқылардың бірі болып бұл мәселеге назар аударған А. Левшиннің пайымдауынша, Тәуке ханның билігі тұсында барлық мал-мүлікті белгілеу үшін таңбалар қолданылғаны туралы «Жеті Жарғыда»²⁶ жазылған.

²⁶Жеті жарғы – Тәуке хан (1680 – 1718) тұсында қабылданған қазақ халқының дәстүрлі әдеп-ғұрып заңдарының жинағы. XVII-ғасырда қазақ хандығының ыдырау қаупінің тууына байланысты



«Жеті Жарғының» Г. Гавердовский және А. Левшин жариялаған, сондай-ақ атақты Саққұлақ биден жеткен нұсқаларында әрбір рудың өзінің таңбалары мал-мүліктің кімге тиесілі екендігін ажырату үшін немесе ру-тайпа арасындағы дау-дамайды азайту мақсатында малдарына өздерінің таңбасын міндетті түрде басу қажет делілген. Саққұлақ бидің нұсқасында: «әр рудың ұраны, таңбасы болсын», деген (113-бап) кездеседі (Қазақтың этнографиялық., 2014: 344).

Дәстүрлі қазақы ортадағы *ашамайлы, бағаналы, балталы, ергенекті, ошақты, сіргелі, тарақты, шанышқылы* сияқты кейбір ру-тайпалар өздерінің таңба атауларымен әлі күнге дейін аталып келеді. Н.И. Гродеков көптеген ру-тайпа аттарының таңба атауларымен аталғандығын айтады. Ал Ә. Қайдардың еңбегінде қазақ ру-тайпаларының таңбаларына негіз болған заттардың (жанды, жансыз) атаулары берілген. Мыс: ай, ашамай, арқар, балға, балта, бөрі, жебе, ергенек, тарақ, тілік т.б.-дай. Бұл атаудың ұзын саны 46-ға жеткендігін атап көрсеткен. Қазақ ру-тайпаларының атауларының көпшілігі заттық негізде, көне наным-сенім бойынша үй-тұрмысқа қажетті, киелі, қасиетті, кәделі саналатын заттардан тұрады (Қайдар, 2008: 543-544). Қазақы ортадағы шежірелік дәстүрдің «идеологиясына» сәйкес, қазақ ру-тайпаларының таңбалары қанша түрленіп, тармақталса да, негізгі сұлбалары бір-бірінен соншалықты алшақ кетпеген. Тіпті, «ел басына күн туған» алмағайып замандарда да таңбалардың негізгі сұлбасын сақтап қалудың қамын ойластырып таңбаға қосымша сызық немесе бір елеусіз белгі қосып, аса сақтықпен ғана өзгеріс енгізіп отырған.

Қазақ халқының ру-тайпалық таңбаларын зерттеп әр рудың таңбасын анықтаған М. Тынышбаев, С. Аманжолов, Н.И. Гродеков, Н. Мыңжан, А. Левшин, Л. Мейер, И. Казанцев, А. Харузин, С.Е. Әжіғали т.б.-дай ғалымдардың еңбектерінде жазылған таңба пішіндері негізінде бір-бірімен ұқсас келеді. Тек ғана кейбір рулардың таңба үлгісінің саны және пішінін өзгешеліктер бар. Ұлы жүз, Орта жүз, Кіші жүз болып бөлінетін қазақ руларының таңбаларын бір-бірімен салыстыра отырып зерттеуген ғалым Н.Мыңжанның еңбегінде мынандай кестелер берілген.

Ұлы Жүз / таңбалары		Орта Жүз / таңбалары		Кіші Жүз / таңбалары	
Қаңлы		Қыпшақ		Керейт	
Үйсін		Қоңырат		Тама	
Дулат		Саңғыл		Алшын	
Ысты		Маңғатай		Қарасақал	
Тілік		Найман		Масқар	
Сиқым		Бағаналы		Беріш	
Жаныс		Тарақты		Шүмекей	

Тәуке хан елдің ауызбірлігін арттыратын шаралар қарастырып, хандық билікті нығайтуға күш салды. Қазақ қоғамының дамуы және билік пен бірлікті қамтамасыз ете алатын жаңа заңдар жүйесін қажет етті. Осы ретте Тәуке хан бұрыннан қалыптасқан дәстүрлі әдеп-ғұрып заңдары мен өзінен бұрынғы хандардың тұсында қабылданған «Қасым ханның қасқа жолы» мен «Есім ханның ескі жолын» одан әрі жетілдіру арқылы жаңа заң жүйесін жасауға тырысты. Күлтөбенің басында Тәуке ханның «Жеті Жарғысы» деген атауға ие болған заңдар жиынтығын қабылдаған. «Жеті жарғы»ға сүйенген қазақ билері ел ішіндегі дау-жанжалдар мен саяси маңызы бар мәселелерді тиімді шеше алды. Жаңа заң жүйесі қазақ халқының өмірлік мәселелерін барлық жағынан қамтыды, соның нәтижесінде Тәуке ханның билік еткен тұсы Қазақ хандығының барынша күшейіп, дәуірлеген алтын кезеңі болды.



Ошақты		Арғын		Алтын	
Албан		Матай		Серкеш (Шеркеш)	
Бекболат		Садыр		Естемір	
Сіргелі		Керей		Жүй	
Жалайыр		Уақ		Жағалбайлы	
Шанышқылы		Ергенекті		Телеу	
Бестаңбалы		Балталы		Төртқара	
Шымыр		Қаракерей		Сұнақ	
Шапырашты		Саржомарт		Мансыр	
Шынқожа		Төре		Алаша	
Қоралас				Шекті	
Суан				Жаппас	
Ботбай				Таздар	
Сәмет				Әлім (ұлы)	
				Табын	
				Арғын	
				Терістаңбалы Табын	
				Рамадан	
				Абдан (албан)	
				Оңтаңбалы табын	
				Кердері	
				Адай (ядай)	
				Қаракесек	
				Қариық	

Кесте 1. Қазақ Ру-тайпаларының Таңбалары (Мыңжан, 1994: 42-46)

[Table 1. Stamps of Kazakh tribes (Mynjan, 1994: 42-46)]

ҰЛЫ ЖҮЗ	М. Тынышпаев	С. Аманжолов	А. Сейдімбек	Н. И. Гродеков
Дулат				
Сиқым				
Жаныс				



Ботбай	Ұ	♀ ♂	♀ ♀ ♀	♀
Шымыр	Ғ	У	У	С
Албан	Р		♀	♀
Суан	Ұ	♀	♀ ♀ ♀	♀
Сары үйсін	±	±	± X	±
Шапырашты	Ғ, Δ	У	У Δ	У
Ысты	І, √	І	І S	І
Ойық	І, ∞		І ∞	І
Тілік	—	І	—	І
Ошақты	Δ	Δ	Δ	Δ
Сіргелі	Р Х ʌ	+ ++	Х Х Х 4 # ∞	# + Х ʌ
Жалайыр	Г, П	П П	П П	П П
Қаңлы	І	І	І S	І
Шанышқылы	↑, ↓	↓ ↑	↓ ↓	↓ ʌ
Шыңқожа		♀	♀	♀
Қоралас		♀	♀ ♀	♀
Сәмбет		♀	♀	♀
Бекболат		»	»	»
Бестаңбалы		У		У
ОРТА ЖҮЗ				
Арғын	∞ ° ʌ	∞ ∞	∞ ʌ	∞ ∞
Керей	X ʌ, +	□ +	□ + X ʌ	+ □
Уақ	П, X	У	П X ʌ	У
Найман	0 — ʌ, ʌ	ʌ	ʌ ʌ ʌ	ʌ
Бағаналы	У, І, X, ʌ	У У ʌ	У X ʌ	У У ʌ У
Балталы	Р	□	Р	Р
Қаракерей	Т	Т	Т ʌ ʌ	↑
Матай	ʌ	ʌ	ʌ	ʌ
Садыр	0 П	0 П	ʌ ʌ ʌ П	0 П
Сары жормарт	Х С	С	Х С ʌ	С



Терістанбалы	○	○	○○	
Қоңырат	□	□	□□	□
Маңғытай	□	□	□○	□
Қыпшақ				
Тарақты		E		E
Кіші ЖҮЗ				
Адай	-2, ↓	○ + √ √ √ ○	△ ↑ + ○ S	δ
Беріш	7, △, ≥	∠	△ ∠ ∠ ∠ ∠	∠
Табын	Р. Һ. 0. 1	○	□ □ □ □ □ /	○ ○ ○
Кердері	Р	○	○ □	○
Рамадан	Р	○	○	○
Алтын	∠, ∠	∠		∠
Жаппас	∠ x ∠	∠	∠ ∠ ∠ ∠	∠ ∠ ∠
Таз (лар)	∠	∠	∠ ∠ ∠ ∠	∠
Есентемір	Y, X	Y	Y O Z	
Тана			∠ Y	
Байбақты	∠		∠ ∠ ∠ ∠	
Масқар	∠	∠	∠ ∠ ∠ ∠	∠
Алаша	Y Y ∠	∠	S Y X ∠ ∠	∠
Шеркеш	Y * , ∠	∠	Y S O S	Y
Ысық	Y, X		∠ Y O	Y
Қаракесек	∠, ∠	∠	∠ ∠ ∠ ∠	∠
Шекті	∠, ∠	∠	∠ ∠ ∠ ∠	∠
Төртқара	∠, ∠	∠	∠ ∠ ∠ ∠	∠
Қарасақал	∠ ∠	∠	∠ ∠	∠
Шөмскей	∠, ∠	∠ ∠	∠ ∠ ∠ ∠	∠
Керейт	X	, ∠	± S ∠	∠
Тама			∠ S	
Жоғы (Жуй)	∠	∠	∠	∠
Телеу	7 X	∠ ∠ ∠		∠ ∠ ∠



Жағалбайлы	┌'┐	┐	┌	┐
Алшын		└	└	└
Әлім		Σ		Σ

Кесте 2. Қазақтың Ұлы жүз, Орта жүз, Кіші жүз руларының таңбасы (Тынышбаев, 2009: 130-132; Аманжолов, 1959: 8-14; Сейдімбек, 2008: 661-672; Гродеков, 1889: 4-8)

Table 2. Stamps of the Uly zhuz, Orta zhuz, Kishi zhuz clans of Kazakhs (Tynyshbaev, 2009: 130-132; Amanzholov, 1959: 8-14; Seydimbek, 2008: 661-672; Grodekov, 1889: 4-8)

Қазақтың ру-тайпалары туралы жан-жақтылы ғылыми зерттеулер жасаған ғалым С.Аманжолов «Вопросы Диалектологии и Истории Казахского Языка» атты еңбегінде қазақтың ру-тайпаларының құрамы Ұлы жүз, Орта жүз, Кіші жүздері жайлы баяндалады. Аталмыш еңбекте Ұлы жүздің құрамына 23, Орта жүздің құрамына 24, Кіші жүз құрамына 33 ру мен аталар кіреді. Әрине, бұл тізім онша толық емес (Арғынбаев, Мұқанов, Востов, 2000: 30). Сонымен қатар ғалым рулар мен рулық одақтар генезисі мен тарихын анықтау үшін таңба белгілерін, ұрандарын салыстыра отырып талдап көрсетеді (Аманжолов, 1959: 8-14). С. Аманжолов бұл зерттеулерінде Н.А. Аристов, А.И. Левшин қатарлы ғалымдардың еңбектерінен пайдаланғандығын ескерген жөн.

Аталмыш еңбекте көрсетілген қазақтың Ұлы жүзі құрамы мынандай:

1. Қаңлы
2. Үйсін
3. Сары үйсін
4. Дулат
5. Шанышқылы
6. Ысты
7. Тілік
8. Сиқым
9. Жаныс
10. Ошақты
11. Бекболат
12. Жалайыр
13. Бестаңбалы
14. Шымыр
15. Шынқожа
16. Құралас (қоралас)
17. Суан
18. Албан
19. Ботбай
20. Сәмбет
21. Тулатай
22. Сіргелі
23. Шыбыл

Орта жүздің құрамына енген ру-тайпалардың атауы:

1. Арғын
2. Найман
3. Қыпшақ
4. Керей
5. Қоңырат



6. Саңғыл
7. Маңғытай
8. Бағаналы
9. Балталы
10. Мансыр
11. Тарақты
12. Сарыжомарт
13. Садыр
14. Матай
15. Уақ (уақ-керей)
16. Қаракерей
17. Бура
18. Ергенекті
19. Терістанбалы
20. Абак-керей
21. Қытай-қыпшақ
22. Сыбан-керей
23. Каба-керей
24. Бурылсары-керей т. б.

Кіші жүз келесі рулар мен тайпалардан құралады:


1. Алшын
2. Алтын
3. Алаша
4. Аргын
5. Алим
6. Берш
7. Адай
8. Жүй
9. Есентемір
10. Жаппас
11. Қаракесек
12. Кердері
13. Масқар
14. Керейт
15. Тама
16. Табын
17. Терістанбалы
18. Оңтаңбалы табын
19. Таздар
20. Рамадан
21. Телеу
22. Төрткара
23. Сұнақ
24. Қарасақал
25. Шөмекей
26. Шекті
28. Тана
29. Қызылқұрт
30. Шықлар




Бұл зерттеудің ерекше маңызды екендігіне тоқталған А.Сейдімбек егер, түркі әліпбиін төрт түлік малға салынатын ен-таңбалар пішінімен салғастырса, Н.А.Аристовтың ой-тұжырымы одан әрі дәлелденетіндігін айтады. Түптеп келгенде, қазақ ру-тайпаларының ен-таңбалары дәстүрлік тұрғыда байырғы сақ, ғұн, түркі заманынан бастау алып жатқанына және сол кезендерден бастап ен-таңбаның қоғамдық тәртіп пен әлеуметтік реттілікке қолданылғанын атап айтады (Сейдімбек, 2008: 646).

Қазақтың ру-тайпаларының таңбаларын бітім-пішіндеріне байланысты ғылыми зерттеу жасаған ғалымдардың бірі А.Сейдімбек екендігін айттық. Ғылым өз еңбегінде маңызды мәліметтер бере келе қазақ ру-тайпаларының таңбаларын 7 топға бөліп қарастырған.


Бірінші, толық ай, жарты ай, күн немесе көз бейнесіндегі дөңгелек пішінді таңбалар:



Екінші, тік немесе көлбеу тускен сызық таңбалар:




Үшінші, айқыш (крест), ұйқыш (свастика) немесе ашамай таңбалар:



Төртінші, бақан немесе аша таңбалар:




Бесінші, тарак, босаға және абақ таңбалар:



Алтыншы, Оқ немесе жебе таңбалар:



Жетінші, заттар мен жан-жануарлардың типологиялық сұлбасын бейнелеген таңбалар (бөрі, қобыз немесе домбыра, нәл, қалпақ, тостаған, су, садақ, құйысқан, қайшы, сірге, тұмар, ту немесе балта, қарын, түйе мойын, қамшы, кереге, шылбыр, орақ, ілгек, балдақ, мүйіз, шоқпар, шілік, қурай, жұтқын, ошақ, қылыш, шөміш, ашамай, ергенек, бақан, қазанкұлақ, таға, т.б.) (Сейдімбек, 2008: 658).



Осы жеті топтағы таңбалар қазақтың Үш жүзінде де және жүзден тыс ру-тайпаларында да кездеседі. Ай, күн немесе көз таңбалы ру-тайпалар қазақ халқының ең көп бөлігін құрайды. Мәселен, *дулат, албан, суан, ботбай, сиқым, жаныс, арғын, садыр, табын, рамадан, кердері, байбакты, алаша, шеркеш, ысық, беріш*, т.б. Бұл ру-тайпалар ай, күн немесе көз деп аталатын таңбаларды негіз етіп алғанымен, олардың әрқайсысы өздерінің даралығын айғақтау үшін таңбаларына қосымша белгілер салу арқылы қолданып отырған (Сейдімбек, 2008: 658).

Қазақтың ру-тайпалары арысында қолданылған таңба түрлері көне және орта ғасырлардағы жартастарғы сызылған таңба түрлерімен және де кейбір археологиялық қазбаларда ортаға шыққан түрлі бұйымдарда салынған таңба пішіндерімен де ұқсас келеді. Сонымен қатар Ғұндар дәуірінде қолданылған ыдыс бұйымдарға салынған кейбір таңбалармен де ұқсас екендігін аңғаруға болады.



Қортынды. Дала мәдениетінен кейін жеке меншіктік ұғымы қалыптасқан кезеңнен бастап таңба пайда болды деуге болады. Таңбаның шығу кезеңін нақты анықтау үшін әлі де ғылыми зерттеулер талап етеді. Алайда ежелгі тас дәуірінен бастау алып, қола дәуірі заманында таңбаның қолданылғаны туралы деректер бар. Ғалымдардың көпшілігі таңбаның шығу кезеңін қола дәуірінен басталатындығын айтады. Малды немесе қандай бір затты өз иелігіне, меншігіне алу үшін арнайы бір белгі немесе символ қажет болғандықтан таңба пайда болған. Әр ру-тайпалардың немесе этникалық топтардың өздеріне тиесілі таңбалары болғандығы белгілі. Ерте кездерден бері адамдар таңбаға ерекше құрметпен қарап, мүлікке байланысты қандай бір даулы мәселелерді немесе мал ұрлықтарын таңба арқылы анықтайтын болған. «Таңба» сөзі қай тілден шыққандығы туралы анық дәлел жоқ. Алайда, Түркі-Моңғол тілдерінде ортақ мағанада қолданылса да сөздің түбірі, мағынасы жағынан Түркі тіліне жақын. Көне түркі тіліндегі жазбаларда «тамга», «тамка» және «тамгашы» түрінде кездесетіндіктер «таңба» сөзінің төркіні түркі тілінен шыққан дәуге толық негіз бар. Бұл сөздердің түп-төркінін анықтау және қолдану дәстүрлерін нақты зерделеу әліде ауқымды ғылыми зерттеулерді қажет етеді.

Таңбаның даму жолдары тотемдік сипаттарға сәйкес және ежелгі халықтардың наным-сенімі бойынша түрлі жануарлардың суретін жастартарға, үңгір қабырғаларына салу арқылы ортаға шыға бастаған. Осындай бейнелерді салып үйренген ежелгі ру-тайпа адамдары кейінірек өзінің қолданатын қару-жарақ, мүлкіне де белгі салып бастаған. Ойылайша бұл әрекет дами келе мал шаруашылығы дамыған кезде өз малдарын басқалардан ажырату үшін «ен-таңба» түрінде қолданылған. Және де темірді қыздыру арқылы малға таңба басқан. Әр ру-тайпалар өздерінің таңбаларын белгілеп ресми хат, жарлық, салық сияқты құжаттарға да қолданған.

Қазақтардың таңбалау жүйесі сонау сақ, үйсін, ғұн, қаңлы, сармат, берісі ежелгі түркі мен қыпшақ сынды байырғы этносаяси бірлестіктермен генетикалық байланысын көрсетеді. Демек, қазақтың ру-тайпалық таңбалары өзінің ежелгі кескін-бітімін күні бүгінге дейін сақтады деп айтуға әбден болады. Алайда көптеген ру-тайпалардың таңбалары өзінің әуелгі төл атауларынан ажырап қалғандығы байқалады. Бұған саяси-әлеуметтік, әсіресе, дүниетанымдық, діни, идеологиялық ықпалдардың әсер еткендігі белгілі. Мақаламызда осындай өзекті мәселелермен қатар қазақ даласының таңбаларының тарихы және ортаға шығуы және Ұлы жүз, Орта жүз, Кіші жүз ру-тайпаларының таңбаларының пішін-бейнесі эпиграфикалық тұрғыдан зерттеле отырып, жаңаша көзқарастар мен пікірлер баяндалады.

Таңбалар қазақ жерінде неолиттен бастап кездеседі. Ал бұл тақырыптың зерттелуі XVII ғ-да басталса, археологтар мен этнологтар 1881 жылдардан таңбаға қатысты зерттеулер жүргізгендігі туралы мәліметтер кездеседі. Таңбаның басқа да елдерде ғылыми тұрғыдан зерттеле бастағаны да осы уақытпен тұспа-тұс келеді. Ортағасырлық қазақ ру-тайпаларының қолдаған таңбалары туралы жасалған ғылыми зерттеулер санаулы ғана. Бұған түрлі идеологиялық саяси көзқарастар әсер еткені белгілі. Осы тақырыптар аясындағы зерттеулер соңғы 20-30 жылдан бері қарқынды дамып келеді.

Әдебиеттер

Аманжолов, 1959 — *Аманжолов С.* Вопросы диалектологии и истории казахского языка ч.1. Алма-Ата.,1959. С. 8-14.

Арғынбаев, Мұқанов, Востров, 2000 — *Арғынбаев Х, Мұқанов М, Востров В.* Қазақ Шежіресі Хақында. Алматы: Атамұра. 2000. 15 б.

Аристов, 1894 — *Аристов Н.А.* Опыт выяснения этнического состава киргиз-казаков Большой орды и каракиргизов на основании родословных сказаний и сведений о существующих родовых делениях и родовых тамгах, а также исторических данных и



начинающихся антропологических исследований // Живая старина. Год 4, вып. III-IV. 1894. С. 411-421.

Артықбаев, 2015 — *Артықбаев Ж.О.* Қазақ шежіресі: Ұлы дала тарихының қайнар көзі мен тұжырымдамасы Астана, «Фолиат», 2015, 103 б.

Гродековъ, 1889 — *Гродековъ Н.И.* Киргизы и Каракиргизы Сырь-Дарьинской Области. Ташкентъ: 1889. С. 4-8.

Кузнецов, 1927 — *Кузнецов А. О надписи на камне Тамгалы-Тас в пустыне Бетпак-Дала Атбасарского уезда Акмолинской губернии* // Записки Семипалатинского отдела Географического общества. Вып. XVI, 1927. 1-3 бб.

Қазақтың этнографиялық категориялар, 2014 — Қазақтың этнографиялық категориялар, ұғымдар мен атауларының дәстүрлі жүйесі, Энциклопедия. 5-том, Нұрсан Әлімбаев және авторлар, Астана: Азия Арнасы, 2014. 343 б.

Қайдар, 2008 — *Қайдар Ә.* Қазақ қандай халық? Алматы: Дайк-Пресс, 2008. 543-544 б.

Қарамендина, 2021 — *Қарамендина М.* Қазақ халқының таңбалары мен ұрандары, Алматы: Арыс, 2021, 31-32 бб.

Қыдырәлі, Бабаяр, 2015 — *Қыдырәлі Д, Бабаяр Ф.* Түркі мәңгі тасы: «Шивээт улаан» таңбалы ескерткіші, Астана: 2015, 9 б.

Левшин, 1832 — *Левшин А.И.* Описание киргиз-кайсацкихъ или киргиз-казацкихъ орд и степей. Ч.3. Этнографические известия. СПб., 1832.

Манасбай, 2006 — *Манасбай Қ.* Түркі Халықтары, оның ішінде Қазақ Шежіресінде Кездесетін Таңба атауы хақында // Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түркі университеті, *Түркология*, 2006, 81-бет

Мыңжан, 1994 — *Мыңжан Н.* Қазақтың Қысқаша Тарихы. Алматы: Жалын. 1994. 40-46 бб.

Рогожинский, 2010 — *Рогожинский А.Е.* «Мы, нижеприложившие истинные тамги...» (опыт идентификации родоплеменных знаков казахов Старшего жуза) // Роль Номадов В Формировании Культурного Наследия Казахстана. Алматы: Print-S. 2010. 101 б.

Рогожинский, 2013 — *Рогожинский А.Е.* Проблемы изучения удостоверительных знаков средневековых кочевников Казахстана // *Известия НАН РК. Серия общественных и гуманитарных наук.* 2013. № 3 (289). С. 226-240.

Самашев, 2018 — *Самашев С.К.* Қазақ Даласының Ортағасырлық Таңбаларын Зерттеудің Кейбір Мәселелері. *Электронный научный журнал «edu.e-history.kz»* № 4(16), Астана, 2018, 2 б.

Самашев, Базылхан, Самашев, 2021 — *Самашев З, Базылхан Н, Самашев С.* Көне Түркі таңбалары, Алматы: Абди. Б. 35-39.

Сейдімбек, 2008 — *Сейдімбек А.* Қазақтың Ауызша Тарихы (Шежірелік деректерді пайымдау). Астана: Фолиант. 2008. Б. 661-672.

Тынышпаев, 2009 — *Тынышпаев М.* История Казахского Народа. Алматы: Санат. 2009. Б. 130-132.

Тынышпаев, 2010 — *Тынышпаев М.* Қазақ халқының тарихы Қарағанды, «Болашақ-Баспа», 2010, 88-89 бб.

Шнанов, 2018 — *Шнанов У.Р.* Ру таңбаларының шығу тарихы, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің *Хабаршысы*. Астана. 2 (123) 2018. 70 б.

Ағса, 2019 — *Ағса F.* Uygur Harfli Oğuz Kağan Destanı. Ankara: Türk Kültür Araştırma Enstitüsü. 2019. s. 85.

Акçокраклы, Отар, 1996 — *Акçокраклы О., Отар, İ.* Kırım'da Tatar Tamgaları. Haz: Ünver Sel, Ankara: KDKY, 1996, s. 35.

Алыılmaz, 2007 — *Алыılmaz С.* «Gobi Çölünde ve Altay Dağlarında Kaya Üstü Tasvirler.» *Yeni Türkiye Dergisi*, 2002: 613-615.

Bahadır Han, 1996 — *Bahadır Han Ebulgazi.* Şecere-i Terâkime (Türkmenlerin Soykütüğü). Çevren Zuhâl Kargı Ölmez. Ankara: Simurg yay. 1996. s 425.

Enveroğlu, 2005 — *Enveroğlu İ.* Çağdaş Azerbeycan Resim Sanatında Eski Türk Damgalarının Etkisi). Yayınlanmamış Doktora Tezi. Selçuk Üniversitesi Sosyal Bilimler Enstitüsü., 2005. Konya: s. 13.

Eyüpoğlu, 1988 — *Eyüpoğlu İ. Z.* Türk Dilinin Etimolojik Sözlüğü. İstanbul, 1988. 72 p.

Fazlullah, 1998 — *Fazlullah Reşidüddin. Câmi'ü't-Tevârih (Dünya Tarihi).* Çeviren W.M. Thackston. Amerika: Harvard University. Ss. 32; 232; 602.



- Gökyay, 2007 — *Gökyay O. Ş. Dedem Korkudun kitabı*. İstanbul: Kabalcı Yay. 2007. 260 p.
- Has Hacib, 2006 — *Has Hacip Yusuf. Kutadgu Bilig*. Çevren Reşid Rahmeti Arat. İstanbul: Kabalcı 2006. Pp. 258-259.
- Jüveyni, 2013 — *Jüveyni Alaaddin Ata Melik*. Tarih-i Cihan Güşa. Çeviren Mürsel Öztürk. Ankara: TTK. 2013. S. 158-159.
- Kaşgarlı, 2005 — *Kaşgarlı Mahmud* (2005). *Divânü lugâti't-Türk*. Çeviren Seçkin Erdi vd. İstanbul: Kabalcı 2005. 526 p.
- Mert, 2007 — *Mert O.* «Kemaliye'de Eski Türk İzleri: Dilli Vadisindeki Petroglif ve Damgalar.» *A.Ü. Türkiyat Araştırmaları Enstitüsü Dergisi*, no. 34, 2007. 234 p.
- Samashev, 2010 — *Samashev S.K.* *Kazakh Tamgas // Traditional Marking Systems: A Preliminary Survey*. London & Dover: *Dunkling Books*, 2010. Pp. 331-340.
- Somuncuoğlu, 2008 — *Somuncuoğlu S.* *Sibirya'dan Anadolu'ya Taştaki Türkler*. İstanbul: 2008, s 12-18.
- Tezcan, 2010 — *Tezcan M.* *Tamgas among the Turks in the Middle Ages: Their Role as Legal Signs, and Some Related Terms // Traditional Marking Systems: A Preliminary Survey*. London & Dover: *Dunkling Books*, 2010. 389 p.
- Tietze, 2002 — *Tietze A.* *Tarihi ve Etimolojik Türkiye Türkçesi Lugatı, (Sprachgeschichtliches und etymologisches Wörterbuch des Türkei-Türkischen)*. İstanbul, 2002. 555 s.
- Yazıcızâde, 2009 — *Yazıcızâde Ali*. *Tevârîh-i Âl-i Selçuk (Selçuklu Tarihi)*. İstanbul: Çamlıca 2009 - XLVI 6.

References

- Ağca, 2019 — *Ağca F.* *Uygur Harfli Oğuz Kağan Destanı [Oghuz Khagan Epic with Uyghur Letters]*. Ankara: Türk Kültür Araştırma Enstitüsü. 2019. s. 85. (In Turk.).
- Akçokraklı, Otar, 1996 — *Akçokraklı O., Otar İ.* *Kırım'da Tatar Tamgaları [Tatar Tamgas in Crimea]*. Haz: Ünver Sel, Ankara: KDKY, 1996, p. 35. (In Turk.).
- Alyılmaz, 2007 — *Alyılmaz C.* «Gobi Çölünde ve Altay Dağlarında Kaya Üstü Tasvirler.» [Rock Depictions in the Gobi Desert and Altai Mountains]. *Yeni Türkiye Dergisi*, 2002: 613-615. (In Turk.).
- Amanzholov, 1959 — *Amanzholov S.* *Voprosii dialektology i istoriy kazakskogo yzika*. [Issues of dialectology and history of the Kazakh language]. Alma-Ata: 1959. p. 8-14. (In Russ.).
- Arginbaev, Mukhanov, Vostrov, 2000 — *Arginbaev H, Mukhanov M, Vostrov V.* *Kazak Shejiresi Hakinda [About the Kazakh Chronicle]*. Almaty, 15 p. (In Kaz.).
- Aristov, 1894 — *Aristov N.A.* *Opyt viyasneniya etnicheskogo sostava kirgiz-kazakov Bol'shoi Ordy na osnovanii rodoslovnykh, skazanii i svedenii o sushchestvovavshikh rodovykh deleniyakh i o rodovykh tamgah a takzhe istoricheskikh dannyykh i nachinayushchikhsya antropologicheskikh issledovaniy [Experience of Study on Ethnic Structure of Kirgizes/Kazakhs of the Big Horde Based on Genealogies, Folk Legends, Clans Divisions' Information, Clan Tamgas, Historical Sources and New Anthropological Researches]*. *Living Antiquity (Zhivaya starina)*. 1894. Nr. 4(2-3). Pp. 411-421. (In Russ.).
- Artikhbayev, 2015 — *Artikhbayev J.O.* *Kazak Shejiresi: Ulu dala tarihinin haynar kozu men tujyrymdaması [Kazakh Chronicle: The Source and Concept of History of the Great Steppe]*. Astana, 2015. 103 p. (In Kaz.).
- Bahadır Han, 1996 — *Bahadır Han Ebulgazi*. *Şecere-i Terâkime (Türkmenlerin Soykütüğü) [Şecere-i Terâkime (Genealogy of the Turkmens)]*. Çevren Zuhal Kargı Ölmez. Ankara: Simurg yay. 1996. 425 p. (In Turk.).
- Enveroğlu, 2005 — *Enveroğlu İ.* *Çağdaş Azerbeycan Resim Sanatında Eski Türk Damgalarının Etkisi [The Influence of Old Turkish Stamps on Contemporary Azerbaijani Painting Art]*. Yayınlanmamış Doktora Tezi. Selçuk Üniversitesi Sosyal Bilimler Enstitüsü., 2005. Konya: 13 p. (In Turk.).
- Eyüpoğlu, 1988 — *Eyüpoğlu İ. Z.* *Türk Dilinin Etimolojik Sözlüğü [Etymological Dictionary of the Turkish Language]*. İstanbul, 1988. 72 p. (In Turk.).
- Fazlullah, 1998 — *Fazlullah Reşidüddin*. *Câmi'ü't-Tevârih (Dünya Tarihi) [Câmi'ü't-Tevârih (World History)]*. Çeviren W. M. Thackston. Amerika: Harvard University. Pp. 32; 232; 602. (In Eng.)
- Gökyay, 2007 — *Gökyay O. Ş. Dedem Korkudun kitabı [Dede Korkut book]*. İstanbul: Kabalcı Yay. 2007. 260 p. (In Turk.).
- Grodekov, 1889 — *Grodekov N.I.* *Kirgizy i kara kirgizy Syrdariinskoi oblasti [Kirgizes and Kara-Kirgizes of Syrdarya Region]*. Vol. 1. Tashkent: 1889. Pp. 4-8 (In Russ.).
- Has Hacib, 2006 — *Has Hacip Yusuf*. *Kutadgu Bilig*. Çevren Reşid Rahmeti Arat. İstanbul: Kabalcı 2006. P. 258-259. (In Turk.).



- Haydar, 2008 — *Haydar A.* Kazak handay halih? [What kind of people are Kazakhs?]. Almaty, 2008. Pp. 543-544 (In Kaz.).
- Jüveyni, 2013 — *Jüveyni Alaaddin Ata Melik.* Tarih-i Cihan Güşa [History of the World Gussha]. Çeviren Mürsel Öztürk. Ankara: TTK. 2013. Pp. 158-159. (In Turk.).
- Karamendina, 2021 — *Karamendina M.* Kazak Halhinin tanbalari men urandary [Symbols and slogans of the Kazakh people]. Almaty: 2021. Pp. 10-232 (In Kaz.).
- Kaşgarlı, 2005 — *Kaşgarlı Mahmud.* (2005). Divânü lugâti't-Türk [Divânü lugâti't-Türk]. Çeviren Seçkin Erdi vd. İstanbul: Kocabalı 2005. 526 p. (In Turk.).
- Kazaktyn etnografiyalih kategorialar, 2014 — Kazaktyn etnografiyalih kategorialar, ugimdar men ataularinin dasturli juyesi, Ensiklopedie. [Kazakh traditional system of ethnographic categories, concepts and names, Encyclopedia]. Vol.5, Edi: Nursan Alimbay and others. Astana, 2014. 343 p. (In Kaz.).
- Kidiraly, Babayr, 2015 — Kidiraly D, Babayr G. Turk mangi tasy: «Shiveet ulaan» tanbali eskeritkishi [Turkish eternal stone: the monument marked "Shiveet ulaan"]. Astana: 2015. 9 p. (In Kaz.).
- Kuznesov, 1927 — *Kuznesov A.* Onadpisi na kame Tamgaly-Tas v pustyne Betpak-Dala Atbasarskogo uezda Akmolinskoi guveronii // Zapiski Semipalatinskogo otdela Geograficheskogo obchestva [About the inscription on the Tamgaly-Tas stone in the Betpak-Dala desert of the Atbasar district of the Akmola province // Notes of the Semipalatinsk Department of the Geographical Society]. Vip. XVI, 1927. Pp.1-3. (In Russ.).
- Levshin, 1832 — *Levshin A.I.* Opisanie kirgiz-kazach'ikh ili kirgiz-kaisatskikh ord i stepei [Description of Kirgiz-Kazakh or Kirgiz-Kaisak Hordes and Steppes]. Vol.3. Etnograficheskie izvestia. 1832 (In Rus.)
- Manasbai, 2006 — *Manasbai H.* Turk Halihlari onun ishinde Kazak Shejiresinde kezdesetin Tanba atayi hakinda [About Turkic peoples, including the names of symbols found in the Kazakh Chronicle]. *Hozha Ahmet Ysai atindagi Halikaralikh Kazak-Turk universiteti. Turkology*, 2006. p. 81 (In Kaz.).
- Mert, 2007 — *Mert O.* «Kemaliye'de Eski Türk İzleri: Dilli Vadisindeki Petroglif ve Damgalar.» [Ancient Turkish Traces in Kemaliye: Petroglyphs and Stamps in Dilli Valley] *A.Ü. Türkiyat Araştırmaları Enstitüsü Dergisi*. Nr. 34, 2007. 234 p. (In Turk.).
- Minzhan, 1994 — *Minzhan H.* Kazaktin Kishasha Tarihi [Brief History of Kazakh]. Almaty: Jalyn, 1994. Pp. 40-46. (In Kaz.).
- Rogojinskii, 2013 — *Rogojinskii A.E.* Problemii izucheniya udostoveritelnykh znakov srednevekovykh kochevnikov Kazakistana [Problems of studying identification marks of medieval nomads of Kazakhstan]. *Izvestia NAN RK. Seriya obshestvennykh i gumanitarnykh nauk*. Almaty: 3-289, 2013. Pp. 226-240. (In Russ.).
- Rogojinskii, 2010 — *Rogojinskii A.E.* Mi, nijeprikljivshie istinnie tamgi... (opit identifikatsii rodoplemennykh znakov Starshego Juza), [We, who have enclosed the true tamgas below... (experience of identification of tribal signs of the Kazakhs of the Senior Juz)]. *Roli Nomadov V Formirovanii Kulturnogo Nasledia Kazakstana*, Almaty, 2010. 101 p. (In Russ.).
- Samashev, 2010 — *Samashev S.K.* Kazakh Tamgas // Traditional Marking Systems: A Preliminary Survey. London & Dover: Dunkling Books, 2010. Pp. 331-340. (In Eng.).
- Samashev, 2018 — *Samashev S.K.* Kazak Dalasinin Orta Gasyrlyk tanbalarin Zertteudin Keybir Maseleleri [Some Problems of the Study of Medieval Symbols of the Kazakh Steppe]. *Elektronni nauchni journal. edu.e-history.kz*. no. 4(16), Astana: 2018. p. 2. (In Kaz.).
- Samashev, Bazylkhan, Samashev, 2021 — *Samashev Z, Bazylkhan N, Samashev S.K.* Kone Turki Tanbalari [Old Turkic symbols]. Almaty, 2021. Pp. 35-39. (In Kaz.).
- Seydimbek, 2008 — *Seydimbek A.* Kazaktin Auyzsha Tarihi [Kazakh Oral History]. Astana: Folyant. 2008. Pp. 661-672.
- Shnanov, 2018 — *Shnanov U.P.* Ru tanbalarinin shigu tarihi [History of origin of clan symbols]. *L.N. Gumilev atindagi Eurasya ultti universitetinin Habarshisi*. Astana. 2 (123), 2018. p. 70.
- Somuncuoğlu, 2008 — *Somuncuoğlu S.* Sibirya'dan Anadolu'ya Taştaki Türkler [Turks in Stone from Siberia to Anatolia]. İstanbul: 2008. 12-18 p. (In Turk.).
- Tezcan, 2010 — *Tezcan M.* Tamgas among the Turks in the Middle Ages: Their Role as Legal Signs, and Some Related Terms // Traditional Marking Systems: A Preliminary Survey. London & Dover: Dunkling Books, 2010. 389 p. (In Eng.).
- Tietze, 2002 — *Tietze A.* Tarihi ve Etimolojik Türkiye Türkçesi Lugatı [Historical and Etymological Türkiye Turkish Dictionary], (Sprachgeschichtliches und etymologisches Wörterbuch des Türkei-Türkischen). İstanbul, 2002. 555 p. (In Turk.).
- Tynyshpaev, 2009 — *Tynyshpaev M.* Istoriya Kazakskogo Naroda. Almaty: Sanat, 2009. pp. 130-132.
- Tynyshpaev, 2010 — *Tynyshpaev M.* Kazak halkinin tarihi Karagandi, «Bolashak-Baspa», [History of the Kazakh people Karaganda]. Bolashak-Baspa, 2010. pp. 88-89 (In Kaz.).
- Yazıcızâde, 2009 — *Yazıcızâde Ali.* Tevârîh-i Âl-i Selçuk (Selçuklu Tarihi) [Tevârîh-i Âl-i Selçuk (Seljuk History)]. İstanbul: Çamlıca 2009 - XLVI p. (In Turk.).



ОТАН ТАРИХЫ. 2024 № 27 (1)

ТАРИХ / HISTORY / ИСТОРИЯ

Тухтаева М.С. (Ўзбекистан)	
РЕНЕССАНС И ОБРАЗ ЦАРИЦЫ ТОМИРИС.....	5
Оспанова А.К.	
ҚАЙЫП МҰХАММЕД ХАННЫҢ ОСМАН ИМПЕРИЯСЫНА ЖАЗҒАН ХАТТАРЫНА ОСМАНЛЫ АРХИВ ДЕРЕКТЕРІ НЕГІЗІНДЕ ТАЛДАУ (XVIII ғ.).....	21
Қартова З.К., Көмеков Б.Е., Әлібай Е.А.	
ҚАЗАҚ БИЛЕУШІЛЕРІ ТӘУЕКЕЛІ МЕН ТҰРСЫН МҰХАММЕД ЖАРЛЫҚТАРЫНЫҢ ДЕРЕКТАНУЛЫҚ ЗЕРТТЕУІ.....	34
Kuanbay O.	
THE MAIN PRINCIPLES AND COURSES OF TAUKE KHAN'S FOREIGN AND INTERNAL POLICIES, AND THE CORE TENETS OF THE LEGAL CODE “ZHETI ZHARGY”.....	48
Бейсембаева А.Р.	
НЕКОТОРЫЕ АСПЕКТЫ ТОРГОВО-ЭКОНОМИЧЕСКИХ СВЯЗЕЙ КАЗАХСКОГО ХАНСТВА (ВТОРАЯ ПОЛОВИНА XV-ПЕРВАЯ ПОЛОВИНА XVIII ВВ.).....	65
Zhumatay S.	
THE COMPLICATION OF KAZAKH-DZUNGARIAN RELATIONS IN THE 20S OF THE XVIII CENTURY.....	79
Шашаев Ә.Қ., Мақсұтова А.А., Доскараева А.А.	
ӘБІЛҚАЙЫР ХАННЫҢ РЕСЕЙ БІЛГІМЕН ҚАРЫМ-ҚАТЫНАСЫНЫҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ.....	92
Беркінбаев О.У.	
XVIII ҒАСЫРДЫҢ ОРТАСЫНДАҒЫ ӘМІРСАНА КӨТЕРІЛІСІ ЖӘНЕ ҚАЗАҚ ЖАСАҚТАРЫ.....	105
Алимова Д. (Ўзбекистан)	
ТРИ ШТРИХА К ИСТОРИИ ПАЛОМНИЧЕСТВА ИЗ ЦЕНТРАЛЬНОЙ АЗИИ К СВЯТЫНЯМ МЕККИ (вторая половина XIX – начало XX вв.).....	117
Мұхатова О.Х., Оразов Р.Е.	
ОРЫНБОР ЕРЛЕР ГИМНАЗИЯСЫ ЖӘНЕ АЛАШ ҚАЙРАТКЕРЛЕРІ.....	132
Рахымқұлов Д.А.	
БЕКБОЛАТ ӘШЕКЕЙҰЛЫ БАСТАҒАН ҰЛТ-АЗАТТЫҚ КӨТЕРІЛІС (XX ҒАСЫРДЫҢ БАСЫ. ЖЕТІСУ ӨЛКЕСІ)	150
Ratkhiddinov R.K. (Ўзбекистан)	
HISTORY OF THE HEALTH CARE SYSTEM OF THE COUNTRY OF TURKESTAN IN THE YEARS 1917-1924: AS IN THE EXAMPLE OF FERGANA PROVINCE.....	172
Аяган Б.Г., Маликова С.З.	
К РАЗРЕШЕНИЮ ПОЛИТИЧЕСКОГО КРИЗИСА НА СЕВЕРЕ КАЗАХСТАНА В 1917-1921 ГОДЫ.....	180
Рыскулов Т.А.	
ЖИЗНЬ И ДЕЯТЕЛЬНОСТЬ ИСКАНДЕРА ЖОЛАМАНОВА – ПЕРВОГО КАЗАХСКОГО НАРКОМА КЫРГЫЗСТАНА В 1920-1930-Х ГГ.....	198
Абуов Н.А., Картова З.К.	
ИСТОРИЯ МИГРАЦИЙ НЕМЦЕВ В КАЗАХСТАН В XX ВЕКЕ: ВЛИЯНИЕ НА ЭТНИЧНОСТЬ И ГРАЖДАНСКУЮ ИДЕНТИЧНОСТЬ.....	213
Rysbekov T.Z., Rysbekova S.T., Shintimirova B.G.	
HISTORICAL PERSONALISTICS OF KAZAKHSTAN AND ACADEMICIAN R.B. SULEIMENOV	230

АРХЕОЛОГИЯ / ЭТНОГРАФИЯ / ЭПИГРАФИКА

Қасенали А.Е., Қасенова А.Д., Дүйсенбай Д.Б.	
САРЫОБА АРХЕОЛОГИЯЛЫҚ КЕШЕНІНДЕГІ ҚЫПШАҚ УАҚЫТЫНЫҢ ҒИБАДАТХАНАСЫ.....	248
Сейітханұлы Ш. (Монғолия), Жанықұлов Н.	
ҚАЗАҚ РУ-ТАЙПАЛАРЫНЫҢ ТАҢБАЛАРЫ ЖӘНЕ ОЛАРДЫ ЭПИГРАФИКАЛЫҚ ТҮРҒЫДАН ЗЕРДЕЛЕУ.....	263



Редакцияның мекен-жайы:

050100, Қазақстан Республикасы, Алматы қ., Шевченко көшесі, 28
Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институты
«Отан тарихы» журналының редакциясы

Сайтқа сілтеме: <https://otan.history.iie.kz>

Тел.: +7 (727) 272-46-54.

E-mail: otanhistory@gmail.com.

Журнал Қазақстан Республикасының Ақпарат және қоғамдық келісім министрлігінде
1998 ж. 9 наурызда тіркеліп, N 158-ж куәлігіне ие болды.

Мақалаларды қайта бастырып жариялағанда, микрофильмге және басқа да көшірмелерге
түсіргенде міндетті түрде журналға сілтеме жасау қажет.
